

Нұр – Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті

ӘОЖ: 28 (574), 1920/50

Қолжазба құқығында

АМАНҚҰЛ ТЕМУР ОРАЛБАЙҰЛЫ

Кеңестік дәуірдегі Қазақстандағы ислам 1920-1950 жылдар

6D020600 – Дінтану

Философия докторы (PhD)

Ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
Филология ғылымдарының докторы,
профессор Ш.Керім:

Шетелдік ғылыми кеңесші:
Саясаттану ғылымдарының докторы,
профессор Мухаметшин Р.М
(Ресей ислам институтының ректоры, Қазан қ,
Татарстан)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2020

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	4
1 ҚАЗАҚСТАН ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ ИСЛАМ ТАРИХЫ: ЖӘНЕ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕМЕЛЕРІ	15
1.1 Кеңес дәуіріндегі исламды зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері.....	15
1.2 Тарихнамалық зерттеулер.....	25
1.3 Дереккөздер негізіне сипаттама.....	44
2 КЕҢЕС ҮКІМЕТІНІҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИСЛАМ ДІНІНЕ ҚАТЫСТЫ САЯСАТЫ	56
2.1 Кеңес үкіметінің дін саласындағы саясатының заңнамалық негіздерінің қалыптасуы.....	56
2.2 Кеңес үкіметінің мұсылмандық оқу орындарына қатысты саясаты.	70
2.3 Ислам дініне қарсы үгіт-насихаттық жұмыстар.....	82
2.4 Кеңестік дін саясатына қарсылық әрекеттердің өрістеуі.....	96
3 1920-1950 ЖЖ. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИСЛАМ ДІНІНІҢ ЖАҒДАЙЫ	112
3.1 1920-1950 жылдарында Қазақстандағы кеңес үкіметі және умма....	112
3.2 1920-1950 жылдары имамдардың ислам дінін сақтаудағы рөлі мен тарихи маңызы.....	127
ҚОРЫТЫНДЫ	143
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	147

ҚЫСҚАРТУЛАР

АОАМ	– Ақтөбе облысының аймақтық мұрағаты
БЛКЖО	– Бүкілодақтық Лениндік Коммунистік Жастар Одағы
ДЖК	– Діни істері жөніндегі кеңес
ДҒЖТОК	– Діни ғимараттар жөніндегі Тұрақты Орталық комиссиясы
ЖҚО	– Жауыққан құдайсыздар одағы
КИПС	– Халықтың тайпалық құрамын зерттеу жөніндегі комиссия (Комиссия по изучению племенного состава)
ҚО	– Құдайсыздар Одағы
ҚР ҰҚКД	– Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті департаменті
ҚР ОММ	– Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік мұрағаты
ҚР ПМ	– Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты
МОРБ	– Мұсылмандардың Орталық рухани басқармасы
ОАҚМДБ	– Орта Азия мен Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы
ОҚО ММ	– Оңтүстік Қазақстан облысы мемлекеттік мұрағаты
ОҚО ҚР ҰҚКДМ	– Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Департаментінің мұрағаты
ОМРЖ	– Орынбор мұсылмандарының рухани жиналысы
ОО ММ	– Орынбор облысының мемлекеттік мұрағаты
ОПШК	– Орыс Православие шіркеуінің кеңесі
ӨР ОММ	– Өзбектан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты
РМ ӘСТМ	– Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих мұрағаты
РКЖО	– Ресейлік Коммунистік Жастар Одағы
РФ ММ	– Ресей Федерациясы мемлекеттік мұрағаты
СҚОМ	– Солтүстік Қазақстан облысының мұрағаты
ХШОЕАБ	– Халықтық-шаруашылық орталығының есепке алу басқармасы

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертациялық ізденіс 1920-1950 жылдардағы кеңестік дәуірдегі Қазақстандағы исламның ахуалын мұрағаттық құжаттар негізінде зерттеп, еліміздің мұсылман қауымының саяси-әлеуметтік өзгерістер жағдайындағы болмысын ашуға бағытталды.

Диссертациялық зерттеу тақырыбының хронологиялық кезеңін осы уақыт аралықтарымен анықтауымыздың бірнеше алғышарттары бар. Біріншіден, бұл Ресей империясында орын алған ақпан және қазан төңкерістерінің мұсылман халықтарының, соның ішінде қазақ халқының, ой-санасы мен дүниетанымына, әлеуметтік болмысына ықпалын зерделеу. Екіншіден, 1922 жылы құрылған КСРО мемлекетінің діни ұстанымдары мен жүргізген саясатын саралау. Үшіншіден, КСРО және Қазақстандағы мемлекет пен дін арасындағы қатынастардың эволюциясына ықпал еткен факторларды талдау. Осы тұрғыда, КСРО-да орын алған секуляризациялық үдерістердің дамуының өзіндік ерекшеліктерін ашу, дінсіз қоғам құруды мақсат еткен “озбыр атеизм” идеологиясының мазмұны мен формасына талдау жасау және Ұлы Отан соғысы мен одан кейінгі жылдардағы мемлекеттің дін саласындағы саясатының тенденцияларын зерделеу мәселесін түсіну үшін аса маңызды болды. Осы жылдардағы кеңестік Қазақстанда орын алған діни ахуал, мұсылмандық құрылымдардың кеңес билігімен қарым-қатынасы, мемлекеттің дінге қатысты саяси-әлеуметтік ұстанымдары мұрағаттық деректер негізінде дінтанушылық тұрғыдан кешенді түрде қарастырылды. Диссертациялық жұмыста Қазақстандағы мұсылман қауымдары мен дінбасыларының кеңестік мемлекет институттарымен қарым-қатынасы кешенді зерттелді. Мәселені айқындауда тақырыптың зерттелу тарихнамасына шолу жасалды және ол, өз кезегінде, отандық мұрағаттардан алынған құжаттармен салыстырылып жүзеге асырылды. Мұрағаттық деректерді талдау кеңес билігінің қазақ қоғамындағы дәстүрлі діни құрылымдармен күресі саяси-идеологиялық және әлеуметтік-экономикалық бағыттарда жүзеге асқанын көрсетеді. Кеңес билігінің бастапқы кезеңдеріндегі дінмен идеологиялық күресі “озбыр атеизм” мазмұны мен формасында жүзеге асса, әлеуметтік-экономикалық қыспағы уақыптық жерлерді тәркілеу мен дін қызметкерлеріне ауыр салықтар салу арқылы әлеуметтік страт ретінде жоюға бағытталды.

Қазақстандағы 1920-1950 жылдардағы ислам тарихын зерттеу мәселелері бүгінгі таңда жалпы гуманитарлық ғылым саласының қызығушылығын арттырумен қатар тәуелсіздік жылдарында қалыптасқан исламтанушы және дінтанушы мамандардың да зерттеу объектісіне айналғаны жөн. Большевиктердің бұрын-соңды болмаған «жаңа социалистік өркениетті» құруы КСРО құрамындағы барлық халықтарды «біртұтас кеңестік азаматын» қалыптастыру жағдайында іске асуы мүмкін еді. Осы тұрғыда «қызыл империяның» құрамындағы мұсылмандардың құқықтары мен қалауы ескерілмеді, керісінше барлық этникалық топтар кеңестік «дінсіздік

құрсауға» алынып, олардың діни-мәдени ерекшеліктері тұтас жойылу қаупін бастан кешірді. Большевиктер этникалық «социалистік бірегейлікке» жетудің маңызды интеграциялық құралы болып табылатын атеистік көзқарасты халық арасына кең таратты.

Кеңес билігінің тұсында Қазақстандағы исламға қарсы бағытталған саяси әдіс-тәсілдер, көрші Өзбекстан мен татар-башқұрт халықтарына қарағанда, өзгеше жүргізілді. Осыған байланысты көптеген ғылыми және танымдық еңбектерде «қазақ халқының арасында ислам терең із қалдырмады және олар (қазақтар) исламдық фанатизмнен алшақ тұрды» деген пікір басым болды. Алайда, мұрағаттық деректер, Қазақстандағы исламға массивті идеологиялық және әкімшілік шабуыл жасалған кезде, оның «рухани иммунитет пен мәдени код» ретінде маңызды рөлі атқарғанын айғақтайды. Мәселен, 1920 жылдардың ортасына дейін қазақстандық мұсылмандар ислами білімдерін алып, шарифат нормаларын кедергісіз орындады. Сонымен қатар қазақ қоғамындағы ислами дәстүрлердің өміршеңдігі діни нормалардың қоғамдық және индивидуалдық санада терең сақталуына ықпал етті. Сондықтан кеңестік кезеңдегі діндарлық типін криптодіндарлық ретінде сипаттауға болады. Қатаң идеологиялық қыспақта тұтас қоғам мен жеке адам өз діндарлықтарын жасыруға, байқатпауға талпынды. Осы жағдайда ислам дәстүрлері ғасырлар бойы жинақталған рухани әлеуетті сақтап қалды.

Осы бағытта зерттеудің тарихнамалық деңгейін біз арнайы тарауда үш арнаға топтастырып қарастыруды жөн көрдік. Олар өзара бір-бірін толықтырып, тақырыптың ғылыми шынайылығын айқындай түсетініне ешкім күмән келтірмейді. Сондықтан біз бірінші кезекте мәселенің отандық тарихнамада зерделенуіне назар аударып, кеңестік дәуірдегі зерттеулер мен тақырыптың шетелдік тарихнамада қарастырылуына көңіл бөлдік.

Жұмыстың маңыздылығы бірнеше аспектілерде айқындалады. Бірінші кезекте, кеңестік дәуірдегі қазақ қоғамындағы исламның құндылықтық-нормативтік тәртібін қазіргі заманғы түсінудің теориялық аспектілерін аша түседі және оның әлеуметтік-мәдени маңызын айқындайды. Екіншіден, Қазақстандағы 1920-1950 жылдардағы исламның қазақ қоғамындағы тарихи үдерістерін ашумен қатар әлеуметтік-мәдени ортада оның нормаларының «өзгеру» формаларын көрсетеді. Үшіншіден, ашаршылық пен қуғын-сүргін жылдарында исламның функционалды өзара әрекеттестігінің себептері мен факторларын және мешіттің діни институт ретіндегі қызметін аша түседі.

Тақырыптың өзектілігі. Тәуелсіздік алғаннан кейін, Қазақстан Республикасы діни салада кеңестік заманнан мұраланған идеологиялық ұстанымдардан арылып, азаматтардың діни наным-сенім және ар-ождан бостандығын қамтамасыз етуге бағытталған жүйелі қадамдарды жүзеге асырды. Кеңестік атеизм мен діни бостандықтарға қатысты формализмнен арылу діннің қоғамдағы өзіне тән қызметтері мен рөлін қалпына келтіруге мүмкіндік берді. Дін ұлттық-этникалық бірегейліктің, руханилық пен дәстүрді сақтаудың маңызды элементі ретінде қарастырылды. Сондықтан

еліміз бен халқымыздың қазіргі тарихындағы исламның рөлі мен орнын айқындаудың маңызы артуда.

Сонымен қатар қазіргі Қазақстандағы әлеуметтік-саяси өмірдің күрделі мәселелерінің бірі – мемлекет пен дін арасындағы қатынастардың үйлесімді моделін қалыптастыру. Кеңестік кезең саяси күш пен қатаң идеология арқылы халықтың өміріндегі санғасырлық тарихы бар діни дүниетанымды түп тамырымен жою мүмкін емес екенін аңғартты. Қазіргі уақытта әлемнің көптеген елдеріндегі мемлекет пен діннің арақатынасын реттеудің тиімді тәсілі – зайырлық принципі дін мен оның институттарының қоғам мен адам өміріндегі орнын айқындауға мүмкіндік берді. КСРО жылдарындағы коммунистік биліктің идеологиялық диктатынан босаған ислам діні Қазақстан қоғамының рухани жаңғыруының бір қайнарына айналды. Алайда, тәуелсіздік жылдарындағы қоғамның идеологиялансыздануы, мемлекеттің идеологиялық бейтараптылық принциптері бірқатар мәселелердің бетін ашты. Діннің қоғамдық интеграцияда маңызды рөл атқаратынына көптеген дін әлеуметтанушылары назар аударған болатын. Тәуелсіздік жылдарында еліміздің рухани өмірінде орын алған осы идеологиялық вакуумды түрлі мүдделерді көздеген ағымдар мен бағыттар халқымыздың діни-рухани ұстанымдарына жат идеялармен толтыруға талпынды. Бұл қазақ қоғамының тұтастығы мен ауызбіршілігіне үлкен қауіп төндірді.

Диссертациялық зерттеу белгіленген кезеңдегі еліміздегі исламның жағдайын мұрағаттық деректерге сүйене отырып, кешенді зерттеу кеңес билігінің дінімізге келтірген залалдарын анықтаумен қатар, исламның қазақ қоғамына берген өзіндік бірегейлігін, әлеуметтік ынтымақтығы мен рухани сабақтастығын сақтап қалудағы рөлін және тетіктерін ашуды да қамтиды.

Алайда, кеңестік кезеңдегі тарихи материализмнің теориялық принциптері мен практикалық ұстанымдары Қазақстандағы исламның тарихын объективті әрі толықтай зерттеуге мүмкіндік бермеді. Дінді көп аспектілі, күрделі құбылыс ретінде зерттейтін дінтану ғылымы өзінің зерттеу объектісі туралы объективті білімдерге қол жеткізуге талпынады. Сондықтан өткен ғасырдың 20-50 жылдарындағы исламның қазақ қоғамындағы жағдайына қатысты деректер ғылыми білімнің объективтілігін қамтамасыз етеді деп ойлаймыз. Себебі, дәл осы жылдары кеңес үкіметінің дінге, оның ішінде исламға қатысты саясатының, идеологиялық және заңнамалық негіздері қалыптасты және жергілікті биліктің дінге қатысты репрессиялық әрекеттері осы заңнамалық нормалар мен идеологиялық дерективаларға негізделді. Сонымен қатар, осы жылдардағы исламға қатысты жүргізілген айрықша репрессивті саясаттың салдары қазақ халқының діни санасына, өзіндік этностық болмысы мен қазіргі таңдағы ұлттық бірегейлігін қайта қарастыруында аса маңызды және негізін қалыптастырушы кезең болды. Большевиктік, сонан соң тоталитарлық жүйенің исламға деген ұстанымдары саяси-экономикалық және халықаралық жағдайларға байланысты өзгеріп тұрды. Диссертациялық зерттеу көрсеткендей, большевиктік билік қазан төңкерісінен кейінгі жылдары исламға қатысты секулярлы ұстанымды

басшылыққа алғанымен, кейбір жағдайларда мұсылман халықтарды революцияшыл күштер қатарына тартуға әрекеттенді. Осының айқын бір мысалы “исламдық социализм” идеясы. Алайда, 1922 жылы КСРО-ның құрылуына және бұл идеяның бұқара халық тарапынан қолдау таппағанына байланысты, “озбыр атеизм” саясаты қарқынды жүзеге аса бастады. Ал екінші дүниежүзілік соғыстан кейін 1945 жылы БҰҰ жарғысы мен 1948 жылы “Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының қабылдануы” кеңес үкіметінің дін саласындағы саясатының өзгеруіне де өз ықпалын тигізді. Бұл жайында әлі де егжей-тегжейлі ғылыми-зерттеу жұмысы жүргізілмеген десек те болады. Себебі 2007 жылға дейін КСРО кезіндегі Қазақстандағы исламға байланысты мұрағат құжаттары ғылыми айналымнан қағыс қалып келді.

Сонымен қатар, кеңестік Қазақстандағы ұжымдастыру мен ашаршылықтың орын алуындағы уақыптық жерлердің конфискациялануы, идеологиялық қыспаққа қарамастан халықтың діни сенімі мен дәстүрін сақтауға зор үлес қосқан дін қайраткерлерінің қызметі де әлі толық зерттеле қойған жоқ. Осыған байланысты Н.Ә.Назарбаев өзінің «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында «Қазақстан тарихы да жеке жұрнақтарымен емес, тұтастай қалпында қазіргі заманауи ғылым тұрғысынан қарағанда түсінікті болуға тиіс» деген ой түйіп, «Архив – 2025» жеті жылдық бағдарламасының қабылдануына бастамашысы болды. Біз кеңес билік органдары мен аймақтардағы мұсылман жамағаттарымен қарым-қатынасын нақты құжаттар мен деректер негізінде зерттей отырып, сол уақыттағы діни ахуалға объективті көзқарасты қалыптастыруға күш салдық.

Қазіргі уақытта мемлекет пен ислам конфессиялары арасындағы қарым-қатынастардың тиісті үлгісін қалыптастыру – қазақстандық ғана емес, әлемдік мемлекеттердің де саяси күн тәртібіндегі өзекті мәселелердің бірі. Қазақстанға қатысты айтар болсақ, кеңестік кезеңдегі мемлекеттік-исламдық қатынастардың өзіндік ерекшеліктері мен іргелі принциптерін, трансформациялануының алғышарттары мен себептерін анықтап, оларға объективті баға бермей тұрып қазіргі таңдағы исламның қоғамдық үдерістеріндегі рөлі мен даму тенденцияларын дұрыс бағалау және ынтымақтастықтың қолайлы тұжырымдамасын дамыту өте қиын. Сондықтан кеңестік мемлекеттің Қазақстандағы діни саясатымен қатар, билік құрылымдарының жергілікті мұсылман ұйымдарымен қарым-қатынасын тарихи аспектіде зерделеудің қажеттілігі күмән тудырмайды.

Диссертациялық зерттеуге арқау болған кезеңдегі қазақ қоғамындағы діни-рухани ахуалды кең ауқымды ғылыми парадигма аясында саралап, халқымыздың діни өміріндегі «ақтаңдақтарды» ашу теориялық таным көкжиегін кеңейтіп қана қоймай, секулярлы және атеистік квазикұндылықтардың үстемдігі жағдайында діннің әлеуметтік ортада сақталуының латентті тетіктерін концептуалды талдауға мүмкіндік береді. Осы тұрғыда диссертациялық зерттеу жұмысы елімізде жүзеге асырылып

жатқан «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасының мазмұнымен үндес келеді.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Қазақстандағы ислам тарихын, әсіресе, діннің кеңестік кезеңдегі ахуалын зерттеуге көптеген кеңестік, шетелдік, сонымен қатар отандық ғалымдар да елеулі үлес қосты. Соның ішінде, кеңестік кезеңдегі танымал шығыстанушылар В.В.Бартольд, Е.А.Беляев, А.Е.Бертельс, О.Г.Большаков, Л.К.Климович, И.Ю.Крачковский және т.б. сынды ғалымдарды атауға болады. Американдық ғалым Б.Привратский қазақ халқының дінін, соның ішінде ислам дінінің, тарихы мен қазіргі таңдағы жағдайын зерттеуге 10 жылын арнап, «Мұсылмандық Түркістан: Қазақ діні және ұжымдық жады» (Muslim Turkistan: Kazakh Religion and Collective Memory) атты монографиясын шығарды. Сонымен бірге Орта Азиядағы ислам тарихы, Қазақстандағы ислам тарихы мен кеңес үкіметінің саясатын жан-жақты зерттеген С.Собол, Джо-Анн Кросс, П.Фроэс, Э.Тибоулт, М.Кэмпер, А.Халид, А.Бенингсен, С.Абашин, Д.Дэвис, В.Саватский және т.б. сынды ғалымдарды ерекше атауға болады. Қазақстандағы ислам тарихын, әсіресе, діннің кеңестік кезеңдегі ахуалын зерттеуге отандық тарихшылар да елеулі үлес қосты. Отандық тарихшылардан тәуелсіздік тұсында Е.М.Новопольцева [1], А.С.Тасмағамбетов [2], А.М.Садыкова [3] диссертация жазып, қорғады.

Н.Нұртазинаның 1920-1940 жылдары кеңес билігінің Қазақстандағы мұсылмандыққа қарсы саясаты [4], А.Б.Мусагулова мен К.Д.Арыстанбекованың кеңес билігінің дінге қарсы күресі және оның ұлттық санаға кері әсері туралы бірлескен қарастырылғаны [5], Г.Д.Мұхтарова (1917-1991) жылдары кеңестік дәуірдегі исламды жеке арнайы алып, кезеңдерге бөліп тарихи тұрғыдан көлемді арнайы зерттеу нысанасына айналдырды [6]. Жас дінтанушы И.Бердалиев үлкен дін қайраткері Сәдуақас Ғылманидің өмірі, қызметі, еңбектері туралы кітабында кеңестік дәуірдегі дінге қарсы саясаты мен діни жағдайға шолу жасайды [7]. Әбсаттар қажы Дербісәлінің «Қазақстанның мешіттері мен медреселері. Рухани шамшырақтар» атты кітабында діни басқарманың тарихы, қазіатты басқарған Абд әл-Ғаффар Шамсутдинов, Садуақас Ғылмани, Жақия қажы Бейсенбай, басқа да діни тұлғалар, тарихи мешіттер мен діни оқу орындары туралы бағалы мәліметтері жинақталып ұсынылған [8]. Академик М.Қойгелдиевтің «Алаш қозғалысы» атты монографиясының 1917-1932 жылдарды арқау еткен екінші кітабында жеке тарау етіп ұсынылған ҚР Ұлттық мұрағат қорындағы, тергеу, сот материалдарының ишандардың ісіне қатысты шындықтың беті ашылады [9]. Серікбай Ораздың жоба жетекшілігімен әзірленген «Әзірет Сұлтан - Ұлы дала темірқазығы» атты кітабындағы Қазақстандағы ислам тарихы түрлі-түсті суреттермен, құжаттармен қоса баяндалады, оның үстіне кеңес үкіметі тұсындағы ислам туралы жеке бөлім бар [10].

Десек те, Қазақстандағы 1920-1950 жылдардағы ислам тарихына қатысты деректер толыққанды зерттелді деп айта алмаймыз. Жекеленген зерттеулерде

еліміздегі жалпы исламның ахуалына және жекеленген дін қайраткерлерінің өміріне қатысты зерттеулер жүргізілгенімен, мұрағаттық деректер негізінде тұтас бір кезеңнің діни сипаты, қоғамдық сананың секулярлануы мен атеизациялану үдерістері аясындағы исламның сенімдік негіздерінің сақталуы және күнделікті-тұрмыстық өмірдегі рөлі кешенді-концептуальдық тұрғыдан зерттелген жоқ. Бұған ислам дініне қатысты дереккөздерінің жеткілікті деңгейде игерілмеуі мен ғылыми айналымға енбеуі қол байлау болуда. Мұрағат құжаттарының басым бөлігі әлі де жабық мұрағаттар қорларында сақталуда және қол жетімсіз болып отыр. Зерттеу жұмысын осы кемшіл тұстардың орнын толтырып, исламның кеңестік Қазақстандағы сипатын, қоғамдық болмыстағы орны мен рөлін дінтанушылық тұрғыдан талдауға бағытталған алғашқы талпыныс деп қарастыруға болады.

Зерттеу жұмысының негізгі нысаны – 1920-1950 жылдардағы Қазақстандағы кеңес билігінің исламға қатысты діни саясаты және қазақ қоғамындағы исламның ахуалы мен орны.

Зерттеу пәні. 1920-1950 жылдары Қазақстандағы исламның тарихы мен орнын, ұлттық болмысты қорғаудағы рөлін жан-жақты зерделеп, оған объективті тұрғыдан баға беру, көпшілікке беймәлім деректерді ғылыми айналымға енгізу.

Ғылыми жұмыстың деректік негізі. Диссертациялық жұмыста деректік негізге арнайы бөлім арналғанына байланысты, жұмыстың кіріспе бөлімінде біз сипаттама түрінде мұрағаттық қорлар мен тақырыпқа тікелей қатысы бар пайдаланылған негізгі нормативтік және заңнамалық актілерді атауды жөн көрдік. Олар өз кезегінде анықтамалық немесе жинақ түрінде жария етілген. Сөйтіп бұл жинақтар ғылыми жұмыстың деректік негізінің бірінші тобын құрастырды.

Дереккөздердің екінші тобына біз маңызы бар мұрағаттық қорлардың материалдарын жатқыздық. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Президентінің мұрағаты (ҚР ПМ), бұл мұрағаттан көбінесе 708 және 617 қорлардың материалдары ғылыми айналымға тартылды. Диссертациялық жұмыстың ішкі мазмұнын толыққанды ашу мақсатында, Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатының (ҚР ОММ) деректері кеңінен пайдаланылды. Бұл мұрағаттан алынған материалдар арқылы Қазақстанның 1920-1930 жылдардағы исламға қатысты мәселелері айқындалды.

Жұмыстың өзара үйлесімділігін ашу мақсатында, Өзбекстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатының (ӨР ОММ) материалдары да пайдаланылды. Бұл мұрағаттан алынған деректер Оңтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік мұрағатынан (ОҚО ММ) алынған материалдармен салыстырмалы түрде зерделенді. Қазақстандағы исламның жалпы жағдайы мен кеңес билігінің исламға деген ұстанымдарын ашу үшін, аймақтық мұрағат қорлары зерттеуге арқау болды. Олардың арасына маңызды орынға ие Солтүстік Қазақстан облысының (СҚОМ) және Ақтөбе облысының (АОАМ) мұрағаттарының құжаттары жатады.

1920-1950 жылдардағы имамдар мен ишандардың, жалпы діни қызметкерлердің жеке істері еліміздің саяси-идеологиялық саясатының түп мәнін аша түсетініне ешкім күмән келтіре алмайды. Сол үшін жеке істерді қарау арқылы біз диссертациялық жұмыстағы тұтастықты сақтауды жөн көріп, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің қорларын назардан тыс қалдырмадық. Бұл материалдардың шынайылық деңгейін анықтау мақсатында, Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих мұрағатының (РМ ЭСТМ) деректері зерттеу жұмысына тартылды. ОГПУ мен НКВД-ның белсенділіктерін ашу үшін арнайы кешенді зерттеулер жүргізілді. Ол үшін біз статистикалық, демографиялық және қазақ халқын зорлықпен отырықшыландыру барысындағы исламға деген ұстамдылықтарын сараптадық.

Жалпы алғанда, ғылыми жұмыстың деректік базасы өте ауқымды. Оның құрамында сол дәуірдің газеттік материалдары, коммунистердің үгіт-насихаттық жұмыстарын айқындайтын үнпарақтар, аймақтық биліктің алған қарарларының жинақтары жұмысқа кең көлемде тартылды. Дін құқықтары аяққа тапталған халықтың бастан кешкен жағдайлары туралы есте қалған әңгімелерді, естеліктерді жинап, жазып алдық.

Зерттеудің әдістемелік және теориялық негізі. Диссертациялық зерттеудің объектісі тарихи дамудың күрделі әлеуметтік құбылысы болғандықтан, зерттеу барысында қазіргі гуманитарлық ғылымның кең тараған әдістемелік принциптері мен таным тәсілдері қолданылды. Тарихи эвристикалық принципі мұрағаттық деректерден зерттеу объектісіне қатысты мәліметтерді іріктеуге, ал тарихи-хронологиялық принцип объектінің уақыт пен кеңістіктегі өзгеріс үдерістерін және тарихи мағынасын ашуға мүмкіндік берді. Зерттеудің объективтілігі мен дәйектілігі деректанулық тәсілдерге негізделеді.

Салыстырмалы-тарихи және құрылымдық-функционалдық тәсіл діни және идеологиялық ұстанымдардың әлеуметтік жүйедегі болмысы мен қызмет ету тетіктерін түсінуді қамтамасыз етеді. Сұрыптау мен жүйелі талдау тәсілдері кеңестік дәуірдегі исламның тұрмыстық қағидағтарын (моральдік-этикалық) терең дүниетанымға негізделген құндылықтар жүйесі ретінде қарастыруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар зерттеу шеңберінде біз діни құбылыстардың мәні мен маңызын тұжырымдауда герменевтикалық және феноменологиялық секілді дінтанулық тәсілдерге де жүгіндік. Бұл әдістер күнделікті тұрмыстық өмірдегі ислами құндылықтар мен көзқарастардың дәстүрлі қазақ қоғамындағы, отбасындағы және тұлғалық әрекеттердегі рөлін бағалауға ықпал етті.

Зерттеудің теориялық негіздерін Ә.Дербісәлі, Ә.Муминов, Н.Ж. Бәйтенова, Ш.Керім, Д.Кенжетай, Қ.Борбасова, Қ.Затов, Б. Бейсенов, Б.Сатершинов, Қ.Бағашар және т.б. отандық ғалымдар еңбектері құрайды. Сонымен қатар зерттеу барысында соңғы жылдарда жарық көрген шетелдік ғалымдардың да еңбектері кең қолданыс тапты.

Жұмыстың мақсаты мен міндеттері. Зерттеудің мақсаты – 1920-1950 жылдардағы Қазақстандағы ресми биліктің исламға қатысты ұстанған діни саясатының кезеңдік ерекшеліктерін анықтау және тұрмыстық исламның қоғамның рухани негіздері мен құндылықтарын сақтаудағы рөлін дәйектеу. Осы мақсатқа қол жеткізу төмендегі міндеттерді жүзеге асыруды қамтиды:

- 1920-1950 жылдардағы кеңес үкіметінің дін саясатындағы, соның ішінде Қазақстандағы саясатының, хронологиялық кезеңдерін анықтап, талдау және олардың өзіндік ерешеліктерін ашу;

- Кеңес үкіметінің 20-ыншы жылдардағы дін бостандығына қатысты ұстанымдарын талдау арқылы “озбыр атеизм” идеологиясының қалыптасуы мен жүзеге асуының алғышарттарын, факторлары мен салдарларын анықтау;

- Дінді реакцияшыл қоғамдық құбылыс ретінде жоюға бағытталған кеңестік саясаттың идеологиялық және әлеуметтік-экономикалық аспектілерінің арақатынасын талдау, 1929-1931 жылдар аралығында Қазақстанның түрлі аймақтарында толқулар мен аштықтың орын алуындағы уақыптық жерлердің тәркіленуі мен дін қызметкерлерін әлеуметтік старт ретінде жоюдың экономикалық жолдарын көрсету мен салдарларын тұжырымдау;

- Қазақстандағы діни ұйымдар мен жекеленген дін қайраткерлерінің исламның дүниетанымдық негіздері мен құндылықтарын, моральдік-этикалық ұстанымдарын сақтау мен болашақ ұрпаққа жеткізудегі рөлін талдау;

- Мұрағаттық деректер мен құжаттар негізінде кеңестік биліктің Ұлы Отан соғысы және одан кейінгі уақыттардағы дін саласындағы саясатына ықпал еткен факторларды анықтау;

- Ресми атеистік идеология мен секулярлы қоғам жағдайындағы исламның қоғамдағы орны мен әлеуметтік қызметтерін айқындау, тұрмыстық діни сана формаларына талдау жасау.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы. Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы кең ауқымды мұрағаттық деректер негізінде аталған кезеңдегі еліміздегі исламның қоғамдық санадағы трансформациялары мен беталыстарын анықтаумен, сипаттаумен және теориялық тұжырымдаумен байланысты болды. Зерттеу барысында мәселені анықтау мен шешімін табуда өзіндік ерекшелігімен сипатталатын төмендегідей ғылыми жаңалықтарға қол жеткізілді:

- Бұрын белгісіз болып келген мұрағаттық деректер мен мәліметтер ғылыми айналымға енгізіліп, дінтану ғылымының жаңа концептуалдық - теориялық аясы кеңейтілді;

- 1920-1950 жылдардағы кеңестік биліктің Қазақстандағы дінге, соның ішінде исламға қатысты ұстанған саясатының хронологиялық кезеңдері мен олардың сипаттары айқындалды;

- Кеңес үкіметінің ислам дінінің қоғамдық санадағы көріністерімен күресінің саяси-идеологиялық және әлеуметтік-экономикалық аспектілері

анықталып, талданды. Уақыптық жерлерді тәркілеу мен дін қызметкерлерін бейтараптандырудың еліміздегі діни дәстүр мен санаға ықпалы айқындалды;

- 1940-1950 жылдардағы кеңестік биліктің ислам дініне және исламның діни құрлымдарына қатысты ұстанымының өзгеруіне ықпал еткен ішкі саяси және халықаралық факторлар талданып, олардың діни өмірдің қайта жандануындағы рөлі айқындалды;

- Кеңестік дәуірдегі дін қайраткерлерінің, ишандары мен ахундарының имам-молдаларының исламның діни дүниетанымдық қайнарлары мен құндылықты негіздерін сақтау мен сабақтастырудағы рөлі мен қызметтері зерделенді;

- Ислам дінінің қазақ халқының күнделікті тұрмыстық өміріндегі, салт-дәстүрі мен рәсімдеріндегі көріністері талданып, тұрмыстық исламның латентті діндарлық формасы мен діни әлеуметтенудегі рөлі айшықталды.

Қорғауға ұсынылған ғылыми тұжырымдар.

Біз қорғауға ұсынылатын келесі ғылыми тұжырымдарды жасадық:

1. Қазақстандағы кеңес билігінің исламға қатысты саясатын үш негізгі кезеңге бөліп қарастыруға болады. Біріншісі 1920-1925 жылдар аралығын қамтиды. Бұл кезеңдегі діни саясат 1917 жылдың қарашасындағы “Ресей халықтары құқықтарының Декларациясы”, 1917 жылдың 20-қарашасындағы большевиктердің “Ресей мен Шығыс еңбекші мұсылмандарына Жолдауы” және 1918 жылдың 23-қаңтарындағы Халық комиссарлары Кеңесінің “Мемлекеттің діннен және мектептің шіркеуден ажыратылуы” туралы жарлығы аясында жүзеге асты. Бұл кезеңде жас кеңес билігі мен дін қатынасы классикалық секуляризм принциптеріне негізделді. Билік діни өмірдің ағымына етене араласпады, жаңа мешіттердің салынуына қарсылық білдірмей, бейтарап позиция ұстанды.

2. 1922 жылы желтоқсанда КСРО-ның құрылуымен кеңестік билік пен діни институттар арасындағы қарым-қатынас антагонистік сипат алды. Ортақ коммунистік идеологияның негізінде жаңа кеңес халқының қауымдастығын құруға бағыт алған кеңес билігі дінді ескі эксплуататорлық құрылыстың сарқыншағы ретінде жою саясатын іске қосады. Бұл кезең “озбыр атеистік” идеология мен уақыптық жерлер мен мүлікті тәркілеу және дін қызметкерлерін экономикалық мәжбүрлеу арқылы діни қызметтен бас тартуға көндірумен, көнбегендерді қатал репрессиялау арқылы сипатталады. Қазақстанда 1920 жылдардың соңына қарай саяси практикаға енгізілген бұл саясат 1940-жылдардың басына дейін жалғасты.

3. 1940-1950 жылдардағы КСРО-дағы ислам дініне қатысты ұстанымдарының өзгеруіне ішкі және сыртқы саяси факторлар ықпал етті. Ішкі саяси факторлар Орталық Азия мұсылмандары діни басқармасының құрылуына себеп болды. Осы жылдары Қазақстан қазияты да халықты майдан қажеттіліктерін өтеуге жұмылдыруда және рухани-психологиялық қолдауда қажырлы еңбек етті. КСРО-ның БҰҰ-ның қатарына кіруі және 1948 жылы “Адам құқықтарының Жалпыға бірдей адам құқықтарының”

Декларациясының қабылдануы еліміздегі дін саласындағы саясаттың белгілі бір деңгейде либерализациялануына ықпал етті.

4. Кеңес үкіметі діни өмірдің қайта жаңғыруына мүмкіндік берген бірқатар қадамдарға барғанымен, атеистік идеология кеңінен насихатталып, білім берудің барлық сатыларын қамтыды. Дегенмен, отбасылық тәрбиеде ислам құндылықтары басым болды. Бұл криптодіндарлықтың немесе діндарлықтың латентті формаларының қалыптасуына ықпал етті.

5. “Озбыр атеизмнің” үстемдік етуі Қазақстандағы ислами білім беруге орасан зор зиян келтірді, бірақ түпкілікті жойып жібере алмады. Қазақстандағы медреселер жаппай жабылғанымен, Орталық Азия діни басқармасына қарасты ислам білім беру орталықтарында білім алу мүмкіндіктері сақталды. Көршілес Өзбекстанның медреселерінде білім алған қазақ азаматтары діннің ақидалық, ғылыми негіздері бойынша білім алып, ел арасында ислами білімнің сабақтастығын қамтамасыз етті.

6. Кеңестік идеологиялық қысым қоғамдық сананың ресми деңгейлерін қамтығанымен, күнделікті-тұрмыстық деңгейдегі халық санасы ислам дәстүрлерінен ажырамады, исламның шариғи және дүниетанымдық-құндылықтық элементтері салт-дәстүрлер мен рәсім-рәміздерде көрініс беріп отырды.

Ғылыми жұмыстың теориялық және практикалық маңызы.

Диссертациялық зерттеу жұмысы жиырмамыншы ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстандағы исламның жағдайы және мемлекет пен ислам институттарының қарым-қатынасының тарихи эволюциясын түсінуге мүмкіндік береді. Идеологиялық парадигма сипатындағы атеизмнің концептуальдық мазмұны мен тұрмыстық ислам ұғымының категориялық мәнін аша отырып, дінтану ғылымының теориялық-методологиялық қорын кеңейтуге ықпал етеді.

Зерттеу нәтижелері еліміздегі қазіргі заманғы ислам тарихындағы ақтаңдақтардың орнын толтырып, рухани жаңғыру бағдарламасының жүзеге асуына өз үлесін қосады. Өртүрлі тарихи-мәдени және саяси-әлеуметтік жағдайлардағы исламның интеграциялық, аксиологиялық және мәдени трансляциялық қызметтерін айқындау еліміздегі діни бірегейлікті нығайту мен конфессиялар арасындағы ынтымақтастықты жетілдіруге де ықпал етеді. Диссертация материалдары еліміздегі ислам тарихы, дінтану, мемлекет-дінарлық қатынастар пәндерін оқытуда қолданыла алады.

Ғылыми жұмыстың нәтижелерінің жариялануы және сыннан өтуі. Диссертацияның ғылыми зерттеулері мен кейбір ғылыми тұжырымдары халықаралық, республикалық ғылыми теориялық және ғылыми-практикалық конференциялар мен семинарларда сыннан өтті. Шетелдік және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен ғылыми баспаларда жарық көрді. Жалпы ғылыми мақалалар саны – 10. Оның ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің талаптарына сәйкес Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің отандық ғылыми басылымдарда жарияланғаны – 3. Нөлдік емес импакт-факторы бар SCOPUS

базасына тіркелген шетел журналында жарияланған мақалалар – 1. Шетелдің халықаралық ғылыми конференциясында жарияланған мақалалар – 1. Қазақстанда өткен халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары жинағында жарық көрген мақалалар – 5. Диссертация Нұр-Мұбарак университетінің «Дінтану» кафедрасында талқыланып, қорғауға ұсынылды.

Ғылыми жұмыстың құрылымы. Диссертациялық жұмыс қысқартулардан, кіріспеден, бірінші тарау үш бөлімнен, екінші тарау төрт бөлімнен, үшінші тарау екі бөлімнен, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімінен тұрады. Жалпы көлемі – 165 бет.

1 ҚАЗАҚСТАН ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ ИСЛАМ ТАРИХЫ: ЖӘНЕ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕМЕЛЕРІ

1.1 Кеңес дәуіріндегі исламды зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері

Кеңестік дәуірде гуманитарлық ғылым саласы басқа жаратылыстану ғылымдар сияқты өз әдіснамасына ие бола алмайды деп есептелді. Оның себебін философиямен ұштастырып, «тарихи материализм» және «маркстік-энгельстік» әдіснаманың функцияларына жатқызып, басқа әдістердің пайдалануына жол берілмегендігімен байланыстыруға болады [11, 15 б]. Исламға байланысты зерттеу жұмыстарын жүргізген философтардың, тарихшылардың және этнологтардың еңбектері тәжірибеде марксистік ілімнің дұрыстығын дәлелдеуге арналды. Сол себепті зерттеушілердің осы қалыптан ауытқып, тәуелсіз ғылыми жұмыстарын жүргізуіне жол берілмеді. Кеңестік дәуірде дәстүрлі мәдениеттің барлық іргетасын түбегейлі өзгертуге бағыт алды. Діни мазмұнның түбегейлі атеизммен байланыстырылуы, қоғамның мәдени өміріндегі дінге және оның функцияларымен өзара қатынасының өзгерген заманы болды.

Бүгінгі таңда тарих ғылымы мен діни зерттеулері, соның ішінде исламның ерекшеліктері есепке алынып, оның әлемдік тарихнама тәсілдерін пайдалануды талап ететін әдіснама мен теориялар жетілу үстінде. Мәселені, сипаттамалық, салыстырмалы, құрылымдық, феноменологиялық, идеологиялық әдістері, тарихи және сыни талдау, исламтанудың проблемаларына бойлап еруге мүмкіндік беретін зерттеулерге серпін беріп, белгілі тарихи ұстаным-көзқарастар қайта қарастырылды.

Қазіргі заманғы тарихи дінтану белгілі бір дәуірдегі діни ахуалды зерделейтін жетекші теориялық үрдістерге айналды және олар неомарксизм мен неовеберлік бағытқа бет бұрды. Неомарксистік көзқарас бірінші кезекте И. Валлерстайн басқарған әлемдік жүйе талдау мектебі арқылы ұсынылған [12]. Неовеберлік зерттеу бағыты әртүрлі теориялық ұстанымдармен ерекшеленеді, онда ықпалды тұжырымдамаға орын берілмеген. Көптеген салыстырмалы тарихи дінтану зерттеулері бір мезгілде марксистік және веберлік дәстүрге негізделіп қарастырылды. Р.Коллинз атап өткендей, 1960-жылдардан бастап тарихи дінтанудың даму ерекшелігі неовеберлік және марксистік идеялардың өзара әрекеті болып табылады [13]. Бұл әдістің түбегейлі мақсаты мұсылман елдеріндегі исламның функцияларын толықтай зерттеуге арналған. Ал қазақстандық ұстаным бойынша екі әдісті тұтас қарастырғанда, кеңестік дәуірдегі исламның функцияларын салт-дәстүрлерден бөлек қарастыруға болмайды деген тұжырым жасауға толық негіз бар.

Тарихи шындыққа герменевтикалық көзқарасты қолданатын тарихи ғылым, зерттелген уақыт тұрғысынан фактілерді бағалауға негізделді. Өркениетті теориядан шығатын болсақ, тарихи үдерістің өзгермеуі идеясына, мәдениет пен халық тарихының ішкі құндылығы ескерілді. Өткен оқиғаларды сипаттағанда біз тек Кеңес Одағының идеологиялық тарихына ғана емес, сонымен қатар саяси элитаның қызметіне де мән бердік, рухани және

материалдық мәдениет тарихын, оның алуан түрлілігін қарастырдық. Тұжырымдамалық аппаратты жаңартып, ескірген идеологиялық терминологиядан бас тартуға тырыстық. Осы орайда өз дәстүрлеріне, ислам тарихнамасына, археографияға және классикалық пәндерге қол жеткізе алмай, қазақстандық мұсылмандар тарихтың кеңестік нұсқаларын, ислам тілін және қоғамдағы діннің рөлін игерді. Халыққа қатысты кеңестік теорияларды және ислам әдебиетінің классикалық жанрларымен исламдық авторлар гуманитарлық ой-пікірлерін кең таралған аудиторияға жеткізу үшін кеңестік тілді табуға тырысқан еді. Мұндай әрекеттер, әрине, маргиналдық бағытқа бет бұрғызды, өйткені ислам мен ұлттық сәйкестіктің сұранысы екі бағытта дамыды.

Кеңестік тілдік саясатты шын мәнінде ұлт құрылысына тиісті орыстық оқу орындар инфрақұрылымын енгізумен қатар жүрді, Кеңес Одағының барлық аймақтарында қуатты баспа бағдарламасы жасалды, ол бір жағынан араб және парсы тілдеріндегі исламға тиесілі сөздерді електен өткізіп, идеологиялық терминологияны қалыптастырды. Бұл әсіресе марксизм-ленинизм классиктерінің көлемді басылымдары арқылы ұлттық тілдерге аударылған және таратылған кезде байқалады. Ислам терминологиясына қатысты 2002 жылы В.А.Ахмадуллин тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу мақсатында диссертация қорғаған [14]. Ол өз жұмысында кеңестік дәуірдегі «мемлекет пен шіркеу арасындағы» байланыстар сөзі жайлы теориялық-практикалық мәселесін қозғап, бұл сөздің КСРО құрамындағы барлық діни конфессияларға қатысты зерттеулерде көруге болатынын тілге тиек еткен. Оның ішінде ислам ұғымы да бар. Сонымен қатар зерттеуші, кеңес үкіметінің алғашқы онжылдығында мұсылмандарға қарсы қатқыл қысымның болмағандығын алға тартып, бұл саясаттың кейінгі жылдары жалғасуы КСРО-ның сыртқы дипломатиясы үшін оң әсері болғандығын айтады. Исламға тән терминологияны пайдалана отырып, большевиктердің саяси кеңесшілерінің талаптарына өте мұқият қарағандығын, діни институттарды жою барысында, уақыт пен кеңістікті ұтымды пайдаланғанын баса көрсетеді. Осы тұрғыда, ислам идеялармен және олардың таратушылардан мүмкіндігінше тезірек құтылуды қалағанына қарамастан, кеңес мемлекетінің басшылары бірқатар елеулі ымыраға келуге мәжбүр болғандығын да назардан тыс қалдырмаған.

Қазақ қоғамына тән дәстүрлі исламның әдет-ғұрыптары «өткеннің діни қалдықтары», «социализм жолындағы тежегіші» іспетті тіркестермен байланыстырылып келді. Осы тіркестерді жаңа тәсілдермен айқындауға негіз қалыптастырылды. Себебі Кеңес Одағының тұтас тарихында, конфессияларға қатысты мемлекеттік саясаттың тиісті моделін іздеу, әзірлеу және құру елеулі проблемаға айналған-ды. Мемлекеттің исламға деген саясаты тұтастай алғанда «коммунизм мен дін бір-біріне сәйкес келмейді» деген қағидаға негізделген еді және билік қоғамдық өмірдегі мұсылмандық ұйымдардың ықпалын жою үшін жұмыс істеді, бірақ мемлекет пен дін арасында бейбіт келісім кезеңдері де болды. Кеңестік және қазіргі заманғы зерттеушілер мемлекет пен ислам

арасындағы қарым-қатынастарды кезеңдеудің жолдарын нақты теориялық-әдіснамалық негізде жасап үлгермеуде. Біз оның хронологиялық ауқымын белгілеуге және дәйектеуге тырыстық. Атап айтқанда, 1917-1928 жж. жаңа құрылған большевиктердің саяси билігі исламға деген төзімділік танытты, ұжымдастыру науқаны басталған сәттен бастап Екінші дүние жүзілік соғыс қарсаңында, яғни 1928-1939 жж. аралығында большевиктер мешіттер мен мұсылмандық мектеп, медреселерді жаппай жабып, ғимараттарын тартып алуға, дін адамдарын қудалауға және аяусыз жазалауға кіріскен, ал соғысқа байланысты 1941-1950 жж. дінге қарсы кеңес саясатының жұмсарған кезеңі және тоталитарлық жүйенің қатыгездік ұстанымы күшейген, мұсылмандар КСРО-ның сыртқы саясаты мен дипломатиясында пайдаланылған деп үш кезеңге бөлініп қарастырылады. Біздің пайымдауымыз бойынша Кеңес Одағының түрлі аймақтардағы діни саясатын жүзеге асыру тәжірибесі белгілі бір айырмашылықтарға тән сипаттарға да ие болған. Кезеңге байланысты кейбір аймақтарда өзіндік саясат жүргізілді. Сол үшін кезеңдерді анықтаған кезде біз жалпы траекторияны ғана емес, дін саясатының бағыттарын, әсіресе биліктің дінмен, ең алдымен, Қазақстандағы исламмен байланысы туралы түсініктерге мән бердік.

Балама ретінде зерттеуге себеп болған уақыт аралығындағы ислам мәселесінің қосымша теориялық негіздемесін қарастыруға болады. Бірқатар зерттеушілер большевиктердің дінге «еркіндік» беру деген уәделеріне сенген мұсылман дін басылары Азамат соғысы кезеңінде және 1920 жылдың аяғына дейін шарифат соттарын, вакуфтарды, молдалар мен ишандарды кеңестік сот, экономикалық және білім беру жүйелеріне ендіру жұмыстарын жүргізіп, оларды жаңа коммунистік идеологияға бейімдетуге тырысты. Осылайша, КСРО-ның алғашқы жылдарында елдегі мұсылмандардың практикалық мағынадағы саяси бағдарлау теориясы мен әдіснамасын Л.Климовичтің еңбектерінен аңғаруға болады [15]. Исламның реакциялық сипаты туралы қорытынды жасай отырып, ол исламның белгілі бір діни қағидаларын жаңартуды атап өткен. Кейінгі жылдары, теориялық және әдіснамалық жағынан ең танымал жұмыстар И.Скворцов-Степанов [16], А. Аршаруни [17], Х.Габиуллинге [18] тиесілі. Олар Түркиядан Орталық Азия мен Еділ аймағына дейін бірыңғай мұсылман мемлекетін құруға ниет білдірген ислам идеологтарының саяси ұстанымдарын талдаған. Бұл авторлар социалистік қоғам үшін исламның қауіптілігіне назар аударған және еңбектерінде исламға қарсы күресудің теориялық траекторияларын тұжырымдаған. Аталған авторлар діни қызметтердің өкілдері, мұсылман қоғамының ішкі тынысынан хабардар болған. Сондықтан олар өз жұмыстарын жазу барысында мұсылман дін басыларының мәліметтерін кең көлемде пайдаланған, көптеген нақты материалдар келтірілген. Осылайша, зерттеп отырған кезеңнің еңбектері айқын түрде саяси-идеологиялық мақсатқа бағындырылған. Олардың ғылыми негізі мен әдіснамалық талдаулары арасындағы айырмашылықты фактологиялық деректерден аңғаруға болады. Алайда, 1920-1930 жылдары мемлекет пен ислам арасындағы қатынастардың түрлі аспектілері бойынша

жарияланған құжаттар мен мақалалар жинақтары қазіргі кезде де мәнді дереккөз ретінде назардан тыс қалдырмаған дұрыс.

Маркстік әдіснаманы толығымен меңгермегендіктен, олар бір жағынан «объективті» ұстанымға ие болды. Зерттеуге арқау болған дәуірде Кеңес Одағындағы исламның әскери мектебінің пайда болуы мен қалыптасу теориясының негіздеушілерінің бірі болып К.Г.Васильевскийді атауға болды [19]. Оның тұжырымдамасының бастапқы нүктесі ретінде ол ислам дінінің ерекше сипатын талдап, Кеңес Одағында исламды революциялық күш ретінде пайдалану әдіснамасын әзірлеген. Мұсылмандарды большевиктердің революциялық әскерлері ретінде сипаттаған автор, «коммунистік ислам» теориясының негізін қалыптастыруға тырысқан. Алайда, өкінішке орай, исламның рөлі мен орны туралы осы ұсыныстар қолдау таппады, бірқатар зерттеушілер, соның ішінде К.К.Васильевскийдің өзі 1930 жылы қуғын-сүргінге ұшырады. Исламды тарихи марксизммен сәйкестендіру туралы пікірталас 1930 жылдардың басына дейін жалғасты.

1917-1929 жж. Қазақстандағы исламға қарсы шартты түрде «дін бостандығы» берілді. Мәселен, Ш.Келлер сынды батыс зерттеушілері большевиктердің келуімен, тоталитарлық жүйенің орнауы арасындағы зерттеу әдістерін біркелкі қарастырылмаған деп байлам жасады. Бір жағынан, мұсылман көшбасшыларын қысымға алу мен репрессия, мұсылман мекемелеріне тыйым салынуы, мұсылман әдет-ғұрыптарына қарсы күресті байқасақ [20], екінші жағынан, ислам кеңес билігі тарапынан ресми мойындалды және оның заң ішіндегі шарифаттық дәстүрлерге рұқсат берілді, сонымен қатар, мұсылмандық бірегейлігі мен институттары басқа кеңестік мекемелермен барынша етене өміршендігін жалғастырды [21]. Автор атап айтқанда, әртүрлі уақыттық кезеңдерді және аймақтық ерекшеліктерді ескеру қажет деген хронологиялық әдіснаманың сақталуын ұсынады. Осы тұрғыда С.Абашиннің теориялық хронологиялық пікірі зерттеудің жаңа бағыты деуге лайықты. Оның пайымдауына қарағанда кеңес үкіметі жылдарында қуғын-сүргінді қатаңдату кезеңдері бірнеше рет діни саясатты жеңілдету кезеңдерімен ауыстырылған. Ол 1920 жылдары, яғни «Совет басшылығы көптеген мұсылман институттарын, соның ішінде шарифат соттарын, вакуфтарды, мешіттерді, медреселерді және т.б. сақтап қалды. 1930 жылдары бұл мекемелерге тыйым салынған және дінге қарсы қысым мен қуғын-сүргін белең алды. Ал, 1940 жылдары ресми мұсылман діни кеңселері құрылып, діни шаралар қорғау кепілдіктеріне ие болды» – деген ойды алға тартады [22]. Сондықтан кеңес билігінің саяси қозғалысын бірқалыпты сызықты емес, циклдық болды деуге толық негіз бар деген пікірін білдіреді.

Шын мәнінде, Қазақстанның өңірлері әртүрлі әлеуметтік және саяси ықпалдасуларға ие болды. Шалғайдағы елді мекендерде, таулы аудандарда, қалалардың ескі бөліктерінде мемлекет талап еткен өзгерістер баяу қарқынмен жүзеге асты. Кеңес билігінің исламға қарсы саяси ұстанымы аймаққа қарап өзгерді. Демек теориялық жағынан алғанда, исламға деген кеңестік жобаның өзі, оның идеологиясы мен құрылғысы әртүрлі топтар үшін қалыптастырған

түрлі тәсілдерді қамтиды. Осы тәсілдердің арасында кеңес билігінің баспа беттеріндегі ислами жарияланымдарды қатаң бақылауда ұстауын атап өткен жөн. Кеңес үкіметі саясатын насихаттауда ұлттық тілдерде тұрақты жарияланып тұратын мерзімді баспа беттерін қадағалауды күттірмейтін тәсілдердің біріне жатқызды. 1920 жылдардағы әлі де араб графикасымен жазылып келген қазақ тіліндегі газеттер мен журналдар кеңес билігінің бақылауына өтті [23, 5 б]. Қазақ тіліндегі ұлт-азаттық қозғалыстың мұңын жариялап тұрған «Семей жапырағы», «Алаш», «Үш жүз», «Қазақ», «Сары-Арқа» басылымдары бақылауға алынып, оның орнына коммунистік-атеистік қызметтерді жариялап тұратын «Известия Военно-революционного комитета», «Известия рабочих и солдатских депутатов», «Заря свободы» және т.б. басылымдар пайда болды [24]. Бұл газет беттерінде тұрақты түрде атеистік бағыттағы мақалалар орыс тілінде жарияланып тұрды.

Кеңес Одағы мұсылмандарға бастапқы кезде еркіндік берумен қатар түрлі элементтерді ескінің қалдығына теңестіріп исламды халықтың санасынан мүлдем өшіруді көздеді. Мұндай қарама-қайшылық билік органдары жалпы коммунистік идеологияның дәстүріне сәйкес әрбір мұсылманның жеке болмысын зерделеуге мән беруінен де байқалады. Бұл «қоғамдық немесе жеке» ислами ойдың қалыптасуына себеп болды, мұсылмандардан дінді қайда және қалай көрсете алатындығы талап етілді.

Кеңестік дәуірде мұсылман қоғамының өмір тіршілігінің түрлі аспектілерін зерттеуге талпынған және оның әдістемесін коммунистік идеология тұрғысынан жазған ресейлік шығыстанушы өкілдері Е.А.Беляев [25], А.Е.Бертельс [26], О.Г.Большаков [27], Л.К.Климович [28], И.Ю.Крачковский [29] болды. Олар мұсылман мәдениетінің түрлі қырларын зерттеді, соның ішінде идеологиялық қарым-қатынастардағы коммунизмнің атеистік әдіснамасының маңыздылығына үлкен мән берді.

А. Бенингсен өз зерттеулерінде кеңес билігінің екі сатысында, яғни құрылғаннан бастап Екінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі аралықты және соғыстан кейінгі жылдарды салыстырмалы түрде зерттеп, Қазақстан мен Орта Азия елдеріндегі исламды ұстану тенденцияларын екі теориялық форматта қарастырған [30]. Олар - дәстүрлі исламның әдет-ғұрыптарын сақтау және күнделікті өмірде пайдалану мен кеңес билігінің исламға заңмен тыйым салған тетіктері. Біздің пайымдауымызша бұл «ресми» және «бейресми» теориялық-әдіснамалық функцияларын көрсетеді. Осыған сәйкес салттық ислам әдет-ғұрыптарының кеңестік дәуірде сақталғанын зерттеген американдық ғалым Брюс Привратский қазақ қоғамында дәстүрлі «шілдехана», «қыз ұзату», «қайтыс болған адамды еске алу» т.б. дәстүрлердің кеңестік дәуірде сақталғанын және бейресми түрде аталып өткенін жазған [31]. Бұл дәстүрлердің сақталуына тіпті, кеңес үкіметі немқұрайлы қарап, ұжымдық форматтағы «ислами дәстүр» деп білгенін жазады. Әрине, көптеген зерттеулерде біздің аңғарғанымыз, ол фактологиялық материалдарға негізделіп, кеңес билігінің исламға деген «ресми» саясатының салдары айшықталған. Алайда Брюс Привратскийдің зерттеулерінде теориялық

жағынан салттық ғұрыптарға мән берілгенін аңғарамыз. Ол Түркістан өңірі мұсылмандарының кеңестік дәуірдегі этникалық бірегейлігін аумақтағы ислам архитектурасының бәз қалпында сақталғанымен салыстырады. Ауыл аймақтарда әлеуметтік зерттеулерді жүргізген Брюс Привратский қазақтардың қайтыс болған адамның жетісін бергенін қызығушылық танытып, бірқатар мысалдар келтіреді. Онда ол адамдардың асқа жиналып және молданың «Алладан әруақтарға» дұға бағыштағанына, халықтың көңіл айтып, жаратушыдан қайтыс болған адамның «жәннатта» орын табуына тілеулес болғандықтарына таңданысын білдіреді. Осылайша, Қазақстанның әрбір аймағында 1920-1950 жж. кеңес билігінің өктем саясатына қарамастан, қазақ қоғамында қожалардың, имамдардың, қазылардың және басқа сатылардағы діни қызметкерлердің абырой беделі жоғары саналғандығын көрсетіп, қазақтың ұлт болып сақталуында салттық діни жоралғылардың маңызды қызмет атқарғанын қадап атайды.

Брюс Привратскийдің кеңестік дәуірдегі исламның қызметіне байланысты келесі теориялық-әдістемелік жұмысы қазақ қоғамындағы «ақсақалдардың» беделі мен рөліне арналған. Ол бұл жұмысында қазақ халқының ежелден келе жатқан дәстүрлерінің маңыздылығына, ауылдық және ұжымдық мерекелер мен іс-шараларға тоқталған [32].

Шетелдік ғалымдар кеңестік дәуірдегі бұл мәселені арнайы зерттеу саласына айналдырып, оның қызметіне неліктен мән берген деген сұрақ туындауы мүмкін. Бұл кеңес билігін қаралау мақсатында емес, керісінше коммунистік идеологияның ұрда-жық саясатына қарамастан, қазақ қоғамы әртүрлі салт-жораларын сақтап, ұлттық болмысын жоғалтпауда маңызды функцияларды атқарған деген теориялық ұстанымға жетелеген. Мәселен, баланың туылуы, тәрбиелеу, үйлену тойы, жерлеу рәсімі сынды дәстүрлер ұлттық және отбасылық ғұрыптардың дінмен етене жүретініне ешкім күмән келтіре алмайды. Сол үшін қазақтың дәстүрлі өмірін қайта өзгерту туралы кеңестік өктем саясатына қарамастан, іс жүзінде үкімет осындай әдет-ғұрыптардың кең таралғандығы мен тамырын тереңге жайып, ұлт болмысының ажырмайтындай бөлегі екендігін ескере отырып, абайлап әрекет етуге мәжбүр болды. Коммунист шенеуніктер өзгерістерді талап етті және идеологиялық тұрғыдан қолайлы жұмыстарды ұсынды. Халық арасындағы діннің ықпалын әлсірету шаралары насихат жүргізу арқылы жүзеге асырды, саяси науқандардың белгілі бір кезеңдерінде жергілікті дәстүрлерді мәжбүрлеп тыйым салуға тырысты.

Большевиктердің ертедегі әлеуметтік және діни саясаты мұсылмандарға қарағанда православиеге қарсы қатаң түрде жүргізілгендігі жайлы тұжырымдар да кездесіп қалады [33]. Марксизмге негізделген мұндай саясат, барлық діни топтарға қарсы қолданылған болса да, большевиктер билігі алғашқы жылдарында мұсылман тұрғындарына, оның ішінде Қазақстан халықтарына қатаң түрде жүргізілмеді деген ойды Д.Девис зерттеуінде келтірген [34]. 1939-шы жылдардың басына дейін большевиктердің шалғай мұсылман аймақтарына қатаң бақылау жасай алмағаны жайлы қозғаған автор

Алашорда үкіметінің ұлт-азаттық күресімен байланыстырады. Тарихи үдеріске назар аударатын болсақ, Алашорда қызметін 1920 жылы тоқтатқан, ал 1930 жылға дейін Түркістанның «басмашылар» әрекеті ұлт-азаттық күресін ішінара жалғастырды. Ал жекеленген көтерілістер мен қарсылықтар Қазақстанның тұтас жерлерін қамти алмады.

Осы тұрғыда елімізде ұлттық мемлекеттілікті құру идеясы мен оның исламмен байланыстыру теорияларына арналған кешенді зерттеулер жоқтың қасы деуге болады. Алаш қозғалысы мен ұлт-зиялыларының ұлттық күресі жайлы көптеген зерттеу дүниеге келді. Дегенмен, кеңестік дәуірдегі ұлт зиялыларының мемлекеттілікті дәріптеу барысында исламға деген көзқарастары қандай болды деген сауал туындауы да заңды. Ұлттық идея дінмен қатар халықпен тығыз байланысты және халықтың өміршеңдігін қамтамасыз ету үшін оларды жаңғырту мен тәрбиелеу қажеттілігін нақты мойындаған ағартушылық интеллигенцияға қарсы кеңестік дәуірде жаппай қуғын-сүргін саясаты жүргізілді. Ә.Бөкейханов қазақ қоғамын өркениетті қайта құрудың әртүрлі модельдеріне бағдарланған екі әлеуметтік-саяси үрдістердің қалыптасқанын атап өтті. Бірінші ағым діни қағидаттарды енгізуге және әлеуметтік-мәдени құндылықтар мен ислам нормаларын жаңарту арқылы қазақ халқын жаңғыртуға ұмтылды деген теориялар бар [35]. Сөйтіп, «Ә. Бөкейхановтың ислами жаңарудың жақтастарын түркі-мұсылман халықтарын біріктіруші исламистер» деп атағанын алға тартады.

Алаш зиялыларының исламға байланысты ұстанымын кеңес билігі жасырып келді және ұлт-зиялыларының көзқарастарын мүмкіндігінше қаралау басым еді. 1920 жылы 17 мамырда А.Байтұрсынов В.И.Ленинге жазған хатында арманын анық айқындап берген: «... өзара сенімге қол жеткізудің екі жолы бар: олардың біреуі ұзақ мерзімді әдіснамалық жұмыстарды қажет етеді - бұл коммунистердің қазақ халқын тонау мен қысымын жасайтын империалист емес екендігін көрсетеді. Екіншісі - ең қарапайым және жылдам... Қазақ халқының талабы - қарапайым және табиғи. Империализмнің ғасырлар бойы жасап жатқан зұлымдығынан, ең алдымен, осы зұлымдықтан азат етуді ойлайды, қырғыздар (қазақтар) өзін-өзі басқаруға ұмтылады» [36].

Сонымен қатар 1920 жылдың 13 наурыз айында Аймақтық революциялық комитетіне жіберілген хатында Алаш зиялылары өздерінің тұтас халықпен бірге екендігін жазып, оның діні мен тіліне большевиктерден еркіндік беруін сұраған. Олар: «Ұлттық қозғалыстың көшбасшыларын, революционерлермен, буржуазиямен бірге билік етуге үйренген ресейлік интеллигенциямен салыстыруға болмайды. Қырғыз(қазақ) зиялылары ұлттық платформаға негізделген, өйткені бұл тұтас мәдени деңгейдің ұлғаюына, әлемдік пролетариатпен танысуына әкеледі. Интеллектуалды іздестіру керемет құрылыстың ортақ ісіне түзетілмейтіндей зақым келтіруі мүмкін» деп, большевиктердің қазақ даласындағы исламға қарсы әрекеттерін сынаған [37]. Ұлт зиялылары большевиктермен ортақ тіл табысуға, олардың интернационалистік идеологиясын назарға алып әрі социализмнің ұлттық нұсқасын құруға үміттенді, сол себепті ауыл аймақтардағы орыстардың саяси

және мәдени ықпалын азайтып, осылайша олардың әлеуетті қауіпін болдырмауға ұмтылды. Бұл тетіктердің әдіснамалық талдау тұстарына назар аударатын болсақ, Алаш көшбасшыларының басым бөлігінің интернационалист-марксистермен бірігіп, жаңа кеңес билігі уәде еткен еркіндікке қол жеткізуді дәмеленгеніне көз жеткізе аламыз.

Алайда Ю.В. Ключников сынды орыс либералдары ұлттық азшылықтардың тең азаматтық мәртебеге иелініп және ұлттық мәселенің әділ шешімін табуын көздеген жоқ. Алашорданың негізін қалаған ұлт-зиялыларымен ұзақ уақыт бойы оқшауланған кадеттер болса, қазақ халқына діни бостандық беруден, пайдаланған жерін қайтарудан, шаруалардың қоныс аударуына және ресейлік өкілді органдары мен өзін-өзі басқаруда қазақтарға сайлау құқығына кепілдік беруден бас тартты [38, 120 б]. Барлық жердің мемлекеттік меншікке айналуы керек және мұқтаж шаруаларға берілуі тиіс деп сенген кадеттер, шын мәнінде патшалық заманның саясатын жалғастырды. Олардың арасында Л.Е. Эльяшев белсенділік танытты.

Зерттеуші Е.А. Оңғаров Кеңес Одағы кезінде исламның алғашқы қабылдануынан Шығыс халықтарының арасында өзіндік атрибутқа айналғанға дейінгі өзгерістер эволюциясын 1917-1927 жылдар аралығында қабылданған құжаттар тізбегі мазмұнынан көруге болады дейді [39, 25 б]. Автор кеңес билігі тұсындағы исламға қатысты заңдар құжаттарына мән беріп, 1917 жылы қараша айында қабылданған «Ресей және Шығыс еңбектенуші мұсылмандарға» деп аталатын РСФСР Халық Комиссарлар Кеңесі жолдауында: «...осы бастан бастап сіздердің салт-дәстүр, наным-сенімдеріңізге қол сұғылмайды, ұлттық және мәдени ұйымдарыңыз өз қызметін еркін жүзеге асырады. Өздеріңіздің ұлттық өмірлеріңізді азат әрі кедергісіз жүзеге асырыңыздар» – деген, еңбекшілер категориясына жатқызылған мұсылман халқына үндеу жариялады.

1920 жылдардың соңынан бастап большевиктер мұсылман халықтары арасында бақылауды күшейтті, олар исламға қатаң саясат жүргізе бастады, соның ішінде мешіттердің жабылуы, әдебиеттерді тәркілеу және т.б. Шын мәнінде Түркістанның ұлттық-азаттық күштерінің исламдық және түріктік қозғалысы бел алады деп есептеген кеңес үкіметі мұсылманшылыққа қарсы күреске білек сыбана кірісті. КСРО-дағы ислам көшбасшыларына қарсы ұйымдастырылған шараларды көрсететін ғылыми және аналитикалық жұмыстар сирек кездеседі, бұл ислами фактордың 1930-шы жылдардағы қайғылы нәтижесін айқындайтын теориялар мен әдіснаманы қалыптастыруға мүмкіндік бермеді.

КСРО-ның НКВД Мемлекеттік қауіпсіздік басқармасы мен оның республикалық және аймақтық мекемелердің төңірегінде туындаған екі көлемді қуғын-сүргін мұсылмандарға қатты әсер еткен. Әсіресе, «Мұсылмандардың орталық рухани басқармасы» немесе «ЦДУМ ісі» (1936-1938 жж.) және «Құран тізбесі» (1940 ж.) КСРО-дағы мұсылман элитасына қарсы қуғын-сүргін шараларының ақиқатын ашуға септеседі. Тақырыпқа байланысты алғашқы материалдар ғылыми айналымға А.Б. Юнусова

тарапынан ішінара енгізілгені болмаса [40, 170, 190 б], «Құран тізбесіне» қатысты мәселелер өз ауқымы мен маңыздылығына қарамастан, арнайы зерттеу нысанына айналмаған.

Бізге 1940 жылы жүзеге асқан жазалау мен айыптауларға әкелген «Құран тізбесі» ісі кеңес билігінің ислам зиялыларына қарсы сойқандарының бірі болғандығы енді ғана белгілі болып отыр. «ЦДУМ ісі» болса кеңестік тарихшылар тарапынан бөлек қарастырылған. Қол жеткізілген мұрағат құжаттарына қарағанда НКВД-ның екі іс бойынша комиссия құрып мұсылман дінбасыларын ату жазасына кесіп отырған. Ең алдымен, бұл жағдай тарихи жағынан алғанда кеңестік дәуірдегі ислам тарихының бір-бірімен тығыз байланысты екендігін аңғартады және исламның партиялық-аппараттық жетекшілері мен ішкі саяси мәселелерді шешудегі «ислами» факторды пайдалану тетіктеріне қатысты қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің мұрағат қорларында тіркелген екі «қылмыстық» істің хаттамаларын елеусіз қалдыруға болмайды. Өйткені олар мұсылмандарды біріктіру идеясы жолындағы исламның маңыздылығы мен әсеріне қарсы тұрған большевиктік биліктің ішкі саясатын бағалауға мүмкіндік береді.

Қазақ халқын еңбекшілер табына жатқызу, әйелдердің ислам дінінің екінші сатыдағы адам санатына жатқызғандығы хақында үгіт-насихаттар кеңінен тарала бастады. Бұл көзқарас 1930-шы жылдарда басылып шыққан кеңестік ислам әдебиетіне, оның ішінде қазақ тіліне де аударылып, баяндалды. Алайда, Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуына байланысты, кеңес үкіметі дінге қысым көрсетуде мұсылмандар арасында ғана емес, сонымен қатар православиеге және өзге діндерге барынша сақ болды. Соғыс бұқара халықтың, сол қатарда мұсылмандардың қолдауын қажет етті. Жеңістен кейін дінді қыспаққа алу қайта жанданды және атеистік науқанның бір бөлігі ретінде салдары аса ауыр болды.

Кеңестік кезеңде исламдық зерттеулердің ғылыми бағыты және оның тұрақты әдістемесі ретінде пайда болды деп айту қиын. Өртүрлі саланың жеке ғалымдары, яғни этнологтар, филологтар, тарихшылар, философтар ислам мәселелерімен айналысты. Бұл отандық тарихнамадағы исламның талдауына теріс әсер етті. Кеңес дәуірінің ғалымдары үшін КСРО-да екі ислам бағыты пайда болды. Олар - социалистік жүйе бойынша өткеннің қалдықтары деп есептелген кеңестік ислам және шетелдік зерттеушілердің ізденістеріне арқау болған ислами зерттеулер.

Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуына орай ислам діні өзінің болмысы және тұтастығымен мемлекет тарапынан қадағалануға алынды. Мемлекет пен дін арасындағы қарым-қатынас күрделене түсті. Дегенмен соғыс кезінде мемлекет үшін ең маңыздысы идеологиялық тұтастық болды, ал діни сенім халықты біріктіретін құрал еді. Сол себепті аймақтардағы исламды орталықтандыру мақсатында кеңес билігі Уфа, Баку, Ташкент қалаларында мұсылман діни басқармаларын құрды. Алайда Қазақстанда осындай мекеменің ашылуын коммунистер тиімсіз, керексіз деп санаған. Халық

комиссарлары кеңесінің 1944 жылғы 19 желтоқсандағы «Діни ғибадат ғимараттарының ашылу тәртібі туралы» қаулысынан кейін 1945 жылы Қазақ КСР-нің Алматы, Семей, Павлодар, Орал қалаларында, 1948 жылы Ақмола, Жамбыл, Шымкентте, жалпы алғанда тіркелген 30-ға жуық мешіттерде намаз оқуға ресми түрде рұқсат берілді [41]. Негізінде кеңес үкіметі үшін Қазақстан территориясы исламнан бөлек аймақ ретінде қарастырылды (Оңтүстік Қазақстан бұл аймаққа кірмеді), елдің аграрлық және шикізат қорына, яғни экономикалық жағынан алғанда бай аймақтарда діни фактор екінші сатыда тұрды. Бұған қатысты мәселелер әлі толықтай өз бағасын алмай келеді.

Соғыс басталғанда кеңес билігі тарапынан исламға деген ымыралы көзқарастың пайда болуы, бұл өзінің стратегиялық мақсатын, яғни дінді қоғам ішінен толықтай жоюдан бас тартты дегенді білдірмейді, керісінше мұсылмандарды уақытша болса да өз жақтарына тарту қажеттілігінен туындады деуге болады. 1944 жылы «Ғылыми-педагогикалық насихаттауды ұйымдастыру туралы» КПСС Орталық Комитетінің қаулысымен жарияланған материалистік көзқарастар, жаратылыстану ғылымдары мен ғылыми-техникалық білімдерін насихаттау және кеңейту жоспары қолға алынды [42]. Осы тұрғыда Кеңес Одағының қазақ мұсылмандарының қазақтарын соғысқа қатысу мәселесіне байланысты зерттеулер кешенді түрде жүргізілмегендігін нақты материалдар негізінде айтуға болады. Сонымен қатар, соғыс жылдарында коммунистік идеологияның кең жайылуына және атеистік үгіт-насихаттың күшеюіне қарамастан, қазақ жауынгерлері өз кезегінде дәстүрлі діни салтын ұстанғандығы жайлы деректер аз емес [43].

1947 жылы исламға қарсы кеңестік агрессиялық саясат жұмсара басталды. Десек те 1948 жылдың қараша айынан 1953 жылдың наурызына дейін Қазақстанда бірде бір мешіттің ашылмағандығына күә боламыз [44]. Исламға деген мемлекеттік көзқарас тоңыздап жібігенімен, теріс ұстанымдардың мазмұны өзгерген жоқ. 1948-1953 жж. Кеңестік қоғамның діни өмірінде де, мемлекеттің ислам саясатында тоқырау үрдісі байқалды. Біздің ойымызша, соғыстан кейінгі кезеңде сталиндік репрессивтік механизм көбінесе молдалар мен қарапайым мұсылмандарға емес, зиялы қауымға бағытталды. Жалпы, соғыстан кейінгі кезеңде КСРО-дағы ислам саясаты «қырғи-қабақ соғыс» атмосферасы мен басқа да бірқатар факторлар әсер еткен елдің жалпы дамуы тұрғысынан жүргізілді.

Бөлім бойынша төмендегідей ғылыми тұжырымдарға қол жеткізілді:

- Алғашқы кезде кеңес билігінің исламға бағыттаған саясатының мазмұны бұрынғы Ресей империясының мұсылман халықтарына түрлі уәделерді беріп, сеніміне кіру мен коммунистік идеологияның атеизміне кіріптар етуден тұрды. Оның тетіктерін коммунистік идеологтардың еңбектерінен көре аламыз. 1920-1930 жж. исламның қазақ қоғамындағы рөлі мен қызметіне қатысты әдіснамалық зерттеу құрылымы бір-бірін қайталайтын жұмысшы тап өкілдерін қанау мен халықтардың езгісі концепцияларына негізделген;

- Ленин мен Сталин кеңес билігін орнату үшін исламның белді көшбасшыларын пайдалана отырып, ұлттық мәселені прагматикалық түрде

шешті. Большевиктерге қазақ халқын тезірек коммунистік-атеизмге бейімдейтін «буржуазиялық ұлтшылдар» қажет болды. Осылайша антисоветтік қозғалысты бейтараптандыруға қол жеткізді. Интернационализмнің лениндік нұсқасы, бұрынғы империяның «артта қалған» мұсылмандарын атеистік білімге тартып, исламның саяси және құқықтық тіректерін әлсіретуге және кеңестік қоғамды біртұтас орыстық ағзаға айналдыруға бағытталды;

- 1920 жылдың екінші жартысында Одақтың орталық басқармасы республиканың ішкі саясатын толықтай өзіне бағындырды, исламға деген ұстанымын қатайтты, халықтың әл ауқатын тежеп, бір мезгілде одақтас мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық және мәдени саладағы саясатын жалғастырды. Қазақтарды советтік патриотизмге және орыс халқының жетекші рөлін мойындауға негізделген «халықтар достығы» саясатын белсенді түрде алға тартуға шақырды. Соғысқа дейінгі аралықта қазақтар мен жергілікті орыстардың байланыстары сенім негізінде интеграциялануына ықпал етті;

- Кеңес билігінің діни саясаты, атеизм мен исламға қарсы үгіт насихаты барлық мұсылмандарға кері әсерін тигізді. Соған қарамастан мұсылмандар күнделікті өмірінде исламның қағидаларын құпия түрде орындап келді, отбасылық дәстүрлерінде мұсылман әдет-ғұрыптарды сақтады.

1.2 Тарихнамалық зерттеулер.

XX ғасырдың 20-50-шы жылдары қазақтың дәстүрлі қоғамын жаңа қазақстандық социализмге айналдыру кезеңімен сипатталады. Қазақ халқының дәстүрге негізделген діни ұстанымдары мен көпқұрылымдық экономикалық және әртүрлі әлеуметтік дамуы кеңестік дін саясатын жүзеге асыруға айтарлықтай тосқауыл болды. Республика халқы ежелден келе жатқан тарихи дәстүрімен, әртүрлі ұлттық құрамы және жергілікті діни ұйымдардың жоғары белсенділігімен жоғары исламдық дәстүрге ие екендігін көрсете білді.

Мәселенің тарихнамалық деңгейін анықтау барысында басты теориялық және әдістемелік құрал ретінде зерттеудің хронологиялық ауқымы зерттеушілердің назарын аударуы тиіс. Өйткені, таңдалған мерзім қазақ халқының тарихында аса терең, әрі қайғылы таңбасын қалдырды. Оның бірінші сатысында Алаш қозғалысының көшбасшылары мен ұлттың болашағын ойлаған көсемдердің жаппай репрессияға ұшырауы, қолдан жасалған ашаршылықтың трагедиялық нәтижелері, үшіншісі, әліппенің жылдам араб графикасынан латынға, сонан соң кириллицаға көшуі, төртіншісі, Екінші дүниежүзілік соғыстың ауыр салдарлары, бесіншісі, тоталитарлық жүйенің құрылып, дінге қатысты саясаттың идеологияландырылған форматының белең алуы болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, 1920-1950 жылдары жүргізілген зерттеулердің басым бөлігі лениндік-маркстік ұстанымдар негізінде қарастырылып, аталған дәуірдің тарихи-діни мәселелерін зерттеуге тіптен тыйым салынғандығын ескерген жөн.

Осыған қарамастан, диссертацияның бұл бөлімінде зерттеу нысанына айналған уақыттың тарихнамалық ауқымын үш ірі бөлім негізінде сұрыптауды жөн көріп, мәселенің жан-жақты қарастырылуын жаңа теориялық-хронологиялық шеңбер негізінде қамтамасыз етуді дұрыс деп санадық. Олар: бірінші, тарихнамалық аспект ретінде 1920-1950 жылдардағы большевиктік биліктің ислам дінімен ара қатынасын айқындайтын сол заманның зерттеулері; екінші, кеңес үкіметі жылдарындағы ислам факторы мен тоталитарлық және әкімшілдік-әміршілдік жүйенің саяси толқынын айқындайтын шетелдік зерттеулер; үшінші, «қызыл» империяның ыдырап, тәуелсіздік алғаннан кейінгі уақыттағы бейтарап объективті біршама зерттеулердің жүргізілу тарихнамасы. Сонымен қатар, зерттеу барысында аранайы кеңестік Қазақстандағы исламға деген ұлт-зиялыларының, Алаш қозғалысы көсемдерінің еңбектерін салыстырмалы түрде сараптауды жөн көрдік.

Тақырыптың кеңестік тарихнамада зерттелуі. Коммунистік партия мен социалистік мемлекеттің дінге қарсы жұмыстардың алғашқы авторлары В.И.Ленин, В.Д.Бонч-Бруевич [45], П.А.Красиков [46], Н.К.Крупская [47], А.В. Луначарский [48], И.И. Скворцов-Степанов [49] сынды партия жетекшілері болды. Олар исламға қарсы саясат жүргізді және дінді қаралайтын бірқатар еңбектерді жария етті. Бұл авторлар арттарынан публицистикалық және үгіт-насихаттық сипаттағы тарихи мұра қалдырды. Оларды дінге қарсы кеңестік идеологияны негіздеушілері қатарына жатқызуға болады. Бұл идеологтарды дереккөз ретінде қарастыру партияның мемлекеттік діни саясатының міндеттерін, дінге қарсы насихат пен атеистік насихаттың әртүрлі мәселелері бойынша нақты ұстанымдарын анықтауға мүмкіндік береді. Аталған еңбектердегі қойылған идеологиялық талаптар кеңестік тарихнама мәселесінің басты бағыттарын бағамдап білуге және социалистік қоғамның құрылу тетіктерінің саяси мәнін ашуға жол салды. Оның динамикасы мен ерекшеліктері кеңес үкіметінің Қазақстандағы исламға қатысты екендігі айдай анық. Әрине, бұл сол кезде ішкі және сыртқы саясатта мемлекет шешетін тактикалық және стратегиялық міндеттермен байланысты болды.

Атеистік еңбектердің түпкі көздегені қоғамды таптарға жіктеу, дінсіздікті насихаттау болды. Белсенді атеист тарихшы топқа «діни контрреволюциялық» және діни ұйымдардың «қанаушылық» сипатын саралап, сондай-ақ діни саясаттың коммунистік идеологияға қаншалықты зиян екендігін айқындайтын еңбектердің молынша басып шығару міндеттері жүктелді. Дін өткеннің қалдықтары деп саналды, «халықтың апиынымен» тиісінше күрделі күресті ғылымның көмегімен жүзеге асырылу қажет деп есептелді. Жарияланған атеистік еңбектердің барлығы «сенушілерге діни көзқарасты жеңуге көмектесу» мақсатындағы үгіт-насихат жұмысына арналды.

1920 жылдарды зерттеулеріне арқау еткен тарихшыларға жұмысшыларды діннен алшақтатуда атеистік насихаттың оң рөлі мен нәтижелерін көрсету міндеттелді. Сол үшін Н.А. Смирнов [50], М.Л. Томара [51], С.Д.

Асфендияров [52], сынды зерттеушілер өздерінің еңбектерін исламның жалпы социализм мен социализм идеясына және кеңес үкіметінің исламға қатысты саясатын байыпты көзқараспен жазуға тырысты. Дегенмен 1917-1950 жылдардағы кеңестік тарихнамада мұндай зерттеулердің саны неке-саяк болды. Алға қойылған міндеттерге сәйкес, зерттеушілердің еңбектерінде мемлекеттік діни саясат позитивті деп, ал дін мен діни ұйымдардың іс-әрекеттері «контрреволюциялық» деп саналды. Еңбекші тап өкілдерінің іс-қимылдарын бағалау нақты материалдарға емес, керісінше үйреншікті бір-бірін қайталайтын дәйексөздер мен ұрандарға негізделген. Мұндай біржақты көзқарас белсенді тарихшылар тарапынан партияның белгілі бір позицияларын қорғайтын өткір идеологиялық және таптық күрес жағдайымен түсіндірілді. Бұл туралы М.Қ. Қозыбаев былай жазды: «...Өткен оқиғалардың панорамасы әртүрлі болғандықтан, социалистік критерийлер мен сталиндік схемаға сәйкес келетін сәттерді ғана оқшаулау қажет болды. Басқа құбылыстар, процестер мен фактілер, ең алдымен, тарихи зерттеулердің бір шетінде қалды. Мұндай көзқарастар объективтілікті болдырмады, өйткені тарихи шындықтың бір бөлігін сипаттау мен талдауды жою (ерікті немесе еріксіз) ең маңызды қақтығыстардың біріне айналды» [53, 188 б]. Зерттеушілер, діни ұйымдарға қатысты партия мен кеңес үкіметінің нақты іс-әрекеттерін дәріптеп, ішінен орын алған күрделі үрдістерді еріксіз назардан тыс қалдырып отырды. Бұл кемшіліктер 1920-шы жылдардағы көптеген жұмыстарға тән еді және ғылыми дәйектің орнына ұраншылдық пен насихаттық сипатқа ие болды.

Зерттеулердің табиғатын айтарлықтай анықтайтын сол жылдардағы тарихнаманың маңызды ерекшелігі, деректерді барынша «аса құпия» мөрі басылған сөрелерде сақтап, шынайы кеңестік саясаттың астарын жасыру болды. Тарихи еңбектердің басты көзін кеңес билігінің қарарлары мен бұйрықтары, В.И. Лениннің хаттары мен партия идеологтарының шығармалары және мерзімді басылымдар құрады. Мәселе бойынша деректердің қол жетімсіздігі, партия басшылығының тапсырмасымен жазылған еңбектердің кеңінен таралуы салдарынан зерттеулердің мардымсыздығы, көркем әдеби шығармалар және манифест тәрізді еңбектердің жазылуына мұрындық болды.

Тарихи сананың негізі шынайы тарихи ғылыммен етене жүретініне ешкім күмән келтіре алмайды. Кеңестік дәуірде ұлт-зиялыларының саяси белсенділігі әшкереленіп, олардың исламға деген ұстанымдары ұлтшылдықпен байланыстырылып, контрреволюцияшылдар деген қатаң догма арқылы айыпталған. Алаш көсемдерінің Түркістан тұтастығына қарсылық білдіргендігін олардың Орта Азия халықтарын менсінбеушіліктен және мұсылмандықты артқа тартатын бір діни ағым ретінде қарастырғандықтан деген жазулар да молынан кездесті [54]. Алаш зиялылары Ислам дінін қазақ халқын ұлт ретінде сақтап қалудағы басты құралы ретінде бағалаған [55, 40, 56 б]. Ұлт-зиялыларының исламның қазақ қоғамындағы орны мен маңызын арттыру қажеттілігіне байланысты еңбек санының артқандығын батыс

зерттеушісі С. Соболев де байқаған. Ол Алаш көсемдерінің кеңес билігіне қатысты көзқарасын былайша сипаттайды: «1918 жылдың 24 маусымында Алашорда барлық Совет декреттерін жарамсыз деп жариялады, Уақытша үкіметтің мәлімдемесін, әсіресе, ар-ождан, дін, баспасөзге байланысты ұстанымдары өзгерді» [56]. Сондықтан, кеңес билігінің атеизмге байланысты жазбалар мен ұлт-зиялыларының исламға қатысты зерттеулері де қатарласа жарияланып тұрды. Алайда, 1920 жылдардың басында-ақ қазақ даласын ашаршылықтың шарпып өткенін ұмытпаған абзал. Бұл тауқыметті оқиға қазақ интеллигенциясының ыза-сынын тудырмай қоймады. Елдің назары діни мәселеден алшақтап, әлеуметтік-экономикалық бағытқа ауды. Осы орайды пайдаланған кеңес билігі қазақ баспасөзін цензураға алуды қажет деп шешті.

1925 жылдан бастап Алашорда интеллигенциясын баспасөз, басылым айналысындағы қызметтерінен күштеп ығыстыру науқаны басталды. Мысалы, екі рет (2 наурыз мен 23 қазан) Ресей Коммунистік партиясы Орталық Комитеті (большевиктер) Қазақстандағы баспасөз мәртебесін қайта қарастырды. Орталық Комитет хатшылығының 1925 жылғы 2 наурызда қабылдаған шешімдері «Қырғыз (Қазақ) және жергілікті партиялық органдар тарапынан мерзімді басылымдарды бақылау» және «ұлтшылдықтың» нышаны болып табылатын бұл көріністерге тыйым салу мәселелері күн тәртібіне қойылды. Олар партияның белгілеген сызықпен жүріп, тапсырыстарын орындаулары қажет болды [57]. Осы орайда 1925 жылғы 23 қазандағы отырыста Орталық комитетінің Ұйымдық бюросы Қазақстан АКСР Президиумының төрағасы Г.Е.Голощекин «Қазақ баспасөзі туралы» баяндамасын тыңдады, онда ол Алашорда интеллигенциясының республикалық қазақ тіліндегі баспасөзде ұйымдастыру бюросының тапсырмаларын дұрыс «түсініп», партиялық бақылауды күшейту қажеттілігі туралы баяндады.

Жалпы алғанда шығыс халықтарының, соның ішінде қазақтардың ең бай мәдени-тарихи мұрасы архаикалық, артта қалған, дәстүрлі, патриархалды деп бағаланды. Алаш ұлт-зиялыларының исламға деген көзқарастары мен исламның негізгі қағидалары, шарттары және нормалары барынша қаралана бастады. Кеңес үкіметі жылдарындағы ұлтаралық байланыстарды зерттеген және исламның кеңес үкіметін құрудағы асыл мұратына қайшы және «зиянды» екендігін жазғандардың бірі С.М. Диманштейн болды [58, 4 б]. Автордың ислам діні жайлы жазған еңбектерінің басым бөлігі түркі-мұсылман халықтарының этнобірегейлігі мен өзара ынтымақтастығын күшейтуде осы дінге деген ұстамдылықтарын әлсіретуге бағытталған. Сталиндік тоталитарлық жүйенің орнығып ел ішіндегі үстемдігі күшейген сәтте С.М.Диманштейн кеңес үкіметінің ұлттық саясаты туралы көлемді монография жазып, коммунистік идеологияның «Совет үкіметінің ұлттық аймақтарда күшейтудің бір ғана жолы бар, ол исламмен жүйелі түрде күресуді күшейту қажеттілігін» тілге тиек еткен [59].

Кеңестік тарихнамада көшпелілер өркениетінің ролін төмендету, қазақ халқының арасында өзге мұсылмандар іспетті ислам діні терең бой

алмағандығы және көшпенділердің тұрмыс тіршілігінде көне дәстүршілдік турасындағы еңбектердің саны арта бастады. Көшпелі өркениетті сипаттау барысында олардың тек портативті (жинамалы, шағын) үйлерде тұрғандығы, ескерткіштері және сәулет өнері мәдениеті, көркемдік стильдік өзгешеліктері, жазба әдебиетінің жоқтығы айтылып және қазақ халқы арасында тәңірлік, зороастризм мен тағы басқа иланымдар басым болды деген ойлар алға тартылды [60].

1930 жылдардың ортасында жеке басқа табынушылықты күшейту және елде басқарудың әкімшілік-әміршілдік жүйенің қалыптасуына байланысты тақырыпқа қатысты зерттеулердің бағыты коммунистік идеологияны дәріптеумен шектелді. Таптық жіктеуге негізделген, орыс мәдениетін алға тартатын танымдық әдебиеттер көптеп басылды. Бұл үшін отандық авторларды айыптау қиын әрине. Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарынан кейін кеңес билігінің қатал ұстанымдары тақырыптың ғылыми тұрғыдан қарастырылуына жол бермеді. Сондықтан, 1920-1925 жж., негізінен, кеңестік қазақ қоғамындағы исламның орнын анықтайтын ғылыми зерттеулердің қалыптасуы болып есептеледі. Кеңестік дәуірдегі исламның жағдайын айқын көрсететін бірқатар деректер ғылыми айналымға тартылды. Ол жайында келесі тарауда жан-жақты қарастырылады. Кейінгі зерттеушілер 20-шы жылдардағы еңбектерді өз зерттеулерінде пайдалануға мүмкіндік алды, одан әрі терең ғылыми талдаулар жүргізу үшін негіз ретінде, мәселенің тарихнамалық дамуына үлестерін қосты.

Зерттеуге арқау болған кезеңнің негізгі проблемаларының бірі- мемлекеттік-діни қатынастардың құқықтық негізі, билік органдары мен басқа да діни ұйымдардың қызметін реттеудің әдістері мен тетіктері таптық күресті күшейту туралы «теория» призмасы арқылы қаралды. 1920 және 30-шы жылдардағы белгілі кеңестік исламтанушы В.Дитякиннің пайымдауынша, мұсылман дінбасылары мен оның одақтастары бірыңғай антисоветтік және анти-мемлекеттік майданға жұмысшы тап өкілдерінен құралған топты қалыптастырып, ислам дінінің революциялық белсенділігін арттыруға шақырды [61, 17 б]. Осылайша, көптеген тарихи кітаптар, насихаттау арқылы енгізілген брошюралар мен мақалалардың ішкі мазмұны атеистік білім беру міндеттеріне және ең қатаң идеологиялық режимнің жағдайына жауап берді.

Қазақ қоғамы ішінде ислам дінінің реакциялық орны бар екендігін дәлелдеуге тырысқан орыс идеологтары 1920-1930-шы жылдардың соңында елдегі мешіттердің санын азайтуға бағыт алды. Сол себепті бұл уақыттағы еңбектердің мазмұндық бояуы ғылыми сипатта емес, идеологиялық сипатта болғандығын сеніммен айтуға болады. Оған дәлел ретінде Ю.А. Розенбаумның [62], А.Седюлиннің [63], еңбектерінен көре аламыз. Олар мемлекет пен ислам арасындағы қарым-қатынас проблемасын тарихшылар бір жақты қарағандықтан, кеңес үкіметінің атеистік саясатын толығымен ақтай алмағандығын жазып, атеистік ғылыми және насихаттық жұмыстардың әлсіз жүргізілумен байланыстырды. Сөйтіп қазақтардың небәрі 2 % ғана сауатты, қалғандары ежелден келе жатқан мектептер мен медреселердің

«қараңғылығында» қалған деген тұжырым кеңінен орнықты. Дегенмен, Ж.Қ. Қасымбаевтің пайымдауына қарағанда кеңес үкіметі бұл көрсеткішті тек орыс тілін меңгергендерді есептеумен шектелген, ал медреселерде білім алғандарды мүлдем есепке қоспаған [64, 112 б]. Өз кезегінде «Бұл туралы айту қиын», - деп жазады Ә.Бөкейханов, - қазақтардың қанша пайызы сауатты болды, себебі мұсылмандық білім беру жасырын жүргізілді. Әкімшілік исламдық білім беру орталықтарда мұғалім орыс тілін білуін талап етті. Бұдан басқа, мектепті ашу немесе мешітті салу үшін, арнайы рұқсат талап етілді, ол әдетте берілмеді. Нәтижесінде мешіттер мен діни сауат ашу жұмыстары заңсыз түрде жүзеге асты [65].

Алғашқы уақытта ислам да басқа конфессиялар сияқты, кеңес билігімен өзара бітімгерлік пен ынтымақтастықта болуға мәжбүр болды. Кейбір зерттеушілердің пікірінше, бастапқы кезеңде, кеңес билігі православиеге және басқа конфессияларға қарағанда исламға толерантты болды. Бұл жағдай бастапқы кезде кеңестік Түркістанда байқалды. Үкімет исламның мәдени құндылықтарына құрметпен қарауға тырысты (әсіресе шарифат мәселесі, мұсылмандардың қасиетті орындары, мұсылмандардың мерекелері). Бірақ бұл жағдай ұзаққа созылмады, кеңес үкіметі діннің барлық көріністеріне қарсы шабуылға шықты. Билік пен діннің өзара әрекеттестігі екі негізгі бағыт бойынша: халықтық ислам дәстүрлері және атеистік қоғамға бейімделуге мәжбүрліктен құрастырыла бастады.

Кеңес үкіметінің бастапқы кезеңінде (XX ғ. 20-30 жылдары) Н.А. Смирновтың анықтамасы бойынша «академиялық» шығыс елдердің тарихын зерттеу қарқыны артты [66, 157 б]. Осы кезеңдегі зерттеушілердің жұмыстарында коммунизм мен ислам әлемінің өзара әрекеттесу мәселесінің ғылыми тұжырымдамасын атап өту керек. Академик В.В. Бартольд «Мұсылман әлемі ұғымының анықтамасы. Әлемдік тарихтың бір бөлігі ретінде мұсылман әлемінің тарихы» атты мақаласында исламның пайда болуы, кейбір саяси және мәдени институттардың дамуы, әлемдегі сол институттардың пайда болуы және дамуын салыстырмалы түрде дәйектеген. Автор мұсылмандар мен христиандар арасында мемлекеттіліктің қалыптасу ерекшелігі туралы жазып, XX ғ. басында Түркістан өңірі түркі-мұсылман халықтарының исламға деген ұстамдылықтары жайлы көптеген мәліметтерді берген [67].

Түркістан АКСР-ін талқандау мақсатында большевиктер Орта Азия елдерін межелеу саясатына кірісті. Осы межелеуден бұрын және кейін қазақ жерлерінің этнографиялық ерекшеліктерін, соның ішінде халықтың исламға деген ұстамдылықтарын анықтайтын ғылыми зерттеу экспедициялары ұйымдастырылды. Осы мақсатта КСРО құрамындағы отарланған халықтың тайпалық құрамын зерттеу жөніндегі комиссия құрылды (КИПС, 1922 жылдан бастап). 1917 жылы КИПС этнографиялық картаны құрастыру және Орталық Азия мен Сібірдің этникалық құрамын анықтау жұмыстарын жүргізді [68]. Азаматтық соғыспен байланысты үзілген зерттеулер 1920 жылдары жанданды. Кеңес билігі алғашқы жылдары халықтың санын және қоныс аударуын,

олардың әлеуметтік құрылымын, өмірін және мәдени ерекшеліктерін зерделеу бойынша жұмыстар жүргізілді. Осы мақсатта Қазақстанның әрбір аймағында экспедициялар ұйымдастырылды. Экспедицияның нәтижесінде жарық көрген еңбектерде жергілікті халықтың әдет-ғұрыптары мен діни көзқарастары туралы мәліметтер қамтылған. Бұл зерттеулерде қазақтың ежелден келе жатқан діни дәстүрлер мен діни кітаптар толықтай жойылу қажеттілігі нақты көрсетілген.

Кеңес үкіметінің ұжымдастыру мен индустриялау науқаны, олардың артынан басталған ашаршылық апаты кезіндегі рухани азығы болып табылатын ислам дінінің қоғам ішіндегі рөлінің әлсіреуі зерттеулерде мүлдем қозғалмаған деуге де болады. Дегенмен, қазақ қоғамындағы исламның орнын бағамдау мақсатында кейбір қырларды ашу қажет деп есептеледі. Большевиктер тоталитарлық ойлау логикасына сәйкес коммунистік принциптері болашаққа жол ашатын бағдаршам іспетті халықтың діни сенімін тамырымен жоюға бел буды. Бұл жайлы еңбектер көбінесе КСРО ыдырағаннан кейін жүргізілді [69]. Кеңес билігі бірнеше онжылдықта қазақтың дәстүрлі тұрмыс тіршілігінің тамырына балта шабып, халықты колхоздар мен совхоздар айналасына топтастырды. Бұл мәселе туралы көптеген еңбектер жарық көрді. Бірақ, тиісінше колхоз-совхоз болып ұжымдасқан қазақтардың діни құндылықтары қаншалықты деңгейде сақталып келді және исламның орны жайлы зерттеу жұмыстары мүлдем жүргізілмеген. Керісінше, дәстүрлі өмір сүру жүйесінің большевиктердің саясатына қайшы келетіні туралы жұмыстар атқарылып, халықты аборигендерге теңестіру науқаны артты. Қазақтарды «Қызыл империяның» басқарылатын бөлігіне айналдырып, діннен алшақ «өркениетті» етіп қалыптастыру керек деп, тек коммунистік идеология құрсауында ұстау қажеттілігі жөнінде көптеген еңбектер жарық көрді. Әсіресе, 1925 жылы Орталықтан Қазақстанға жіберілген Ф.И.Голощекин даладағы «Кіші қазанын» жасап, асыра сілтеуімен ашаршылық зұлматына себеп болғандығы кеңінен айтылып, аласапыран заманда халықтың рухани діни сергелдеңі зерттеулерден тыс қалып отырды. Күштеп отырықшыландыру, аштықтың зобалаңында дала қазақтары күн көрісін ойлап кетті, дінсіздік зорлықпен таңылды, мәдениеті мен сенімінен әлсіреді, кеңестік коммунизм идеологиясы шеңберінде қалып қойды.

1940 жылдары соғысқа байланысты мемлекет пен дін арасындағы қатынаста «үзіліс байқалды». Осы кезеңде жарияланған КСРО және КПСС-ның (б) «Шіркеуді мемлекеттен және мектепті шіркеуден ажырату» жарлығын қоспағанда, кеңес үкіметі мен дін байланыстары туралы зерттеу жұмыстары мүлдем жүргізілмеген, оған тіптен тыйым салынған еді [70]. Бұл Кеңес тарихнамасының көптеген жылдар бойындағы тән ерекшелігі болды. Мәселенің тарихнамасы нақты әзірленбеген болатын, дегенмен түрлі мерекелік іс-шараларға байланысты кеңестік дәуірдегі дін тарихын зерттейтін жинақтар шығарылды. Ұлы Отан соғысынан кейін мемлекеттік-діни саясатты арқау еткен жұмыстар жарық көре бастады. Зерттеушілер өздерінің еңбектерінде коммунистік партия мен кеңестік мемлекеттің «даңқты және

батырлық» тарихын, сондай-ақ КСРО-дағы социализмнің «жеңімпаз марштарын» атап өтуге арнады. Бірақ мәселенің тарихнамасының XX-шы Конгрестен кейін ғана сапасы көтерілгенін аңғарамыз. Жинақталған жалпы материалды нақтылау барысында жаңа мәселелер анықталып, тақырыптар байыпты және кең көлемде зерттелді. Осы кезеңдегі тарихшылар мемлекеттік-діни қарым-қатынастардың күрделілігін түсінген. Ғылыми талдаудың машығымен сипатталатын жұмыстар пайда бола бастады. Алғаш рет зерттеушілер дін саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыруда мемлекеттік органдарының қызметіне қатысты мәселелерді зерттеу қолға алынды. Алайда, бұл мәселені зерттеуге деген ұмтылыс өте сирек болды. Осы уақытқа дейін мәселенің тарихнамасын бағалау және қазіргі зерттеу бағыттарын анықтау қажеттілігі туындады. Монографиялық зерттеулерде тарихнамалық бөлімдер жазылды, арнайы тарихнамалық шолулар жарияланды. Дегенмен, тұтастай алғанда, осы кезеңнің зерттеушілері өткен кезеңде қалыптасқан жалпыға ортақ көзқарастар шеңберінен шықпады, ал «діни контрреволюция» термині зерттеулерде қолданыста сақталды.

Бұл жылдардағы тарихнамалық үдерістердің сәйкессіздігі Сталин қайтыс болғаннан кейін КПСС басшылығымен қабылданған мемлекеттің жаңа бағыты өз идеологиясын жалғастырды. 1954 жылғы 7 шілдедегі «Ғылыми және атеистік насихаттаудағы маңызды кемшіліктер туралы және оны жақсарту шаралары туралы» жарлықта КОКП Орталық Комитеті «коммунистік идеологиясының күшімен халықтың дінге деген ұстанымдары өздігінен жойылады» деген қорытындыға келген [71]. Партия кең ауқымды ғылыми және атеистік насихатты әрбір аймақта жүргізуді талап етті. Дін ықпалын түрлі айла тәсілдермен әлсіретуді көздеген үкімет «жарқын болашаққа тек коммунизм арқылы жетуге болады» деген ұранды халық арасына сіңіруге бет алды.

Қазан айынан кейін Ресейдегі мемлекеттік құрылыстың өзгеруіне байланысты, дінге қарсы үгіт-насихаттық жұмыстар белең алды. Бұл тұрғыда ислам барлық саладағы зерттеу кешеніне айналды [72].

1950-1970 жылдарда кеңестік атеистік мектеп үстемдік құрды. Атеистік білім беру мәселелері бойынша өңірлік және аймақаралық ғылыми орталықтары мен КПСС Орталық Комитеттегі Ғылыми атеизм институтының барлық жүйесі әзірленді. Ғылыми-практикалық конференциялар үнемі ғылыми атеизм және жұмысшылардың коммунистік тәрбиесі мәселелері бойынша өткізілді. Партияның осы саладағы идеологиялық белсенділігін зерттелген жұмыстардың саны тез өсті. Зерттеушілер дәлелдемелерді анықтау және жүйелендіру бойынша көп жұмыс жасаған, бұл қазіргі таңда кеңестік режимдегі діни мекемелердің тағдырын қарастыруға мүмкіндік беретін объективті түрде танылуы керек.

КОКП XX съезінен және КОКП Орталық Комитетінің 1957 жылғы маусымынан кейін дінге қарсы күрес күшейіп, жоғары деңгейге жетті. Исламның жаңа саяси жағдайында социализм мен коммунизмге «идеологиялық тұрғыдан жат» құбылыс бейнесі енгізілді. КОКП Орталық

Комитетінің «Халықтың атеистік білімін нығайту шаралары туралы» 1954 жылғы қаулысымен діни сана-сезімді жеңу жоспары жасалды, «Атеизм институты» құрылып, жоғары оқу орындарында атеизм сабақтары жүргізілді және әрбір мамандық атеизм негіздерін меңгеруге мәжбүр болды. Осылайша, әкімшілік қысым мен қатаң идеологиялық бақылау арқасында ұлттық тарихтағы мемлекеттік діни саясаттың мәселелерін объективті, жан-жақты, терең ұғынуға шектеу қойылды. Сондықтан, діни-мемлекеттік қатынастарда діни топтардың мінез-құлқы ғана зерттелді, ал биліктің, әсіресе партиялық құрылымдардың іс-әрекеттеріне сыни талдау жасауға тыйым салынды, партияның саяси шешімдері, дінге қатысты нақты саясатының фактілері талқыға салынбады. Кітаптарда мемлекеттік-діни қатынастар тарихының жалпы кезеңдері жазылды, ал сол уақыттағы ерекшеліктері мен Ресей империясының жаңа коммунистік идеологиялық саясатының бет пердесін ашуға мүлдем жол берілмеді. Мәселенің аймақтық қырлары, ұлттық құрамы, халықтың рухани қазығы мен діни дәстүрін ауызға алуға тыйым салынды. Зерттеулердегі пайдаланылған негізгі әдебиет пен деректер кеңес билігінің шешімдері мен ұрандары, партияның жетекші идеологтарының жазулары мен ресми газет мақалалары құрастырды.

Мәселенің шетелдік тарихнамада көрініс табуы. 1920-1950 жж. Қазақстандағы исламның шетелдік тарихнамада қарастыру мәселесі аса күрделі болып саналады. Себебі шетелдік зерттеушілер Кеңестік дәуірдегі исламды зерттеу барысында бөліп жарды тек Қазақстан территориясын қамтымаған, олар КСРО-дағы мұсылман халықтарын тұтастай қарастырып, коммунистік идеологияның исламға деген саясатының түпкі мақсатын ашуға тырысқан. Мәселенің ішкі мазмұнын ашуда түбегейлі зерттеу жұмыстарын жүргізген А. Бенингсен мен Ч.Л. Келкежені атауға болады [73]. Олар өз зерттеулерінде ресми мұсылман мекемелерін назардан тыс қалдырмаған, діни ұйымдары мен кеңес үкіметі арасындағы ресми қарым-қатынастардың Кеңес Одағының Министрлер Кеңесі құрған Дін істері кеңесі арқылы, кеңестер әр республикада «қазият» деп аталатын филиал жұмысымен реттелгеніне тоқталады. А.Бенингсен мен Ч.Л.Келкеже кеңес үкіметінің 1930-1940 жж. арналған көлемді мақаласында соғыс кезінде ресми мұсылман әкімшілігі Уфа мүфтиі А.Расулевтің бастамасымен 1942 жылдың аяғында Сталинге ислам мен кеңес үкіметі арасындағы қарым-қатынастарды «қалыпқа келтіру» жобасы арқылы құрылғандығын келтіреді. А. Расулев пен өзге діни қызметкерлерінің 1932-1938 жылдары «контрреволюционерлер», «саботерлар» немесе немістер мен жапондықтардың «агенттері», одан қалды британдық барлаушылар ретінде сипатталғанын ашық жазып, сол жылдары көптеген ұлт-зиялыларының қуғын-сүргінге ұшырағандарын деректермен дәлелдейді.

Осы тақырыпқа тікелей қатысы бар А. Бенингсен мен Эндерс Вимбаштың зерттеу жұмысын ерекше атауға болады [74]. Сонымен қатар кеңес үкіметіндегі ислам мен ұлтшылдық арасында салыстырмалы зерттеу жүргізген Джеймс Критчлоудың еңбегін атаған жөн [75]. Бұл авторлар мұрағат деректерін барынша пайдалана отырып, әлеуметтік зерттеулер жүргізген.

Аймақтағы діни қызметкерлер арасында жүргізген әлеуметтік зерттеулерге негіздеп, сол уақытта кеңес мемлекетінің исламды «дөрекі халықтардың діні» ретінде көрсетуге тырысқандығын және Ресей империясының мұсылмандары әлеуметтік ғана емес, сонымен қатар ұлттық тұқыртулар жасалғанын өзек етеді. Авторлардың пайымдауынша Кеңес үкіметі құрамындағы мұсылмандардың діни және әдет-ғұрыптары бұзылып, өздері әртүрлі өмір салаларында кемсітушілікке душар болғандықтары, жері мен байлығынан айырылуы «қызыл империяның» отарына айналғандығын айғақтайды.

КСРО-ны Ресей империясының жаңа коммунистік идеологиямен боялған жалғастырушы форматы ретінде қарастырып, отарланған аймақтардағы мұсылмандардың ахуал жағдайын айқындауға тырысқан келесі шетелдік зерттеушісі Шах Абдул Ханнан болып есептеледі [76]. Ол доктор Эбу Холдун ал-Махмудпен бірге «Islam in Russia and Central Asia. First English Edition» кітабын «КСРО-дағы ислам» деген атпен ағылшын тілінде 1976 жылы Бангладеште жариялаған. Еңбек - бұрынғы кеңестік мұсылман тарихына арналған және авторлардың 5 жылдан астам уақытқа созылған зерттеудің нәтижесі. Кітаптың кіріспесінде : «Бұл тарихты білудің көп маңызды себебі бар, ең алдымен бұл аймақ мұсылман әлемі мен мұсылман үмметі, екіншіден, мұсылмандардың өмірін Ресей империясы қалай өзгерткенін, олардың санасы қалай уланғанын және нәтижесінде дінсізденгенін білу жағынан маңызды»-деген.

1980 жылдары А.Бенингсеннің қаржыландыруымен Асма Карклинс кеңес үкіметінің исламмен қалай күрескендігі жайлы 33 беттік қорытынды зерттеу есебін көпшілік назарына ұсынды [77]. Бұл зерттеу кеңес үкіметі құрамындағы этнодемографиялық жағдайдың ғылыми-зерттеу жобасының қосымша нәтижесі болып табылады, оның қорытынды есебі бөлек ұсынылған. Зерттеу кеңестік дәуірдегі Орта Азия мен Қазақстандағы исламның орнын анықтауға арналған. Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында исламның жаңғыру күйінде болғандығы жайлы пікірлер айтылып, большевиктердің оған қарсы күресудің себептері мен тәсілдері айқындалған. Діни салада исламның Орта Азия мен Қазақстан халықтары мен ұлттық қауымдастықтың қарым-қатынасын сақтау үшін маңызды болып табылатын әлеуметтік және ұлттық тұрғыда қажет екендігі хақында ойлар түйінделген. Еңбекте кеңестік дәуірдегі жерлеу рәсімдерінің маңыздылығы жайлы айтылған, сондай-ақ сүндеттеу мен рамазан айында ораза ұстау, мұсылмандардың өзге дінді азаматтармен бірге некеге тұруды болдырмау мәселелері зерделенген. Асма Карклинс отбасылық салт-жораларды зерттей келе ислам дінінің мұсылмандар үшін өмір сүру салты екендігін көрсетуге тырысқан, ал большевиктер болса адам өмірінің барлық салаларына араласып, коммунистік идеологияны бетперде етіп «жаңадан орыстанған» (субнация) дінсіз азаматтарды қалыптастыру жолында белсенді саясат жүргізген деп пайымдайды.

Шетелдік зерттеуші Девин Девис тосын байламдар жасаған. Оның ислам мен шетелдегі советология ғылымын дамытудағы Иаков Руидің қызметін өзек еткен мақаласы бірқатар ғылыми тұжырымдарды жасаған [78]. Бұл мақалада

бұрынғы КСРО-дағы ислам дінін зерттеудің тұжырымдамалық және аналитикалық кемшіліктері талқыланды [79]. Руидің мұрағаттық деректерге толы кітабы исламның кеңестік көзқарастарында, Александр Беннигсеннің еңбектерімен салыстырғанда бірқатар кемшіліктері бар екендігі айтылады. Автор кеңес билігі мен мұсылмандар арасында діни өмірді жарыққа шығарудан гөрі, «исламдық» деген не, «діни» деген не тәрізді пайымдарды талдауды тар әрі орынсыз деп есептейді.

Кеңестендірілген Орта Азия елдері мен Қазақстан Паул Фроэстың арнайы жұмыстарының зерттеу нысанына арқау болған. Ол ел ішіндегі этнодемографиялық ахуалды таразылай келе мұсылмандардың 1926-1965 жж. аралығындағы үлес салмағының өзгеруін зерделеген. Атеизмге бет бұрған мұсылман халықтарының қаншалықты деңгейде дінсіз болғандығын қарастырып, коммунистік жүйедегі идеологиялық доктринаның орнын сараптаған [80].

Кеңестік дәуірдегі исламға қатысты кешенді зерттеу жұмыстарын Франциядағы Монреаль университеті жанындағы Діни плюрализмді ғылыми-зерттеу бөлімінің ғылыми қызметкері Елена Тибоулт жүргізген [81]. Оның зерттеуі Тәжікстандағы исламдық діни ұйымдарға, Орта Азияға және Қазақстанға арналған. Өз жұмысында автор кеңестердің исламға қарсы ұстанымын әлеуметтік жоба ретінде жүзеге асырғандығын дәйектейді. Сонымен қатар Орталық Азиядағы большевиктердің саясатының мазмұнын мәжбүрлеп секуляризациялауының әсерімен байланыстырады. Марксизм-ленинизмнің идеологиялық негіздеріне, оның атеизмге деген көзқарасына, тұтас сипатына және оның идеологиялық айрықшылығына көңіл бөлген Елена Тибоулт, кеңес билігінің жетпіс жыл ішіндегі діни сенімдерді жоюға бағытталған шараларын нақты көрсеткен. Ол кеңестік дәуірдегі Орта Азиядағы мемлекеттік дін қатынастарды, діни мекемелердің функциялары мен жауапкершіліктерін, сондай-ақ заңдар мен діни тәжірибені қалыптастыратын ресми кемсітушілікті қарастырған.

Большевиктердің билік басынадағы бастапқы қадамдардың бірі ретінде дінге, соның ішінде исламға заң жүзінде шектеу қою болатын. Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында биліктің исламға қарсы заңнаманың әзірленуін қадағалау, оның басты міндеттері мен алдын алу іс-шараларын атқару жайын батыс зерттеушісі Валтер Саватский саралаған [82]. Оның зерттеуі кеңес үкіметінің исламға қарсы заңнамаларына арналған.

Кеңестік дәуірдегі әрі сатылы түрде исламға қарсы күреске сараптама жүргізген авторлардың қатарында Майкл Кемпердің жұмыстарын ерекше атауға болады [83]. Зерттеуші кеңес үкіметі құрылуының алғашқы жылдары мен кейінгі коммунистік билік жүйесінің ауысу форматындағы исламның орнын анықтауға тырысқан. Майкл Кемпердің басқа еңбегінде кеңес үкіметінің «сауатсыздықты» жою ұранымен жаппай оқу орындарын орыс тілінде ашылуын қозғайды [84]. Батыстың қазіргі заманғы зерттеулерінен Е.Кэмпбеллдің Ресей империясындағы авторитаризм және мұсылман

дінбасылары жайлы жазған көлемді монографиясында жан-жақты жазылған [85].

Кеңестік дәуірде суфизм мәселесін сөз етіп, оның «ресми» немесе «бейресми» исламмен байланысты еместігін, сонымен қатар исламның халық арасында өзіндік рухани күші бар екендігін дәйектеген зерттеушілердің бірі - Джо-Анн Кросс [86].

Қазақстанда ислам дінінің тарихы мен таралу аймағын зерттеген ғалымдардың қатарындағы Чарльз Валлер кеңес билігі тұсындағы дін саласындағы реформаларын тілге тиек еткен. Ол «Орталық Азияның аналитикалық порталына» берген сұхбатында: «Жалпы айтқанда, большевиктердің ертедегі әлеуметтік-діни саясаты мұсылмандарға қарағанда православиеге (орыс славян христианының басқа да нысандарына) қарсы бағытталған. Марксизмге негізделген мұндай саясат барлық діни топтарға қатысты болса да, большевиктік басқарудың алғашқы жылдарында мұсылман тұрғындарына, әсіресе Қазақстан мен Орталық Азиядағы мұсылмандарға қатқыл түрде қарсы болмады. Бұның себебін 1929-шы жылдардың басына дейін большевиктердің шалғай мұсылман аймақтарына қатаң бақылау жасай алмағандығымен байланыстыруға болады. Қазақстандағы Алашорда өз қызметін 1920 жылы тоқтатты, ал Түркістанның ұлт-азаттық күресіне қатысқан қазақтар өз ықпалын 1922-1923 жылдарға дейін жалғастырып, 1930 жылдың өзінде-ақ қарсылығын кеңес билігіне көрсете білді. 1920-шы жылдардың басында большевиктер бақылауды еселеткеннен кейін, дінге қарсы саясатын мешіттерді жабу, діни әдебиеттерді тәркілеу және т.б. саясатымен күшейтті. Шын мәнінде Түркістанның ұлт-азаттық күштерінің өз ықпалын арттыруымен «панисламизм және пантүрікшілдік қозғалысының» қорқынышынан қауіптенген кеңес билігі түркі-мұсылман халықтарына деген сүргін саясатын бастауына түрткі болды» [87] - деп түйіндейді.

Түркияда жарық көрген Баймирза Хайттың кітабында Кеңес мемлекетінің құрылуының бастапқы жылдары мен тоталитарлық жүйенің орнауы аралығындағы исламның қазақ қоғамындағы атқарған қызметі өзек болған [88]. Оның көлемді монографиясында «басмашылар» қозғалысын Түркістан өңіріндегі түркі-мұсылман халықтарының ұлттық күресін зерттеуге арналған. Автордың пайымдауына қарағанда халық арасында исламның орны ерекше және коммунистік билік дінмен қатар жергілікті халықтың мемлекеттілігін жою үшін түрлі әдістер ойластырған.

Түркияда кеңес үкіметіндегі исламның даму тенденцияларын қозғағандардың бірі-Сейфеттин Ершахин [89]. Автор Орталық Азия қоғамдарындағы ислам дәстүрлері мен ғұламалардың, аймақтағы және оның айналасындағы жағдайды бағалау үшін барған сайын маңызы арта түседі деп тұжырымдайды. Оның үстіне қазақ халқы туралы арнайы зерттеу кітабын жазған Сейфеттин Ершахин кеңес билігінің Қазақстан территориясында барынша орыстандыруды жүзеге асыру мақсатында мектептер мен медреселерді жаппай жабуға кіріскендігін атап өткен. Салыстырмалы талдауға

жүгінген Сейфеттин Ершахин осы іспетті саясатты коммунистер Өзбекстан жерінде айтарлықтай жүзеге асыра алмаған деп санайды.

1921 жылы өткен Коммунистік партияның X съезінде Тұрар Рысқұлов, Сұлтан Галиев, Файзуллах Қожаев сынды мұсылман коммунистік зиялыларының идеялары панисламизм мен пантүрікшілдікпен байланыстырылған. Бұл жайындағы деректі Али Яман зерттеуінен кездестіреміз [90]. Автор өз мақаласында коммунистік режим өзінің позициясын нығайтпас бұрын, кеңестік географиядағы халықтарға өзін-өзі басқаруға мүмкіндік беретін лениндік құрылымды, сондай-ақ жергілікті коммунистерге белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы өз көзқарасын білдіруге жағдай жасаған Қазан революциясының мүмкіндіктерін сараптай келе, түркі-мұсылман халықтарының болмысын сақтап қалуда исламның қаншалықты маңызды екендігін көрсетуге тырысқан.

Жалпы алғанда, батыс ғалымдары үшін исламға қатысты мәселелері мүлдем жаңа болмаса да, олар қазақстандық материалдарға сілтеме жасамайды. Әлемдік әдебиет пен күнделікті санадағы «ислам» тұжырымдамасын шетелдік теологтар радикалды ислам қозғалыстарымен байланыстыруға тырысады және кеңес билігін барынша қаралауға кірісіп, шынайлық деңгейден біржақтылыққа қадам басады. Ол жөнінде біз бірінші тарауда нақты шолу негізінде қарастырдық.

Мәселенің қазақстандық зерттелу тарихнамасы. Қазақстанда 1990-шы жылдардың басында тақырыпқа қатысты әртүрлі семинарлар өткізілді, ұлттық саясат мәселелерін қарастыру бойынша кеңестік дәуірдегі Қазақстандағы исламға байланысты дөңгелек үстелдер мен діни-этникалық саясат мәселелері бағытында ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді. Соңғы кезде бұрын ашық зерттеуге тосқауыл қойылып келген Қазақстандағы байлар мен жартылай феодалдардың мүлкін тәркілеу, индустрияландыру, ұжымдастыру, қазақтардың қоныстануы, қазақ элитасының рөлі, индивидуализация, большевиктер режимін нығайту, партиялық органдарды мемлекеттік құрылымдармен біріктірудің формалары мен әдістерін, саяси қуғын-сүргін тарихын және Қазақстандағы лагерьлік экономикасын құруды, әлеуметтік және этникалық демография мәселелері тұтас қарастырылып, коммунистердің діни саясаты және исламмен күресу тақырыптары бүкпесіз талдау өзегіне айналуға [91]. Қазақстандағы 1920-1950 жылдардағы исламға байланысты өзекті мәселелерін шешудің жаңа әдіснамасын әзірлеуге үлкен үлес қосқан М.К. Қозыбаев [92], Ж.Әбілхожин [93], К.И. Нұрпейісов [94], Н.Масанов [95] тәрізді ірі академиктердің шығармашылық әлеуетінің арқасында кеңестік империя құрамында республиканың әлеуметтік-экономикалық, ұлттық, діни, саяси және этнодемографиялық дамуының көптеген мәселелері қайта қаралды. Соңғы жылдары К.Л. Есмағамбетов [96], Г.Б. Бырбаева [97] Кеңес дәуіріндегі Орталық Азия аймағындағы еуро-американдық тарихнаманың тұжырымдамалық және теориялық негіздерін жаңа теориялық және әдіснамалық ұстанымдармен зерттеген. Батыс авторларының бағаланатын

пікірлеріне және аймақтағы тарихи шындықтың ең маңызды мәселелеріне назар аударылды.

Тәуелсіз Қазақстанда ислам тарихы мен тәжірибесінің әртүрлі аспектілері С.Рүстемовтың еңбектерінде қарастырылып, XX ғасырдың басындағы «мұсылман саяси қозғалысына» байланысты көптеген мақалалары жарияланды. Сонымен қатар Г.Сұлтанғалиеваның жұмыстарында татар дінбасыларының қазақ қоғамына әсері, З.Садвокасованың мұсылмандық діни мекемелерінің «империялық» саясатына қарсылығы, Р.Мустафинаның халықтық ислам мен сопылық мәселелері, А.Сұлтанғалиеваның ислам тарихы мен этникалық бірегейлігі, А.Тасмағамбетовтың және Н.Нұртазинаның кеңестік дәуірдегі исламға қатысты ғылыми жұмыстарын атауға болады. Аталған авторлар еңбектерінде жаңа мұрағаттық материалдарды пайдаланып, кеңес билігі тұсындағы большевиктердің Қазақстандағы ислам дініне қатысты саясатын әр түрлі қырынан саралаған.

Қазақстандағы исламды бөлек тақырып түрінде қарастырған ғалымдардың саны да баршылық. Олардың қатарына шығыстанушы-ғалым Ә.Муминовты жатқызуға болады. Автор қожалардың тарихына байланысты терең зерттеулер жүргізіп, кеңес билігі тұсында олардың белсеңді қызметін назардан тыс қалдырмаған [98]. А.Косиченконың еңбектерінде қазіргі заманғы материалдар бойынша Оңтүстік Қазақстандағы бейресми, оппозициялық ислам басшыларының бірқатар теориялық мәселелері қозғалған. Қажылық пен қажылық тарихының түрлі кезеңдеріне қатысты жұмыстар жүргізілді. Ол жұмыстарда КСРО кезеңіндегі мұсылмандардың қажылыққа бару және кеңес билігінің шетелге аттанған мұсылмандарды сыртқы саяси мәселелерде пайдаланудың әдістері зерделенді [99]. 1920-1940 жылдары кезінде ислам мен мұсылмандықты қорғап, коммунистік билікке қарсы ашық күреске шыққандар тоталитарлық жүйенің құрбандары болды. Мұндай күрес негізінен адамның өмірі мен бостандығынан айыру, оны әлеуметтік қауіпті деп жариялау және белгілі бір жұмыс түріне мәжбүрлеумен аяқталды. Аталған мәселелермен қатар КСРО-да тоталитарлық жүйе арқылы діни болмысқа емес, халықтың этникалық құрамына ерекше көңіл бөлінгендігі жайлы Б.М.Ауанасова кандидаттық диссертация жазып, қорғады.

Кеңес дәуіріндегі жалпы исламға және Ресей империясының құрамындағы мұсылмандыққа байланысты ресей зерттеушілері мәселенің тарихнамасын бірнеше кезеңдерге бөліп, қарастырған. Бірінші кезең - XIX ғасырдың ортасынан бастап, 1917 жылғы революциялық төңкерістерге дейінгі уақыт. Бұл кезеңдегі көптеген жұмыстардың авторлары сол дәуірдің тікелей куәгерлері немесе тікелей қатысушылары болып табылады, сол себепті олардың жұмыстары тарихи дереккөздер ретінде қаралуы мүмкін. А.С. Хомяковтың, П.Я. Чаадаевтың, И.Киреевскийдің, К.Н. Леонтьевтің, Н.Я. Данилевскийдің, В.С. Соловьеваның жұмыстарының ерекшелігі заңнамалық құжаттар мен жазба актілерінен кеңінен пайдаланған және бұл авторлар жалпы исламдағы субъективті көзқарасын және оның Ресейдің қоғамдық-саяси өміріндегі рөлін көрсетеді. Олар Қазақстан тарихындағы исламның және

мұсылмандардың рөлі мен орны туралы жанама болса да тоқталып өткен. Бұл бағыттағы зерттеу жұмыстарының әрқайсысы белгілі бір авторлардың алдына қойған тапсырмалары мен әрбір облыстағы әлеуметтік және ғылыми ой-өрістерді дамытудағы жалпы үрдістермен анықталған мәселенің өз түпнұсқалық тәсілімен сипатталады. Мұнда әртүрлі ғылыми мектептер мен философиялық үрдістерді жүзеге асырған «әлеуметтік тапсырыс» деп аталатын маңызды рөл атқарды. Бұл әсіресе ұлттық маңызы бар «бұратаналарды» шоқындыру міндеттерімен тығыз байланысты болатын миссионерлік шығыстану зерттеулеріне қатысты.

Шығыстану ғылымында исламға қатысты идеологиялық және догматикалық қарым-қатынастарды жеңу позитивистік көзқарастың дамуы мен академиялық шығыстанудың қалыптасуына байланысты болды, оның әдістемесі қандай да бір конфессиялық қарым-қатынастармен байланысты емес еді. Осы орайда исламның проблемаларына тікелей байланысты В.В.Бартольдтің және А.Е.Кырымскийдің еңбектерін атаған жөн. Консервативті және миссионерлік топтардың академиялық шығыстық зерттеулермен айналысатын аполитаризмнің көптеген түрлеріне қарамастан, олар «академиялық» өте маңызды әлеуметтік-саяси ұстанымда болды. Өтпелі кезеңдегі ислам мәселелеріне, әсіресе В.В.Бартольдтың және оның әріптестерінің ұстанымдары 1913 жылы «Ислам әлемі» журналында жария еткен басылымдарда көрініс тапты. 1917 жылғы революциялық төңкерістер, азаматтық соғыс және кеңес мемлекетін құру барысында ислам зерттеулері мен оның ішіндегі тетіктердің зерттеулеріне идеология түбегейлі әсер етті. 1920-1930 жылдардағы тарихнамада екі бағыт ерекшеленді. Негізінен, татар мұсылман зерттеушілерінің ұсынған Ресей мұсылмандарының тарихи тағдырын қайта қарастырумен байланысты. Бұл зерттеушілердің көпшілігі революцияға дейінгі жәдидшілдік қозғалыстың өрістеуіне байланысты интеллигенцияның қалыптасуына мән берген. Ислам тарихнамасының ең көрнекті өкілдері ретінде Г.Ғазиз (Губайдулин), З. Уәлиди Тоғанды және Г.Ибрахимовты жатқызуға болады. Елдегі әлеуметтік өзгерістерді Ресейдің мұсылман халқын қоса алғанда, ұлттық-мәдени мүдделерді жүзеге асыру тәсілі ретінде қарайтын бұл авторлардың еңбектерінде жаңа тарихи тұрғыда ислам мен мұсылмандық ойлау мәселелері қозғалған.

Ресми кеңестік тарихнама ретінде сипатталуы мүмкін басқа бағыт, ол большевиктердің идеологиялық міндеттерімен тығыз байланыста дамыды және олардың арасында дінге қарсы, әсіресе исламға қарсы насихат ең маңызды орынды алды. Бұл бағыттың еңбектері арасында А.Аршаруни мен Х.Габидуллин, Л.И.Климович және Н.А.Смирновтың жұмыстарын атауға болады. Идеологиялық бағыныштылыққа қарамастан, бұл жұмыстардың тұжырымдамалары бар, фактологиялық және құжаттық материалдар болмаса да, ең алдымен айтарлықтай маңыздылығын жоғалтпаған. 1940-1980 жылдардағы кеңестік дәуірде негізінен атеистік зерттеулер басым болды, бірақ кейбір жағдайларда исламға қатысты жұмыстар басқа қырынан көрініс тапты. Мәселен, академиялық исламдық зерттеулердің «шетел бағдары» ислам

тарихын шығыстану тарихынан бөлек зерттеу үдерісін қалыптастырды. Нәтижесінде, «ғылыми-атеистік» дискурс аясында бұл мәселе ғылыми атеизм саласындағы мамандардың мүдделеріне айналды немесе ұлттық тарихшылар мен философтар тарапынан қаралды. Осы жұмыстардың көпшілігі ғылыми сипатқа қарағанда үгіт-насихаттық бағытта өзін көрсете білді. Дегенмен, З.А. Ишмухаметов пен Т.С. Сайітбаевтың кейбір жұмыстарының ғылыми сипаты да бар екенін ескерген жөн.

Бізге қызығушылық тудыратын тақырыпты зерделеу үшін ислам зерттеулері ерекше маңызға ие болды, онда аймақтық ислам тарихының проблемалары, ислам әлемі елдеріндегі әлеуметтік-саяси ойдың дамуының жалпы мәселері, ең алдымен діни реформалар мен модернизм проблемалары қарастырылады. Әлеуметтік-саяси және діни көзқарасты дамытуда және мұсылмандардың әлеуметтік-мәдени сәйкестігі модельдерін қалыптастыруда Ф.М.Адамбының, С.А.Кириллинаның, М.Т. Степанянцкыйдің, А.И. Ионовтың, З.И. Левиннің, А.В.Сагадеевтің, А.В.Малашенконың жұмыстары зерттеу назарынан тыс қалмады. Мұсылман қоғамының әлеуметтік-саяси эволюциясын және осы зерттеушілер әзірлеген модернизация дәуіріндегі исламдық-әлеуметтік-саяси ой-пікірлердің тұжырымдамасы Қазақстандағы мұсылман қоғамында ұқсас процестерді зерттеу үшін өте маңызды болып табылады.

Осылайша, ғылыми еңбектерді шолу барысында отандық және шетелдік ислам тарихы мен Қазақстандағы мұсылман қозғалысының белгілі бір аспектілері бойынша көптеген жұмыстардың бар екендігіне көз жеткіземіз. Қазақстанның, ең алдымен, әрбір аймақтың мұсылман халықтарының ұлттық және ұлт-азаттық қозғалысы жақсы зерттелген. Кеңес дәуіріндегі жәдидшіл қозғалысының өміршеңдігін, Қазақстан мұсылмандарының мәдени және саяси «ояну» мәселесінің ерекше түрі аз зерттелгенін аңғартады және қазақ қоғамындағы исламды қабылдау мәселесінің тарихнамалық және материалдық мәдениет жағынан ғана сөз болғанын көрсетеді.

Кеңестік дәуірде Қазақстан тарихына арналған зерттеулердің басым бөлігі таптық-партиялық тұрғыда жүргізілді. 1990-шы жылдардың басында мемлекеттің діни саясаты тұжырымдамасын түбегейлі қайта қарала бастады. Зерттеудің шарттары мен концепциялары күрт өзгерді. Күн тәртібіндегі кезек күттірмейтін толғақты мәселелердің қатарында исламның қазақ қоғамындағы орнын бағамдау да болды. Ел тарихының түрлі кезеңдеріндегі мемлекеттік-конфессиялық қатынастардың даму эволюциясы А.Сұлтанғалиеваның «Қазақстандағы ислам: тарихы, этникалық сипаты және қоғам» жұмысында байыпталған. Монографияда қазақ халқының этникалық және діни компоненттерінің өзара қарым-қатынасы туралы ділгір сауалдарға жауап ізделген. Ғалым кеңестік дәуірде де ұлттың этникалық өзіндік ерекшелігін сақтауда дін үлкен рөл атқарды, ал тіл болса халықтың арасында тек аймақтарда ғана қолданыста сақталды деп қорытқан [100].

Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейінгі салыстырмалы түрде қысқа мерзім ішінде республикада ислам бойынша көптеген кітаптар, мақалалар, шолулар

мен баяндамалар жарық көрді. Кейбір авторлар Қазақстандағы діннің пайда болуы, таралуы және дамуы туралы баяндауға күш салды, алайда зерттеулердің басым бөлігі ғылыми-тарихи талдауларға арналды [101].

Кеңестік дәуірдегі жалпы дін мен исламға қатысты кандидаттық диссертациялар жазылып, қорғала бастады. Олардың арасында Е.М.Новопольцеваның [102], А.С. Тасмағамбетовтың [103] жұмыстарын атауға болады. Бұл жұмыстарда авторлар мемлекет пен партияның дінге қатысты саясатын, республикадағы діни институттардың құрылымдық және ұйымдастырушылық даму мәселелеріне көңіл бөлген. А.Тасмағамбетов пен Е.М.Новопольцеваның жұмысы мемлекет пен шіркеу арасындағы ең қиын кезеңді, яғни большевиктердің Отан соғысының басталуына дейін билікке келген сәттен бастап зерделеуге арналған. 1920-1940 жылдардағы мемлекеттік-конфессиялық қатынастарды талдау барысында Қазақстанда исламға қатысты мемлекеттік саясаттың репрессиялық жазалаушылық сипатын ашып көрсеткен.

Кеңестік дәуірдің біртұтас тарихнамалық дәстүрінен шығу қазақ қоғамындағы ислам дінінің тарихы мен рөлі туралы маңызды мәселелер бойынша әртүрлі ұғымдар мен көзқарастарды қалыптастыруға әкелді. Бұрынғы тұжырымдарды қайтадан бағалау мен өркениеттік көзқарас, евроцентризмнен бас тартып, өркениеттің тек орыстардың пішіп берген зерттеулерінде ғана еместігі дәлелдене бастады. Қазақстандағы ислам тарихын көне дәуірлерден бері қарай жүйелеп, талдауға жұмыстары да қолға алына бастады. Мәселен Н.Нұртазинаның «Ислам ортағасырлық Қазақстан тарихында» кітабында Қазақстандағы VIII-XVIII ғасырларда исламның таралуына, ислам мен көшпенділіктің қарым-қатынасына, суфизмнің рөліне, қазақ хандығы кезінде халықтың мәдениетіне әсерін жіктеп, топтастыра таразылыланады [104]. Бұл монографияда қазақ қоғамындағы діннің қоғамдық-саяси функцияларына сөз болған, исламның этикаға, философияға, заңға, өмір салты мен саналық діни философияға байланысты қырлары қозғалады. Сонымен қатар Н.Нұртазинаның келесі монографиясы тікелей зерттеп отырған тақырыбымызға қатысты. Автор 1920-1940 жылдардағы Қазақстандағы исламды зерттеп, кеңес билігінің мұсылмандыққа қарсы саясатыны тілге тиек еткен [105].

Исламды коммунистік идеологияны қазақ ауылдарына енгізудің негізгі кедергісі ретінде қарастырған большевиктер, оны ескішілікпен байланыстырып ашық күресуге бет алды. Сонымен бірге олардың жергілікті халықтың діни сенімін құртпайынша коммунистік идеялардың барлық түрлерін орнықтырудың жүзеге аспайтыны анық еді. Ал ислам дінін дәріштеушілер туралық пен адалдықты жақтаушылар ретінде әділ қоғам үшін күрескендер болып есептелді де, большевиктердің бәсекелестері ғана емес, сонымен бірге қоғам өміріндегі рационалды және тәрбие берушілер қызметін атқарды. А.Б. Мусагулова мен К.Д. Арыстанбекова кеңестік тоталитарлық жүйенің дінге қатысты күресін мұрағаттық материалдар мен құжаттарға сүйене отырып талдай келе, үкімет адамның рухани әлеміне араласуымен

барлық адамгершілік принциптерін жоққа шығарған деп байлам жасайды [106].

КСРО-ның алғашқы жылдарында биліктің исламға деген төзімділік танытқандығы жайлы А.Вишне夫斯基 өз зерттеулерінде көрсеткен. Автордың исламға деген кеңес билігінің саясатын мына ғылыми тұжырымымен айқындауға болады: «РСФСР-де мұсылмандық уағыздар мешіттерде, жеке үйлерде билікке өтініш білдіру арқылы жүзеге асқан. Мұсылмандық білімді үйрету үшін молдаларға қарсы кез-келген репрессияны қолдануға тыйым салады, сондай-ақ жеке тұлғалардан ерікті қайырымдылық арқылы жүзеге асырылған діни мектептердің жабылуына тыйым салынды» [107].

Кеңестік дәуір саясатындағы ислам факторы және Қазақстандағы исламның ахуалы жайында жалпылама зерттеуді жариялаған Б.Ж. Ақтағұлованы атауға болады. Автор деректерге сүйене отырып, 1920-1941 жж. аралығында ислам таралған аудандарда шарифат соттары жойылғандығы, діни шектеулер өздерінің заңдық күштерін жоғалтып, мұсылман дінбасылары кеңес билігіне формалды түрде бейтараптық таныта бастағандығы туралы ой қозғаған [108].

Кеңес билігі тұсындағы Қазақстандағы ислам мен мешіттердің жағдайы туралы бес томдық «Қазақстан тарихы» кітабында да бірқатар мәліметтер келтірілген. Большевиктердің мұсылмандық мешіттерді жаппай жабуға және молдалар мен имамдардың қуғынға ұшыратқандығы жайлы ғылыми зерттеу қорытындылары жазылған бұл еңбекте «...Олардың ішінде 1931 жылы 2 діни қызметкер қалды: Өскеменде және №6 Ұлан болысында 88 мешіттің тек үшеуі ғана қалған» деген мәліметтер кездеседі [109]. Ал исламға бағытталған кеңестік саясатының заңдық тұстарына қатысты Е.И. Песикина зерттеу жұмысын жүргізген. Оның «Қазақстанның барлық аймақтарын кеңестендіру үшін Верный және Семей қалаларында Мұсылман Социалистік Комиссариатының бөлімдері ашылғандығы» туралы мәліметі коммунистердің исламға деген көзқарасын көрсетеді [110].

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Дін істері комитеті «Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы» 2015 жылы «Исламдағы әйелдің жағдайы және құқықтары» атты ақпараттық-анықтамалық материалдарды жариялады. Бұл еңбектің бір бөлімі кеңес үкіметі кезеңіндегі әйел құқығы және феминизмге арналған. Алайда еңбектің ішіндегі негізгі мазмұны тақырыпқа сай келмейді. Жалпылама түрде большевиктердің дінсіздік саясатына шолу түрінде мағұлұматтар берілген. Біздің пайымдауымызша еңбектегі аталған бөлімнің ғылыми құны өте әлсіз [111].

Жалпы кеңес мемлекетінің құрылуы мен қатыгез жүйенің орнауы аралығын қамтыған бұл зерттеу жұмысына тікелей қатысы бар еңбектер жоқ деуге толық негіз бар. Дегенмен, осы аралықтың жалпы діни ахуалын айқындайтын диссертациялық жұмысты 2015 жылы А.М. Садықова қорғаған. Оның еңбегі 1918-1953 жж. аралығын қамтиды және кеңес үкіметінің осы аралықтағы жалпы дін саласындағы саясатын көрсетеді [112].

Қазіргі таңда зерттеушілердің басым бөлігі кеңес үкіметінің діни саясатын репрессивтік деп санайды және бұл бағалау дұрыс болғанымен, оны деректік құжаттармен дәлелдеудің тенденциялары мен нақты әдістері айқындалмай келеді деген пікірді Ә.Муминов айтқан [113]. Автор дінге және оның таратушыларына үнемі қысым жасау кеңестік режим тұсындағы саясаттың негізгі құрамдас бөлігі болды деп санайды. Сонымен қатар, зерттеушілердің көпшілігі Орталық Азиядағы діннің ерекшеліктерін зерттеумен айналысты, ал ислами зерттеулерді жүргізген жоқ. Мүмкін, осы себептерге байланысты зерттеушілер мәселені көбіне саяси контексте алғандықтан, бұл тәсіл мәселені бір қырынан ғана қарастырумен тоқталды.

Дін мен мемлекеттің арасындағы байланыстар тарихына арналған көлемді ғылыми зерттеу жұмыстарының бірін ғалым Г.Д.Мұхтарова жүргізген. Оның мемлекет пен діннің арасындағы заңдық-құқықтық байланыстарына қатысты хронологиялық тұжырымдамасы зерттеушілердің назарын аударады. Автордың берген бірінші шеңбер 1917-1918 жж. қамтиды, оны кеңес билігі мен дін арасындағы ресми қарым-қатынастың қалыптасу кезеңі деп белгілейді. Бұл кезде, автордың тұжырымдауынша, - КСРО-ның даму моделі белгіленеді де, дінге қатысты саясаты бәсеңдей түседі. Ал 1929-1942 жылдар аралығында коммунистік биліктің исламға қарсы заңдық негіздемесі қатая түседі деген ойды алға тартады [114].

Бұл бөлімнің ғылыми тұжырымдарын төмендегі үш негізгі мәселемен байланыстыруға болады:

Зерттеуге арқау болған кезеңде исламның қазақ қоғамындағы орны мен қызметі жайлы нақты зерттеулер жүргізілмеген. Кеңестік тарихнаманың еңбектері толықтай атеизм мен исламды қоғам санасынан жоюға бағытталған. Исламға қатысты көптеген теориялық-әдіснамалық негіздер коммунистік идеологияға бағынған идеологтардың жазбаларын, манифестерін, ұрандарын дәріптеуге арқау болған. Ұлт-зиялыларының исламға деген көзқарастары мен ұстанымдары жоққа шығарылып, олар «контрреволюцияшылдар» және «қоғамды кері тартушылар» ретінде сипатталған. Қиын қыстау жылдарында исламның жалпы қоғамдағы бейнесін айқындау былай тұрсын, кез келген діни рәсімді орындаған үшін ату жазасы қарастырылды;

Мәселенің шетелдік тарихнамада қарастырылуы да нақты осы дәуірге арналғанымен, ғылыми зерттеулердің дені тұтас Ресей империясының құрамындағы жалпы мұсылман халықтарының жағдайына арналған. Коммунистердің исламға қарсы шаралары әлеуметтік жоба ретінде қарастырылып, исламның қоғамдағы ұлттық болмыс бейнесін сақтаудағы рөліне көңіл аударылған. Шетелдік зерттеулер барынша кеңес билігін қаралауға, оның зорлық-зомбылық саясатын тексеру басымдылыққа иеленді. Әрине бұл тұста «қырғи-қабақ» соғыстың әсерінің бар екендігін ұмытпаған абзал;

Біз қозғап отырған кезеңдегі исламның хал-ахуалын, үкіметтің дінге қатысты заңнамалары мен саясатын тексеріп, зерттеуге тәуелсіздік алғаннан кейін тарихшы ғалымдар елеулі үлес қосты.

Сол себепті Қазақстан тарихындағы ең ауыр кезеңін діннің жай-күйін жүйелі түрде, концептуалды негізде дінтанушылық тұрғыдан тексеру өте маңызды.

1.3 Дереккөздер негізіне сипаттама

Диссертациялық жұмыстың негізгі дереккөздер базасы мұрағаттық материалдар, кеңес үкіметінің Қазақстандағы исламға қарсы саясатын айқындайтын құжаттық жинақтар мен хаттамалар болып табылады. Мұрағаттық құжаттар базасында кешенді түрде мұсылмандардың, православтардың, католиктіктердің және еврейлердің құқықтық мәртебелерін реттеу туралы заңнамалық актілер мен хаттамалық материалдар, сондай-ақ кеңес үкіметінің заңнамалық құжаттары қамтылған. Диссертациялық жұмысты жазу барысында бұрын-соңды жарияланған және жарияланбаған құжаттар кешені жасалып, анықталған төмендегі топтар бойынша қарастырылуы ұсынылады.

Дереккөздердің бірінші тобы *заңдар мен нормативтік актілер* болып табылады. Олар-1917 жылғы 2 (15) қарашада Ресей халықтарының құқық туралы декларациясында және 1917 жылғы 20 қарашада (3 желтоқсан) «Ресей мен Шығыстағы жұмыс істейтін барлық мұсылмандарға» Халық Комиссарлары Кеңесінің үндеуі, кеңес үкіметінің империалистік саясатын қабылдамайтыны туралы жариялады, Патшалық және уақытша үкімет тарапынан өткізілген және отаршыл мен тәуелді халықтар арасындағы теңдік пен өзара сыйластық негізінде қарым-қатынас орнату ниетін білдірді. Екі құжат бұрынғы Ресей империясының аумағында және ислам елдерінде мұсылмандарға үлкен әсер еткендігін көрсетті. «Бүкілресейлік мұсылмандар съезінде қабылданған мұсылмандық білім беру жүйесін, діни және әскери институттарын құруға деген талаптарын жоққа шығарған Уақытша үкімет орындаудан бас тартты. Уақытша үкіметтің қызметіне қарағанда, большевиктер «Шығыс пен Ресейдің жұмыс істейтін барлық мұсылмандары» атты декларация негізінде шығыс саясатын» өзінің коммунистік идеология шеңберінде жүргізуді жөн деп тапты [115, 19, 20 б]. 1920 жылдың қаңтарында Түркістан аймағы Кеңестерінің Орталық сайлау комиссиясы Түркістан Республикасының «Жұмысшылар мен шаруалар үкіметінің қаулыларын және бұйрықтарын шарифат пен әдет заңдарын үйлестіру жөніндегі комиссия туралы» қаулысын бекітті, ол заңды түрде Қазақстан жерлерінде де жүзеге асты [116, 14 б]. Жалпы айтқанда бұл құжаттар, алғашқы жылдары кеңес үкіметі мұсылмандардың діни сенім бостандығы мен мешіттер және өзге де ырым-жораларына тең құқықтылығына кепілдік берген, бірақ мұсылмандардың сот жүйесін тұтас кеңестік заңға тәуелді етуге әрекеттенген.

Кеңес үкіметінің уақыт өте келе исламға деген біртіндеп идеологиялық көзқарастарын өзгергендігін 1917-1929 жылдардағы заңнамалық актілер арқылы анықтауға болады. Жаңадан құрылған большевиктік биліктің исламға қатысты идеологиялық ауытқуларын көрсететін алғашқы құжаттардың бірі В.И. Ленин тарапынан жасалып, РСФСР Халық комиссарлары Кеңесінің 1918

жылғы 20 қаңтарда қол қойған «Ар-ождан, шіркеу және діни бірлестіктер туралы» декретті жатқызуға болады [117, 87, 88 б]. 1923 жылы өткен РКП (б)-ның 12-съезінде қабылданған «Дінге қарсы үгіт пен насихаттау туралы» арнайы қарар бұқаралық мәдени, білім беру және дінге қарсы насихаттауды ұйымдастырудың бастапқы нұсқауы болды [118, 7 б].

XX ғасырдың 20-шы жылдарының соңында ислам мен мұсылмандық білім беруді ұйымдастырудың кез-келген түріне тыйым салу туралы қаулы шығарылды. Орталық атқару комитетінің және РСФСР Халық Комиссарларының «Діни бірлестіктер туралы» 1929 жылғы 8 сәуірдегі шешімі бойынша ислам білімін тек НКВД мен Орталық атқару комитетінің рұқсатымен ашылған арнайы курстарда ғана жүргізуге рұқсат берді. Исламға қатысты осы іспетті құжаттар, декреттер, өкімдер, қаулылар мен өзге де заңды құжаттардың барлығы диссертациялық жұмыста кеңінен пайдаланылды. Әрбір тараудың бөлімдерінде құжаттар мен деректерге саралау жүргізіліп, олардың өзара сыныпталуына үлкен мән берілді.

Дереккөздердің екінші тобына мұрағаттық қорларда сақталған құжаттар мен деректер жатады. Диссертациялық тақырыпқа қатысты келесі мұрағат мекемелерінен құжаттар алынып, ғылыми айналымға енгізілді:

ҚР ПМ – Қазақстан Республикасының Президенттік мұрағаты. Қолданылған құжаттар арасында Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты (ҚР ПМ) исламға қатысты көптеген материалдарды қамтыған. Мұрағаттың архивтік қоры 821 дана және 1942-1991 жж. аралықты қамтитын 11043 құжаттан тұрады. Бұл қор өзара 19 тізімнен тұрады. КОКП Орталық Комитетінің 1946 жылғы 2 тамыздағы шешімдеріне және Коммунистік партияның Орталық Комитеті 1946 жылғы 24 тамыздағы шешімдеріне сәйкес Коммунистік партияның Орталық Комитетінің Республикалық партия мектебі ретінде құрылған. Бұл қордан алынған материалдардың басым бөлігі республикадағы исламға қарсы ұйымдастырылған оқу ағарту саласындағы атеистік бағдарламаларды талдауға негіз қалыптастырды. Құжаттық қордың ішкі мазмұны диссертациялық жұмыстың үшінші тарауында кеңінен қамтылды.

Кезінде жойылуға бет алған «Қазақстанның Коммунистік партиясы Орталық комитеті» 708 қоры мақсатты түрде зерттеу нысанына алынды. Нәтижесінде, кеңестік билігінің исламға қарсы ұстанған саясаты мен тарихи маңызды оқиғаларды көрсететін құжаттар ғылыми айналымға тартылды. Ауылдық жерлердегі мекемелердің жергілікті мешіттерге қарсы ұстанған саясаты және Алматы қаласының бастауыш партия ұйымдарының қызметі осы қордан алынды. 2004-2006 жылдары 1937-1991 жылдарға арналған «Қазақстанның Коммунистік партиясы» 708 қорының құжаттары құпиялы түрде жабық ұсталып келді. Соңғы жылдары ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың тапсырмасымен бұл қордағы құжаттар зерттеушілердің назарына ілікті.

Атап айтқанда ҚР ПМ-ның 708 қорының 15 тізбесі 296 ісінде XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ қоғамындағы діни жағдайды сипаттайтын КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Дін істері жөніндегі

уәкілетті кеңестің баяндамасынан үзінді келтіруге болады: «Қазақстанда негізін мұсылмандар құрайды. Олар: қазақтар, ұйғырлар, дүнгендер, өзбектер, татарлар және соғыс жылдарында Кавказдан қоныс аударылған кейбір басқа ұлт өкілдері (шешендер, ингуштар, қарашайлар, балкарлар және т.б.). Мұсылмандардан кейін екінші орында православтарды, евангельдік христиандар мен баптистерді атауға болады, ал олардан кейін лютерандар, еврей дінінің өкілдері, жетінші күннің адвентшілері және басқалар бар. Қазақстанда жоғарыда аталған діндердің өкілдерінен басқа буддизмді ұстанатындар бар. Олар: 1930-шы жылдары Қиыр Шығыстан және Еділ даласынан қоныс аударған кәрістер, қалмақтар. Бұл құжат Қазақстанда мұсылмандар санының үстемдігін көрсетеді және исламға қатысты мәселелерде кеңес билігінің исламға деген ұстанымының байыппен қарауға мәжбүр болғандығын аңғартады.

Аталған қордың 5/1 тізбесінің 617 ісі бойынша құжаттар аймақтағы кеңес билігі өкілдерінің Оңтүстік Қазақстан бойынша агентуралық мәліметтерді жинағанын және мұсылмандардың Құрбан айт пен Ораза айт намаздарына барып жұмысқа кешіккендіктері үшін сөгіс, кейбір мекемелер қатаң сөгіс беріп отырғандығы туралы мәліметтер береді. Бұл құжаттық жинақта тіркелген тек қана Төрткүл ауданы бойынша 2891 қазақ мұсылмандарына сөгіс жарияланған және түсініктемелер алынғандығы туралы ақпараттар бар. Сонымен қатар осы қордың 26 тізбесінің 344 ісінде Жамбыл облысы, Түркістан, Шымкент және Жетісай аудандары бойынша 1937-1952 жылдар аралығында мұсылман ер балдардың сүндетке отырғызу, Қарахан, Айша бибі, Қожа Ахмет Ясауи кесенелеріне барып Құран оқыған мұсылмандар жайлы мәліметтер мен қатар жаназа шығару барысында исламдық дәстүрмен сақталған әдет-ғұрыптарының маңыздылығын аңғаруға болады.

ҚР ПМ ҚР Коммунистік партиясы Орталық комитетінің 141 қорындағы материалдар Қазақ КСР-ның облыстық комитеті жайлы көптеген істерді қамтиды. Бұл қорда Православ шіркеуінің, мұсылман дінінің және Қазақ КСР-нің басқа да конфессияларының қызметі туралы, әсіресе Оңтүстік Қазақстан туралы ақпараттар молынан кездеседі. Жұмыста мешіттердің ішінде өткізілген жиналыстардың агентуралық ақпараттар, конференциялардың шешімдері, діни насихаттау бойынша пленарлық отырыстардың хаттамалары пайдаланылды. Бұл топтағы деректердің басым бөлігі халықтан діни мәселелер бойынша газеттерге хаттар түрінде түскен мәліметтер, діни қауымдастықты тіркеу туралы партиялық органдарға және мемлекеттік органдарға хаттар мен өтініштер, сондай-ақ коммунистік партияның жеке бақылау комиссиялары қараған материалдар. 139 және 141 қорларында діннің зияны, оның қоғамға жағымсыз әсері мен ғылыми және дінге қарсы насихаттауға назар аударылатын газеттерден кесіліп алынған деректер ғылыми айналымға тартылды. Мұрағаттық дереккөздердің тағы бір жиынтығы кеңес үкіметі мен КОКП орталық және республикалық органдардың қоғамдық пікірді зерттеуін қамтиды.

ҚР ОММ – Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты. Кең көлемде Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатының (ҚР ОММ) материалдары пайдаланылды. Қазақ автономиялық социалистік республикасының Ішкі істер халық комиссариатының (ҚазКСР НКВД) Р-40 қорының материалдары кеңес билігі Қазақстан жерінде әлі толыққанды өз үстемдігін орнатып үлгермеген кездегі исламға қарсы теориялық күресінің материалдары, комиссариаттың хаттамалары, дінге қарсы іс-шараларының есеп хаттамалары жұмыстың кеңес үкіметінің алғашқы жылдарындағы исламға қарсы іс-шараларын айқындауға мұрындық болды. Бұл қор 1920-1930 жж. аралығын қамтиды. Сонымен қатар бұл қордан кеңес үкіметінің аймақтағы мектептер мен медреселерге қарсы жүзеге асырған шаралары туралы деректер алынды.

ҚР ОММ-ның келесі маңызды қорларының бірі Қудалаудан зардап шеккендерге көмек көрсету жөніндегі Орынбор қаласы бойынша Қырғыз Аймақтық комитетінің Р-39 қоры болып табылады. Аталған қордан кеңес үкіметінің Қазақстанның батыс өңірлерінде исламға қарсы жасаған әрекеттері айқындалады. Қордан алынған материалдар теориялық-әдіснамалық жағынан Ресей зерттеушілерінің еңбектерімен сараланып, аймақтағы мектептер мен медреселердің саны анықталды. Қор толыққанды 1924-1925 жж. аралығындағы Орта Азия және Қазақстанның межелену кезіндегі мұсылмандық мекемелердің белсенділігін анықтауда үлкен үлесін қосты.

ҚР ОММ-ның 64, 145, 90, 119 қорларында діни ахуалға, халыққа, оның конфессиялық құрамына, Түркістан ауданындағы мұсылман оқу орындарының қызметіне, мұсылман оқу орындарын ұйымдастыру мен трансформациялауға, мұсылман білім беру мекемелерінің саны туралы мәліметтер қарастырылып, мекемелердегі білім алушылардың саны салыстырмалы анықталып отырды. Сонымен қатар ҚР ОММ-ның 1648, 1709, 1711, 2079 қорларынан да қосымша материалдар алынды.

ӨР ОММ – Өзбекстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты. Диссертацялық жұмыстың ішкі мазмұны мен әдіснамалық құрылымды қалыптастыру барысында Өзбекстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатының (ӨР ОММ) материалдары кеңінен бұл жұмыста пайдаланылды. ӨР ОММ қорларында табылған құнды материалдар И-1 (Түркістан губернаторының кеңсесі), И-17 (Сырдария облыстық басқармасы) жинақталған. Бұл қорлардағы деректер мешіттер, православ және католик шіркеулерінің, мұсылмандардың, христиандардың, еврейлердің, лютерандардың, протестанттардың, сектанттардың құрамын салыстырмалы түрде пайдалануға септігін тигізді. И-1 қоры мұсылмандық білім беру, білім беру мекемелері және оған басқару әкімшіліктің қатынасы туралы құжаттарда ерекше қызығушылық тудырады. 49 қорда Патшалық билік құлап, оның орнына келген большевиктердің (Сырдария ауданының мемлекеттік мектептерінің инспекторы) діни білімге, бірінші кезекте мұсылмандарға қатысты құжаттар бар, сондай-ақ конфессиялық мектептер қызметкерлерінің «саяси сенімділігі» туралы ақпараттар молынан кездеседі.

461 (Түркістан ауданының қауіпсіздік бөлімі), Р-837 (Өзбекстан ССР кеңсесі) мектептер мен медреселердегі мүдәрістердің саяси көзқарастары, мұсылман оқу ағарту саласын реформалауға байланысты деректер, Мирараб медресесінің қызметі және оған Қазақстаннан келген білім алушылар саны туралы бірқатар құжаттар зерттеу жұмысында пайдаланылды.

ҚР ОҚО ММ – Қазақстан Республикасы Оңтүстік Қазақстан Облысының мемлекеттік мұрағаты. Ғылыми құны өте жоғары материалдар ҚР Түркістан облысының Мемлекеттік мұрағат (ҚР ТО ММ) қорын талдау арқылы алынған. 1353 қор КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Дін істері жөніндегі кеңестің Шымкент облысы бойынша комиссары атты қорының материалдары аймақтағы діни ахуалдың толықтығын, оның ерекшеліктері мен дінге қарсы насихаттау шараларын көрсетеді. 121 (Шымкент облыстық жұмысшылар депутаттарының атқарушы комитеті), 357 (Аудандық статистика басқармалары), 357 (Бүкілодақтық халық санағы бойынша материалдар 1979 ж.), 86 (Мектептердің тәрбие жұмысының нәтижелері туралы және 1949-1950 оқу жылының бірінші жартысында Халықтық білім департаменті) зерттеп отырған кезеңдегі исламның жағдайы туралы баяндамалар мен сілтемелер жұмыстың ғылыми құнын арттыруда үлкен септігін тигізді.

Солтүстік Қазақстан облысының (СҚОМ) және Ақтөбе облысының (АОАМ) аймақтық мұрағаттарындағы құжаттар өңірлердегі исламның жағдайы жайлы тарихтың бет пердесін ашуда зерттеушінің қызығушылығын тудырады. Бұл қорлардағы материалдар Қазақстанның батыс өңірлерінде кеңес билігінің исламға деген ұстанымын ашуда ерекше көзге түсті.

Қазақстандағы исламның кеңестік дәуірдегі ахуалы жайлы материалдар *Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің қорларында сақтаулы жатыр (ҚР ҰҚКД).* Әсіресе ЦДУМ және кеңес үкіметі тарихында «Құран тізбесі» атымен танымал материалдар осы қордан алынды. Алматы қаласы бойынша ҚР ҰҚКД-і мұрағатының № 1 тізбенің 702 және 703 істері аса құпиялы болып табылады, оның парақтарында 1942-1954 жж. аралығында «панисламистік» көзқарастары үшін Қазақстанның батыс өңірлерінде 278 қазақ мұсылманға (басым бөлігі Адай руына кіреді) қарсы қылмыстық істер қозғалған. Олардың барлықтарына Ауғанстан, Түркия және Иранмен байланысы бар деген айып тағылған. Қол жеткізілген қылмыстық іс сұрақ-жауап хаттамаларына назар аударатын болсақ аңғартатын екі мәселеге көз жеткізуге болады: олар, біріншіден, сұрақтарының басым бөлігі бір-бірін қайталайтыны және екіншісі, айып тағылғандардың кеңес билігіне қарсы бас көтерулердің исламмен байланысы жоқтығы жайлы жауап бергендіктері. Қазақстан революциялық комитетінің, аудандық атқару комитетінің, Қазақстан облыстық комсомол комитетінің кеңсе жұмыстарының қылмыстық істеріне мән берілді. Олардың ішінде: мұсылмандардың пікірлері, радиограммалар, мешіттерді жабу жағдайлары туралы қорытындылар, Оңтүстік Қазақстан мен Алматы қаласы бойынша мұсылмандық мекемелерді тексеру актілері, мешіттерді ашу туралы мұсылмандардың петициялары, Бүкілресейлік Орталық атқару комитетіндегі діндер жөніндегі тұрақты

комиссияға өтініштер, қалалық кеңестің президиумының хаттамаларынан үзінді көшірмелері, Орталық атқару комитетінің Президиумының шешімдерін орындау туралы ақпарат, мешіттердегі мүліктер мен жабдықтарды инспекциялау актілері, Қазақстандағы атеистер конференцияларының хаттамалары.

Құжаттық материалдың негізгі бөлігі 1924 жылдан 1991 жылға дейінгі кеңестік қоғамның әлеуметтік-саяси тарихына қатысты құнды құжаттарды сақтайтын *Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих мұрағатының (РМ ӘСТМ)* КОКП Орталық Комитеті Ф17 қорының деректері пайдаланылды. Зерттеу барысында республикалық және өңірлік партиялық ұйымдардың құжаттары зерттелді. Республикамыздың аумағына қоныс аударуды реттеуді және Қазақстандағы отырықтандыру саясаты және мәжбүрлеп ұжымдастыру туралы материалдар «КОКП Орталық Комитетінің арнайы папкасы» құжаттарында қамтылған. КСРО Мемлекеттік қорғаныс комитеті қаулыларының және бұйрықтарының материалдарын қамтитын 644 қордың құжаттары ұлттық республикалардан шыққан сарбаздардың ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді. Бұл құжаттар кеңес билігінің елдегі ұжымдастыру кезіндегі исламның және мұсылмандардың жалпы жағдайын анықтауға, жергілікті кеңес билігінің орталықтан келген тапсырмаларды орындау қорытындыларын анықтауға ерекше тиімді болды.

Бүкілресейлік Орталық атқару комитетінің Ф-1235 қорының мұрағаттық құжаттары, «Наркомнат» Ф-1318, Ресей Федерациясының мемлекеттік мұрағатының (РФ ММ) көшпелі халықты отырықтандыру жөніндегі комиссияның Ф-6985 қорындағы құжаттар Қазақстандағы ислам мен жергілікті органдардың ара қатынасын, елдегі мешіттердің бақылауға алуға қатысты іс-шаралардың ішкі мазмұнын ашуда елеулі рөл атқарды. Сонымен қатар РФ ММ-ның Р-6991 қорының 3 тізбесінің 10, 34, 56 істерінде Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан түркі-мұсылман халықтарының «...фашистік Германияға қарсы Алладан жеңісті» сұрағандары жайлы деректер кездеседі. Бұл қордың ішіндегі құжаттарға назар аударатын болсақ, деректердің басым бөлігі мұсылмандардың кеңес билігіне берік және адал соғысқандықтары жайлы мәліметтерді оқуға болады.

Қазақстандағы исламға байланысты келесі аса маңызды тақырыптардың бірі болып исламның тұтастығы мен мұсылмандардың бірегейлігін анықтайтын зерттеуге арқау болған уақытта Қасиетті Құранның басылып шығарылу мәселесін айтуға болады. Осы тұрғыда РФ ММ-ның 6991 қорының тізбелеріне назар аударылды. Бұл қордың ішіндегі деректерде Қазақстан бойынша нақты басылып шыққан Құранның саны анықталмады. Бірақ Орталық рухани басқару комитетінің берген мәліметтеріне қарағанда Қазақстан бойынша 1930-1950 жж. бірде бір Құран кітабы басылмаған. Оны аталған қор құжаттары растайды. Мемлекет пен мұсылмандар арасындағы қарым-қатынастарды ырықтандыру мақсатында Орталық діни басқарманың съезінде кейбір делегаттар (25-28 қазан 1948 ж.) Құран кітаптарын басып шығару қажеттілігі туралы ашық пікір білдіргендерін осы құжаттардан

аңғаруға болады. Құжаттарға қарағанда 1949 жылы Еуропалық Ресей мен Сібір мұсылмандары діни басқармасының төрағасы Д.М.Расулевтің «Афтияк» (Құранның 1/7 бөлігі) шығаруды сұрағанына қарамастан, КСРО Министрлер Кеңесі осы өтінішті қабылдамай тастады. Ал 1950 жылдардың ортасында КСРО аумағында көптеген мешіттерде бірде-бір Құран кітабы болмағандығы туралы мұсылмандардың шағымдарынан көруге болады. Айта кету керек, биліктің XX ғасырдың 20-30 жылдардағы әрекеттеріне қарамастан, латын әріптеріне негізделген алфавитті енгізу туралы және дінге қарсы күрес аясында араб әліпбиімен жазылған кітаптарды жойған кезде, КСРО-дағы көптеген мұсылман отбасылары Құранды сақтап, жасырын түрде оқыды. Мәселен, Түркістан, Шымкент, Қызылорда және т.б. ауылдық аймақтарды зерттеу барысында қазақтардың басым бөлігі Құранды үйдің шатырындағы ерекше орынға жасырған. Оның себебін араб әліпбиіндегі кітаптардың барлығын кеңес билігінің органдары тәркілеп, қылмыстық іс қозғап жазалаған немесе ол кітаптардың мазмұнына қарамастан өртеп жіберген.

КСРО мұсылмандары үшін қажылық мәселесі тақырыбы аса маңызды болып табылады. Бұл мәселе соғыс жылдарынан кейін шетелдік діни ұйымдармен байланысын қалпына келтіру, шетелдік мұсылмандардың КСРО-ға келуі және Шығыс елдеріне мұсылмандардың діни басқармасының делегацияларының миссиялары туралы құжаттар РФ ММ-ның 6991 қорының 3 тізбесінен табуға болады. КСРО-ның және Шет елдермен мұсылмандардың Рухани әкімшіліктерінің кеңестік ынтымақтастығы, кеңестік қоғам өміріндегі шетелдіктердің қызығушылығы, сондай-ақ Кеңес Одағында діни өмірдің көтерілуі КСРО Министрлер кеңесі жанындағы Дін істері жөніндегі кеңестің басшылығына шет елдерде исламдық білім беруді ұйымдастыруды талап етті. Аталған қордағы материалдар Қазақстан мұсылмандарының қажылық мәселесі мен Таяу Шығыс елдерінде ислам білімін алу туралы көлеңкелі тұстарды ашуға мұрындық болды.

Кеңестік, қазақстандық, ресейлік, шетелдік зерттеушілердің, саясаткерлердің және ислам порталдарында жарияланған ақпараттың айтарлықтай көлемін талдау кеңес мұсылмандарының қажылық тарихына ерекше қызығушылық артуына көз жеткізуге болады [119]. Бірақ бұл авторлардың барлығы қажылықтың бірнеше жылдарын ғана зерттеген және XX ғасырдың 20-50-ші жылдарының ортасын қамтыған жоқ. Ислам өмірінің бұл маңызды құрамдас бөлігі осы мәселе бойынша мұрағаттық материалдар жақында ғана ашыла бастады. РФ ММ-ның 6991 қорының 3 тізбесінде Қазақстаннан қажылыққа барған тізімге қол жеткіздік. Бірақ бұл тізім әлі күнге дейін толыққанды болып есептелмейді.

Сонымен қатар РФ ММ-нан аудандық атқарушы комитеттердің президиумдарының, Қазақстан КСР-ның аймақтық атқару комитетінің президиумының, Қазақстанның орталық аймақтарында мешіттерді жабу туралы материалдар (сертификаттар, радиogramмалар, қаулылар, хаттамалардың үзінділері, қалалық кеңестің қаулылары); бақылау және барлауға қатысты агентуралық мәліметтер, тіркелмеген (заңсыз) намаз үйлері

мен ислам діні қызметтері туралы ақпараттар, тіркелмеген діни қызметкерлер, діни қызметкерлер сауалнамалары зерттеу жұмысында кеңінен пайдаланылды.

Кеңес Одағының ислам тақырыбына байланысты, әсіресе ислам мен мұсылмандарға қатысты мемлекеттік саясаттың ғана емес, сондай-ақ еліміздің кейбір аймақтарында ислам мекемелерінің, соның ішінде бейресми мекемелердің жұмыс істеу ерекшеліктері ізденіс қызығушылығын арттыруда. Қазіргі кезде күнделікті діни өмірдің белгілі бір сәттерін жазып, естелік форматында дерек ретінде қалдырған мұрағат құжаттар назардан тыс қалуда. Ең алдымен, бұл мұсылмандардың өзара хат алыс берісі, сол уақыттағы діни өмір мен халық арасында исламның маңыздылығын айғақтайтын естелік хаттар өз кезегін күтуде. Біз қол жеткізген материалдардың елеулі көлемі кеңестік мемлекеттік органдардың кеңселерінде тіркеліп, сонан соң мұрағаттарға өткізілген. Бұл құжаттар ислам діни қызметкерлердің күнделікті өмірін мониторинг жасауға мүмкіндік береді.

Келесі үшінші топқа тақырыпқа байланысты құжаттық жинақтар жатады. Ең маңызды дереккөздер қатарына арнайы жинақтарда жарияланған партиялық, мемлекеттік және кеңес органдарының құжаттары. Олар, әдетте, партиялық конгрестердің, конференциялардың, пленумдар мен бюролардың ұлттық құрылым мен этносаралық қатынастар саласындағы шараларды әзірлеуге және жүзеге асыруға жауапты мемлекеттік органдардың стенографиялық материалдары болып табылады. Кеңес мемлекетінің ұлттық саясатына арналған тақырыптық жинақтар мерзімді түрде жарияланып тұрған. Олардың қатарына Д.Ю. Араповтың үш басылым негізінде 1917-1936 жж. мен 1944-1990 жж. аралығын қамтитын ислам және кеңес үкіметі арасындағы саяси-мәдени байланыстарды айқындайтын құжаттар жинағын [120] жатқызуға болады. Жинаққа кеңес мемлекетінің исламға қатысты саясатын сипаттайтын құжаттары кірген. Бұл кеңестік және партиялық құрылымдардың, мемлекеттік қауіпсіздік органдарының және олардың қызметкерлерінің есептері, шешімдері мен хаттары, мұсылман кеңестері өкілдерінің жасаған шағымдары және т.б. Барлық жарияланған материалдар жоғары когнитивті құндылыққа ие. Сонымен қатар, бұл жинаққа, Дін істері жөніндегі одақтастық кеңес (1944-1965) және Дін істері жөніндегі кеңес (1965-1990 жж.) мұрағаттарының материалдары енген. Олар баяндамалар, есептер, мұсылман көшбасшыларының сұхбаттары мен тіркелген уағыздары, «шетелдік» зерттеушілердің ислам туралы әртүрлі мәтіндік пікірлері және т.б. болып табылады.

1917 жылдан кейін «қызыл империяның» революциялық толқыны Қазақстанның саяси-экономикалық және мәдени өміріне терең із қалдырды. Осыған орай, Д.Ю.Арапов пен Г.Косач мұсылман дінбасыларына қатысты ОГПУ-НКВД органдарының қандай тактикасын жүзеге асырғаны туралы нақты және дәл бейнеленген құжаттарды жинады. Бұл құжаттарды жинақ ретінде «ОГПУ-ның шығыс бөлімінің материалдары бойынша ислам және мұсылмандар» атымен жариялады [121]. 1917 жылғы қазан төңкерісінен кейін алғашқы он жылдың ішінде исламға қатысты кеңестік саясаттың тарихын

зерттеу чекисттердің (большевиктердің барлаушылары) құжаттарына сілтеме жасалмау мүмкін емес, өйткені тақырыпқа қатысты аса құпия құжаттар большевиктердің тыңшылық жұмыстарымен тікелей байланысты. 1922 жылдың ақпан айынан бері таратылған Бүкілресейлік Төтенше Комиссияның (деректерде ВЧК) функциялары Мемлекеттік саяси әкімшілікке (ГПУ) тапсырылды, ол 1922 жылғы желтоқсанда КСРО құрылғаннан кейін Біріккен мемлекеттік саяси басқармасына (ОГПУ) айналады. Бұл мекеме Кеңес Одағын ішкі және сыртқы қауіп-қатерлерден қорғау үшін «большевиктердің қуатты қарудың ең маңызды функциясын орындады». Ислам мен мұсылмандарды уысында ұстауға бағытталған жұмыстарды атқару үшін, 1922 жылғы 2 маусымда КОКП Орталық комитетінің шешімі бойынша, ОГПУ Шығыс департаменті (ВООГПУ) құрылды. Оның қызметінің «арнайы контрреволюция және шығыс тыңшылық туралы» бір бөлімі «ГПУ-дың Кавказ, Түркістан, Хиуа, Бұхара, Қазақстан, Татарстан, Башкирия және Қырымда» барлық жұмысын біріктіру тапсырылды. Сөйтіп ВООГПУ-нің елдегі ислам мен мұсылмандарға қатысты барлық тыңшылық жұмыстары туралы құжаттарын сараптау арқылы 1920-1950 жылдар аралығындағы Қазақстандағы ислам және мұсылмандарға қарсы жүргізілген саясаттың астыртын пиғылдарын алға тартса болады.

КСРО-ның құрылуы туралы құжаттар жинағы Қазақстандағы кеңес билігінің торабына ену барысындағы исламның жағдайы туралы мәліметтер береді [122]. Құжаттар жинағын КСРО-ның құрылу тарихын қамтиды. Жинақта партияның ұлттық мәселе бойынша VIII РКП (б) Конгресінде қабылданған бағдарламасы, X және XII Партиялық съездердің шешімдері және ең маңызды РКП Орталық комитетінің IV отырысында исламға байланысты қабылдаған шаралар туралы құнды мәліметтер кездеседі. Негізгі партиялық нұсқаулар, Орталық Комитеттің өзара айналма хаттары, В.И.Ленин мен И.В. Сталиннің хаттары, нұсқаулары мен дінге байланысты сөйлеген сөздері бар. Бұл құжаттар диссертациялық жұмыстың белгілі бір дәрежеде құрылымын, оның негізгі бөлімдерінің проблемалық-тақырыптық құрылысын анықтауда елеулі орын алды. Жинақтың ішіндегі құжаттар қатаң хронологиялық тәртіппен берілген. Сондықтан кеңес билігінің исламға қарсы шаралардың хронологиялық шеңберін анықтаудағы теориялық мәселелерді шешуде орны ерекше болды. Жинақта КСРО құрылысы мен білім беру тарихымен тікелей байланысты құжаттар да кездеседі. Материалдарының ең маңызды және негізгі бөлігі кеңес үкіметінің ұлттық саясаттың негіздері және көпұлтты кеңес мемлекетінің қалыптасу принциптері туралы, сондай-ақ партиялық нұсқаулар, ұлттық съездерге арналған партиялық съездер мен конференциялар туралы шешімдер туралы лениндік және сталиндік мәлімдемелер енген.

Кеңес үкіметінің ислам саясаты тарихының көптеген беттері екі томдық «РКП Орталық Комитетінің ВКП (б) және ұлттық мәселе» жинақтарында жарияланған. Жинақтың бірінші томы 1918-1933 жж., ал екінші томы 1933-1945 жж. аралығын қамтиды. РМ ӘСТМ-ның қорларында жинақталған

құжаттар кеңес үкіметінің ұлттық саясаттың қалыптасу және жүзеге асыру тетіктерінің бет пердесін ашып, оның трансформациялық және интеграциялық қызметінің ауқымын көрсетеді.

Дереккөздердің төртінші тобын статистикалық мәліметтер құрастырды. Диссертациялық жұмысты жазу барысында Қазақстандағы демографиялық жағдайдың зерттелуі аса маңызды болып табылды. Ел ішіндегі мұсылман халықтарының санын анықтауда Бүкілресейлік халық санағының мәліметтері, яғни 1926, 1939, 1959 жж. жүргізілген санақ деректері ҚР Статистикалық комитетінен алынды. Бүкіл Қазақстан халқының ұлттық және әлеуметтік-кәсіби құрамының өзгеру динамикасы туралы толық ақпарат беретін статистикалық материалдар зерттеу жұмысында қамтылды. Қосымша ақпарат ұлттық экономикалық және демографиялық жинақтардан алынды [123]. 1914 жылдың статистикалық есептеріне қарайтын болсақ сол жылдары Жетісу облысында 96,1% және Сырдария облысы бойынша 92,8% мұсылмандар өмір сүрген. Жалпы Қазақстанның 9 млн. халқының 91,4% мұсылмандар болған. Кеңес билігінің ресми ақпарат деректерінде Қазақстан халқының саны 1918 жылы 9,5 млн. құраған, оның 88,4% мұсылмандар [124, 21, 22 б]. Осы тұрғыдан алғанда бұл зерттеулер Қазақстандағы жалпы мұсылмандардың санын анықтауда аса қажетті болып табылады.

Бұдан басқа, бұл топқа түрлі мемлекеттік және партиялық органдардың жинаған және талдаған статистикалық мәліметтер кіреді. Олар, атап айтқанда, нақты мұсылмандық бірлестіктер туралы статистикалық есептер, мешіттер мен мұсылмандық білім беру мекемелеріндегі қызметкерлердің саны туралы ақпарат, исламдық діни қауымдастықтардағы ерлер мен әйелдердің қатынасы, Қазақстан атқарушы комитетіндегі Дін істері жөніндегі уәкілетті кеңес жұмысының материалдары. Бұл дереккөздердің мазмұны Қазақстандағы белсенді мешіттер мен өзге де мұсылмандық ұйымдардың санын, Қазақстан аумағындағы ислам діні ресми және бейресми мекемелерінің құрамы, мешіттерді ашуға берілген өтініштердің санын анықтауға мүмкіндік береді.

Бесінші дереккөздер тобына мерзімді басылымдардың материалдарын жатқызуға болады. Қазақстан АКСР-нің ресми бірінші съезінің алдында және ресми мемлекеттік органдардың сайлануына дейін, 1919 жылдың 17 желтоқсандағы Әскери комитет саяси, әдеби және экономикалық «Ұшқын» газетінің бірінші нөмірін шығарды. Оның редакторлық алқасына Т.Сафиев, Б.Кулеев, А.Менешов және Тунганшин кірді, ал әдебиет саласындағы жұмыстарды реттеуге М.Ешмухамбетов пен А.Қаратаев тағайындалды. Газеттің алғашқы нөмірінен-ақ олардың исламға және мұсылмандарға деген ниетін ашық көруге болады. Онда былай жазылған: «Газет - күнделікті қажеттіліктердің бірі, адамдардың айнасы ... Қазір сәт келді, ал «Ұшқын» газеті сізді Қазақ бас мекемесінің атынан қарсы алады. Төңкеріс алауы бұрынғы зиянды бұтақтарын өртеп, жаңа жасыл өсімдіктерге жол ашады ... Революция көптеген жылдар бойы зауыттар мен зауыттарда жұмыс істеген қызметкерлермен жүзеге асырылды. Ресейлік жұмысшылар бізге жол көрсетті, олар жалын алауын күшейтті... «Ұшқын» газетінің мақсаты ол, елдің саяси

жағдайы, әскери әрекеттері, ішкі және сыртқы жаңалықтар туралы ақпарат беру» болып табылады. Газет Азаматтық соғыс, Бүкілресейлік РКП (б) VIII Конференциясы, Кеңестің VII съезі мен В.И.Ленин туралы хабарлар жасап, діннің зиянды «элемент» ретінде көрсетуге тырысты. «Ұшқын» газетінің 1920 жылдың көктемгі санында В.И.Лениннің 50 жылдық мерейтойына арналған материалдарды басып шығарды, жұмысшы халқының ұлы көшбасшының революциялық өмір салтымен таныстырды. Мұнда В.И.Ленин мен М.И. Калинин қол қойған Қазақ АССР-нің құрылуы туралы Жарлық жарияланды. Осылайша, газет жергілікті партиялық кеңестердің, күн тәртібіндегі міндеттемелерді орындау үшін адал көмекші болды, директиваларды қазақ тіліне аударып, хабардар етіп отырды, кеңес билігінің ел ішіндегі тамырларын терең жіберуге көмектесті. Сондықтан бұл газеттен алынған үзінділер диссертациялық жұмыстағы сол уақыттағы жергілікті баспа органдарының исламмен күресудің идеологиялық пиғылдарын ашуға мұрындық болды.

1920 жылдың қазанында құрылтай өтті, онда Қазақ автономиясын құру туралы шешім қабылданды. Депутаттардың ұсынысы бойынша партия мен мемлекеттік орган «Қазақстан» деп аталуы керек деп шешілді. «Ұшқын» гезетінің 25 қазандағы 35-ші санында орнына жаңа газет шығарылатынын жариялады. Кейінірек, 1920 жылғы 13 қарашада «Еңбек туы» газетінде, РКП (б) ұйымдастыру бюросы мен Қазақстан Орталық атқару комитетінің органы жарияланды. Бұл газет те большевиктердің коммунистік идеологиясының дәріптелуінде елеулі қызметтер атқарды. Газет беттеріндегі исламға қатысты ақпараттар «панисламдық» және «контрреволюциялық» сипатта берілді. 1921 жылғы 7 қарашадағы «Еңбек туы» газеті «Еңбекші қазақ» деп өзгерді. Бұл оқиға елдегі ашаршылық пен індеттің таралуымен етене жүрді, осы кезде Қазақстанда жұмысшы тап әлеуметтік категориясы қалыптасты. Халықтың арасында диссиденттер (исламшылар мен діншілдер) қазақ халқына кеңес билігін жағымсыз көрсетуге тырысады деген елеумен «Еңбекші қазақ» газетінің редакциялық алқасы ашаршылыққа қарсы күресті, адамдардың қайғы-қасіретін азайту мен теріс үгіттеулердің алдын алып, халықтың арасында атеистік насихат жүргізді.

КПСС-ның XV Конгресінің және VI аймақтық партиялық конференцияның шешімі бойынша «Жұмысшы» газетінің міндетіне жұмысшылар мен ауыл жұмысшыларын ұйымдастыру және оларды социализм жолына қою, өзара байланыстарды нығайту, атеизм негіздерін түсіндіру, коммунистік мәдени шаралар мен жалпы коммунистік саясатпен таныстыру болды. «Жұмысшы» газеті Қазақстандағы исламның түп тамырын жоюға, бірте-бірте атеистік мәдениеттің дамуына, коммунистік саяси сананың өсуіне, жұмысшылардың және кедейлердің құқықтарын қорғауға және Қазақстанда жұмысшы тап өкілдерінің дінсіздік атмосферасында тәрбиелеуге тырысты.

«Өртен» ҚазАСС-тың алғашқы жастар газеті 1922 жылы Орынборда жарық көріп, оны жазушылар С.Садуақасов пен А.Байтұрсынов басқарды. Газет жастарды жаңа, коммунистік рухта тәрбиелеуге, олардың ислами әдет-салтында емес, керісінше коммунистік өнер мен білімге деген сүйіспеншілігін

қалыптастыруға бағытталған. Ұлтшылдық және ұлттар арасындағы бөліну сияқты тақырыптар көтерді.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік күнінің қарсаңында 1995 жылдың 15 шілдесінде № 28 санымен жария көрген неміс ДАС газетінің мұрағатында «Қазақстан Республикасының тарихи санасын қалыптастыру тұжырымдамасы» атты қызықты құжаттың саралану дерегіне қол жеткізілді. Дерекке қарағанда кеңестік дәуірдегі ислам мәселесі қарастырылғанына қол жеткізілді.

Жалпы алғанда 1920-1950 жж. аралығында мерзімді баспа беттері коммунистік идеологияның «қолшоқпары» қызметін адал орындады. Исламға және мұсылмандыққа қатысты барлық мәселелерді «кері тартушылар» сипатында халыққа ұсынды және атеистік негіздерін барынша дәріптеуге, оның исламмен байланысының жоқтығына сендіру үгіт-насихаттарын жүргізді. Сол себепті диссертациялық жұмыста коммунистік биліктің исламға деген ниеті мен іс-шараларын айқындау үшін аталған баспа беттерінен бірқатар үзінділер алынды.

Мұрағат мекемелерінен алынған деректердің барлығы Қазақстандағы 1920-1950 жылдарды қамтиды.

Қазақстандағы исламды жан-жақты зерттеуге қажет деректерге қолжетімділік мәселесі әлі күн тәртібінен түскен жоқ. Мұрағаттағы бірқатар қорлар мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігімен тікелей байланысты әлі күнге дейін құпия түрде сақтаулы.

2 КЕҢЕС ҮКІМЕТІНІҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИСЛАМ ДІНІНЕ ҚАТЫСТЫ САЯСАТЫ

2.1 Кеңес үкіметінің дін саласындағы саясатының заңнамалық негіздерінің қалыптасуы

КСРО-ның XX ғасырдың 20-50 жж. дін саласындағы заңнамалар тек маркстік-лениндік әдіснама тұрғысынан зерттелді. Таптық көзқарас пен коммунистік идеологияның үстемдік ұстанымы мұсылман халықтарының рухани өміріндегі діннің рөлін объективті бағалауға мүмкіндік бермеді. Тек, өткен ғасырдың 80-жылдардың екінші жартысында қоғамдық өмірде жариялылық пен демократияны жариялауға байланысты, тақырыпқа қатысты исламның рөлін білуге деген қызығушылық артты. Кеңес Одағының тарихшылары мұрағаттарға оңай қол жеткізе алатын болды және жаңа ашылған материалдарды жариялады. Осыған байланысты диссертациялық жұмыстың бұл бөлімінде кеңес үкіметінің орнауының алғашқы жылдарында Қазақстандағы дінге байланысты кеңестік заңнаманың халықтың өміріне әсері мен тұтас исламға қарсы күресінің хронологиялық тізбек шеңберіндегі жаңа мұрағаттық материалдар мен соңғы жарияланымдар негізінде бет пердесін ашу болып табылады.

Күран Кәрімде Саф сүресінің 8-аятында «Олар, Алланың нұрын өшіруді қалайды. Кәпірлер жек көрсе де Алла нұрын тәмамдайды» делінген [125]. Кеңес үкіметі дінді толығымен жоюды қалады. Алайда Алла тағала өзінің дінін жоюға жол бермеді. Дін ұстанған бабаларымыз бір Аллаға деген ықыласпен «Уа, жүректерді (қалаған жағына) бұрушы Аллам! Біздің жүректерімізді өзіңе деген тағат-ғибадатқа қарай бұра гөр!» деп дұға ететін [126, 138 б].

1917 жылы қазан айында большевиктердің билікке келуімен саяси, экономикалық және әлеуметтік парадигмалардың ішкі мазмұны өзгеріске ұшырады. Жаңа үкімет өкілдері елдің ұлттық-мәдени және діни өміріне, әсіресе, исламның қазақ қоғамында алатын орнына үлкен мән берді. Статистикалық мәліметтерге қарағанда 1917 ж. Қазақстандағы тұтас халықтың 88,4 % мұсылман еді [127, 16, 17 б]. Ақпан революциясынан кейін, мамыр айында М.Шоқай ресми статистикалық мәліметтердің шындыққа жанаспайтынын мәлімдеді. Оның берген мәліметіне қарағанда ресми сан, сол уақытта тек қазақ халқының саны 9 миллионға дейін жеткен [128]. Сондықтан, кеңес үкіметінің діни саясатының негізі атеизммен байланыстырылып, оның қалыптасуының алғашқы жылдарында исламға деген көзқарас бірдей болмады. Кеңес үкіметінің жетекшілері, орталықта да, өңірлерде де халықтың маңызды бөлігі болып табылатын діни сана-сезім мен салт-дәстүр ерекшеліктерін мүлдем ескермеді. Діни ұйымдар мен мұсылман қызметкерлерін және шарият соттарын және ислами білім саласын бақылап отырды. Ал, сол уақыттағы толық емес мәліметтерге қарағанда елде 26 мыңнан астам мешіт жұмыс істеген, олардың әрқайсысында дербес мектебі болған [129].

Кеңес қоғамының ішіндегі ислам дінінің ерекшелігін, мемлекеттік-діни саясаттың идеологы М.Сұлтанғалиев өзінің 1922 жылғы «Дінге қарсы насихат» туралы баяндамасында «...бұл дінде (ислам діні) кез-келген азаматтық-саяси элементтер бар, ал басқа діндерде тек рухани-этикалық бояулар ғана басым. Шарифат немесе ислам құқығы - бұл мұсылман өмірінің барлық жақтарын реттейтін заңдар мен құқықтық нормалардың коды. Мұнда мұсылманның намаз оқығанда, жұмысында, қоғамда, отбасында және күнделікті өмірде қалай өзін ұстау керектігі туралы барлық нормалар көрсетілген» [130, 120 б]. Осылайша, кеңес үкіметінің исламға деген идеологиялық көзқарасының біртіндеп өзгеруін 1917-1930 жылдардағы заңнамалық актілер арқылы анықтауға болады.

Кеңес үкіметінің құрылуының алғашқы жылдарында діндердің теңсіздіктерін тоқтату және ұлт құқықтарының декларациясында ұсынылған ар-ождан бостандығын қамтамасыз ету қажеттілігі туралы идеялар мұсылмандар арасында белсенді қолдау тапты. РСФСР СНК-ның 1917 жылғы 3 қарашадағы (1918 жылғы 3 желтоқсандағы) «Ресей мен Шығыстың еңбекші мұсылмандарына» атты үндеуін ислам институттары мен мекемелері жылы қабылдап, Қазан революциясын және кеңес үкіметін қолдауға шақырды [131, 5 б]. Алайда уақыт өте келе мемлекеттік актілер кеңес үкіметінің, әсіресе практикалық мағынада алғанда, жылдам түрде аталған үндеудегі уәделерге қайшы келді. Кеңес үкіметінің исламға қатысты идеологиялық көзқарастарын анықтайтын алғашқы ірі құжаттардың бірі - В.И. Лениннің басшылығымен дайындалып, қол қойылған РСФСР Халық комиссарлары Кеңесінің 1918 жылғы 20 қаңтардағы «Ар-ождан, шіркеу және діни бірлестіктер туралы» декреті болып табылады [132]. Бұл құжатта ар-ождан бостандығы жарияланды, олар: әрбір азаматтың қандай да бір дінге сену немесе кез-келген дінге сенбеу құқығы, барлық діндер мен сенбейтіндердің құқықтары мен міндеттерінің теңдігі, діни бірлестіктердің өз мүшелерінің мәжбүрлеу немесе жазалау шараларын қолдануына жол бермеу. Осы декретте ар-ождан бостандығына материалдық: діни қоғамдарға дұға ету ғимараттарын және діни мүлікті еркін пайдалануды қамтамасыз ету кепілдемесі көрініс тапқан. Жарлық барлық мұсылмандардың тең құқықтық ұғыммен бекітіп, кеңес үкіметінің құрамындағы мұсылмандардың ұмтылыстарына жауап берді. Осылайша, «Діни сенім бостандығы туралы» декреттің қабылдануымен адамның дінге қатынасы оның жеке ісіне айналды және діни ұйымдардың қызметі азаматтардың діни қажеттіліктерін қанағаттандыруымен ғана шектелді [133].

Мұсылман дінбасылары «Шіркеуді мемлекеттен бөлу туралы» жарлықты құптай қоймады, оның тіптен мұсылман қауымына жат келетінін алға тартты. Бұл жарлық ислам дінін ұстанатын халықтардың өзіндік жүйесін жоюға бағытталды. Өйткені, мұсылмандар болмысының өзіндік ерекшелігі мен этникалық сипаты дәстүрге негізделген еді. Ғасырлар бойы ислам өмір тіршілікті, білім беруді және әлеуметтік қатынастарды қамтитын жүйе ретінде дамып келді. Исламның дәстүрлі таралу аймағының ерекшеліктеріне

байланысты осы құжаттың көптеген ережелері дәстүрлі өмірдің қисынына үйлеспеді. Сондықтан В.И.Ленин мен елдің партиялық басшылығы коммунистер және жергілікті ұйымдарды ұлттық ерекшеліктерін және оның діни әсерінің деңгейін ескере отырып, дінге қарсы саясатты осыған қарай абайлап жүргізуге шақырды [134]. Көсем: «Партия қанаушы таптар мен діни насихаттауды ұйымдастыруды толығымен жоюға, сондай-ақ жұмысшыларды діни әсерленуден босатуға тырысады, бұл үшін кең ғылыми, білім беру және дінге қарсы насихаттауды ұйымдастыру қажет. Сонымен қатар діни фанатизмді біріктіруге ғана жол ашатын сенушілердің сезіміне кез келген қорлаудан мұқият сақтану керек»- деп жазды [135].

Декреттің мазмұнын халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізуге байланысты Халықтық комиссариат қарамағында П.А.Красиков басқарған арнайы № 8 бөлім ашылды [136]. 1918 жылы сәуірде құрылған комиссия шіркеудің мемлекеттен бөліну туралы жарлықты жүзеге асыру үшін, әдетте, «жоюшы» деп аталды. Осы бөлімнің 1918 жылғы 24 тамыздағы «Шіркеуді мемлекеттен және мектепті шіркеуден бөлу» жарлығын қолдану туралы дайындаған нұсқаулық меншік құқықтарының конфессиялық бірлестіктерінен айырды, олардың қызмет етуінің тарихи ерекшелігін ескермеді. Көптеген тәркілеу шаралары, соның ішінде діни қызметті жүзеге асыруға кедергі болатын капитал, құндылықтар, шіркеулер мен мешіттердің мүліктері тәркіленді. Атеистік үгіт-насихат жүргізу іс-шаралары өріс алды. Деректік материалдарға қарағанда үш жылдың ішінде атеистік митингілер, үгіт-насихаттық жұмыстардың және осыған байланысты лекциялар саны 400 астам болды [137].

1918 жылғы РСФСР конституциясына сәйкес діни бірлестіктер мемлекеттен бөлініп тасталды, сондықтан олар зайырлы билік жүйесіне тікелей кіре алмады. кеңестік билігінің «аспан шабуылы» деп аталатын идеологиялық «соғысты» сәтті жүргізу мақсатында ел ішіндегі жас буынды комсомол қатарына кіргізді, оларды үгіт-насихаттық жұмыстарында пайдаланды [138]. Кеңес үкіметі мұсылман мекемелеріне тікелей соққы беруден бас тартты. Кеңес мұсылман республикаларына берілген мүмкіндіктер христиан немесе иудаизмге қарағанда исламға деген әлдеқайда толерантты көзқарас 1920 жылдардың ортасына дейін жалғасын тапты. Мұсылмандар арасында атеизмді насихаттау міндеттелмеді, ал молдалардың барлық құқықтары, соның ішінде сайлауға қатысу құқығы сақталды. Жастардың діни біліміне тыйым салынбады, діни мектептерге өз мүліктерін сақтауға рұқсат берілді. Мешіттерде мұсылмандық білім беру мәселесі кеңес билігінің соңғы қадамы болды. Исламдық соттар (қады) азаматтық және қылмыстық істерді шеше алды. 1920-шы жылдардың соңына дейін мұсылман діндарлары осы артықшылықтарды пайдаланды. Кеңес үкіметі мұндай теңдікті сақтауы көпке созылмады. Бірақ, 1922-1923 жылдары Қазақстанның түрлі өңірлерінде «Құдайсыздар» үйірмелері пайда бола бастады [139]. Кейінірек, 1924 жылы 23 желтоқсанда «Кеңестік Социалистік Республика мұсылмандары арасында дінге қарсы насихат жұмыстарына арналған

баяндамалар» әзірледі. Аталған шешімді діни белсенділікті әлсірету мақсатында 1924 жылғы 23 желтоқсандағы НКВД бірқатар заңдар мен нұсқаулар қабылдады. Олар дінбасылардың антисоветтік әрекеті туралы жазып, исламды «байлардың құлы» деп атады және цензураны күшейтті [140]. 1923 жылғы 19 маусымда РСФСР Халық комиссариатының ішкі істер бөлімі арнайы қаулы қабылдады. Оның 6 тарауында «Кеңестік билікке қарсы бағытталған діни буржуаздық-анархистік және мемлекетке қарсы доктриналарды тарату немесе насихаттау қылмыстық кодекстің тиісті баптарында жалпы негізде қылмыстық жауапкершілікке тартылады» деп нақты көрсетілген [141].

1921 жылы большевиктердің экономикалық бағытындағы өзгерістер нәтижесінде мешіттер мен мұсылмандарға қарсы биліктің іс-әрекеттері әлсіреді деген үміт туғызды. Шын мәнінде басқаша болды. 1921 жылы мамыр айында РКП (б) Орталық Комитетінің пленумы бағдарламасының 13-тармағындағы партия мүшелерінің талаптарды бұзғаны туралы мәселені қарады және Орталық Комитеттің 1921 жылғы 9 тамыздағы арнайы қаулысымен коммунистер қандайда бір діни бірлестіктермен байланыс жасайтын болса партия мүшелігінен шығарылады деген шешім қабылдады [142]. Бұл тек партияның емес, сонымен қатар комсомол органдарының да үгіт-насихат жұмыстарының бағыт-бағдарына айналды. 1921 жылдың 21-28 қыркүйегінде Бүкілодақтық Лениндік Коммунистік Жастар Одағының (БЛКЖО) IV-ші Бүкілресейлік конгресінің Одақтық бағдарламада: «...БЛКЖО-ның жастар мен жас ұрпақтың сана-сезімін діни ауытқушылыққа апаратын жолға қарсы идеологиялық күрес жүргізеді» делінген. Орталық Комитетінің циркулярында БЛКЖО-қа барлық діни ағартушылық және исламға қарсы насихаттық жұмыстардың жүйелі түрде атқарылуы талап етілді. Бастауыш мектеп жасындағы балалар арасында да дінге қарсы насихат, саяси білім беру ұсынылды [143].

Азаматтық соғыс кезінде жеңіске жету арқылы өз күштерін нығайта отырып, кеңес үкіметі тарих ғылымында кейде «діни ЖЭС (Жаңа экономикалық саясат)» деп аталатын мұсылмандарға қатысты ішкі саяси бағытын ырықтандыруды белгіледі. Бірақ практикалық іс-шаралар көрсеткендей көптеген заңнамалық бастамалар діни ұйымдардың қызметін тиімді бақылауды қамтамасыз етуге бағытталған еді. Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің 1922 жылғы 3 тамыздағы қаулысына сәйкес, барлық діни бірлестіктер облыстық немесе облыстық атқару комитеті басқармаларында мемлекеттік тіркеуден өтуге міндеттелді, онсыз олар қызметін жүргізе алмайтын болды. Олардың жұмыстары 1923 жылғы 15 сәуірдегі РСФСР ішкі істер халық комиссариатының бірлескен тапсырмасы бойынша реттеліп отырды. Осы құжаттар негізінде 1923-1924 жж. мұсылман ұйымдарын жаппай тіркеу жүргізілді [144].

1920 жылдардың басында, тұтастай алғанда елдегі жағдай тұрақтанған кезде, идеологиялық күрестің міндеттері нақтыланып, шұғыл әрі күшейген түрде қолға алына бастады. «Исламға қарсы күрес» жаңа кезенді бастау

мақсатында жаңа заңдар мен нұсқаулықтар жарияланды. Осыған байланысты 1923 жылы өткізілген РКП (б)-ның 12-ші съезінде қабылданған «Дінге қарсы діни үгіт пен насихат туралы» арнайы қарар бұқаралық мәдени, білім беру және дінге қарсы насихаттауды ұйымдастырудың бастапқы нұсқаулығына айналды [145]. Діни бірлестіктерге заңды мәртебе беру арқылы мемлекеттік органдардың олардың қызметіне нақты бақылау жасауына мүмкіндік туды. Жыл сайын олар мұсылмандардың, әкімшілік органдардың мүшелері мен дінбасылардың жергілікті атқарушы комитеттеріне есеп беріп отырды, тұратын жері мен жұмысын көрсетіп, құрамы туралы толық ақпаратты ұсынуға міндеттелді. Барлық мұсылмандарға намаз оқу үшін тиісті әкімшілік бөлімнің белгіленген күн тәртібі бойынша алдын ала келісімімен ғана рұқсат етілді. Кеңестік жергілікті әкімшілік органдары тарапынан жасырын тексерулер мен астыртын ақпарат жинау іс-шаралары да ұйымдастырылып тұрды [146].

1929 жылғы кеңес үкіметі қабылдаған арнайы исламға қарсы қаулының 2 бабына сәйкес барлық мұсылман ұйымдары мен топтары, соның ішінде мешіттер мен мектептер тіркелуге тиіс болды. Діни ұйымдардың қызметін тіркеу және бақылау үшін, 1931 жылғы 9 шілдеде Қазақстанның Орталық атқару Президиумы жанындағы Діни мәселелерді қарау жөніндегі «Мәдениет жөніндегі комиссия» құрылды [147]. Ол діни жиналыстарды өткізуге рұқсат алу мәселелерін, мұсылмандардың аудандық және қалалық кеңестерге берген шағымдарын қарауға, кеңестік заңнаманың шеңберінде намаз оқуға рұқсат беруді қарады. Сонымен қатар, оның міндеттеріне «Қазақстан КСР-гі барлық діни қоғамдар мен топтарды тізбекке ала отырып, есептерді құрастыру» кірді.

1928 жылдан бастап, большевиктер социалистік құрылыстағы жоспарларын жүзеге асыруға біржолата кірісті. Олар дәстүрлі экономикалық саладағы жұмыстарымен қатар мұсылмандардың ой-санасын өзгерту мақсатында тіршілігіне, діни істеріне етене араласа бастады. Кеңес үкіметі діни төзімділік саясатынан ауытқып, енді дінсіздікті мұсылмандар арасында жаппай сіңіруге көшті, мұсылман мекемелеріне және сенушілерге қарсы ауқымды шабуылдарды бастады. 1924 жылдың қазанында Орталық атқару комитеті (ОАК) және КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің қаулысы керегінше ислам негіздері мешіттердің жанындағы мектептерде оқытылған болса, 1928 жылдың 28 мамырында КСРО ОАК Президиумы оның күшін жойып, медреселер мен мектептерді күштеп жаба бастады [148]. 1928 жылғы 17 қыркүйекте Бүкілресейлік орталық атқару комитеті шіркеулерді, ғибадатханалар мен мешіттерді мәдени және білім беру мекемелеріне «ерікті» кіріптар ету туралы шешім шығарды [149]. Іс жүзінде бұл саяси науқан діни ұйымдардан мүлікті мәжбүрлеп алумен ауыстырылды. Мұрағат материалдарға назар аударатын болсақ, тек Оңтүстік, Алматы және Жамбыл облыстарында 1047 мешіттің мүліктері тәркіленді, оның 51-і мектептер мен клубтар пайдасына, ал 838-і экономикалық қажеттіліктерге жұмсалды [150].

1929 жылы 8 сәуірде Бүкілресейлік орталық атқару комитетінің және РСФСР Халық комиссарлар кеңесінің «Діни бірлестіктер туралы» бірлескен

қаулысы қабылданды, ол өз қызметіне көптеген қосымша шектеулер енгізді. Мұсылмандарға өзара қаржылай көмек көрсетуге, кооперативтерді, өндірістік бірлестіктерді құру және тұтастай алғанда діни қажеттіліктерді қанағаттандырудан басқа кез-келген мақсаттар үшін мүлікті пайдалануға; мешіт имамдарының материалдық көмек көрсетуге; балалардың, жастар мен әйелдердің намаз оқуларына, сондай-ақ жалпы әдеби, қолөнер, еңбек, дін үйрету және т.б., кездесулер, топтар, ұйымдастыруға, сондай-ақ экскурсиялар мен ойын алаңдарын ұйымдастыруға толықтай тыйым салынды [151].

Мұсылмандар үшін 1925 жылдан бастап, ЖЭС өткен кезеңмен күресудің жалпы стратегиясының бір бөлігі ретінде «шабуыл» (барлық бағыттардағы қорлау) кезеңіне қадам басты. Жаңа үкімет біртұтастыққа ұмтылды және КСРО аумағындағы аймақтардың дамуының әртүрлі сатыларын біріктіргісі келді. РСФСР НКВД-ның 1929 жылғы 1 қазандағы № 329 қаулысына сәйкес 1930 жылы 1 мамырға дейін қайта тіркелмеген барлық діни бірлестіктер, соның ішінде мешіттер, мектептер мен медреселер «жойылды» деп танылды. Осы сылтаумен Түркістан, Шымкент, Жамбыл, Алматы, Ақтөбе, Өскемен және т.б. қалаларда мешіттер жаппай жабылды [152]. Жергілікті билік органдары діни ұйымдарды жабу барысында заңда белгілеген ережені де аяқ асты етіп, жаппай өрескел заң бұзушылықтарға жол берді. Партияның, комсомолдың және басқа да коммунистік идеологтардың қатысуымен діни бірлестіктерді тарату туралы кездесулер ұйымдастырып, мұсылмандардың орнына қол қойған, оларды коммунистік жиналыстарға мүлдем шақырмағандығы хақында деректер ұшырайды.

Мәселен, 1934 жылы 19 наурызда Созақ ауданындағы ұжымдық шаруашылық қызметкерлерін «тазалауға» арналған ашық жиналыс өткізілді. Жиналыс аяқталғаннан кейін, «адамдар тараған кезде, төраға: «Күте тұрыңыз, міне, біз мешіттің ғимаратын балабақшаға бердік. Келіспейтіндер бар ма?» Колхозшы әйелдер қолдарын көтеріп: «Біз қолдаймыз» деді. Мешіттің имамы А.Темірболатов сөз сөйлегісі келгенде, оған рұқсат берілмеді. Аудандық өңірлік атқарушы комитетінің хаттамасын мақұлдауын күтпестен, 1934 жылы желтоқсанда ауылдық кеңес астықты сақтауға арналған сол мешітке басып кіреді. Мұсылмандар бұйымдарын жеке үйдің біріне тасыды, бірақ жергілікті билік оларға бөлмеде жұрт алдында намаз оқуға тыйым салды. 1935 жылғы 10 қаңтардағы шағымында мұсылмандар: «Молда бар болса да, жиналатын жер жоқ. 1934 жылы барлық салықтар төленді, бірақ 70 рубль мөлшерінде айыппұл талап етілуде» - деген уәждерін білдірген [153].

Осыған ұқсас жағдай Шымкенттің Сайрам мекенінде қайталанады. 1934 жылдың қыркүйегінде егін жинаудан кейін, «уақытша» ауылдық кеңес мешіттің ғимаратына жаңа жинаған астықты жинап, оны қоймаға айналдырған. Мұсылмандарға астықты қоймаларға белгілі мерзімге ғана тасымалдайтынын уәде еткен жергілікті басшылар уәдесін орындамады. Мұсылмандар болса шартты түрде өздерінің атындағы мешіттің барлық салықтарын үнемі төлеп тұрған. Жеке үйде намаз оқуға үкімет рұқсат етпеген. Ақырында, 1935 жылы жергілікті билік мұсылмандар арасында жиын өткізіп,

Сайрам мешітінің 2 жыл бойы жабық болатынын мәлімдеді және оны жабуға шешім қабылдады [154].

1937 жылы Қалжан ахунның бәйбішесі Зейнеп немересімен, қоңсылас Сыздық молда мен Рысқыл әжесінің көзінше мешітті оншақты адам бұза бастайды. Шығыс үлгімен оюлы қақпасын, үстіндегі күмбезін қиратып үлгергенде Зейнеп әже: «Мені өлтіріп, сонан соң бұзыңдар» дегенде кесенені бұзбай кетіп қалады [155, 34 б]. Ислам дінін қоғамдық өмірден мүлдем ажырату мақсатында түрлі кедергі келтіретін амал-тәсілдер қолданылды. Мешіттер мен басқа да мұсылмандық мекемелер шектен тыс салықтарды төлеуге мәжбүрленді. Бұған дейін мұсылман дінбасылары салық төлеушілердің барлық санаттары үшін бірыңғай салық төлеп келді. 1924 жылы пайдаға салынатын салық туралы ережеге сәйкес, оның ең жоғары санаты 37,5% құрады, 1926 жылдан бастап, діни қызметкерлер пайдасыз табыс бойынша өмір сүретін адамдарға теңестірілді, олар үшін максималды табыс салығының мөлшері 67,5 %, ал 1927 жылдан 81 % дейін өсті [156]. Бұндай салық дін қызметкерлеріне жеңілге соқпай, амалсыз ерікті түрде жұмыстарынан бас тартуға итермеленгендігін Садуақас Ғылманидің «Заманымызда болған ғұламалардың ғұмыр тарихтары» атты кітабынан төмендегі үзінді айғақтайды: «1926 жылы май айында мухтасиб идарасын жаңадан сайлады. Бастығы: Әлиасқар Айтқожаұлы. Ағзалары (мушауырлары) (Момақан) Оразхалық Абдолжаппарұлы, Қазиахмет Құрманұлы болды. Бұған да маншур алынды. Сонан соң маншур алынған, тапсырылған қызметтерімді 1928 жылға дейін атқарып келдім. Бірақ сол жылы имамдарға ауыр налог түсті. Маған 600 сом налог түсті. Ол күнде мал арзан, ақша қымбат. Бір дөнен 38 сомға сатылды. Барлығы 15 шамалы мал сатылып, налогке салынды. Туғандарымыз үй-ішімізбен ренжи берген соң, сол 27-жылдың аяғында, 28-жылдың басында имамдықтан истиғфар қылып шықтым» [157, 286 б]. 1930-1937 жж. мемлекеттік атеистік науқан шеңберінде Ақтөбе, Павлодар, Ақмола, Өскемен, Шымкент, Алматы, Жамбыл облыстарында барлық мешіттер жабылды. Осы уақытқа дейін тіркелген мешіттердің жалпы саны революцияға дейінгі кезеңмен салыстырғанда РСФСР-да 35 %, ал бүкіл Кеңес Одағында 27 % дейін төмендеді. Мешіттердің мемлекеттік мекемелерге берілуімен бірге, діни қызметкерлерді жаппай қыспаққа алу, басып-жаныштаумен ұштасты. 1930 жылдары тек Шымкент қаласы сотының үкімімен 12 мешіт имамы өлім жазасына кесілді [158].

РКП (б)-ның Орталық комитетінің партиялық органдары Қазақстан мұсылмандары арасында үгіт-насихатқа білек сыбана араласты. 1920 жылдардың басында аймақтағы тұрақты жұмысқа партия түркі халықтарының өкілдері қызметкерлерін бір-біріне араластырып жіберіп отырды. Қазақстан халықтарының арасында партиялық және кеңестік құрылыс үшін қазақ тілінде үгіттеу және насихаттауды бағыттау үшін 15 ұлттық секцияны біріктірген ОК Түркістан бюросын құрды [159, 213 б]. 1920 жылы қазан айында Орталық Комитеттің Түркбюросы ережені мақұлдады, оған сәйкес ұлттық ведомстволар партиялық комитеттердің үгіт-насихат бөлімшелерінің саяси

бөлімдеріне айналды. Түркістандағы жұмыстарды ұйымдастыру үшін қажетті секциялардың санын анықтауға облыстық комитеттерге арнайы сауалнама жіберілді. Дереккөздер материалдар негізінде 1920 жылғы 9 желтоқсанда ұйымдастырушы бюро неміс, венгр, эстон, латыш және литвалық-белорус секцияларымен бірге мұсылман секциясын бекітті, онда Түркістан мұсылмандары толығымен қамтылды. 1920 жылдың қыркүйек айында Орталық Комитеттің Түркбюросы «партия ұйымдарының мұсылман тұрғындары арасында жұмысын күшейтуді талап етті» [160]. Сол кезде діндарлар мен атеистер арасында айтыстар, пікірталастар болып тұрған. Идеологияның тайталаста молдалардың қарсыластарына илікпей сөз қағыстырып, ой жарыстырған жайттар хатқа түспеген, баспа бетін көрмеген, сол себепті ұмтылған. Бұндай оқиғаларға Садуақас Ғылманидің Әлиасқар Айтқожұлына қатысты төмендегі жазбалары мысал болады. Әлиасқар Айтқожұлы 1887 жылы туған. 13 жасында Көкшетауда Науани хазіреттің қолында оқыған. Науан Хазірет Сібірге айдалып кеткен соң Бұхарада бір медреседе білімін жетілдірген. 1917 жылы Көкшетауда Науан хазреттің ұлы қазақ мешітінде имам болғанда, медреседе мүдәррісілікке тағайындалған. 1917-1923 жылдар аралығында медреседе дәріс берген оқу жылында шамамен 50-60 бала жиналған. 1920 жылы Ғалымжан әл-Баруди уақытында Уфа қаласына шақыртылып Әлиасқар Көкшетау шаһарына Көкшетау уйездіне мухтасиб болып белгіленді. Барлық мухтасибтік мерзім 11 жыл болды. Дін үшін жанын қиды.

Ғылманидің сипаттауынша «үкіметке қарсы, қас адам еді, шешен:

Мал мен жанды пида етіп,

Дін үшін көп алысқан

23 жылы диспутта,

Ғақли, нақли дәлелге.

«Олардағы тартысқан дауға, айтысқа тәуір еді. Оған кейін тартынбады, жанып кетуші еді...1923 жылы майда интеллигенттермен, тағы бір адамдармен айтысты.(Қысқаша) олардың сұраулары:

1) Құдай бар ма? Көрдің бе? Білесің бе? Әлиасқардың жауабы: Бар, білемін. Мынау дүние ғаламды, анау алыстағы көп жұлдызды ғаламды кім жаратты? Ендеше бұларды қылған Құдай. Ғалам бар ма? Бар. Ғаламның барлығы Құдайдың барлығына дәлел. Ендеше Құдай бар. Көргеннен артық білемін. От болмаса түтін болар ма еді, су болмаса бу болар ма еді. Сол сияқты Құдай тағала болмаса бұл ғалам да әдетте болмас еді.

2. Сендер діншілдер қит етсе шайтан, жын дейсіңдер, олар бар ма? Көрдіңдер ме? Әлиасқардың жауабы: Көрмесек те, шайтан бар, білеміз, шайтан адамнан да, періден де болады. Кімдер адамды жоқтан шығарып азғырса, соны біз шайтан деп атаймыз. Адамды жолдан шығарып азғырсаң, сен де шайтан боласың ... Сол айтыста олар жеңілді. Бір айтысқан кісі екінші бұл кісімен айтысудан қашушы еді. Кісінің көңіліне қарамайды, өткір дәлелді толық айтады. Тоқтатпай қоймайды, оратор еді. Беделі артық, қадірі күшті алыстан орап сөйлейді [157, 205, 206 б].

Бұл оқиға әлі басқа көзқарастарға жол бермейтін өзімшілдігі, дөрекі, ұрдажықтықпен тізеге салушылығы өріс ала қоймаған, пікірталаста уәжге құлақ салатын кеңестік кезді айғақтайды.

Кеңестік мұсылмандардың діни көзқарасын «бұзуға» бағытталған идеологиялық саясаттың негізгі құралдарының бірі болып 1925 жылдан бастап «Құдайсыздар Одағы» (ҚО) атқарды, бұл одақ 1929 жылдан бастап «Жауыққан құдайсыздар одағы» (ЖҚО) деген атқа иеленді [161]. Қазақстан дінтанушылары мен тарихшылары бұл одақтың қызметіне аса назар аудармай келеді. ҚО мен СҚО-ның атеистік қызметі туралы зерттеу жүргізген авторлардың арасында В.А. Алексеевтың [162], Г.В. Воронцовтың [163] еңбектерін атауға болады. Бұл авторлар көбінесе Ресей Федерациясының аймақтық мағлұматтарға жүгінген. Дегенмен, аталған одақ өзінің атеистік және исламға қарсы бағытталған жұмыстарын ғылыми-саяси негізде Қазақстан жерлерінің түпкірлерінде де жүзеге асырған. Бұл одақтың мақсатының «Ислам ғалымдарына қысым көрсету, коммунизмге тарту және дін атынан батылдықтың сөйлегендерді тұтқындау» екендігін айта келіп Әбу Насыр Мұбашир ат-Тарази: «Аталмыш ұйым Тараз қаласына 1926 жылы мамыр айында келді. Үкімет мені және осы ұйымға мемлекетте атағы шыққан ислам ғалымдарын шақырды. Біз шақыруға келісім бердік. Алайда, алдын ала жиналып өзіміздің талаптарымызды анықтап алуды ұсындым. Олар:

1. Мемлекеттің бейтараптығы. Ол екі жаққа да бірдей қарауы керек.
2. Тең құқықтар;
3. Жеңілген жеңгеннің жолына түсіп соның дегеніне ілеседі.

Менің әріптестерім үшінші талапты естігенде қатты таңғалды. Олардың ойында егер біз жеңіліп қалсақ, біздің жағдайымыз не болады деген сұрақтар туындады. Мен оларға қорықпандар, Алла тағала Құранда айтқандай: «Расында Алланың тобы жеңушілер» деді ғой, дедім. Сөйтіп, Аллаға тәуекел еттік. Алайда, комиссия бізбен кездесуден бас тартып, қайтып кетті» деп баяндайды [164]. Одақтың ресми орны «Құдайсыз» газеті деп аталды, оның КСРО бойынша таралымы 10 мыңға дейін жеткен. Газет басылымдардың бір бөлігі әлемдік тәртіпті материалистік тұрғыдан түсіндіретін танымдық ғылыми мақалаларға орын берген. Басылымның екінші жылынан бастап өз беттерінде кез келген жаратылыстанушы, астроном, геолог, дәрігер және ветеринар туралы мақалаларды жариялағаны үшін қыруар қаржы бөлетін [165, 8 б].

Исламға қарсы жұмыстардың етек алған түрі - «құдайсыздардың» жергілікті құрылған колхоз, совхоз және шикізат өнеркәсібінің орталықтарындағы насихат жұмыстарын пәрменді ұйымдастыруы. Әрбір мекемеде арнайы «мұсылмандық» секциялар құрылды, оған «ерікті» жұмысшы мұсылмандар мүшелікке шақырылды. Хаттамалар түрінде тіркелген мұрағаттық құжаттарда бұл секциялар «тюрко-мусульманские» деп аталған [166]. Мәселен, 1924 жылы Оңтүстік Қазақстан облысында мемлекеттік «Пахта-Арал» алып шаруа қожалығының негізі қаланған. 1925 жылы Түркістан мен Жамбыл облыстарын қосқанда жалпы 35 совхоз, 1926

жылы жүн өнеркәсібінің шикізат базасын кеңейту үшін бірнеше қой шаруашылықтары дүниеге келді. Осы мекемелерде аталған «құдайсыздардың» үгіт-насихаттық жұмыстары белең алды. Мұрағаттық құжаттардың әртүрлі бөліктерінде секциялар «Мұсылман жұмысшы клубы» деп аталған [167]. «Құдайсыздардың» есеп хаттамаларында аймақтағы исламға және мұсылмандыққа қарсы нәтижелі жұмыстар жүргізілгендігі жазылып, ОАК-нен үнемі қосымша қаражат сұрағандығы жайлы мәліметтер тіркелген. Қаражаттың басым бөлігі үгіт-насихаттық жұмыстардың жазбаларына, коммунистердің атқарып жатқан «атеистік» саясаттың жемісті екендігі туралы ақпараттарға, мұсылман халықтарының болашақты тек коммунизммен байланыстыра алатындықтары туралы көптеген мәліметтерді басып шығаруға арналған. Статистикалық деректерге қарағанда «құдайсыздар» тек 1926 жылы 50 мың дана парақшалар жариялаған. Сонымен қатар, мұсылмандар бөлімі туралы хаттамаларда қазақ халқының арасында үгіт-насихаттық жұмыстарды атқаратын коммунист қазақтардың жеткілікті деңгейде жетіспейтіні, оның үстіне айтарлықтай бөлігі ашаршылықтан жер аударған босқындар болып табылатындығына байланысты бірқатар кедергілерге ұшырайтыны туралы мәліметтер кездеседі. Аймақтағы мұсылмандар саяси жағынан үгіт-насихаттық жұмыстарға белсенді араласпағандығы жайлы көптеген ақпараттық хаттар кездеседі [168]. Хаттамаларға назар аударатын болсақ, Рамазан, Кадыр түні және Айт сынды мұсылмандық мерекелерді «құдайсыздар» исламға қарсы насихаттау үшін де пайдаланған. Мұрағат құжаттарында атап өткен мұсылман мерекелерін партия қызметкерлері ұлттық мерекелер ретінде қабылдайтынын растайды.

Сыр бойындағы Алдашбай ахун Ернаразұлы (1858 -1837 жж.) мен Қалжан ахун Бөлекбайұлы (1897-1916) сынды дін тәлімгерлердің ауылда белсенділердің дінге, молда-имамдарға қырғидай тигенін көз көргендер куәлігі қуаттай түседі: «Кешегі заманда осы ауданда «Құдайсыздардың қоғамы» құрылып, әйел бала демей бәрімізді соған мүше қылып, «Қожа мен молданы қойдай қуып айдаймыз» деп ән салғызып қойды. Ол кезде баламыз ғой» [169].

Шамшия Қалжанова “Қалжан ахунд” атты кітабында сол кезде:

«Молда мен байды

Қуып шығып үйінен,

Тартып ал онан

Малы мен жайын” деген өлең шыққанын тілге тиек етеді [170, 7 б].

Сыр өлкесінде дінге қарсы солақай саясат пен жоғарыдан түскен тапсырма-бұйрықтарды ұшындыра сойқан салған шолақ белсенділердің әпербақандығы төмендегі ел аузындағы Тұрмағамбет Ізтелеуұлына байланысты ел аузында жүрген төмендегі әңгіме қуаттай түседі: «НКВД қызметкерлері Тұрмағамбетке «Шошқа мен сыйырдың танауы мен аша тұяғы ұқсас. Сондықтан шошқаны да халал жануардың қатарына қосасың!». Міне, жарыместердің ақынға орындатпақ Тұрмағамбет пе? «Олай болса қатының

мен туған қызыңның қойнына қатар бар. Ол екеуі де бір емес пе?» – деп салыпты. Сол сөзден кейін әлгілердің шүйіле түсуі асқынбаса, азаймаған».

Тұрмағамбет Ізтілеуұлы білімін Алдашбай ахуннан дәріс алумен бастаған соң, Тапал, Қалжан ахундардың қолында оқып, «ифтидади» мен орта «рушдия» бітіреді. Одан соң 1896- 1899 жылдары «Мир араб» медресесінде орта білімін толықтырып, 1899 -1905 жылдары Көкелташ медресесінде білімін жетілдіреді. Сыр бойына оралып бала оқытады. «Ахунд» дәрежесін алған. Кеңес үкіметі тұсында жасырын шығармашылықпен айналысқан, артында мол әдеби мұра қалдырған шайыр Сыр сүлейлерінің қатарында аталатын. Нарком болған Т.Жүргеновтің ұстазы еді. Парсы әдеби тілін жетік білген. Сол себепті оған арнайы тапсырыс беріледі. Ол Алматыда екі жыл тұрып, Фердаусидің аса көлемді эпикалық туындысы «Шаһнамасын» қазақшаға аударып шығады. Әрине бұл оқиға болды ма, болмады ма белгісіз. Дүниелік болған, ұзақ жылдар ақталуды күткен тағдыры ауыр шайыр, ахун Тұрмағамбет Ізтілеуұлына телініп айтылуы жай-жайдан емес. Себебі ол - діни білігі жоғары, тапқыр, ұшқыр өлеңдері ел арасына тараған талантты, атақты жан. Оның үстіне көзі тірісінде кеңестік кезеңде жаламен түрмеге бірнеше мәрте қамалып, қапаста қорланған, таяқ та жеген, ақыры осындай соққы мен қорлауды көтере алмай о дүниелік болған, жақындары мұсылманша арулап жерлегеннен кейінде қабірі қазылып, сүйегі тексерілген, ақталуын ұзақ күткен ауыр тағдыр иесі [171].

Дегенмен ислам ғұламаларына телініп айтылатын осыған ұқсас әңгімелер көп. Мәселен Әбу Ханифанының тапқырлығын, ойының ұшқырлығын, тақуалығына айғақтайтын әңгімелер. Ислам тарихында дінге сенбейтіндермен тайталаста ақыл, білім, тапқырлықпен, уәжбен қарсыласынан басым түскен ғалымдар турасындағы әңгімелер көп сақталған, олар аңыз арқауына да айналып отырған.

Қалай болғанда жоғарыда келтірілген әңгіме дінге қарсы науқанда адамдардың сенімін, дін адамдарын қорлау, беделін түсіруге арналған естелік сынды. Үкімі Құран аяттарында анық айтылған, мұсылман үшін харам саналатын шошқаны білімдар ахундың аузымен адал деп айтқызу арқылы шарифатты мазақ еткен орындаушылар тарапынан дін намысы сынға түскен осындай тосын күтпеген сәтте Тұрмағамбет зеректігін танытады. Қиясқа жүгініп, логикалық тұрғыдан сұрақ берушінің ұғымына қонатындай қисынды параллель мысалмен салыстырып (қатының мен туған қызыңның қойнына қатар бармайтын) өз ұстанымын тапқырлықпен қорғай алған. Бұл - Тұрмағамбет Ізтілеуұлының тек шарифатты көзсіз орындаушы емес, өз сеніміне берік, интеллектуалды тұрғыдан дінмен күресушілерден жоғары, ерелі тұрғандығын дәйектейтін оқиға.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы қазақ рухани мәдениетінің үшінші алыбы, қазақтың тағы бір көрнекті тұлғасы, Абайдың немере інісі әрі шәкірті Шәкәрім Құдайбердіұлымен түйдей құрдас еді. Қазақтағы жақсымен жайсаңның бірін бірі іздейтін дәстүріне сай, бұл екі ойшыл да өзара жүздескен екен. Сонда Шәкәрім Мәшһүрден: «мына жаңа заман қалай болады?» - деп

сұрайды. Мәшһүр Жүсіп: «Бұл аласапыран заман. Бұл – социализм деген заман, мағынасы құдайсыздар қоғамы деген, дүние кезек дегені бар емес пе, бір кезде құдай деген құстай ұшады дедік, енді құдай деген мұрттай ұшатын заман болады, көрешек алда деген екен:

«Тірі қалғаның көресің,
Мәдени үйге кіресің,
Қонысың болар орыс қаласы.
Қазаққа енді тұрмыс жоқ,
Болуға да орын жоқ,
Ағымның сонда жобасы,

Шәкәрім жағдай осылай» - деп кеңес билігінің жоспарында дін мен дәстүрге орын болмайтынын меңзеп айтқанын анық байқауға болады. Сондай-ақ, Мәшһү Жүсіп Шәкәрім Құдайбердіұлына қарап ғайыптан хабар бергендей былай деген екен:

«Біріміздің ажалымыз Алладан болар,
Біріміздің ажалымыз адамнан болар,
Жас та келді, тағдыр да жақын,
Ақырғы кездесуіміз осы болар.
Қош сау бол деп құшақтап,
Кафу Рахман деп аттанады».

Осылайша екі-діншіл ойшылдар құшақтасып, қоштасады. Дүние есігін бірге аттаған құрдастар өмірден де бірге аттанады. Мәшһүр Жүсіп Алланың ажалымен дүниеден озады. Ал Шәкәрім қажы А.А. Қарасартов бастаған ГПУ –дің қызметкерлері тарапынан Шыңғыстауда құдық басында атылып, сол құдыққа көміп тасталынады. Кейінірек баласы Ахат жұрттың айтуымен құдықты тауып, сүйегін атасы Құнанбайдың қасына жерлеген. Қазір ол Құнанбайдың қасында емес, жидебайда Абайдың қасында жатыр [172, 131, 132 б].

Мұсылман дінбасыларының пікірінше, діни қоғамдар белгілі бір сенімді ұстанатын азаматтарды «резервацияларға» айналдырды. Олардың қызметі көптеген шектеулермен және жылдам реттеуші коммунистік идеологтарының бақылауымен жүзеге асты. Бір жыл бұрын, яғни 1928 жылы «қызыл империяның» құрамындағы мұсылман халықтарын ислам дәстүрінен бөлектеуді көздеген «Жаңа әліппе» деп аталатын қоғамды құру жөнінде шешім қабылданған еді [173]. Бұл әліппенің қолданысқа енгізудің түбінде тереңнен ойластырылған қазақтың түпкір аймақтарында мұсылмандардың жазба тілін араб жазуынан латынға, сонан соң кириллицаға ауыстыру ғана емес, сонымен қатар ата дінінен және сан ғасырлық тарихынан, жәдігерлерімен, мәдени құндылықтарынан қол үздіріп, ислам әлемінен бөліп, алшақтату жатты. Жоғарыдан келген тапсырмаларды мүлтіксіз орындайтын жергілікті белсенділердің бұл әрекетіне бірінші кезекте имамдар қарсылық білдірді. Олар «жаңа әліппенің жергілікті мұсылмандарды орыс мәдениетімен жақындастыратын бірнеше коммунистердің өнертабысы» екендігін алға

тартып, «мұсылмандарды Алла жолынан алыстатып, Құранды ұмыттыратын» кезекті әрекеті деп ашық алаңға шықты [174].

Латын жазуына негізделген жаңа әліппенің ресми сипаты Ұлттар Кеңесі Президиумының 1930 жылы жариялаған «Араб жазуын латын әліппімен өзгерту» жөніндегі КСРО Бүкілодақтық Орталық комитетінің жарлығында анық берілген. Онда «КСРО құрамындағы мұсылмандардың араб жазуы жаңа латын әліппімен ауыстырылды. Себебі латын жазуы Қазан революциясының шынайы әліппесі болып табылады. Кеңестік Шығыстағы мәдени революцияның қуатты құралы ретінде өзін ақтап, ол (жаңа әліппе) ғасырлар бойы буржуазияның және мұсылман дінінің қолында қаналып келген жұмысшылардың тар ұғымды араб жазбасынан құтқарады және пролетариат пен жұмыс шаруалар үшін қол жетімді әрі шынайы революциялық әліппі сипатына ие болады» делінген [175]. Осы жарлық қабылданғаннан кейін мұсылмандарға үйлерінде Құран кітабымен қатар басылған немесе қолжазбалық түрінде арабша жазылған кез келген кітапты сақтау қауіпті болды. Дінге қарсы заңды саясаттың жүзеге асырылу барысында Құран кітабы Н.К. Крупскаяның кітапханалардан «тәркіленсін» деп тізімге енді [176]. Осылайша араб жазуын латынға, екі жылдан кейін кирилге ауыстыру, қолжазбаларды және кітаптарды жаппай құрту шаралары мұсылмандардың жазбаша мұрасы мен рухани құндылықтарын аяқ асты қылуына себеп болды.

1929 жылдың 8 сәуірінде Бүкілресейлік Орталық атқару комитетінің Президиумы мен РСФСР Халық Комиссарлары Кеңесі «Діни бірлестіктер туралы» қаулы қабылдады. Мұсылмандық білім беру жүйесіне қарсы күресте кеңес мемлекеті экономикалық факторды да пайдаланып, елдегі вакуфтық жерлердің мемлекеттік меншікке өткізу жайында бірқатар жұмыстарды атқарды. 1927-1932 жж. жер және су реформасы басталғанға дейін, яғни ұжымдастыру саясатының қарсаңында 1926 жылғы 23 ақпанда Қазақстан Орталық сайлау комиссиясы мен Республика Халық Комиссарлары Кеңесі «Қазақстан АКСР аумағында вакуфтық мүлікті тәркілеу туралы» бірлескен қаулы мен 1927 жылғы 23 қаңтарда «Вакуфтық меншікті ұлттандыру туралы» қаулыларды қабылдады [177]. Сол жылдың қараша айына дейін тек Алматы мен Орталық Қазақстан бойынша ОГПУ басшылығы 212 707 рубльді құрастыратын мүлікті, 6958 жер телімін, 42 диірменді, 88 мектеп және 5 медресенің ғимараттарын мемлекет меншігі деп жариялады [178]. Сол жылдың Рамазан айында Қарашық мешітіне тиесілі құнарлы вакуфтық жерлер мен 1,5 млн. рубльді құрастыратын мүлік жергілікті коммунистік биліктің еншісіне өтті [179].

Вакуфтық жүйенің жойылу науқаны 1930 жылдардың ортасында кеңестік ұжымдастыру саясаты басталған кезде аяқталды. 1929 жылғы «Діни бірлестіктер туралы» жалпыға ортақ жарлық қабылданғаннан кейін вакуфтарды ұлттандыру туралы республикалық заңға өзгерістер енгізілді. Оған сәйкес «осы жарлық күшіне енген күннен бастап анықталған барлық вакуфтық жерлер, сондай-ақ белгіленген тәртіппен мешіттер мен мұсылмандардың барлық діни мүлкі тәркіленді» [180]. Сол уақыттан бастап

мешіттер мен елеулі мектептердің жері және жылжымайтын мүлігі колхоздар мен совхоздардың меншігіне берілді.

Әсіресе Түркістан облысы мен Батыс Қазақстан өңірлеріндегі медреселер мен мектеп мүдәрістері, сондай-ақ оқып жатқан шәкірттері толығымен қудаланды, ауыр қылмыстылар деп танылды. «Дін қызметкерлері» ретінде көптеген мүдәрістер мен мешіт имамдары дауыс беру құқығы және заңмен қорғалу құқығынан айрылды. КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің 1937 жылғы 17 шілдедегі шешіміне сәйкес, олардың отбасылары толықтай жоғары табыс салығын төлейтін болды. Ұжымдастыруға байланысты жаппай қуғын-сүргін басталды, жүз мыңдаған бейкүнә мұсылман жұмысшы тап санатына енбегендіктен жұмысқа қабылданбады, ал «ислам дінін асыра ұстанатындар» концлагерлерге қамалды, олардың басым бөлігі өлім жазасына кесілді [181]. 1930 жылдан бастап 1933 жылдың қазан айына дейін Қазақстан АКСР-да НКВД-нің толық емес деректеріне сәйкес 1212 мұсылман дінбасылары «асыра діншілер» деген айыппен қуғын көрді, олардың 9-і - шейх, 91-і - қады, 405-і молда, 702-і - мүрид еді [182]. Билік тарапынан түрмеге жабылу мен жазаланудан қорыққан мүдәрістер мен қадилар өз жұмыстарын тастап бой тасалауға, жергілікті мекендерін тастап не қоныс аударуға, не бас сауғалауға мәжбүр болды. Мұны Қазақ АКСР-і статистикалық зерттеулер дәлелдейді. Тек 1933 жылы республикадағы 23 ауданнан 636 қадының 552-сі шарифат бойынша отбасылық және мұрагерлік істерді шешуге қатысудан бас тартты. Жұма мешіттерінің 1466 имамның 941-і жұма уағыздарын (қутба) айтпайтындығын мәлімдеді [183]. Созақ және Төрткөл ауданындағы тұтқындаулардан кейін, Түркістан өңіріндегі сопылар мен улемалар исламдық міндеттерін орындамайтыны туралы билік орындарына хабардар етті. Вакуфтық жерлер мен мүліктерінен айрылған молдалар қыспаққа алынып, қамалудан сескеніп, ресми билікке шарифаттың талаптарын орындамайтынын жеткізуге көнді.

Мұсылмандардың наразылықтарына қарамастан, мешіттер мен мектептердің көбісі күштеп жабылды. Қазақстандағы коммунистердің ресми билік органдардың хаттама түрінде тіркелген деректерге сәйкес, 1929 жылы Қазақстан АКСР-де 2041-ға жуық мешіт, шамамен 3391 дін қызметкері (қады, муаззин және имамдар) мен 4,570 шәкірті бар 323 мұсылман мектебі болғанды [184]. Олардың тағдырын КПСС Орталық Комитетінің елде дінге қарсы бес жылдық жоспар деп аталатын 1932 жылдың 15 мамырда қабылданған қаулысы шешті. Осы қаулыға сәйкес жергілікті кеңес билігінің органдары барлық діни мекемелерді, олардың арасында мешіттерді, шіркеулерді, синагогаларды, ғибадат үйлері мен діни рәміздері бар ғимараттарды 1937 жылдың 1 мамырына дейін жоюға міндеттелді [185, 79, 81 б].

Коммунистік биліктің 1917 жылғы ар-ождан бостандығын жариялауы ең қайшылықты мәселе болып қала берді. Кеңес үкіметінің елдегі ар-ождан бостандығы туралы алғашқы жарлықтарын іске асыруы еліміздің барлық мұсылмандарына соққы болды. Мешіттің вакуфтық жерлерін және мүлкін тәркілеу, мешіттің жанындағы мектептер мен медреселер ғимараттарын

иемдену науқаны халықтың діни ғибадаттарына орындауға кедергі келтірді. Революция алдындағы жылдарда діни қызметкерлерге деген сенімі және революциядан кейінгі жылдардағы коммунистік биліктің мұсылмандарға берген еркіндігі қиянатқа ұласты. Коммунистердің Қазақстандағы исламға қарсы шабуларының үдей түскен кезі қазақ халқы «геноцид» сипатындағы ашаршылық зұлматын бастан кешіріп жатқан трагедиялы уақытпен сәйкес келеді. Ашаршылықтың адам жанын түршіктіретін суретінен сол мезгілдегі төмендегі ақпаратты хат хабардар етеді. Аштық туралы ең сенімді ақпарат 1932 жылы Қазақстанға «Қызыл крест» Атқару комитетінің жіберген санитарлық-эпидемиологиялық бөлімшелерінің деректерінде қамтылған. Торғай ауданын зерттеген эпидемиялық бөлімшелердің бірінің басшысы эпидемиолог Стариков Ақтөбе облыстық атқару комитетіне жіберген ақпаратында: «Торғайға 15 маусымда келдім... Ашаршылық құбылысының ең өткір нәтижесі: аштық, психоз, сарқылу, атрофия сатысына жету. Мұнда тағамды ас үйдің қоқысымен, жабайы өсімдіктер тамырын, жабайы тышқандарды жеумен халық азықтануда, кішкентай балдарды тамақтандырдым. Олардың арасында өлікті жегендер де бар екендігін айтады. Ең қорқынышты жағдайда балалар... Балалар үшін тамақ жоқ. Әдетте 100-150 адамнан тұратын балалар үйінде күн сайын 1-2 бала немесе тіпті 3 бала бақи болады, олардың саны жылдам түрде жаңа балалармен толықтырылады. Эпидемиологиялық бөлімшелердің зерттеулеріне сәйкес, даладағы жағдай апатты байырғы тұрғындардың 30-35 % аштыққа ұшырады; 10 дан 15 % дейін эпидемиялық ауруларға шалдыққан (шөп, тифус, іш сүзегі және т.б.), әсіресе балалар көп қорлық көруде» [186].

1920-1930 жж. жаппай ұжымдастырудың артынан қолдан жасалған ашаршылық қасіреті қазақстандық мұсылмандарды тоз-тоз етіп, қалың бұқараны алапат қырғынға әкелді.

Агентуралық жүйенің белең алуымен исламға қатысты барлық нормалар мен шешімдер, қаулылар және ережелер елдегі діни өмірдің іргесін сетінетуге бағытталды. ОГПУ қызметкерлері тұтастай еліміздің барлық аймақтарында діни ұйымдардың қызметін қатаң бақылап, үрей мен қорқынышта ұстады. Мешіт имамдарын, ишандарды, улемалар мен олардың ұрпақтары, өзге сатыдағы діни қызметкерлердің соңына жаппай шам алып түсуге жалғасты. Осыған қарамастан Қазақстандағы қалыптасқан діни сенім, мұсылмандық әдет-ғұрыпты сақтау мақсатындағы үрдістер құпия түрде болса да үзілмей жалғастық тапқан.

Тараудың бірінші бөлімі бойынша жасалған ғылыми тұжырымдарын төмендегі саты негізінде айқындауға болады:

- 1917 жылғы 2 қарашадан (15) Ресей халықтарының құқықтары декларациясында және 1917 жылғы 20 қарашада (3 желтоқсан) «Ресей мен Шығыстың барлық жұмысшы мұсылмандары» Халық Комиссарлары Кеңесінің үндеуінде кеңес үкіметі патша және уақытша үкімет тарапынан жүргізілген империалистік саясаттан бас тартқаны туралы жариялады. Екі құжат бұрынғы Ресей империясының аумағы мен кеңес билігіне бағынған

мұсылмандарға оң әсер етті. Себебі уақытша үкімет мұсылмандардың Бүкілресейлік мұсылман конгресі ұсынған білім беру жүйесін, діни және әскери институттарын құруға деген талаптарын қабылдаған жоқ. Коммунистік билік отаршыл мен тәуелді халықтар арасында теңдік пен өзара сыйластық негізінде қарым-қатынас орнатылатынын ашық айтқанымен түбінде исламға қарсы мұсылмандық мәдениетті жою және атеистік қоғамды құру жатты;

- 1920 жылдың қаңтарында Түркістан аймағындағы кеңестердің орталық атқару комитеті «Түркістан Республикасының жұмысшылар мен шаруалар үкіметінің қаулылары мен бұйрықтарын шарифат пен әдет заңдарын үйлестіру жөніндегі комиссия туралы» қаулысын мақұлдады. Оған сәйкес кеңес үкіметі заң актілері мен шарифат пен әдет заңдарын арасындағы сәйкессіздіктер болған жағдайда исламнан бас тартып, әдет заңдарына басымдық берді. Большевиктің исламмен қарым-қатынасы қайшылықты болды. Маркстік атеизм исламның қағидаларындағы құндылықтарымен үйлеспейді. Соған қарамастан, көптеген саяси белсенді мұсылмандар кеңес үкіметінен үміт күткендіктен алғашқы он жылда большевиктік билікті құруға кедергі жасамады;

- Ал кеңес үкіметінің заңнамалық актілері, большевиктердің насихаттары, Қазақстандағы ислам мен мұсылмандықты «панисламизм» мен «пантүрікшілдікпен» байланыстырып, кез келген діни әрекеттің алдын алуға бағытталған болатын. Кеңес үкіметінің өкілдері өздерінің ұлттық саясатын жүзеге асыруда мұсылмандардың ұлттық және діни сезімдерін барынша мансұқтаумен әлек болды. Большевиктер ислам мен мұсылман қоғамын, олардың даму тенденцияларын, сипаттамаларын коммунистік атеистік саясаты аясында заңдық тұрғыдан жығып, орыс мәдениетіне кіріптар етуді көздеді.

2.2 Кеңес үкіметінің мұсылмандық оқу орындарына қатысты саясаты

Кеңес үкіметі алғашқы екі онжылдықта исламның дамуына теріс саясат ұстанып келді. 1920-1930 жж. мұсылмандық білім беру мекемелері, діни ұйымдар мен ислам негіздерін қорғап келген мұсылмандық басқармасы жойылуға бағыт алды. Осыған қарамастан, мұсылман дінбасылары қоғамда жұмыс істеп, белгіленген мұсылман дәстүрлерін сақтап қалуға тырысты. Революцияға дейінгі және кеңестік тарихнамада мұсылмандық білім беру мәселелеріне қатысты көптеген зерттеулер бар. Әдеттегідей, бұл құжаттар бұрынғы кеңес дәуіріндегі мұсылмандық білім беру мекемелерінің желісіне қатысты болды. Қазіргі кездің өзінде Қазақстандағы мұсылмандық білім беру мекемелерінің тарихындағы кеңестік кезең мүлдем зерттелмеген десек болады.

1917 жылға қарай Қазақстан жерлерінде мұсылмандардың үш түрлі білім беру желісі қалыптасқан болатын. Біріншісі, «ескі» әдісті мұсылмандық мектептер мен медреселер; екіншісі, «жәдидтік» жаңа әдісті мұсылмандық білім беру мекемелері; үшінші, ол орыс-туземдік мектептер. Өзінің саны мен халық арасындағы беделі жағынан сұранысқа тап, бұл «ескі» әдісті мұсылмандық мектептер мен медреселер болды. Революцияға дейінгі

тарихнамада Түркістан генерал-губернаторлығына танымал зерттеушісі Н.П. Остроумов «исламдық сипаты бар бұл мектептер» халықтың арасында маңыздылығын жоғалтпағанын, керісінше біртіндеп дамып, нығайғанын атап өткен [187]. Бұны әрине, қазақ қоғамының ислам мен мұсылмандық білім беру жүйесінің тәуелсіздігін сақтап қалуға тырысқандығымен байланыстыруға болады. Сондықтан екінші тараудың, бірінші бөлімінде біз, 1920-1950 жылдар аралығында мұсылмандық ағартушылық пен аймақтардағы мектептер мен медреселердің санын көрсетуге күш салдық. Оған бұрын-соңды тартылмай келген мұрағат құжаттарына иек артып, нақты ғылыми тұжырымдар жасадық.

XX ғасырдың басында Қазақстанның түпкір аймақтарында жергілікті халықтың арасында «жәдидтік» реформаторлардың жаңа күші пайда болды. Бастапқы кезеңде жәдидтер білім беру саласындағы реформаларды қолдап, дәстүрлі және еуропалық мектептердің ұстанымдарын біріктіруге тырысты. Жарияланған материалдарға қарағанда, жергілікті қоғамнан Абдулла Аулани ескі схоластикалық мектептердің заман талабына ере алмайтынын және олардың білім беру сапасының жеткіліксіз екенін атап өткен [188]. 1913 жылы «Айқап» журналының 1 санына жарияланған мақаласында М.Сералин болса, ел арасында дәстүрлі медресе-мектептердің көптеп ашылуы көңілді шаттандыратындығын атап өткен [189]. Революцияға дейінгі жылдары Қазақстанда атап айтқанда, Верныйда «Ғабдулвалиевтер», Ақсуда «Мамания», Қапалда «Якобия», Зайсанда «Қазақия» және «Ғизатия», Қарғалыда «Әмирия» және тағы басқа медреселер ашылып, кеңестік биліктің алғашқы жылдарында қызметтерін жүргізген. Бұл оқу орындарының шәкірттері жылдан-жылға көбейіп отырған. Қарғалыдағы «Әмирия» медресесінде 1912 жылы 150-ден артық бала дәріс алған болса, 1919 жылы оның саны екі есеге дейін өскен [190]. Большевиктік төңкерістің аяқталуымен Азаматтық соғыс жылдары аралығында Қазақстанда 14410 оқушысы бар 2410 мектеп жұмыс істеген. 1909 жылы ағартушылық мақсатты көздеген Жетісу облысының Қапал уезінде «Мұсылмандардың ағартушылық және қайырымдылық қоғамы», ал 1912 жылы Жаркент қаласында «Мұсылман-прогресшілдер қоғамы» ұйымдастырылды. Бұл қоғамдар оқу саласына көмек беріп қана қоймай, мұқтаж мұсылмандарға, кедей жатақтарға, қарттар мен жетім-жесірлерге, мүгедектерге ақшалай көмек көрсету ісін де қолға алды. Аталған мекемелер Түркістан АКСР жылдарында да өз қызметтерін жалғастырып келді [191].

Қазақстанда білім беру жүйесін реформалау Түркістан Автономды Кеңестік Социалистік Республикасының Халық Комиссарлары Кеңесінің 1918 жылғы 14 мамырдағы кеңестік орта мектебін ұйымдастыру туралы № 145 бұйрығымен басталды [192]. 1918 жылы 20 қарашада Түркістан Республикасы Халық Комиссарлары Кеңесі өз қаулысымен «шіркеуді мемлекеттен және мектепті шіркеуден» бөлді. Осы Жарлыққа сәйкес «кеңестік мектептердің қабырғасында православтық негіздерін оқытуға» тыйым салынды. «Мұсылман мектептеріне қатысты» кеңес билігі алғашқыда бақылаушы іспетті ұқыптылық қағидаларын сақтап келді. Жаңа үкімет сол кезде өзінің күші мен мүмкіндіктеріне әлі толық ие бола алмай келді, ал мұсылмандық білім беру

мекемелерімен жергілікті әкімшіліктің шараларымен жоя салатынына сенді. Дегенмен, коммунистік билік патшалық әкімшілікке қарағанда әлдеқайда түбегейлі әрекет етуге шешім қабылдады. Кейбір жерлерде мұсылман халқының наразылықтарын тудырған дәстүрлі діни оқу орындарын жабуға тырысты. Сондықтан 1919 жылғы 20 мамырдағы Түркістан Автономды Кеңестік Социалистік Республикасының Ұлттық Комиссариатының Басқармасының жиналысында «жергілікті халықтың» ашық наразылықтарын болдырмау үшін дәстүрлі мектептерді жабу туралы бұйрықтың орындалуын тоқтату туралы шешім шықты [193]. Байқағанымыздай кеңес үкіметі ұлттық білім беру жүйесіне қатысты саясатының негізгі бағыттарын анықтап, жаңа коммунистік мемлекеттік жүйені құруға қадам жасады. Алайда, жаңа үкіметтің әлсіздігі, оның ұстанымдарын жергілікті халықтың мойындамауы, бұл саясатты жылдам түрде іске асыруға мүмкіндік бермеді. Коммунистер ерте кезеңде бұрынғы империялық діни мектептерді «елемеу» саясатын жалғастырды. Бірақ, білім беру саласындағы басты «дұшпандық элемент» ретінде дәстүрлі мектептер мен медреселер екендігін ұмытпады. Мәселен, 1920 жылдың 23 мамырында Халықтық комиссарлар бөлімінің есептерінде «ескі мектеп пен медреселер биліктің қолдамауы салдарынан өздігінен жойылады» делінген. Соның салдарынан Түркістан өңірінде сол жылдары 20 жуық мектепте бар жоғы 75 оқушы білім алған [194].

Мектептер және медреселермен қатар, патша дәуірінің түрлі гимназияларын, орыс мектептерін және мұғалімдер семинарияларын жою үшін 1918 жылы заңнамалық шаралар қабылданды. Қазақстандағы бұрынғы білім беру мекемелері «барлық жабдықтармен, оқу құралдарымен және қызметкерлерімен» кеңестік білім беру басқармасының қарамағына өтті [195]. Кеңес үкіметінің «ұлттандыру» саясаты жалпы білім беру сипатындағы оқу орындарын ұйымдастыру бойынша мемлекеттік монополияны құруынан байқалды. Сол кездері кеңестік қазақ, орыс, өзбек, татар, қырғыз, түркмен және тәжік «бірыңғай еңбек мектептері» бой көтере бастады. Түркістан АКСР-нің үкіметі қиын жылдары кеңестік режимге теріс қатынасты нығайтудан қорқып, белгілі бір деңгейде жеңілдіктер жасауды жөн көрді. Осылайша, 1918 жылы 9 қарашадағы бұйрықпен мұсылман халқы үшін кеңес мектептерінде мұсылмандық діни негіздерін оқытуға рұқсат берілді [196, 2 б].

Түркістан АКСР-ін қаптаған азаматтық соғыс пен «басмашы» қозғалысының өрістеуі салдарынан, мектептер мен медреселер төтенше жағдайда жұмыс істеуге мәжбүр болды. Салыстырмалы түрде, мемлекеттің жаңа кеңес мектебінің пайдасына қамқорлық жасаған әдістері де «өтірік» болып шықты. Себебі, мұрағат құжаттары көптеген кеңестік мектептердің «қағаз» жүзінде ашылғандығын дәлелдеп, оқытушылардың басым бөлігінің ашаршылықтың бірінші толқынына тап түскенін көрсетті. Мәселен, 1920 жылғы 23 мамырда қоғамдық білім бөлімдерінің басшыларының бірінші съезінде мынадай факт мәлім болды: «Кеңес мектептерінің көптігін білеміз, бірақ бұл мектептердің еш пайдасы жоқ. Бізде бірыңғай еңбек мектептері бар, бірақ бұл мектептердің білім беру сапасы «ескі» мектептерден әлдеқайда

төмен. Білім беру деңгейі мүшкіл жағдайда» [197]. Түркістан Республикасының Халық комиссары, Білім беру министрі В.Билик өзінің берген мәліметтерінде жергілікті халық арасында жоғары беделге ие дәстүрлі білім беру мекемелері кеңестік мектептердің күшті бәсекелесі екенін жасыра алмаған. Сонымен қатар, Халық комиссарының «тіпті байырғы мұсылман халқы кедейлік жағдайында болса да дәстүрлі конфессиялық мектептер сақталып, белсенді жұмыс істеді» деген ойы жағдайдың мән-жайын ашып отыр [198, 27 б]. Оған 1919 жылы наурыз айында Түркістан Республикасы Кеңесінің VII съезінде айтылғандай, Ақмола облысының жергілікті тұрғындардың күніне он мыңдаған адамның ашаршылықтан қырылғандығы дәлел бола алады. Осындай қиын жағдайларда, тіпті коммунистік мемлекеттік органдарға емес, керісінше халықтың қайырымдылығына сүйенген мұсылмандық мектептер мен медреселер өзінің дәстүрлі құрылымын сақтап қалды және 1920-шы жылдардың соңында басталған ЖЭС пен ұжымдастыру жылдарында өзінің өміршеңдігін танытты [199].

Мұсылмандық білім беру мәселесі ислам дінінің дәстүрлі таралу аймақтарында партиялық органдар үшін қиын мәселе болды. Қазақстандағы мұсылмандық мектептер мен медреселерді әкімшілік пәрменмен мәжбүрлеп жауып тастау мұсылман тұрғындарының өте теріс реакциясын туғызды. Бұл жағдайда партиялық мемлекеттік органдар бірнеше жылдар бойы және келіспеушіліктер мен қайшылықтан тайқып, кейде объективті шындықтардың шабуылына қарай тактикасын өзгертті. Өңір басшылары біртіндеп исламға қарсы күрес мәдени әдістермен ғана күресуге болатындығы туралы қорытындыға келді. Сондықтан кеңес билігін мұсылмандық мектептер мен медреселерге қарсы бағытталған саясатының келесі қадамы жергілікті биліктің халық арасындағы беделін түсіру мен заңды түрде құқықтарынан айыру болып табылды. Соған байланысты, 1920 жылы қазан айындағы КазАКСР еңбектенушілердің құқық декларациясында: «осы декларация белгілеген негізгі ережеде еңбектенушілердің құқығына нұқсан келмейтін қырғыз халқының тұрмыстық ерекшеліктерін ескере отырып, кеңестік Ресейдің халықтық революциялық соты тәжірибесінің нақты мысалында халықтық әділет құру» қарастырылып, аталған құжатта «мұсылман» термині қолданылмайды, сонымен қатар діндарларды Кеңестерге сайлау және сайлану құқығынан айыруымен, осы кезде қазақтың әдет пен шариғаттан тұратын халықтық соты трансформацияға ұшырайды» делінген [200].

1921 жылы наурыздан бастаған ЖЭС жылдарында большевиктердің кеңестік мектептерді қаржыландыратын мүмкіндігі болмады. Мұндай жағдайда шәкірттер мен мүдәрістердің, әсіресе ауылдық мүдәрістердің қаржылық жағдайы өте қиын болды. Кеңестік ұлттық мектептің жүйесі терең дағдарыста болды. Медресе секілді вакфтармен қамтамасыз етілген «ескі» әдісті мектепке көшу процесі жеделдетілді.

Қазақстанның түпкір аймақтары, әсіресе Түркістан өңірі мен Шығыс Қазақстан облыстары 1917 жылдан 1920 жылға дейін, азаматтық соғыстың

салдарынан, кеңестік бақылау аймағынан тыс қалды. Осыған байланысты біздің пікірімізше кеңестік және отандық тарихнамада Қазақстандағы 1920-1930 жж. халық ағарту саласының үш құрылымдағы үдерістерді қараудың дұрыс емес тәжірибесі қалыптасқан. Мәселен, «ескі» әдісті мектептер мен медреселердің, кеңестік «мектептер» және «жаңа әдісті» (жәдидтік) білім беру мекемелерін салыстырмалы зерттеу мәселесі кешенді түрде қарастырылмаған. Осының негізінде хронологиялық шеңбер бойынша біз кеңес билігінің исламдық білім беру жүйесіне қарсы 1921-1928 жж. «ескі» әдісті мектептердің «уләмасын» жәдидтік өкілдерге ұйымдастырылған түрде пайдаланған кезеңі деп есептейміз. Сөйтіп, мұсылмандық білім беру жүйесін түбегейлі жоюда кеңес билігінің мұсылман уләмасын, имамдарды, мүдәрістерді және молдаларды жаппай қудалау кезеңін 1927 жылы «алғашқы тазалау», 1937-1938 жылдары «екінші тазалау», 1949 жылы «үшінші тазалау» деп атап, мәселені ашуда осы хронологиялық тұрғыдан жіктедік.

Ендігі жерде 1922 жылы 24 қазанда Түркістан Орталық атқару комитеті президиумының қаулысына сәйкес халық «діни (мұсылмандық) білімін мектеп қабырғасында емес, сыртта алу міндеттелді». Соның салдарынан елде мешіттердің құрамында «діни сауат» ашу бөлімдері ашылып, жергілікті халық өз білімдерін мешіттерде жалғастыратын болды. Оған қарсы ЖЭС жылдарында 1918-1921 жж. «әскери коммунизм» кезеңінде құрылған кеңестік мектептер желісі бұзыла бастады. Екінші жағынан, мұсылмандық білім беру жүйесі қайта өрлеп, нығая бастады. Статистикалық мәліметтерге қарағанда 1924 жылы Қазақстандағы діни мектептер саны 2403-ге жетті [201]. Сол жылдардағы Жетісу және Сырдарья облыстары бойынша «ескі» мектептер саны 434 санын көрсетсе, «жаңа әдісті» мектептердің саны 75-ті көрсетті [202, 281 б]. Алайда мектептердің басым бөлігі қолайсыз үй-жайларда жұмыс істеді, ал қазақ мектептерінің шамамен 99 пайызында жеке ғимараттар болмады.

Мұсылмандық мектептер мен медреселердің өміршеңдігі кеңес билігінің мазасын қашырды. Оған қарсы кеңестік үкімет бастапқыда қарумен емес, балама білім беру торабын ашу арқылы күресуді жоспарлады. Сөйтіп, бірыңғай оқу жоспары мен іс жүзінде ешқандай оқулық болмаса да орыс орта мектептерін аша бастады. Қазақстандық балаларға, ауыл шаруашылығы қызметкерлері мен жетім балаларға, орысша білім алатын мектептер мен интернат-мектептері ұйымдастырылды [203]. 1923 жылы Қазақстанда 128 000 оқушысы бар 2025 орысша білім беретін мектебі, ал 1925 жылы 160 924 оқушы бар 2713 орыс мектебі сап түзеді. Атап өтетін жағдай, қиын экономикалық жағдайдағы мектептер санының өсуі білім беру жүйесінің сапалы деңгейінің төмендеуіне әкелді. Мәселен, 1927 жылы қазақ ауылдық мектептерінің тек 1,5 %-ы және орыс мектептердің 28 % ғана өздерінің жеке меншік ғимараттарына ие болды [204].

Кеңес билігінің мұсылмандық мектептер мен медреселерге қысымы жыл өткен сайын күшейе түсті. 1923 жылғы 11-16 наурыздағы Түркістан Коммунистік партиясының VII съезінің «Түркістан жағдайында дінге қарсы насихаттау туралы» қаулысы мен 1925 жылғы 6-12 ақпандағы Қазақстан

коммунистік партиясының бірінші съезінде қабылданған «Дінге қарсы үгіт-насихат» құжаттары мұсылмандық мектептер мен медреселерге қарсы бағытталған іс-шараларды қолға алды. 1923-1924 жылдың соңында мектептер мен медреселерді реформалау тоқтатылды. Мұсылмандық мектептер мен медреселердің әрі қарай қызмет көрсету жұмыстары заңсыз деп танылды [205]. Осы тұста бір мәселені атап өту маңызды болып табылады. Тұтас дәстүрлі білім жүйесі «реакциялық» деп мансұқталды, жаңа кеңес тілдік классификасында мұсылмандық білім «сауатсыз» санатына қосылды. Осыған байланысты 1924 жылы «сауатсыздыққа», шындап келгенде «мұсылмандық білім беру жүйесіне» қарсы күрес жөніндегі төтенше комиссия құрылды [206]. 1924 жылдың 1-ші сәуірінен бастап «жаңа әдісті» мектептер бірінші деңгейдегі бірыңғай еңбек мектептерінің бағдарламасына, ал «жаңа әдісті» медреселер екінші деңгейдегі сатыға көтеріліп, еңбекшілер мектептері деп атала бастады және ондағы білім беру жүйесі орыстың кеңестік типтегі мектептерге ұқсас болды. 1924 жылдың 20 тамызында Мемлекеттік әкімшілік басқармасының меморандумында «Қазіргі уақытта кеңес билігіне қарайтын ешқандай дәстүрлі діни және «жаңа әдісті» мектептері жоқ» делінген [207].

1925 жылы Қазақстандағы мұсылман халқының наразылықтарына қарамастан бас көтерген мүдәрістер мен имамдар тұтқындалып, түрмеге тоғытылып, мектептер мен медреселерді, сондай-ақ Түркістан облысындағы қариханаларды күштеп жауып тастау науқаны жүзеге асты. Бұл саяси қуғын-сүргін саясаты жиырмасыншы жылдардың соңында аяқталды. Осыған қарамастан мұсылман халқы арасында діни білім алудың дәстүрлері мен қажеттіліктері сақталды, ашық түрдегі мектептер мен медреселердің орнына заңсыз «хиджра» (бөлме немесе келья) деп аталатын жертөле мектептері пайда болды [208].

Қазақстандағы, әсіресе оңтүстік пен батыс өңірлерінде дәстүрлі мектептер мен медреселерді «түбегейлі жою» науқаны Орта Азия Республикаларын межелеу саясаты кезінде жүзеге асты. Барлық өкілді органдарды Орынбор мен Қызылордаға, сонан соң Алматыға ауыстыру, Тараз, Түркістан, Атырау, Орал, Өскемен және т.б. мұсылмандық мектептердің көптеп шоғырланған аймақтардағы білім беру орталықтарын жою мақсатында коммунистік іс-шаралар белең алды. Бұл қалалардың, әсіресе Түркістан қаласының статусы төмендетіліп, ондағы мектептер мен медреселердің ғимараттары жергілікті коммунистердің еншісіне зорлықпен өткізілді. Сонымен қатар мешіттер мен олардың жанындағы мектептерге қатысты мәселелерді шешу барысында заңның өрескел бұзылуы мен қателіктерге жол беру жағдайлары тіркелді, яғни кеңестік терминологиямен айтқанда «асыра сілтеушілік» орын алды [209].

Мұсылмандық мектептер желісінің дамуы тек дәстүрлі сипатты, қоғамдағы сұранысы, әдеттегі білім беру стандарттарына сәйкестігі жағынан емес, сонымен қатар кеңестік мектепті белсенді түрде қабылдамауымен байланысты болды. 1921 жылдан 1926 жылға дейінгі кезеңде Түркістанда, содан кейін Қазақстанда кеңестік мектептер «дінсіздік» пен «атеизм» жолына көшкенімен сипатталады. Осылайша, коммунистік билік өскелең ұрпақтың санасын

өздерінің мүдделеріне икемдеуге тырысты. Бірақ коммунистік биліктің «дінсіздік» жолындағы үгіт-насихаттары діндар ата-аналардың өмірлік ұстанымдарына үлкен әсер етті. Мектептерде білім алушылармен қатар, ересектерді де «дінсіздікке» шақыратын жас атеистік топтар ұйымдастырылды. 1928 жылдың 20 қарашасында Алматы қаласында тұңғыш «атеистік» республикалық конгресс өтті [210]. Зерттеушілер атап өткендей, Түркістандағы мектеп құрылысы, мысалы, РСФСР-ге қарағанда, әлдеқайда күрделі жолдан өтті. Егер Ресейдің шеткері аймақтарында мектеп жүйесін құру негізінен коммунистік құрылыстың жаңа міндеттеріне негізделіп, ескі мектеп бағдарламасын қайта қараумен байланысты болса, Орта Азия мен Қазақстан жерлерінде кеңестік мектеп желісін құру қажет болды.

1920 жылдардың ортасынан бастап билік органдары мұсылмандық оқу орындардың кеңестік мектеп жүйесінің бәсекелесі болғанын сезінді және «дінсіздік» саясатын жүргізу мақсатында мұсылмандық мектептер мен медреселердің халық арасында діни сауатын ашу жолындағы іс-шараларға шектеу қоя бастады [211]. Мұсылмандық мектептер мен медреселер терең тарихи тамырларымен «либералды» 1920 жылдары кеңінен тараған. Деректерге қарағанда Қазақстанның шығыс, оңтүстік және батыс аудандарында 1926-1927 жылдары мұсылмандық білім беру мекемелері қызметтерін сақтап, кеңестік мектептерге қарағанда саны жағынан көп еді. 1926 жылдан бастап, бірқатар аудандарда мұсылмандық білім беру мекемелерінің саны азайып келді. 1917 жылғы Ақпан революциясына дейін Сайрамда, Түркістанда, Ақмешітте және Әулиеатада 31 медресе бар еді, Семейде сол жылдары 5083 оқушысы бар 17 мектеп және медресе жұмыс істеген, Торғай облысында 457 оқушысы бар 59 мектеп пен медресе, Ақмола облысында 14, Шығыс Қазақстан облысында 415 ер оқушысы бар 36 мектеп пен медресе жұмыс істеген. 1910 жылғы қорытындыға сәйкес, Жетісу өңірінде 12835 оқушысы бар 88 медресе және 7 мұсылман мектебі, Орал облысында 4926 оқушысы бар шамамен 206 мектеп пен медресе болған. Қазан төңкерісіне дейін Орынбор губерниясында 104 мектеп болды, олардың 10-ы «жаңа әдісті» мектептер санатына жатты, сонымен қатар 94 мектеп мешіттердің жанында қызмет еткен. 1910 жылы Қарнақ ауданында 30 мешіт, және 4 медресе жұмыс істеген [212, 115 б].

Қазақстандағы мұсылмандық мектептер мен медреселердің оқу үрдісін дәстүрлі түрде «мактабдар» (Оңтүстік Қазақстандағы өзбек халқының шоғырланған аймақтарында), «молда», «қари», «мүдәріс», «ахун», «ұстаз» ұйымдастырды. Бастапқы кезеңде мектеп оқушылары Құранның Хафт-и йек (жетінші) бөлігінің мәтіндерін оқып, есте сақтауға мүдделі болды. Исламның жергілікті формасының идеологиясы ханафи және сопылық мазмұнды болғандықтан, «*Чахар кітап*» және «*Бе-Дан*» сияқты оқулықтар осы мектептерде пайдаланылды. Халықтың көпшілігі білімнің осы көлемімен қанағаттандырылды. Ең қабілетті шәкірттер оқуын медреседе жалғастырды. Онда олар «*әл-‘арабийат*» араб филологиясын, «*‘улум әл-Құр’ан*» Құран негіздерін, «*‘улум әл-Хадис*» хадис негіздерін, «*әл-‘ака’ид ва-л-мантық*»

философия және логика негіздерін және «*әл-фиқх*» ислам құқығы пәндерін меңгерді [213].

Садуақас Ғылманидің айтуынша Көкшетау өлкесіндегі медреседе 1923 жылғы заңға сәйкес жабылғанға дейін шәкірттерге усул-ал-фиқһ, «Ибн Мәлик», «Таузих», арты сарф, наху, тәпсір, хадис, арабияттан дәріс өткізілген [157, 284 б].

1924 жылдың 9 маусымында Бүкілресейлік Орталық атқару комитетінің Президиумының № 18 шешіміне сәйкес мұсылман мектептерінде 14 жасқа дейінгі балаларды оқытуға тыйым салу туралы шешім қабылданды. «Бүкілресейлік орталық атқару комитетінің мұсылман тұрғындары арасында білім беру туралы шешімдерін орындау бойынша нұсқаулар» дайындалып, мұсылмандық білім беруге өте қатаң шектеулерді белгіледі:

1. Ислам негіздерін оқыту тек қана мешітте жүзеге асады және ауыл немесе мешіті бар қаладағы халықтың үштен төрт бөлігін ғана қамтуы шарт делінген. Қойылған талап негізінде көбінесе қадағалануға тап түскендердің арасында бірінші кезекте имамдар, сонан соң ауыл жастары болды;

2. Мұсылмандық діни негіздерін мешітте қызмет ететін молда ғана мұғалім бола алды, ол өз кезегінде міндетті түрде облыстық әкімшілік департаменті мен қоғамдық білім бөлімдерінің біріне тіркелуге мәжбүр болды. Тіркеусіз молдалық-мүдәрістік қызметті атқарған имамдар мен ишандар қамауға алынып тұрды;

3. Ауыл немесе мешіті бар қалаларда жастарға діни негіздері мен намазды оқытпауы үшін, жергілікті коммунистік билік органдары «атеистік» пиғылы бар еркін концерттер мен спектакльдер, түрлі спорт іс-шараларды өткізуге міндеттелді [214].

Осы қаулы қабылданғаннан кейін Қазақстанның түпкір өңірлерінде 15-75 оқушы бар 20 медресе жабылды. Сол уақытта тек Сырдария өңірінде 5115 оқушы бар 276 медресе жұмыс істеген [215, 4 б]. Ал кеңестік орыс мектептерінің саны 15-ге жеткен еді. Коммунистік билік осы салыстырмалы санды аңғарып ел ішіндегі барлық діни мекемелерді қысымға алуды жалғастырды. Мұсылмандық білімге қарсы ең сорақы саясатын 1925 жылы Ф.И. Голощекин Қазақстан облыстық комитетінің бірінші хатшысы болып тағайындалғаннан басталды. Ол, жергілікті халықтың мәдени және этникалық болмыстарынан бейхабар еді. Бірақ өзін еліміздің барлық ерекшеліктерін білетіндей жұмысқа кірісті.

Ф.И.Голощекин Ақмола облысындағы ислам негіздерінен сабақ беріп келген 153 имам, 78 мүезінді, 2 жоғары білімі бар ишанды қуғынға ұшыратты. Сонымен қатар, 121 шәкірті бар 3 мүдәрісті қамауға алып, олардың тағдыры күні бүгінге дейін белгісіз болып тұр. Ақмола облысындағы 547 шәкірті бар 14 медресені жергілікті билік тарапынан қадағалауға алғызды, ал 7 медресені ашуға өтініш білдірген имамдарды түрмеге отырғызып, отбасыларымен бірге қыспаққа алды [216]. Сол жылдары кеңестік билігі орнатқан 14 жасынан бастап мұсылмандық білім алу жөніндегі шешіміне қарсы шыққан жергілікті халықтың барлығы әкімшілік бұзушылықпен айыпталды және аумақтағы

имамдар осыған байланысты «кеңеске қарсы» әрекеттері үшін ұсталды. 1926 жылы жергілікті билік органдарының Жетісу облысы бойынша есеп беру деректеріне қарағанда 458 молда Ф.И. Голощекин саясатының құрбаны болды [217].

ОГПУ-ның берген мәліметтеріне қарағанда 1927 жылы Қазақстан бойынша 55 мурид тіркелген, олардың 11-і Ақтөбеде, 10-ы Оралда, 8-і Семейде қызмет еткен. Мурид және халфа дайындайтын мектеп Қазақстанда ишандарды дайындады. Әрбір ишанның 10000-нан 15000-ға дейін муридтері болған. Мысалы, жыл сайын Ақ ишанға 20-дан 50-ге дейін мурид тәуелділігін білдірген. Ақ ишан өз кезегінде Сырдария өңірін аралаған. Халық оған ерекше құрмет көрсеткен. НКВД қызметкерлері жыл сайын 5000-нан 8000-ға дейін Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне келіп сыйынатын мұсылмандар мен 200-ге жуық ишандардың жергілікті халықтың «садақасына» өмір сүріп, халыққа ислам негіздерін таратқаны жайлы ақпаратты Орталық Комитетке жіберіп отырды. Осының салдарынан 1926 жылы Шаян елдімекеніндегі Ақ ишан мешіті мен медресесі, Шымкент қаласындағы Шыңғысбай Дәуітұлы мешіті мен оның жанындағы мектебі жабылды [218].

1927 жылдың 8 маусымында Казкрайком ВКП (б) «Мұсылман діни қозғалысына қарсы күрес шаралары туралы» қаулы шығарды. Аталмыш қаулыда Ф.И. Голощекин төмендегі мәселелерге аса назар аударылуы қажет деп ұйғарды:

1. Мұсылман мектептеріне бұдан былай 18 жастан бастап балаларды қабылдауды реттеу. Оғанға дейін жастар арасында коммунистік идеологияны сіңіру және үгіт-насихаттық жұмыстарды жеделдету;

2. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасын Уфа рухани басқармасынан бөліп, екеуінің арасындағы байланыстарын үзу;

3. ОГПУ мен НКВД органдарына мұсылман мектептерін және мешіттерді қаржыландыруға тыйым салуды бақылау;

4. ОГПУ мен НКВД органдарына діни ұйымдардың жиналыстары мен конгрестерін өткізуге тыйым салуды бақылауды қамтамасыз ету;

5. Елдегі дінге қарсы комиссия құру [219].

Жоғарыда берілген құжатта көрініп тұрғандай, кеңес үкіметі дінмен күресте ең қатал әдістерді пайдалануға кірісіп, ОГПУ және НКВД секілді «құқық қорғау» органдарын тарта бастады. Осыдан кейін, 4 желтоқсанда Орталық комитетке «Ақмола облысындағы исламның жұмыстары туралы» «құпия» деп белгісі басылған құжат әзірленді. Онда Ақмола облысында 1926 жылы 6 мешіт құрылысы, сонан соң тағы 2 мешіт құрылысы, ауылдардағы 80 тіркелген және тіркелмеген молдалардың исламды жаңғырту жолындағы қызметі, Балқаш қаласында молдалардың атқару комитеті өкілдерімен кездесуі жайлы, 9 ауданнан 500 сом, 300 ұсақ мал және 200 ірі қараның жинағандары туралы айтылған [220]. Коммунистер дін қызметкерлері арасында «топтастыру» саясатын жүргізіп, дін өкілдерін бір-біріне айдап салу әдістерін пайдаланды.

Қазақстандағы «ауытқулар» жеңіліске ұшырағаннан кейін біртекті әлеуметтік құрылымдармен, біртұтас білім беру және мәдениет тәртібімен, сондай-ақ бүкіл ел бойынша «бір өлшемді» социалистік қоғамды құру керек болды. И.В.Сталиннің әлеуметтік конструктивизмі қазақтарды қоныстандыру және шаруа қожалықтарын ұжымдастыру саясатын жүзеге асыру кезінде жерді басқару саласындағы жанжалды қатынастардың көздерін жою арқылы этносаралық қақтығыстарды шешуді ұсынды. Сонымен қатар, сауатсыздық пен қазақ халқының мәдени артта қалушылықты жою үшін мұсылмандық білім беру саласында арнайы бағдарлама жүзеге асырылды. Сол бағдарламаға сәйкес көшіп-қонып жүрген қазақ шаруаларын бірінші кезекте отырықшыландырып, сонан соң кеңестік білім беру жүйесіне басыбайлы тәуелді ету жоспары жасалды. Жоспар негізінде мұсылмандық білім беру жүйесін бақылауға оңтайлы болатынын сезінген Ф.И.Голощекин елде жаппай ұжымдастыру жұмыстарын жүргізе бастады. Оның себептерінің бірі ретінде бірінші хатшы Қазақстандағы мектептердің басым бөлігінің «маусымдық немесе көшпелі мектептер» санатына жатқызылумен байланыстырып, ислам мен мұсылмандықты қазақтарды отырықшыландыру арқылы қолға алатынын басып айтты [221]. Сонымен қатар ауыл аймақтарының бір-бірінен алшақ орналасуына байланысты, жолдардың күрделілігі және байланыс құралдарының жоқтығы салдарынан, көшпелі және жартылай көшпелі аймақтарда мектеп жүйесін қадағалау аса қиын болатынын ескертті.

Статистикалық мәліметтерге жүгінетін болсақ 1933-1934 жылдары Қазақстандағы «көшіп-қонып» жүретін мұсылмандық мектептердің 21,4% бір жылдық, 48,5% екі жылдық, 16,5% үш жылдық, ал 13,6% төрт жылдық болды [222]. Осы пайыздық көрсеткішті тамырымен жойып тастау мақсатында ауылдық жерлердегі қазақтар жаппай отырықшыландырылатын болды. Қазақстан КСРО-дағы отырықшыландыру саясатын жүзеге асыруда эксперименталды алаңға айналды. Көшпелі экономикасы бар еліміздің басқа өңірлерінде жаппай қоныс аудару жүргізілді. Отырықшыландыру саясатының басым бөлігі осы Қазақстанда жүзеге асырылды. 1930-1932 жж. 324930 қоныстанған шаруа қожалықтарының 264 мыңы, яғни 81% Қазақстанға тиесілі болды [223]. Жергілікті халықты отырықшыландырып, кеңес билігі мұсылмандық ағартуды қолға алды, елде жаппай орыс және аралас мектептерін аша бастады. 1932 жылы мұсылмандық ағарту тек мешіт жанындағы мектептерде ғана оқытылатын болды. Оның өзі НКВД қызметкерлері тарапынан бақыланған жағдайда ғана жүзеге асты.

Мұсылмандық ағартуды бақылау науқаны 1932 жылдың көктемінде жүргізіле бастады. 1935 жылы Созақ және Талас аудандарындағы ауылдық мектептердің білім деңгейін тексеру барысында, билік органдарының екі жылдық мектепте ана тілі мен арифметика пәндерімен қатар діни дәрістердің оқытылғанына көзі жетті. Ол аймақтардағы он жылдық мектептерді тексеру кезінде қазақ балаларының бар жоғы 47 ғана білімін жалғастыра алған. 1935 жылы Қазқрайком ВКП(б) және Қазақстан КСРО СНК «Қазақстан мектептерінің құрылымын және қазақ орта білім беретін мектептерді

жетілдіру туралы» қаулы қабылдады [224]. Қаулыға сәйкес бұл мектептер мұсылмандық білім беру мекемелерін толық жоятынына және олардың орнына кеңестік орта мектептер келетініне сенім артылды. Сөйтіп елдегі жастар міндетті орта білім алу жүйесіне тартылды. Мұсылмандық оқу орындарына өздерінің балдарын жіберетін ата-аналар қамауға алынып, үстерінен қылмыстық немесе азаматтық іс қозғалды. Қазақстандағы оқу ағарту саласын реформалау нәтижесінде көптеген орта білім мектептері дүниеге келді. Осыған сәйкес 1938 жылдың 13-ші наурызында КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің және КОКП Орталық Комитеті Кеңесінің қаулысына сәйкес «Ұлттық республикалар мен аймақтардағы мектептерде орыс тілін оқыту туралы» Ереже қабылданды. Оны 1938 жылдың сәуір айында Қазақстан КРС-нің Жоғары кеңесі мақұлдап «Орыс емес мектептерде міндетті орыс тілін оқыту қаулысын» шығарды. 1940-1941 оқу жылында республикада 1033 орыс және 746 қазақ толық емес орта мектебі мен 533 орыс және 168 қазақ орта мектебі жұмыс істей бастады. Республика бойынша барлығы 697 мың орыс және 441 мың қазақ оқушысы бар 3362 орыс және 4428 қазақ мектебі пайда болды [225].

1920 жылдың соңы мен 1930 жылдардың басында Қазақстанда кез-келген исламдық білім беруді жою үшін арнайы жоспар ұйымдастырылды. Кеңестік режимде исламдық білім беру тарихындағы бұл жаңа кезең мәдени революция, ұжымдастыру және индустрияландырудың бүкілодақтық бағдарламаларын жүзеге асыру қарсаңында кездейсоқ басталмады. Қазақ тілі мен рухани мәдениетін көптеген ғасырлар бойы сақтап келген араб тілі мен жазуының өзі 1928 жылы «заңсыз» деп табылды. Большевиктер мұсылман дінбасыларының ықпалы осы араб тілі арқылы жүзеге асырылып, мұсылмандардың басын біріктіруге әкеледі деген ойда болды. Сондықтан, өз кезегінде А.Байтұрсыновтың әзірлеген қазақ тіліне бейімделген «Жаңа емле» деп аталатын араб алфавитін қабылдамай тастады. 1929 жылы 7 тамызда КСРО Орталық Атқару Комитетінің Президиумы және КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі латын әліпбиінің негізінде «Бірыңғай түрік алфавитін» жүзеге асыру туралы шешім қабылдады [226]. Латын әліпбиіне негізделген жазу 1929 жылдан бастап 1940 жылға дейін қолданылған, содан кейін кириллица алфавитіне ауысқан. 1940 жылғы 13 қарашада «Қазақ тілін латын әліпбиінен орыс графикасы негізінде әліпбиге аудару туралы» заң қабылданды [227]. Осылайша, қазақ әліпбиін бір немесе бірнеше алфавитке аудару тарихы белгілі бір саяси себептермен байланыста өтті. Сөйтіп, нәтижесінде мұсылмандық білім беру жүйесі Қазақстанның тарихынан түбегейлі жойылуға бет алды. Дегенмен, ислам негіздері мен мұсылмандық білім беру жұмыстары Қазақстандағы мешіттердің жанындағы «бөлімдерде» жасырын түрде оқытылып келді.

1920-1950 жылдардағы Қазақстандағы әлеуметтік және мәдени өмірдегі өзгерістер жаппай басып-жаныштау мен елдегі заңсыздықтың белең алуымен қатар жүрді. Террор жылдан-жылға артып, 1930-жылдардың ортасына қарай ел халқының жартысы қырылды. Егер 1929-1931 жылдары Республикадағы он

мың халқы бар ауылдың 193 адамға жалған айыптаулар тағылған болса, 1937 жылы 106 мың адам қуғынға ұшырады, оның 22 мыңы себепсіз ату жазасына кесілді [228]. Солардың арасында қазақтың бетке ұстар зиялылары А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Т.Рысқұлов, Н.Нұрмақов, С.Сейфуллин, И.Жансүгіров, Б.Майлин, С.Асфендияров және көптеген басқа да ардақты жандар аяусыз қорланып, ажал құшты. Күнәсіз жапа шеккендердің, айдалып, атылғандардың арасында діни адамдарының көп болғандығын мұрағат сөрелеріндегі деректер, басқа да куәлер айғақтайды. Қазақстан жерінің өзі қуғын-сүргіннің үлкен лагеріне айналды.

Осылайша Қазақстандағы мұсылман мектептер мен медреселердің құқықтық және саяси мәртебесін айқындау логикасы әдетте кеңестік заңнаманың рухында қалды. РСФСР заңнамасында «мұсылман қауымы» ұғымы мүлде алынып тасталды. Мұсылмандық білім деген ұғымды анықтайтын жалғыз құжат РСФСР Мұсылмандарының рухани ұйымының жарғысы болды.

Екінші тараудың екінші бөлімі бойынша негізгі ғылыми тұжырымдар төмендегідей:

- Зерттеу барысында Қазақстандағы мұсылмандық діни мектептер мен медреселердің ХХ ғасырдың басындағы қызметін екі саты негізінде қарастыруға негіз қалыптасты. Біріншісі, білім беру жүйесіндегі «кәдімшіл» және «жәдидтшіл» мектептер мен медреселердің арасындағы реформаторлық күрестің пайда болып, кеңес билігі тұсында екеуінің де өміршеңдігін сақтап қалуы; екіншісі, мектеп және медреселердің кеңестік дәуірдегі саяси қозғалысын «жасырын» түрде болса да жалғасуы. Оның сарқыншақтарын біз зерттеп отырған хронологиялық шеңберде қазақ халқының салт-дәстүрінде байқадық;

- Қазақстандағы мұсылмандық білім беру жүйесімен кеңес билігінің күресі уақыт талабына сай «құпия» және «ашық» түрде жүзеге асты. КСРО-ның басқа өңірлерімен салыстырғанда Қазақстанда оның өзіндік ерекшеліктері болды. Атап айтқанда, қазақ халқының 1924 жылға дейін, яғни Орта Азия және Қазақстанды межелеу саясатының басталуына дейін, қазақ халқының әліде дәстүрлі көшпелілік өмір салтын сақтау салдарынан мұсылмандық мектептер кеңес билігінің орталықтандырылған жүйесіне тәуелді болмады. Сонымен қатар, Қазақстандағы мұсылмандық мектептер мен медреселердің түлектері Өзбекстан және Уфа, Қазан, Орынбор қалаларындағы медреселермен байланыстарын үзбеді. Олар болса өз кезегінде елдегі исламдық салт-дәстүрдің сақталуын қамтамасыз етіп тұрды;

- Қазақстандағы оқу-ағарту саласы кеңестік білім беру жүйесіне толық қанды Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында енді. Елдегі ОГПУ мен НКВД қызметкерлерінің қуғын-сүргін саясатын жүргізуіне қарамастан, мұсылмандық білім беру үдерісін имамдар, ишандар және ахундар жалғастырды. Олардың алдын алу саясаты кеңестік орыс және қазақ орта білім беру мектептерінің ашылуымен жүргізілді. Елдегі «атеистік» үгіт-

насихаттың жүргізілуімен Қазақстанда мұсылман дін өкілдеріне деген халықтың қатынасы басқа қырынан дами түсті.

Кеңес үкіметі Қазақстанда ислами білім беру жүйесін бүтіндей қиратты десек болады. Сырттан білім алудың жолы кесілді. Осылайша, діни сауатсыздық белең алды, білікті дін мамандарын дайындау, діни ағартушылық тоқтады.

2.3 Ислам дініне қарсы үгіт-насихаттық жұмыстар

Кеңес мемлекетінің қалыптасуының алғашқы жылдарында коммунистер дәстүрлі ислам аумақтарында большевизмнің әлсіз қалыптасып үлгермеген мезгілінде, сондай-ақ Шығыс елдеріндегі коммунизмнің таралу болашағына байланысты мұсылман қауымдастықтарының қызметіне еркіндік берді. Коммунизм идеялары мен исламмен қатарынан өмір сүру кезеңінде дінбасыларға дауыс беру құқығы берілді, шариғат соттары мен мұсылман мектептерінің және қажылыққа бару мәселесі бойынша ымыралы саясат ұстанды. 1922 жылы КСРО қалыптасқаннан кейін коммунистер мұсылман дінбасыларын орталықтандыру мақсатында Уфа қаласында Мұсылмандардың Орталық діни басқармасын (МОРБ), Башқұрт діни басқармасы мен Қырым мұсылмандары діни істерінің халықтық әкімшілігін құрды. Атап өтетін жағдай- МОРБ КСРО-ның барлық мұсылмандары үшін рухани орталық болуға ұмтылуы, тіпті Қазақстанда жергілікті мүфтияттар ұйымдастыруға тырысты. Мекеменің бұл әрекеттері Қазақстанда сәтсіз аяқталды. Бірқатар тарихшылар МОРБ-нің бұл сәтсіздігін ОГПУ-нің шығыс бөлімшесінің агентуралық және үгіт-насихаттық жұмыстарымен байланыстырады. Оның себебін жергілікті қазақтардың МОРБ-ге бағынбай жеке әрекет ететіні жайлы ақпаратты таратты деген ойды алға тартуда. Бұл 1928 жылы кеңестік Қазақстанның МОРБ-ның қарауынан шығып кетуіне әкелді [229].

Қазақстандағы кеңес билігінің исламға және мұсылмандық білімге қарсы үгіт-насихаттық жұмыстарын екі саты негізінде зерделеуге болады. Біріншісі, коммунистер өздерінің ұстанымдарын ресми сатыға көтергеннен кейін исламға қарсы саясатын жайлап бастағанымен, сонан соң қуаттанған уақытта қатайған түрде жүргізді. Осыған байланысты түрлі декреттер, заңнамалар, қаулылар, тәртіптік ережелер шығарып қана қоймай оны жүзеге асыруда тізеге салып, асқындырған ел ішіндегі мұсылман халықтарын «қанға» бояған кездері де болды. Екіншісі, ол идеологиялық қысым арқылы, яғни түрлі ұрандарды, атеистік кітаптарды, оқу мекемелердегі мұғалімдерге деген идеологиялық «тазалау» ұстанымдарды, «атеистік комитеттерді» құрып, жас ұрпақтың тәрбиесін осы бағытта жүргізуді жіті қадағалап іске асырды. Сондықтан бұл тараудың екінші бөлімінде біз исламға қарсы үгіт-насихаттық жұмыстарды мемлекеттік «ресми» және «астыртын» идеологиялық ұстанымдар негізінде айқындауды жөн көрдік. Оған қоса бұл бөлімде Ф.И.Голощекин мен И.В.Сталиннің бір-біріне жазған хаттары бірінші рет ғылыми айналымға тартылды. Бұл хаттарда «қызыл қанға» малынған екі басшының Қазақстандағы исламға қарсы күресінің түпкілікті мақсаты мен

«байлардың» мал-мүлкін зорлықпен тәркілеу науқаны кезіндегі діни фактордың маңызы айқындалады.

Қазан революциясынан кейінгі алғашқы жылдарда исламға және мұсылмандыққа деген коммунистік биліктің ара қатынасын «төзімділік» сипатымен байланыстыруға болады. 1921 жылы шарифат әкімшіліктері Түркістанда исламды халық арасында уағыздауын тоқтатпады, ел ішінде шарифаттық соттар өз қызметін жалғастыруға рұқсат алды, дін басылары кеңес үкіметінің саясатына белсене араласты, Ораза айт және Құрбан айт күндері ресми түрде демалыс күндері деп белгіленді. Ислам және мұсылмандардың істеріне араласпау саясаты 1920-шы жылдардың ортасына дейін жалғасты. Содан кейін коммунистер бірте-бірте мұсылмандардың шеткері аймақтарын зерттеуге кірісіп, исламға қарсы жоспарлы іс-қимылдарын жүргізе бастады. Исламның жастарға әсерін әлсірету үшін кеңес үкіметі әскери міндеттілікті орнатты (1922 жылға дейін мұсылмандар әскерге тартылмады). Мұсылмандарға міндетті әскер жүйесін енгізудің артынан, мешіттерді жабу саясаты белсенді науқанмен жалғасты. Бұл науқан 1927 жылдан 1929 жылға дейін созылды.

1920 жылдардың басында кеңес үкіметі кез келген діни ағымдарға қарсы өзінің әдістерін өзгертіп, исламға қарсы нақты күрес құралдарын ойластырды. 1922 жылдың 19 қазанда коммунистік идеологияны монополияландыру және діни қалдықтарды жою мен ел халқының идеологиялық және мәдени жұмыстарын жандандыру мақсатында билік «Дінге қарсы комиссияны» құрды. Комиссия өз кезегінде қазақтың жас буынның саналық деңгейін коммунистік идеологияның шеңберінде ұстау мақсатында «пионер» және «комсомол» арқылы алғашқы атеистік үгіт-насихаттық жұмыстарын жүргізуге кірісті. Большевиктік партияның дінге қарсы саясаты мешіттер мен дінбасыларды қуғын-сүргінге ұшыратып қана қоймай, сонымен бірге халық арасында белсенді діни үгіт-насихаттық жұмыстарын сезімтал жас ұрпаққа коммунистік идеяларды сіңірумен ұштасты. Осыған байланысты Ресейлік Коммунистік Жастар Одағы (РКЖО) құрылды. Комсомол ұйымдарының негізгі міндеті халықтың коммунистік әлеуметтік-саяси белсенділігін көтеру, ауылдағы діни көзқарастармен күресуді қоса алғанда, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу болды. Жас коммунистер белсенділері бірінші кезекте дінге қарсы мінез-құлыққа негізделген құндылықтардың жаңа жүйесін жасады және жаңа кеңестік рәсімдерді үйлестіруді қолға алды. Олар комсомолдық үйлену тойларын, комсомолдық ереуілдерді, балалардың коммунистік көшбасшыларын үлгі алып, оларға деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту, азаматтық жерлеуді ұсынды [230].

Большевиктердің түркі-мұсылман халықтарының діни саясатын бағалауға және ұлт құрылысы тәжірибесіне объективтілік көзқарас Р.Сани мен А.Маррисонның ғылыми еңбектерінде кездеседі. Р.Сани кеңес мемлекетінің үгіт-насихаттық жұмыстарының түпкі мақсатында большевиктердің күтілетін әлемдік революцияның «шегінісі» контекстінде уақытша шара ретінде идеологиялық тұрғыдан ойластырылғандығына назар аударды. Автордың

пайымына қарағанда кеңес мемлекеті «эксплуатациялық» сыныптардың мүдделерін қорғайтын құрылым ретінде қалыптасып, коммунистік «дінсіздік» ағзасы іспетті үгіт-насихаттық жұмыстарды жүргізуге кіріскен. Большевиктер басшыларының сөзімен айтқанда «бір мезгілде империалистік емес құрылым, егеменді мемлекеттердің федерациясы, кеңестік ұлттардың ерікті бірлестігі, болашақ қоғамның үлгісі және ұлттар арасындағы қанаушылық қатынастардың ерекше құбылыс» болып табылды [231]. Р.Сани кеңестік басшылықтың халықтар арасындағы тең құқылық идеологиясына байланысты жүргізген үгіт-насихаты халық арасында елеулі қолдауға ие болды деген тұжырым жасайды. Сонымен қатар, экономикалық детерминизмді қолдайтын большевиктердің артта қалған халықтардың мәдени деңгейін озық еуропалық елдердің даму деңгейіне көтеру ұраны түркі-мұсылман халықтарының назарын өзіне тарта білді деген ой қалыптастырды.

А.Маррисон Кеңес Одағын алғашқы және бірегей «оң әрекет империясы» деп санайды. Большевиктердің «дінсіздік» саясатының мәнін А.Маррисон «орыс емес ұлттардың бірегей құрылысы» деңгейіне апарып, биліктің атеистік таңдауын, өзге ұлттарды «орыс халқына кіріптар» етудің «соғысымен» теңейді. Нәтижесінде, ұлттық азшылықтар коммунистік идеологияның орыс империализмі тарапынан емес, керісінше коммунистік билікті өзінің құрамдас бөлігі ретінде сезінулері қажет болды. Сондықтан үгіт-насихаттық жұмыстарда кеңес билігі өзіне жақын «халықтық» организм ретінде дәріптелуін автор, заңды құбылыс деп бағалайды [232].

Коммунистік билік лениндік ұстанымдарды өзінің басты құралы ретінде қарастырып, исламға қарсы насихат жұмысын үйлестіру бағытында арнайы мекемелер құрды. КП ОК-ның идеологиялық саясатында атеизм басты формулаға айналды. Сөйтіп үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу үшін арнайы бөлім ашылды. «Агитпропотдел» деп аталатын бұл бөлім «дінсіздіктің» жетекші органына айналды. Бұл бөлімнің мүшелері ОК РКП(б) атеизмді насихаттау мәселелеріне байланысты құжаттар даярлаумен айналысты, арнайы дінге қарсы мәжілістерді ұйымдастырып отырды [233]. Коммунистік партияның жетістіктерін өзі құрған қатыгездік бюрократиялық жүйесі, жергілікті құрылымдық бөлімдерге және идеологияны орындайтын мекемелерге нақты тапсырмаларды беретін. Ол тапсырмалардың орындалу барысы тікелей ОАК-нің мүшелері тарапынан қадағаланып отыратын. Қазақстан жерінде мұндай басқарушы орган Казкрайком болды. Сондықтан «дінсіздіктің» үгіт-насихаттық жұмыстарының жоспары толыққанды КП ОАК-і тарапынан ойластырылып, кейінен Казкрайкомға үйлестіріліп берілетін деуге толық негіз бар. Осыған байланысты 1925 жылдың 15 қазанында Политбюроның жиналысында мәселе Орталық Комитеттің арнайы ережесі қабылданды [234]. Ол ережеге сәйкес Казкрайком «дінсіздіктің» негізгі қағидаттарын келесі тармақтарын ойластырып, ел ішінде жүзеге асырылуын нақты қадағалап отырды:

1. Кез келген діни бірлестікке басқосулар ұйымдастыруға қатаң тыйым салынады. Әсіресе, мешіттердің ішінде немесе сыртында жиналған мұсылман

қауымы жылдам түрде таралсын. Егер діни идеологияның таптық мәні халық арасында түсіндіріліп, оған қарсы шыққандар болса, ол кеңес мемлекетінің таптық жауы саналатын болады;

2. Халық арасында, соның ішінде мұсылмандардың арасында діннің ғылымға қарсы сипатын материалистік дүниетаныммен байланыстырып, түсіндіру жұмыстары жүргізілсін. Қоғам мен табиғат заңдары діннен алшақ ұсталып, оларды материалистік атеизммен байланыстыру іс-шаралары атқарылсын;

3. Діни моральға сыни тұрғыдан қаралсын, мешіт пен түрлі діни идеологтардың насихаттық жұмыстардың алды алынсын және кез келген діни идеологиялық әрекет коммунистік идеологиямен ауыстырылсын.

Деректік материалдарға назар аударатын болсақ, КП ОАК-нің мазасын қашырған әрекеттердің бірі болып, елдегі, әсіресе Оңтүстік Қазақстандағы жаппай мұсылмандық мектептердің ашылуы болды. Кеңес билігінің озбыр саясатына қарамастан, 1928 жылдың өзінде Сырдария облысында 276 мұсылмандық мектеп қызметін атқарған, онда 5150 шәкірт білім алған [235]. Осыған байланысты жергілікті коммунистік билік алғашқы кезден-ақ мұсылман халқының рухани құндылықтарынан бас тартып, діни мектептерді ашуға тыйым салды және осыған байланысты «дінсіздік» үгіт-насихатын жүргізуге белсене ат салысты. КП ОАК мен жергілікті коммунистік биліктің арасындағы «бассыздық» саясатының арқасында, исламға деген билік органдарының қатынасы тіркелмеген имамдар мен молдалардың құқығының заң жүзінде қорғалмайтынан аңғаруға болады. Соған қарамастан жергілікті имамдар мен молдалардың халық арасында беделі жоғары болғанын сезінген коммунистер мына шаралардың атқарылуына қатаң назар аударды:

1. Түркістан АКСР-нің Сырдария өңірінің ұлттық дәстүрді сақтаушы мұсылмандық дін басыларының коммунистік идеологияға қарсы пиғылдарын анықтап, үгіт-насихаттық жұмыстарды ауыл аймақтарда жүргізу;

2. Рухани жағынан халықпен тығыз байланыста болатын имамдардың тізімін жасап, оларды қамауға алу;

3. Халықтың рухани тұрмысына сай мешіттер мен медреседелерде ислами сауаттандыру жұмыстарын жүргізіп отырған дінбасыларын жауапқа тарту [236, 82 б].

Қарастырылып отырған жылдарда Қазқрайкомның басшылары В.И.Нейнишвили (1924 -1925 жж.), Ф.И.Голощекин (1925-1933 жж.) және Л.И.Мирзоян (1933 -1938 жж.) болды. Назар аударсақ басшылардың тұтас барлығы Қазақстанның жері мен салт-дәстүріне жат кісілер. Қазқрайкомның әр хатшысының өзіне жараса тағдыры болған және олардың әрқайсысы өз тарапынан И.В.Сталиннің қолдауына ие еді. Осы «дінсіздікке» байланысты жұмыстарда И.В.Сталинді «Ақ жол» журналы туралы Кирқрайком бюросының барлық мүшелеріне 1925 жылдың 29 мамырында жіберген хатына байланысты Қазқрайкомның жауабы қанағаттандырмады. Аймақтық басшыларға жіберген хатындағы И.В.Сталиннің мына жауабы елдегі үгіт-насихаттық жұмыстардың қай қырынан даму керектігін аңғаруға балады:

«Мен қырғыз (қазақ) жастарының саяси және идеологиялық білімімен айналысатын партиялық емес зиялыларға қарсымын. Біз буржуазиялық интеллигенттерді жастардың саяси және идеологиялық тәрбиелеуімен қамтамасыз ету үшін күш алмадық. Бұл фронт толықтай коммунистердің қолына тиесілі. Олай болмаған жағдайда, Шоқаевтар жеңісі Қырғызстанда (Қазақстанда) сөзсіз нәтижеге қол жеткізуі мүмкін. Бұл Қырғызстандағы (Қазақстандағы) коммунизмнің идеологиялық және саяси күйреуіне тең. Мен сізден осы мәселе бойынша пікіріңізді сұрағым келеді» [237]. Сырттай қарағанда бұл хат диалогқа шақырған және бір мезгілде қатаң негізде ұйғару мотивтері бар. Қазкрайкомның жауабы: «Құрметті Сталин жолдас! Біз сіздің «Ақ жол» туралы хатыңызды мұқият оқыдық. Осы хатпен бірге біз сізге «Ақ жолға» байланысты іс-әрекетіміздің болашақ жұмысының мәселесі бойынша біздің бюромыздың практикалық шешімін жібереміз, солардың бірі біздің басылымдарымызды қысқа мерзімде түзету ниетін көресіз» [238].

1925 жылдың қыркүйегінде Қазкрайкомның хатшысы Ф.И.Голощекин Қазақстанның сол кездегі астанасы Қызылордаға келді. Республиканың жаңа басшысы ең белсенді «қызыл террорды» ұйымдастырғандардың бірі болғаны анық. Жаңа басшының келуімен елдегі мұсылмандық ағартуға қысым жасалғанымен қатар, 1926 жылы С.Садуақасов пен С. Ходжанов «ұлттық ауытқушылықпен» айыпталды. Ал С.Сейфуллин, М.Мұрзағалиев, Н.Нұрмақов, С.Мендешев сынды қазақ зиялылары шеттетілді. 1926 жылы Қазақстан КСР-гі мұсылмандар дініне қарсы үгіт-насихаттық тезистердің жариялануы белең алды. Ислам діні шаманизммен салыстырылып, мұсылмандардың діни сезімі шамандықтың қалдықтары ретінде түсіндірілді және олардың өмірінде үлкен маңыз алып отырғаны ескертілді. «Ислам - таптық езушілік құралы, байларға қызмет етеді» деп теріс айдар тағылды. Сондықтан мұсылмандардың арасында үгіт-насихаттық жұмыстар барлық деңгейде жүргізілуі тиіс деп белгіленді. Осы тектес құжаттардан большевиктердің дінге қатысты, әсіресе мұсылмандарға қатаң ұстанымда болғанын аңғару қиын емес. Осыдан кейін мешіттерді жаппай жабу науқаны басталды. Атап айтқанда, Орал округі бойынша жабылған мешіттердің саны 60 жетті. Сол мешіт ғимараттарының 6-ы клубқа, 4-і мектепке, 2-і құрылыс конторларына айналдырылды, қалған 8-і туралы мәлімет берілмеген. Ақмола округі бойынша 46 мешіт жабылды, оның ішінде мектепке берілгендері 9, клубқа 8, халық үйіне 15, оқу кітапханасына 1, қызыл бұрышқа 1, дәрігер пунктіне 1, қалған 11-і туралы ешқандай мәлімет келтірілмеген [239].

Ф.И.Голощекиннің И.В.Сталиннің алдында ерекше беделі болды және ол оған айтарлықтай қолдау көрсеткендігі туралы көптеген құжаттық дәлелдер бар. Бұл туралы Ф.И.Голощекиннің И.В.Сталинге 1926 жылғы желтоқсанда ВКП(б) Бүкілқазақстандық 5-ші Конференциясы туралы облыстық комитеттің жұмысына байланысты хатынан көруге болады. Хат 1927 жылы 7 ақпанда жазылған. И.В.Сталиннің хатын Ф.И. Голощекин Қазкрайкомның пленарлық мәжілістерінің бірінде оқып берген: «Жолдас Голощекин! Менің ойымша, осы ескертпеде көрсетілген саясат негізінен дұрыс саясат болып табылады. Қолы,

И.В.Сталин». Бұл хаттың мазмұны тек Қазақстанда ғана емес, сонымен қатар шетелдік зерттеулерде де кеңінен қарастырылған. Бірақ, Ф.И. Голощекин И.В.Сталиннің қарарының екінші бөлігін әдейі айтқан жоқ: «Мен сіздердің жобаларыңыз туралы Молотов жолдаспен ақылдастым. Екеуіміз де сіздің баяндамаңызды жақында тыңдайтынымыз туралы қорытындыға келдік». Қолы, И.В.Сталин. Құжат 1927 жылдың 11 ақпанда жолданған [240].

«Голощекинге жауап» атты тағы бір құжат бар. Ол 1928 жылғы 1 қаңтарда жазылған, онда айтылған шешімнің бірінші бөлімі берілген Ф.И. Голощекин Казкрайкомның пленумында өзіне пайдалы жақтарды оқып, ел ішіндегі діни жағдайға байланысты мәселелерді қозғамай кеткен. Бірақ «Казакстанская организация ВКП(б) в решениях ее конференций и пленумов. Выпуск 1, Алма-Ата; Москва, 1931» атты еңбек басылымға берілген кезде И.В.Сталиннің қарарын еркін оқып беруге Ф.И.Голощекин батылдық танытпады және келісуге мәжбүр болды. Ол хатта Қазақстандағы діни жағдайға және оған қарсы биліктің пиғылына байланысты мынандай мәселелер қозғаған: «Атеизмге халықты сендіру, иландыру үшін міндетті түрде дінге қарсы қуғын-сүргін саясаты жүргізілуі тиіс. Бұл саясат еш жарияланбай, құпиялық мазмұнда, біртіндеп іс жүзіне асырылу қажет. Сонымен қатар діни мәселелерді зерттеуге жол берілмейді. Ислам «дін - апиын» деген танымдық мағынада және коммунистік таптық идеология шеңберінде қалады» [241]. Ф.И.Голощекиннің жағдайды қалай түсіндіргені туралы және қандай әңгіме болғаны туралы сұраққа жауап табу мүмкін болмады. Бірақ ол Қазақстандағы дінмен күресу жолдарын қазақ халқының ұлттық зиялы қауымын «қыру» қажет екендігімен түсіндірді және исламның ел ішіндегі «тамырына балта» шабудың бір ғана жолы бар екендігін аңғартты, ол байлардың мал-мүлкін тәркілеу болды. 1927 жылы 9 наурыздағы тағы бір құжат бар, ол И.В.Сталиннің Ф.И.Голощекинге жазған хаты. Ол хатта И.В.Сталиннің С.Қожановтың қайғысы мен айыптауына байланысты 1927 жылғы 23 наурыздағы Ф.И.Голощекинге жазған жауап хаты, онда Казкрайкомның хатшысы өзінің ұстанымдарын қорғағаны айқын байқалады [242]. Орта Азия мен Қазақстан халықтарының тарихы мен мәдениетін, діни болмысын, этнографиясын терең білген қайраткер ескі жәдігерліктерге қорған болып, сақтау жолында күш-жігерін аямады. «Казкомстарис» көне мәдени ескерткіштердің қорғау бойынша комитет ұйымдастырады. Осы комитетте алдымен көне ескерткіштердің есебін алып, жүйелеп атлас-картасын жасайды. Оны сақтауға және қалпына келтіріп, зерттеуге қаржы жинайды. С.Қожанов бұл көне ескерткіштерін қорғауды мемлекеттік деңгейге көтерген алғашқы тұлға еді. Мемлекет қайраткерінің осындай тарихи және діни ұстанымы билік еткен коммунистік басшысының мазасын қашырған болатын.

Коммунистік биліктің келесі үгіт-насихаттық жұмыстарының қатарында Н.Нұрмақов жайлы еді. 1928 жылдың 26 сәуір айында Саяси бюроның кезекті жиналысында (№ ПБ 22 Хаттама) Ф.И.Голощекиннің «Н.Нұрмақов туралы» жеделхаты талқыға салынды. Айтылғандар өте өткір болды: «Жіберуші Голощекинге келесі жауапты жіберіңіз: Казкрайком Бюросы Нұрмақов

жолдасты Орталық Комитетпен ақылдаспай, алдын ала келіссөздерсіз алып тастауға құқығы жоқ. Орталық комитет Нұрмақов жолдасты жұмысынан алшақтатудың ешқандай негізі жоқ. Егер бюро Крайкомның пленарлық мәжілісінде орынды болатын шешімді жоққа шығара алмасаңыз, онда Орталық Комитет Крайкомның Орталық Комитеттің бұл шешімнің артықшылығын және жағымсыздығын өлшеуге болатындығын дәлелдеуге шақырады» [243]. Сондықтан бұл хаттағы қозғалған мәселенің астарында Н.Нұрмақовтың халық ішіндегі мәдени болмысын орыстың мәдениетіне үйлесу мәселелері мен коммунистік биліктің исламға қарсы ұстанымын сынға алу жатыр. Н.Нұрмақов 1924 жылдың қазан айынан 1929 жылдың сәуіріне дейін Қазақ АКСР-нің Халық комиссарлары кеңесінің төрағасы лауазымын атқарғанын ұмытпаған абзал. Бұл жағдайда да Ф.И.Голощекин өз талаптарын орындатып, ел ішіндегі мұсылмандық күшті құртуға тырысып бақты.

Келесі үгіт-насихаттық жұмыстардың қатарында кеңес билігінің ислам мен мұсылмандық ойлаудың дәстүрлі ерекшелігін жою болды. Коммунистер Қазақстандағы байларды исламды қаржыландыратын және татар молдаларын жалға алып, бала-шағасына мұсылмандық білімді беруден тайынбайтын сынып ретінде қарастырды. Қазақ байларын «қауіпті элемент» ретінде қарастырған коммунистік билік 1927 жылы желтоқсан айында республика байларының мал-мүлкін тәркілеу туралы заң жобасын жасау үшін комиссия құрды [244]. Бұл мәселені жергілікті коммунистік билік ОК ақылдаспай істеді. Сондықтан, ақылдаспай шешім шығару әрекеті Саяси бюро тарапынан қатаң сынға ұшырады. 1928 жылы 26 шілдеде «Қазақстан туралы» деген мәселе саяси бюроның 1928 жылғы 26 шілдесінде қаралды. «Қазақ АКСР-ның Орталық атқару комитетіне және Крайкомға телеграф арқылы заңсыз салық салудың жасырын объектілерін анықтаумен байланысты болды. 1928 жылы 3 мамырда Саяси бюроның жиналысында «Қазкрайком» баяндамасы бойынша түзетілген қарар жобасының 1, 2, 6 параграфтармен бірге соңғы нұсқасы Орталық Комитетінің Хатшылығына тапсырылды. Қазақстанның партиялық ұйымы болашақта өздерінің назарын «ауылдағы байлардың халыққа әсерінің деңгейін анықтауда бірқатар маңызды іс-шараларды жүргізуді» тапсырғаны атап өтілді. «Ерекше резолюция» құжатында «Ірі байлардың, сондай-ақ бұрынғы артықшылығы бар тұрғындардың, яғни сұлтандардың, хазіреттердің экономикалық және саяси әсеріне қарсы тұру үшін мүлікті тәркілеу және осы топтарға жататын ең ірі мал иелері мен басқа сатыдағы байлардың тізімін шығару қажет. Мұндай шараларға дайындықты қарастырып, онда партиялық органдар қазақ халқының еңбек бөлігінің ұйымдастырылған күштеріне сене алады. Қазкрайком Орталық Комитетке осы мәселе бойынша бір ай ішінде егжей-тегжейлі ұсыныстарын беруі талап етіледі» делінген [245].

1928 жылы 9 тамыздағы Орталық Комитеттің Саяси бюросы мүлікті тәркілеуді және Қазақстан территориясынан «антисоветтік» және «контрреволюциялық» исламдық элементтерді шығару туралы шешім қабылдады [246]. Қазкрайком басшылығына 1928 жылғы 1 қыркүйектен кешіктірмей, жергілікті тұрғындардан байлардың арасынан «Бүкілресейлік

орталық атқару комитетінің қаулысымен белгіленетін белгілерге сәйкес ауыл шаруашылығының кеңестендіруге кедергі келтіретін мүліктік және діни әсерімен 700 ауыл шаруашылықтан аспайтын мөлшерде тәркілеу туралы ұсыныс жасалды. Қазақстан ОАК-не қыркүйектің басында қарарды жариялау тапсырылды. Жарияланғаннан кейін бірден орталық және аудандық комиссия құрылып, олардың құрамы алдын-ала дайындалуы керек деген бұйрық берілді [247].

1928 жылдың 15 тамызында Казкрайком діни пиғылы жоғары қазақ байларын қуғын-сүргінге ұшыратуға байланысты жұмыстарды тікелей басқаруға арналған комиссия құрылды. 1928 жылғы 27 тамызда Орталық атқару комиссиясы мен Республика Халық Комиссарлары Кеңесінің отырысында «Байлар шаруашылықтарын тәркілеу туралы» қаулы қабылданды. Республиканың аудандарында тәркілеу жүргізуге уәкілеттік берілді. Ауылдарға бұл науқанды тікелей жүргізу үшін мыңдаған «қанішерлер» жіберілді. Сонымен қатар, көмек көрсету комиссияларында 4 700 адам жұмыс істеді [248]. Осылайша, Саяси бюро қазақ қоғамының дәстүрлі құрылымын бұзуға әкелетін сценарийлерді егжей-тегжейлі сипаттады. Коммунистік биліктің бұл соққысының салдары ауыр болғаны сондай кейін қазақ қоғамы қалпына келуі оңайға түспеді. Әсіресе, қазақ қоғамына қарсы бағытталған діни саладағы соққылар, ел ішіндегі дәстүрлі исламның қалпында сақталуында елеулі ауыр нәтижелерге тап түсті.

Ф.И.Голощекин пленумдардың бірінде, 1928 жылдың сәуір айының басында қазақ ауылындағы «дінге» қарсы саясаты мен атқарылуы қажет үгіт-насихаттық жұмыстарды былай тізіп берген: «Орталық комитет облыстық немесе аймақтық комитетке белгілі бір позицияны түсіндіретін жеделхат жіберді. Сіз өз аймағыңызға немесе ауылыңызға нақты тапсырма беруіңіз керек, осы айда сізге берілген осындай тапсырманы орындаңыз. Бұл пролетарлық диктатураның мүдделерімен талап етіледі. Аймақтық комиссия облыстық немесе аудан бойынша кеңес билігіне қарсылық білдіретін «исламдық элементтерді» шұғыл түрде жою керек. «Сіздің провинцияңыз», ол «сіздің ауданыңыз». Сізден басқа аймақтағы ұжымдастыруға қарсы шығып жатқан діни топтарды жақсы білетін адам жоқ. Аймақты басқарушылар немесе губкомдар, округтерге жалпы тапсырманы таратып, мотивацияны одан әрі нығайтуы керек. Бұл нұсқаулық ауылға келіп жеткенде, ол жұмыс біткен болуы шарт. Сондықтан кез келген контрреволюциялық әрекеттерді сіздер алдын алуларың қажет» [249]. Саяси бюроның барлық шешімдерін талқылауға болмайтын еді. Сондықтан оның шешімдеріне қарсы шыққандардың өзі қуғынға ұшыраған. Билік тарапынан реакция жылдам беріліп, талқылаған белсендінің өмірі белгісіз жағдаймен аяқталатын.

Осылайша белгілі қазақстандық ғалым Т.Омарбеков Ф.И. Голощекинмен бірге жұмыс істеген партиялық көшбасшылардың қатарында бірнеше топты ерекшелендіреді. Бірінші топқа Тұрар Рысқұлов, Смағұл Садуақасов, Жалау Мыңбаев, Санжар Асфендияров, Нығмет Нұрмаков, Асфендияр Кенжин, Сұлтанбек Қожанов, Ыдырыс Мустамбаев кіреді. Зерттеушінің пікірінше,

олар Қазқрайком хатшысының саясатын тоқтатуға тырысып, қазақ халқының мүдделерін ашық қорғаған.

Екінші топ республиканың бірінші басшыларына қарсы шықпады, директиваларды қатаң ұстанып, Ф.И.Голощекиннің нұсқауларын сынға алмады. Олар өз халқының психологиясын, діни салт-дәстүрін, қазақ халқының өмірі мен мәдениетін жақсы білген. Әлеуметтік және экономикалық процестерді мәжбүрлеп жүргізу мен ұжымдастыру, халықтың діни сана сезімін құрсауында ұстаудың салдарын ел ішіндегі ауылдарды апатқа ұшырататынын жақсы түсінді, бірақ ұстанымын сақтады, өз пікірлерін білдіртпеді және республиканың бірінші басшысына қарсы шықпады.

Т.Омарбеков бұл топқа Ораз Жандосовты, Ұзақбай Құлымбетов, Абдолла Розыбақиев, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Қабылов, Сара Ескова, Әліби Жангелдин, Жанайдар Сәдуақас сияқты коммунистерді жатқызды. Ораз Исаев, Ғаббас Тоғжанов, Абдолла Асылбеков, Әбдірахман Байдильдин, Изтай Құрамысов, Сейтқали Мендешев, Әбдірахман Атиев, Елтай Ерназаров, Хамза Жүсіпбеков сияқтылар «халықтың мүддесінен гөрі өздерінің қауіпсіздігін ойлаған мансапкерлерге қосады [250].

Дінге қарсы үгіт-насихаттық жұмыстар 1929 жылдың ақпанында аймақтық басшыларға Кеңес Одағының коммунистік партиясының көрнекті өкілі Л.Каганович жіберген хатында дін саясатын одан әрі нығайтуды талап етіп, коммунистік идеологияның халық арасындағы салмағын арттырудың әдістерін ұсынады [251, 33 б]. 1929 жылы мұсылмандардың жаппай қудалауы басталды. Сол жылдан бастап 1937 жылдың 1 мамырына дейін дінді толықтай жоюға бағытталған «Құдайсыз бесжылдық» ұранның жоспары жарияланды. «Құдайсыз бесжылдық» жылдары біздің мемлекетіміз үшін әлеуметтік-экономикалық, әсіресе діни-рухани жағынан есеңгіреткен және зобалаң кезең болды. Тарихшылар мен қазіргі кездегі дінтанушылар 1932 жылдың 15 мамырында И.В. Сталиннің қол қойған осындай жарлықтың бар екендігіне күмән келтіреді. Скептиктер бұл құжаттың расталмағанын ауызға алады. Дегенмен, Н.Струвенің «КСРО-дағы христиандар» атты ғылыми жұмысында «Құдайсыз бесжылдық» жоспарының бар екендігін мұрағат құжаттарымен дәлелдеп, оған сәйкес: «1932-1933 жылдары барлық шіркеулер, сыйынатын үйлер, синагогалар мен мешіттер, 1933-1934 жылдары әдебиет пен отбасының арқасында барлық діни идеялар жоғалып, жабылуы тиіс. 1934-1935 жылдары елге, ең алдымен жастарға жалпы дінге қарсы үгіт-насихат жұмыстары дінге қарсы әрекеттер өрістей түсуі қажет, 1935-1936 жылдардың соңына қарай «сиыну үйлері» мен барлық діни қызметкерлер жойылып біту керек, ал 1936-1937 жылдары ең жасырын бұрыштар мен ауыл аймақтардан дін толықтай сілінуі шарт» делінген [252, 87 б].

1929 жылғы Ресейдің Конституциясына енгізілген өзгерістерге сәйкес діншілдердің дін тұту еркіндігі анықталды, алайда діни насихат жүргізуге рұқсат берілмеді. 1920 жылдың соңынан бастап мемлекеттік-діни қатынастар дінге қарсы қатал шабуылға, оның іс жүзіндегі құқықсыздануына, биліктің барлық конфессиялардың ісіне араласуына ұласты. Социалистік қоғам құру

барысына исламға қарсы күрес күшейе берді. Ислам «контрреволюциялық идеологиялық күш» ретінде танылып, тұтас мұсылмандыққа қарсы күрестің теориялық және әдіснамалық бағыттары мен құрал-тәсілдері анықталды. Ресми түрдегі заңсыздық орын алған сталиндік кезеңде озық заңнаманың жолы кесіліп, зияткерлік және мәдени өмір қатаң реттеуге алынды. Бұл өз алдында исламға деген қатынас мәселесіне ықпал етпей қоймады. Ислам партиялық-мемлекеттің бақылауына алынып, іс жүзінде мемлекеттен бөлінуі емес, оның мемлекеттік бағындырылуы іске асырылды. Ал, 1936 жылы қабылданған Конституцияда діни ғұрыпты орындау мен дінге байланысты насихат бостандығы сөз етілді. Барлық азаматтарға қай дінді ұстанғысы келсе және қатынасына қарамастан, тең саяси құқықтардың берілгені жарияланып, демократиялық сипаттағы қадамдар жасалды. Арнайы бапта дін жеке іс ретінде танылды. Дін қызметкерлері басқа азаматтармен қатар сайлау құқықтарына ие болды. Бірақ конституция заң жүзінде ар-ождан бостандығына кепілдік бермеді, діни ғұрыпты орындау мен дінге байланысты насихат бостандығы берілгенімен, діни насихатқа тыйым салынды [253].

Дінбасыларына қарсы күресте 1929 жылғы Е.Ярославский негізінен қалаған «Жауыққан құдайсыздар одағы» өз үлесін қосты. Е.Ярославский дінбасыларды «дін киім, тақияша мен сәлде ораған қапас жындар» деп сипаттады. Оның айтуынша, бұл күрес әсіресе 1937 жылға қарай, яғни партиялық және кеңес кадрларды, миллиондаған жазықсыз адамдарды жазалау шаралары шарықтау шегіне жеткен уақытта ерекше өзекті болды. Сталиндік тәртіпке қарсы пиғылдағы адамдардың қатарына, социалистік қоғамда еш орны жоқ дін сияқты заң мен қоғамнан тыс саналған дін басылары да жатқызылды. Барлық діни қызметкерлерге діни уағызды сылтау етіп, кеңестерге қарсы ашық, жүйелі түрде насихат жасап, кеңес билігіне қарсы күреске шақырды деген айып тағылды. Партиялық қызметкерлердің ислам мәселесіне асыра сілтеушілік әрекеттерінің нәтижесінде мұсылмандардың ар-намысын қорлап, олардың ашық қарсылығына алып келді. Бұл өз алдына елдегі әлеуметтік экономикалық жағдайға теріс ықпалын тигізді. Әсіресе, ауылдық жерлерде төзім таусылып, аймақтық бас көтерулерге ұласты, қарулы қақтығыстарға соқтырды. Діни ғимараттарды жабу науқыны мысалында кеңес үкіметінің дінге қарсы тұрпайы, әпербақандық жұмыстар атқарылып, оған жер жердегі партиялық органдар мен қызметкерлерді пайдаланғаны байқалады. Дінге қарсы саясатты жүзеге асыру барысында діни қауым өкілдері, дінге сенуші халық тарапынан ашық наразылық туған жағдайлар үшін жергілікті партия қызметкерлері жауап беруге тиіс болды.

КСРО-ның ішкі саяси бағыттың мұсылмандарға деген қатаң бақылануы салдарынан мешіттердің басым пайыздық үлесінің кемуімен аяқталды. Мыңдаған дінбасыларға қарсы «жалған» қылмыстық істер қозғалып, жазықсыз қудалаумен жалғасты. Бұл туралы тек зерттеушілер ғана емес, сондай-ақ осы оқиғалардың куәгері П.Смидович те көрсетті. Ол КСРО Орталық Комитетінің төрағасы М.Калининнің назарына: «Барлық мұсылман діни ұйымдары бүкіл жер бетінен құрып, жойылу қарсаңында. Қазірше

мухтасибаттардың 87 % жабылды, 12 000 мешіттен 10 000 мешіттің қызметі тоқтатылды, 90-нан 97 %-ға дейін молдалар мен мүезіндердің қызметіне шек қойылды. Қазіргі кезде мұсылмандардың басқа дін өкілдерімен салыстырғанда жағдайлары өте мүшкіл...» [254].

1930-шы жылдардың екінші жартысы сталиндік террордың қанды оқиғаларымен ерекшеленді, осы кезеңде ислам дінбасыларына қарсы «тазалату» саясаты жүзеге асырылды. 1936 жылы МОРБ төрағасы Р.Фахретдинов пен Башқұрт АКСР-нің мүфтийі М.Гатауллин қайтыс болғаннан кейін, большевиктер мұсылмандарға мұрагерді сайлау үшін конгресті өткізуге рұқсат бермеді. МОРБ басшыларына қылмыстық іс ашылып, оның «тазалату» науқаны барысында 30 адам себепсіз ату жазасына кесілді [255]. Татарстан мен Башқұртстандағы діни қызметкерлерінің үстінен қылмыстық істер қозғалғаннан кейін, Орта Азия мен Қазақстан мұсылмандары дінбасыларына да қарсы коммунистер тарапынан айыптаулар тағылды. Мұрағат құжаттарында көрініс тапқан айыптаулардың дерлік барлығы «панисламизм» мен «пантүрікшілдік» және «ұлтшылдықтың» айналасында өрбіді [256]. 1937 жылы чекистер Мухлиса Буби бастаған «контреволюциялық буржуазиялық ұлтшыл бүлікші» ұйымын таратып, оған Қазақ КСР-де филиалдар бар деп қаралап, ел ішіндегі барлық имамдар мен молдаларды «революцияға қарсы пиғылы бар» деген қылмыскерге айналдырды. НКВД өкілдері «Ұлы Тұран» құру үшін дайындық жүргізген мұсылмандардың үстінен қылмыстық істер ашып, тергеу жүргізбестен өлім жазасына кесіп отырған [257]. Қозғалған қылмыстық істердің хаттамаларына сәйкес сол жылдары 231 қазақ имамына, ахунына, молдасына «антисоветтік панисламистік террористік бүлікші және тыңшылық диверсиялық ұйымына қатысқандығы үшін атылды. Олардың арасында дін сауатынан сабақ берген және халық арасында ислами көрегендігі жағынан танымал болған Ә.Жәңгірқожаев болды [258]. Осылайша, 1938 жылдың сәуір айында діни қызметкерлерді қорғау жөніндегі комиссия таратылды.

1940 жылы Оңтүстік Қазақстан облысында имамдарға қарсы жаппай үгіт-насихаттар жүргізілді. Оларды «шпион», «Түркия мен Жапонияға» қызмет етуші интервенттер, фашистік Германияны қолдаушылары деген жала жабылды. Осыған байланысты ел ішінде діни ұстамдылығымен ерекшеленген имам С.Ескендіров тұтқындалып, оған қарсы қылмыстық іс ашылды. Қазіргі кезде бұл имамның жеке ісі «аса құпиялы» мөрі басылған және зерттеушілерге алуға рұқсаты әлі берілмеген. Жылдың соңына қарай НКВД-ның тыңшылық және озбырлық саясатының арқасында 51 діни ұстамдылығы мықты имам мен молда тұтқындалды және олардың 31-не өздерінің діни пиғылдағы күнәсі мойындатқызылды, одан қалды тағы 19 адам қамалды. Бұл жағдайда 242 адам күдікті болып табылып, 70-сі түрлі жазаға ілікті, бас бостандығынан айырылды. Жалпы Оңтүстік Қазақстан бойынша 119, Ақтөбе облысынан 72, Гурьев облысынан 12 имам мен молдалар «антисоветтік көзқарастары» үшін түрмеге отырғызылды [259].

Кейбір дінбасылардың кеңеске қарсы әрекеттеріне бола дін иелеріне жаппай қуғын-сүргін саясаты үгіт-насихаттық жұмыстармен қатарласа жүрді. 1925-1938 жылдары ислам мен мұсылман дін өкілдері қылмыстық, әкімшілік жолмен жазалануға ұшырады. Кез-келген діни пікір айтқан немесе қоғам ішінде діни уағыз айтқан адамды НКВД барлаушылары тұтқындап, қамауға алды. 1937 жылы қазанда НКВД діни дәрежесі барлардың барлығын ату жазасына кесу туралы құпия жарлық шығарды. Осыған сәйкес № 035 нөмірі бойынша қылмыстық іс қозғалған және айыпталғандардың бәрі екі топқа бөлінді, олар молдалар мен ишандар және ақсүйектердің ұрпақтары. Солардың бірі К.Мұхитдинов, Сауд Арабиясына жаппай ұжымдастыру кезеңінде елден кеткен бай жер иесінің ұлы болды. Қайтыс болғаннан кейін, оған «антисоветтік және панисламистік іс-әрекеттерін жалғастыру үшін» өз шәкірттерін идеялық жағынан басқарды деген айып тағылды [260, 34 б].

1920 жылдардағы дін мәселесі және ислами саясат большевиктердің үгіт-насихатында және партиялық қалыптастыру жүйесінде басты рөл атқарды. Тараптардың үгіт-насихаты Қазан төңкерісін тек қана «пролетариаттың құтқарушысы ретінде ғана емес, сондай-ақ, патшалық Ресейдің барлық езілген халықтарының азат етушісі» ретінде бейнеленді. Дін мәселесі бойынша большевиктік ұрандар «ұлттық коммунизм» деп аталды және КСРО-ның ресейлік емес республикалар мен өңірлерінде үнсіздікке негізделді. Партия басшылары «ұлттық коммунизм» саясатынан бас тартып, 1930-шы жылдардың басында халықты насихаттауда, ислам мәселесі бойынша ресми мобилизациялық үгіт-насихат Қазақстанда мемлекеттік және партиялық құрылысқа, сондай-ақ кеңес билігіне жатпайтын орыс халқының мәдени жетістіктеріне ауысты. «Халықтар достығы» мен «кеңестік патриотизмнің» интернационалды сипаты туралы ұрандар одақтас республикаларда ұлттық саясаттағы артықшылықтар туралы «буржуазиялық-ұлтшылдық» диверсия деп қарастырылды.

Партиялық білім саласындағы түбегейлі өзгерістер 1938 жылдың күзінде, ұлттық саясатты «кеңестік шеңберде» жүргізу науқанымен қатар жүзеге аса бастады. Сонымен бірге, республикада «буржуазиялық ұлтшылдардың», яғни ислам жетекшілерінің қуатты күші жойылды. 1938 жылдан кейін тек «халықтар достастығы» туралы және «ресейлік емес ұлттардың мәдени іс-әрекеттері туралы» мөртабан мәртебесі сақталды. Партияның қалыптастыру жүйесіндегі бұл өзгерістер «ВКП(б) тарихы: қысқа курстар» атты оқулық шыққаннан кейін басталды. Қазақстандағы барлық кәсіптік білім беру мекемелері мен жоғарғы оқу орындарына «КПСС тарихы» атты мәжбүрлік пән енгізілді. Себебі, халықтың діни сана-сезіміне қарсы күрестегі ең үлкен деструктивті күш, ол марксистік идеология негізінде құрылған кеңестік білім болды.

«Партия тарихы» атты курсты жазу туралы шешім 1937 жылы 15 сәуірде КОКП(б) ОК-нің Саяси бюросының шешімімен, И.В.Сталин тарих кітаптарына қанағаттанбағаннан кейін қолға алынды. Тарихшылар В.Г.Кноринге, Е. Ярославскийге және П.Н. Поспеловқа жоғары оқу

орындарына арналған «Партия тарихы» жаңа оқулықтар дайындау тапсырылды. В.Г. Кноринді тұтқындағаннан кейін, Е.Ярославский мен П.Н. Поспелов партияның тарихы туралы кешенді еңбек жазуға тырысты. И.В. Сталин оны 1938 жылдың сәуір айының соңында мақұлдағанға дейін, бұл еңбек төрт рет қайта өңделіп басылып шықты [261]. Е.Ярославский мен П.Н. Поспелов ұсынған оқулық кеңестік ұлттық мәселені большевиктердің негізгі жетістіктерінің бірі ретінде түсіндірді. 1921 жылдан кейін коммунистік партия мен мемлекеттік құрылыс ұлттық мүдделерді сынып ретінде бір дәрежеде қорғауға тырысты. Е.Ярославский мен П.Н. Поспелов кеңестік ұлт-азаттық желісін Одақтық республикаларда белең алған «буржуаздық ұлтшылдардың қауіп-қатерімен» бірікті [262].

Дінге қарсы үгіт-насихаттық жұмыстар комсомолдық және партиялық ұйымдардың негізгі және тұрақты жұмысының біріне айналды. Партиялық қызметкерлер мұсылмандардың діни сезіміне ескерусіз қол сұққан кезде халық арасында наразылықтар пайда болып, кейбір жағдайларда үлкен қантөгіске ұласатын. Мәселен, Өскемен, Семей, Шымкент және Талдықорған қалаларына атеистік көзқарасты насихаттау үшін казармаға келген партиялық қызметкерлерге қарсы зорлық-зомбылық оқиғалары тіркелген. Атеизм идеяларын жаппай ұстануға «Жауыққан Құдайсыздар одағы» шақырған. Қазақстанның барлық өнеркәсіптік қалаларында бұл ұйым белсенді жұмыс атқарды. Атап айтқанда, дінге қарсы кештер ауыр өнеркәсіп ұжымдары тарапынан ұйымдастырылды, онда дін «адамзат тарихындағы құбыжық» ретінде дәріптелді, ал кешке қатысушы бір дінсіз адам өзінің қалай «құдайсыз» болғандығын ықласпен лекция түрінде айтып беретін [263, 360 б].

Қазақ қоғамындағы діни салт-жоралар халықтың күнделікті өміріне тығыз жігі ажырамастай сіңісіп кеткені белгілі. Ол тіпті, ғасырлар бойы халықтың санасына еніп, дәстүр мен дін қатарынан жүрді. Сондықтан большевиктер баламалы атрибуттар ұсынды, өмірдегі жаңа кеңестік рәсімдер мен түрлі коммунистік мерекелерді енгізуге тырысты. Көбінесе, жаңа коммунистік мерекелер дәстүрлі діни мерекелерге сәйкес қойылды. Мұсылмандардың Құрбан айт және Ораза айт күндеріне міндетті түрде бір коммунистік мерекені сәйкестендіріп қойылды. Мәселен соғыс жылдарында 1941 жылы 28 қыркүйекте Ақмолаға ең алғашқы Мелитополь станок зауыты көшіп келді. Петров атындағы мұнай жабдықтарын жасайтын зауыт Гурьевке, Пархоменко атындағы шахта жабдықтарын жасайтын зауыт Қарағандыға көшірілді. Қазақстан территориясына көшірілген өнеркәсіптер жоспарлы түрде шикізат көздеріне жақын жерлерге орналастырылды. Ақтөбе ферросплав зауыты Запорожье ферросплав зауыты жабдығын, Өскемен қорғасын мырыш комбинаты, Орджаникидзе түрлі-түсті металл зауытын, Ворошилов ауыр машина жасау зауытын Алматы авторемонт зауыты қабылдады. Алматыдағы құрылысы толық аяқталмаған авторемонт зауыты Луганск ауыр машина жасау зауытын, республикамыздың оңтүстігі Украинаның 14 қант зауытын қабылдады. Мұрағат құжаттарына қарағанда Құрбан Айт және Ораза Айт күндері Қарағанды зауыттарында жұмыс істеген мұсылмандар жұмысшылары

жұмысқа бармаған. Статистикалық есеп бойынша мұсылмандық мереке күндері жалпы 728 адам жұмысқа «себепсіз» бармағандығы тіркелген [264].

Осылайша, Қазақстандағы ашылған жаңа өнеркәсіптік орталықтарда қала тұрғындары билік тарапынан тыйым салуға емес, көбіне адасып, өз іс-әрекеттеріне ерекше діни сипаттама бермей, ең алдымен ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлерге сүйеніп, исламдық діни рәсімдерін жалғастырды. Еліміздің ауыл аймақтарының мұсылмандық қауымы діни дәстүрлерді орындай берді. Жалпы, 1930-1950 жылдары коммунистердің үгіт-насихаттық әдістеріне негізделген дінге қарсы саясаты халықтың мінез-құлқына сіңген мұсылмандық дәстүрі жасырын түрде болса да қорғалып келді. Қоғамдағы діни сана кейбір салт-дәстүрлер деңгейінде сақталды. Бірақ, жаңа социалистік қоғамдағы өмір сүру тәсілі, халықтың әдеті, ауысым кестесі, қатаң бақылау мұсылмандық қағидаттарды көбіне егде жастағы адамдардың ғана ұстанымына айналдырды.

Бөлім бойынша жасалған ғылыми тұжырымдарды келесі саты негізінде жіктеуге болады:

- Большевиктер жеңіске қол жеткізгеннен кейін коммунистік идеология мен үдемелі индустриализация еліміздің қатарынан екі ашаршылық кезеңіне тап түсірді. Кеңестік идеология «жұмысшы тап өкілдерін біріктіру» ұранымен көптеген халықтарды зорлықпен Қазақстанға қоныс аудартты. Нәтижесінде этникалық топтарды араластырып, орыс мәдениетімен ұластырып жіберді. Кеңес билігінің үгіт-насихаттық саясаты «дінсіздікке» негізделгеніне карамастан елімізде «шырмауықтанған» идеялық жүйе қалыптасты, ол коммунистік идеология кұрсауындағы исламдық дәстүрлі қоғамның өміршеңдігі;

- 1932 жылдың 15 мамырында И.В.Сталиннің үкіметі қол қойған «Құдайсыз бес жылдық жоспары» жарияланды, ол белгілі бір мақсат қойды: 1937 жылдың 1 мамырына қарай «елде Жаратушының есімі ұмытылуы керек» деген. Осылайша, кеңестік атеизм саясаты дінді заңды шектерден тыс қалдырды. Бірақ ислам қоғам ішінен жоғалып кетпеді, ол жеке адамның кеңістігіне көшті. Ислам салт-дәстүрдің қарқындылығы арқасында отбасы мен жергілікті діни қауымдық деңгейінде, ал ішінара, жартылай қорғалған рухани мекемелердің заңсыз кеңістігінде сақталып, қайта жаңғырып шықты;

- Қазақстандағы мұсылмандардың жеке өмірлерінде немесе өзіндік автономиясындағы исламды алып тастау жағдайы жаңа бір құбылыс іспетті болмады. Кеңестік құрылыстағы исламның автономизациясының тарихы ішкі саяси жағдайдың ерекшелігіне байланысты өтті. Осылайша, коммунистік идеология мұсылмандарды қысымға біртіндеп алу мәселесі керісінше әсер етіп, жеріміздегі мұсылмандарды оқшаулануына әкеп соқтырды, оның ішкі өмірі дәстүрлі ислам нормаларына сәйкес жалғаса берді.

2.4 Кеңестік дін саясатына қарсылық әрекеттердің өрістеуі

Қазақтың ұлттық ерекшелігі мен мәдениетін трансформациялаудың тарихи құбылысы тұрғысынан ислам маңызды болып табылатынын кеңес билігі тұсындағы көтерілістер мен толқулар кезекті дәлел бола алады. Бұл - ғылыми,

мәдени және антропологиялық жағдайлар мен модельдер ұғымдарына сәйкес келетін шындық. Бірақ Қазақстанның тарихнамасында ХХ ғасырдың 20-50-ші жылдардағы кеңес билігіне қарсы бағытталған діни сипаттағы көтерілістер мен толқулар тарихы мүлдем зерттелмеуінің, біздің ойымызша, бірнеше себебі бар. Біріншіден, 1990 жылдары Қазақстандағы «мұрағаттық революция» саяси-экономикалық себептерге байланысты баяу дамыды, оның үстіне отандық тарихшылар көбінесе ел ішіндегі ашаршылық пен қуғын-сүргінге мән бергендіктен, ислам факторы көлеңкеде қалды. Екіншіден, ол перифериялық сана, яғни халқымыздың кеңестік өмірі тәуелсіздік жағдайында да сезіледі, бұл әсіресе ұлттық тарихтың қалыптасу жағдайына әсерін тигізді. Ислам мен мұсылмандардың кеңестік дәуірдегі жағдайына байланысты ғылыми проблеманың зерттеу әлсіздігіне заңнамалық актілер де ықпал етті. Мысалы, Қазақстандағы 1999 жылы «Мемлекеттік құпия туралы» қабылданған заңы, зерттеушілерге 1920-1950 жылдардағы қуғын-сүргінге қатысты мұрағат материалдарымен жұмыс істеуге рұқсат береді. Ал, белгісіз себептерге байланысты, мұрағат мекемелерінің басшылары бұрынғыдай 1993 жылы қабылданған «Қуғын-сүргін құрбандарын еске алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын басшылыққа алып, ел ішіндегі имамдардың, ишандардың және басқа да діни басшылардың жеке іс-құжаттарын пайдалануға рұқсат бермей келеді. Осыған қарамастан диссертациялық жұмыста Қазақстанның Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен ҚР ОММ-нан алынған бірқатар құжаттарды ғылыми айналымға енгізуді жөн көрдік.

Қазақ АКСР-інің Ақтөбе, Қостанай, Оңтүстік Қазақстанның Созақ ауданы және Қызылорда облыстарының аймақтарындағы мәжбүрлі ұжымдастыру, халықтың мүлкін тәркілеу, дін саласындағы және халықты салықпен жүктеу саясаты туралы кеңес үкіметінің зорлық-зомбылығына қарсы қазақ халқының көтерілісі жайлы бірқатар тарихи тұрғыдан зерттеулер бар. Бұл зерттеулердің дені 1920-1930 жылдардағы көтерілістердің себептерін зерделеу барысында діни факторға аса көңіл аудармай, көбіне кеңес билігінің Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық саладағы қайта құрулардың салдарларын себеп ретінде көрсетеді. Бұл зерттеулердің қатарына М.К. Каирғалиевтың [265], С.Оразымбетовтың [266], А.Кузембайұлы мен Е.Абильдің [267] және т.б. ғылыми еңбектерін жатқызуға болады. Авторлардың берген пайымына қарағанда елдегі ашаршылық жылдары мен кеңес билігінің солақай саясаты халық арасында наразылықтарға әкеліп, Қазақстандағы шаруалар көтерілістеріне ұласты. Деректік материалдарға қарайтын болсақ, зерттеуге арқау болған жылдары көтерілістерді басқарғандардың қатарында ишандар мен дінбасылар да болған. Сонымен қатар, партиялық нұсқаулар мен есептік материалдарда көтерілістердің шығу себептері ретінде бір жағынан елдегі колхоз және совхоз жүйесінің құрылуы мен жаппай отырықшыландыру саясаты жатса, екінші жағынан кеңестердің ислам мен мұсылмандық саладағы үгіт-насихаттар мен дінге деген «қатаң» қарарлардың алынуы көрсетілген. Мәселен, 1929 жылы қарашада КОКП(б) Орталық Комитетінің пленумы колхоздық қозғалыстың дамуын және ауыл шаруашылығын қайта

құрылымдауды жетілдіру бойынша шараларды қабылдауды талқылаған кезде ел ішіндегі мұсылмандықтың жәй-күйі туралы агентуралық мәліметтерге де назар аударғаны аңғарылады [268]. Нәтижесінде, 1929 жылдың желтоқсанында Қазақстанның КП ОАК Пленумы КОКП (б) Орталық Комитетінің Пленумында алынған қарарларды іске асыру барысында көшпелі қазақтардың діни көзқарастарын есепке ала отырып, отырықшыландыру саясатын ұжымдастыру арқылы жүзеге асыру мәселесі қажетті шарт болды деп шешті. Осылайша, Ф.И.Голощекиннің жетекшілігімен Қазақстан коммунистерінің «революциялық құлшынысы» ОК-тен келген қарарлардан бұрын әрекетке өтіп, көшпелі қазақтардың өмір сүру салтын ескермей, күштеп отырықшыландыру жөніндегі қарары 1930 жылдың 6 қыркүйегінде қабылданды.

Кеңес билігінің зорлық-зомбылық саясатына қарсылық ретінде тұтанған көтерілістердің исламмен және мұсылмандықпен байланысты тұстарын, діни астарын мұрағаттық құжаттар мен түрлі деректер арқылы айқындай түспекпіз.

Кеңес үкіметі мен Қазақстандағы мұсылман дінбасылары арасындағы қарым-қатынас, әсіресе өткен ғасырдың 20-30 жылдарында, оңай болған жоқ. Бұны біз елде Аппақ ишан, Аппақ Сейдахметұлы Мақсұм ишанның жеке іс-құжаттарымен танысқан кезде байқадық. Оның 1920-1931 жылдар аралығында коммунистік билікке қаймықпай қарсыласқандығы туралы қылмыстық іс-құжаттары дәлелдей түседі. Аппақ Сейдахметұлы мақсұм 1864 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Шаян ауданының (қазіргі Бәйдібек ауданы) №1 ауылында дүниеге келген. Оның атасы Қасым, әкесі Сейдахмет сопылық бағытты ұстанып, қожалардан шыққан және кезінде ишан деңгейіне жеткен. Олардың ишандығы негізінен халықтың діни ағарту саласында көрініс тапты. Осы мақсатта олар Шаян елдімекенінде ең ірі мешіттер салып, медресе ашқан. Мысалы, XIX ғасырдың 70-жылдарында әкесі Аппақ-Саян Сейдахмет-ишан жиналған қаражатпен мешіт тұрғызған, ол халық арасында «Шаян мешіті» деп аталды. Мешітте Қарқаралы, Атбасар, Қарағанды, Пишпек, Шу, Талас, Сырдария және Сарысу өзен алқаптарынан 1927 жылға дейін (яғни жабылғанға дейін) жүздеген шәкірттер білім алған. «Шаян мешіті» және оның жанындағы медресе, әрине, халық арасында ислам құндылықтар мен білімінің таралуына оң әсерін тигізді [269].

Кеңестік дәуірде ислам рухындағы өмір сүру салты мен сопылық тариқаттардан қол үзбеуі біз Қазақстандағы имамдар мен ишандардың мұсылмандықты уағыздауынан бас тартпағандығын аңғартады. ОҚО ҚР ҰҚКДМ-нан алынған құжатта Сейдахметов Мақсұм-ишанның ұлы Аппақ Ишанов Аляуітдин ишан ата-анасы туралы былай деген: «Мұсылман тұрғындары арасында ... Менің атам Сейдахмет пен үлкен атам Қасым 1917 жылдан бұрын қайтыс болды. 1917 жылы патшалық билік құлап, кеңес билігі құрылғаннан кейін мен, Аляуітдин және әкем Аппақ ишан халық арасында діни жұмыстарды жалғастырдық» [269, 1 т, 183 п]. Исламдық діни қызметтерін тоқтатпаған абыройлы де беделді тұлғаларды кеңес билігіне

қарсылық әрекеттер деген желеумен тұқыртып, жазалауды жөн санағандығын ОГПУ-ның басшысы В.О. Никитенконың «Біз Аппақ ишан Сейдахмет пен оның ұлы Аляуітдин Аппаковты тұтқындауға және бізге жіберуге, ал қалғандарды бақылауға алуды сұраймыз. Сонымен қатар, осы жылдың қарашасында Ташкентке қашып келген сайрамдық ишан Хансейіт Хожаев Сыдық Қожаны тауып, қамауға алуды сұраймыз» деген ақпарат хатынан көре аламыз [269, 1 т, 1 п].

Ишандар өздерінің қоғамға деген ықпалын шәкірттері болып табылатын мүридтер арқылы жүргізген. Аппақ ишан Мақсұмовтың мүридтері Оңтүстік Қазақстанның барлық аймақтарында қызмет еткен. Аляуітдин ишанның тергеушіге берген жауаптарына қарағанда «ол (Аляуітдин) әкесі мен атасынан мұраға қалған мүридтердің аты-жөндері мен санын нақты білмеген. Оның үстіне көптеген мүридтер «атеизмді» қабылдаған және діни қызметтерінен бас тартқан». Аляуітдин ишанның берген жауаптарында мынандай қызық мәліметтер жазылған: «Біздің мүридтеріміз келесі аймақтарда және аудандарда орналасқан, атап айтқанда:

1. Оңтүстік Қазақстан облысында біздің мүридтер: Созақ ауданында «Шалдар» және «Жетімдер» руының дерлік барлығының 500-ге жуық шаруа қожалығы бар; Сарысу ауданындағы «Тілек», «Ошақты» және «Жайық» руының 100 шаруа қожалығы; Түркістанда «Қоңырат» руы мен «Қожалардың» 30 шаруа қожалықтары; Шәуілдірде «Саңғыл» мен «Божбан» руларының 100 шаруа қожалығы; Шаяндағы «Қарабатыр» және «Байжігіт» руларының шамамен 100 шаруа қожалығы; Түлкібаста шамамен 50 шаруа қожалықтары; Шымкенттегі «Сасық» руының шамамен 40 шаруа қожалығы;

2. Атбасар ауданы, Қостанай облысы, Есіл өзенінің жағалауында Ақтас-Найман, Қарабала-Найман және басқалары бар, барлығы 200-ге жуық шаруашылық;

3. Қарағанды облысында «Сыртбала», «Тарақты», «Қарсұқ», «Керей», «Тобықты» руларында 600 жақын шаруа қожалықтары;

4. Алматы облысында «Көкірек», «Сәмбет» және басқа рулардан 100 астам шаруа қожалықтары;

5. Қызылорда облысындағы шамамен 200 шаруа қожалықтары мүридтеріміз болып табылады [269, 1 т, 3-4 п].

Осы берген мәліметтеріне тергеуші Аляуітдин ишанға аталған шаруа қожалықтарын жылына неше рет аралап өтетіні жайлы сұраққа ол былай деп жауап қайтарды: «1939 жыл бойы мен ешқайда шықпадым, НКВД-ның қуғын-сүргін саясатынан сескеніп, мүридтердің маған алып келетін қаржысына өмір сүріп келемін. 1937 жылы Қызылорда облысындағы мүридтерімді аралап қайттым, онда мен, 1000 рублейге жақын қаражат жинадым. Кейде Өзбекстандағы мүридтеріме барып қайтатынымын» [269, 1 т, 7 п].

ОГПУ-ның мәліметтерінде бұл ақпарат 1930 жылдың қаңтар айының алғашқы күндеріне қатысты. Аппақ ишан мен оның жақын адамдарын тұтқындау операциясы сол жылдың сәуір айының соңында аяқталды. 1930 жылғы 29 сәуірде Ташкентте ОГПУ-ның Шығыс департаментінің тергеушісі

«Аппақ мақсұм» күдікті ретінде жауапқа тартылған. Бастапқы қылмыстық іс хаттамасында келесі түсініктеме берілген: «Сейдахметов Аппақ мақсұм 66 жастағы қазақ, екі әйелі мен 5 баласы бар, сауатты, өз ауылында оқыған және 1926 жылдан бастап имам қызметін атқарған». Бұдан басқа, Аппақ ишан өзі туралы мынандай мәліметтерді береді: «Менің әкем қазақ, 20-30 жыл бойы ишан болды, 35 жыл бұрын оның 600 мүридi бар еді. Ол өзі Сырдария ауданы Шаян Авандтың №1 ауылының руынан, 60 мүридi бар; 1930 жылдың қаңтарында ауылымды тастап кеттім менің барлық меншігім сипатталған және тексерілген, 2 үй, 3 түйе, 4 бұқа, 5 сиыр, 9 жылқы, 40 бас қой, 14 гектар жер және көптеген тұрмыстық заттар болды. Жеке салық салығы 800 рубль болды. Мен 1345 пұттың бәрін бидаймен төледім, мен ешкімді сотқа бермедім, қай жылы нақты есімде жоқ, бірақ орыс-жапон соғысы жүріп жатқан еді, сонда 4 ай болдым, сауда-саттықпен айналысқан жоқпын. Менің кіші ағаларым: Рахматулла, 61 жаста, қазіргі уақытта Шаян-Аванд ауылында имам, ол ишан болды, оның 30-40 мүридтері бар; Асадулла, 57 жаста, 2-3 ай бұрын қайтыс болды, 200-ге жуық мүридi бар еді, олардың барлығы жерлерінен айрылды. Революцияға дейін оның 60 бас қойы, 6 бас сиыры, 10 жылқысы, түйесі мен бес бұқасы болды» [269, 1 т, 9 п].

Осы мәліметтерге қарағанда ОГПУ мен НКВД өкілдері аймақтағы барлық имамдар мен ишандарға тиесілі жер мүліктерін тізімге алып, тәркілеген. Ишандардан жауап алу хаттамаларынан, елдегі барлық діни қызметкерлер мәжбүр жерлерін тастап, мүлкін өкіметке тапсырған. Бұл ақпарат қазақ қоғамының өзін-өзі ұйымдастыру деңгейін түсінуіне көмектеседі және ондағы күрделі тарихи кезеңде қорғаныс ресурстарының қолжетімділігін айқындайды. Коммунистік билік өкілдері жергілікті имамдарды салық төлеуге мәжбүрлеп, қиындыққа душар еткен. Салық мөлшері өте ауыр болғандықтан жергілікті халықтың реніш-ызасын тудырмай қоймаған. Бұл туралы келесі ОГПУ-ның жауап алу хаттамасының соңында ишанның ұлы Бахабулланның берген жауаптарынан тағылған салық мөлшерінің қаншалықты салмақты болғанын көруге болады: «Мен Аппақ ишанның ұлы Бахабулла, әкем әдетте «Ақ ишан» деп аталады. Менің әкем және мен ауылымыздан ауыр салықтан қашып кеттік, менің 150 пұт бидайым болған, ал әкемде 1400 пұт болды, әкем төледі, бірақ мен төлей алмай қашып кеттім» [269, 1 т, 11 п]. Мұрағат құжаттың осы бетінде Бахабулла туралы мынандай мәліметтер берілген: «Аппақ ишан (фамилиясы Махдиев) Бахабулла, 30 жаста, Қазақстандағы Сырдария ауданы Шаян Авдан елдімекеннің №1 ауылында тұрады, революцияға дейін көптеген шаруашылық жерлері бар, соңғы 4 айда Той-Төбенің Ысты ауылында тұрып, мал шаруашылығымен айналысқан, өзі жұмыс істемейді, жесір, 1 жылқы, 2 түйесі бар, сауатты, Шаяндағы мешіттің жанындағы медресені бітірген және бұрын соңды сотталмаған».

ОГПУ-ның осы іспетті хаттамалардың ішкі мазмұны кеңес билігі органдарының Қазақстандағы имамдар мен діни қызметкерлерге деген қатынасының бір жағынан исламды таратудағы жұмыстарына шек қою болса, екінші жағынан жерлері мен мал-мүлкін тәркілеу болатын. ОГПУ-ның

Ташкент қаласында орналасқан Шығыс бөлімшесінің барлық хаттамаларында ишандар мен имамдардың мал-мүлкі тізімге алынғаны көрінеді. Мал-мүлкінен айрылған діни қызметкерлер коммунистер тарапынан «контрреволюционерлер» деп айыпталып, олардың іс-амалдарын халық арасында қаралау жұмыстары кеңінен жүргізілді. 1930 жылы 4 мамырда Сейдахметов Сабырдың жауапқа тартылу хаттамасына қарағанда «ол 53 жаста, Аппақ ишан мақсұм оның әкесі, өзі диханшылықпен айналысады, 2 әйелі бар, отбасында 9 адам бар, 2 жылқысы, 2 түйесі, 2 бұқасы бар. Ол, өте сауатты, 12 жыл көлемінде Мухтастер медресесінде оқып, Шарвания, Хидия медреселерінде білімін шындатқан. 1910 жылдан бастап мешіттің жанындағы мектеп пен медреседе қари (мүдәріс, оқытушы) қызметін атқарып келді» [269, 1 т, 12 п].

Осылайша, ОГПУ-ның тергеу хаттамаларына сәйкес, Аппақ ишан Мақсұмның, оның ұлдары мен ауыл тұрғындарының өз туған ауылынан Өзбекстанға қашуының негізгі себебі, ол кеңес билігінің «асыра сілтеу» өктем саясаты болды. Жергілікті діни қызметкерлер «байлар мен кулактардан» басқа әлеуметтік тапқа жатқызылып, оларға деген салық мөлшері екі есе артық салынды. Алайда, бұл ауылдан кетудің жалғыз себебі осы деп те айтуға болмайды. Себебі, 1930 жылдардағы мұсылмандық дін басыларының Өзбекстан мен Ауғанстанға қашып өтуі кеңес үкіметінің исламға деген саясатын қатайтумен байланысты еді. Өйткені сол уақыттағы еліміздің түрлі аймақтарын шарпыған толқулар мен көтерілістерге имамдар мен ишандардың ашық араласқаны көрініп тұр. ОГПУ хаттамаларын зерттеген кезде, имамдар мен ишандардың батыл жауап беруі мен кеңес билігінің қарсылығы нақты айқындалуда. Мүлікті тәркілеу мен «байлардың» тап ретінде жойылу саясатынан кейін Қазақстанда орныққан тоталитарлық жүйе ең алдымен Алаш зиялылары және мұсылман дінбасыларына қысымын күшейтті. Аппақ ишан мақсұмның ұлдарынан бірі Аляуидин ишан 20 жыл көлемінде НКВД-ның бақылауына ілігіп, 1939 жылы тергеушінің «Қазір сіз шетелде және Орта Азия республикаларында тұратын діни қызметкерлерден кімді білесіз?» деген сұрағына «Шетелде өмір сүретін және халық арасында беделі зор діни қызметкерлердің арасында мен Мағмұр молданы білемін (толық аты-жөні белгісіз), ол Қызылорда қаласының тұрғыны, Бұхара қаласындағы медреседе бір қыс бойы екеуміз оқыдық. Ол 1930 жылы қуғын-сүргін машақатынан қорқып, Өзбекстанға қашқан және айтуына қарағанда кейіннен Ауғаныстанға жер аударған. Қазіргі таңда ол тірі ме қайтыс болды ма, ол жағынан бейхабармын» деген жауабын қайтарған [269, 1 т, 12 п].

Осылайша, Сейдахметовтарға екі бап бойынша, олар 58-10 (экономикалық науқанның бұзылуына бағытталған революциялық үгіт) және 59-7 (ұлттық және діни өшпенділікті насихаттау) бойынша айыптар тағылды. Тергеушінің айтуынша, күдіктілер «жеткілікті түрде ашулы», бұл іс бойынша 2-3 куәгер бар, бар ОГПУ-ның куәгерлері күмән тудырады. Қылмыстық іс бойынша тағылған айыптаудың мәтіннің соңында Сейдахметовтардың қолтаңбасы бар, оның ішінде «Мен өзімді кінәлі деп танымаймын» деген қарсылық көрінуде

[269, 1 т, 26-28 п]. Осыған қарамастан ОГПУ-ның қабылдаған айыптау қорытындысы сол уақыттағы ислам мен мұсылмандыққа қарсылық қысымдарды жергілікті имамдар мен ишандар қай деңгейде мойындағаны айқындалады. Шаян ауданының №1 ауылының азаматтары Сейдахметов Аппак-Мақсұм (ол Аппак-Ишан), Аппак Ишанов (ол Махдиев) Бахабулла және Сейдахметов Сабыр жайында қылмыстық істің 58/10 және 58/7 баптары негізінде қарар алынды. Осы алынған қарарды біз зерттеу жұмысымызда толық нұсқасын беруді жөн деп таптық. Себебі, оның ішкі мазмұнында Түркістан облысындағы кеңес билігіне мұсылмандардың қарсылығы нақты баяндалған. «Іс бойынша жүргізілген алдын-ала тергеу анықталды: Сейдахметов Аппак-Мақсұм (Аппак-Ишан) Сырдария ауданы мен Қазақстандағы ең ірі және ықпалды азаматтарының бірі, оның ықпалын 3000 мүридi бар екендігімен айтуға болады; халыққа шексіз әсерін және соңғы діни фанатизмді қолдана отырып, Сейдахметов бірнеше жылдар бойы ашық түрде кеңес билігіне қарсы үгіт-насихат жүргізді, кеңес билігінің төменгі қызметкерлері мен жеке лауазымды тұлғаларға қоқан-лоққы көрсетті және ауылдағы экономикалық қызметтің жүзеге асырылуына кедергі келтірді.

Өткен жылы астық жинау науқаны кезінде Сейдахметов Аппак-Мақсұм (Аппак-ишан) өз ауылының және ауданының тұрғындары арасында кеңес билігінің құлдырауы туралы арандатушылық сипаттағы үгіт-насихат жүргізді. Кеңес билігінің биліктің халықтан мал-мүлкі мен барлық байлықтың тоналуына алып келгендігі, ендігі жерде олар нан жинау арқылы тонауға көшкендігі жайлы уағыздар өткізді. Сізге бұдан бас тарту керек, ал егер кеңестік билікке қарсы шықпасаңыз, сіз аштан өлесіз деп айтты. Міне қолымда Аллаһтың Құран кітабы бар кеңес билігі тек күзге дейін үстемдігін жүргізеді. Билік қайтадан біздікі болады, енді олардың күші жоқ. Астық жинау халықты тонау үшін жүзеге асырылады деген ойларын паш етті». Шын мәнінде кеңес билігінің сол уақыттағы негізгі саясатының астарында халықтың арасынан мұсылмандық әсерді жою жатты. Оны біз қарардың мына бөлімінен аңғардық: «1929 жылдың күзінде Сейдахметов Аппак-Мақсұм, Сейдахметов Сабыр және Аппак-Ишанов Бахабулламен бірге астық жинауға қарсы тұру үшін өз ауылының тұрғындарының кедей бөлігін жинады, олар үшін той өткізді, қошқарды сойды және астық жинау іс-шараларын өткізу кезінде кеңес үкіметіне кедергі келтіретін кедей тұрғындарды тартты. Бұл кездесуде Сейдахметов Аппак-Мақсұм: «Кеңес үкіметі мен жергілікті қызметкерлерді жек көремін және бәрібір қарсы тұруға тырысамын, себебі халық молдаларсыз және ишандарсыз өмір сүре алмайды. Кеңес үкіметі барлық байлардың мал-мүлкін тәркіледі және оларды басқа аудандарға зорлықпен көшірді, енді сіздер (халық) ашаршылыққа тап болады. Алдағы сайлау науқанында өзіңіздің адамдарыңызды таңдауыңыз керек, содан кейін билік біздікі болады» [269, 1 т, 29-30 п].

Сейдахметов Сабыр (Аппак-Мақсұм Сейдахметовтың ағасы) ауылда кеңес үкіметінің өткізген іс-шараларына қарсы жүйелі түрде бастама көтерді. 1927 жылы Шаян ауданының № 14 ауылында болған Сейдахметов Сабыр осы ауыл

тұрғындарынан қайырымдылық жинап, халықты көтерілуге шақырды, оның уағыздарында: «Кеңес билігі тек қана тонаумен айналысатын, ауылға салықтың барлық түрлерін салатын жылқы ұрылардан тұрады. Біз әрдайым қарсы болуға тиіспіз, өйткені Қытай тез арада соғыс жариялайды және кеңес билігін жояды» деген. ОГПУ-ның бұл айыптауларында негізсіз бірнеше фактілер орын алуда. Мәселен, Аппақ Мақсұм ишан «3000 мүридтер арқылы қаражат жинады» деген айыптаудың астарында шындыққа жанаспайтын тетіктер бар. Тергеу барысында бұл фактіні растайтын бірде-бір құжат жоқ. «Сейдахметов бірнеше жыл бойы ашық антисоветтік үгіт-насихат жүргізуде» деген мәлімдеме де дәлелденбеген. Алғашқы күндері дінге қарсы агрессивті саясат жүргізген кеңес үкіметі мұсылман дінбасыларының халыққа әсерін шектеді. 1928 жылғы 17 қыркүйекте Бүкілресейлік орталық атқару комитеті діни ғимараттарды кеңестердің мәдени және білім беру мекемелеріне беру туралы қаулы шығарды. Аппақ Мақсұм ишан Сейдахметовтың әкесі 1889 жылы 150 мың рубльге салғызған Шаян мешіті 1928 жылы клуб ретінде пайдалануға берілді. 1939 жылы 20 қаңтарда тергеу барысында Аляуидин ишан «өздерінің жеке мешіттерің бар ма» деген сұраққа: «Ия, бар. Ол шамамен 50 жыл бұрын менің атам Сейдахмет-ишанның көмегімен салынған. Бұл мешіт Шаян ауданының орталығында орналасқан, қазіргі уақытта клуб ретінде пайдаланылуда. Біздің мешіт «Шаян мешіті» деп аталды және 1927 жылға дейін Қарқаралы, Атбасар, Шу, Алматы, Қызылорда облыстарынан және Оңтүстік Қазақстан облыстарынан мүриддер жиналатын. Мешітте медресеміз болған. Медреседе жылына 100-ге жуық шәкірт білім алған» деген жауап қайтарған [270]. Айыптау қарарында, діни қызметкерлердің тұтас барлығы байлар деп аталады, бұл да дұрыс емес. Шаруа қожалығы бойынша олар орташа шаруа шегіне жете алмады.

Осының негізінде Қазақстанның КП ОК-ті 5630 мың көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтардың 1930 жылдың қаңтарына дейін 544 мыңы отырықшылануы тиіс деп шешті, оның ішінде міндетті түрде жергілікті мұсылман халқының діни көңіл-күйі есепке алынып, керек кезде күш пайдалануына рұқсат берілді. 1930 жылы 5 қаңтардағы КОКП Орталық комитетінің «Ұжымдастыру және колхоздық шаруашылыққа мемлекеттік көмек көрсету шаралары туралы» қаулысымен және 1930 жылғы 30 қаңтардағы КПСС Орталық Комитетінің саяси бюросының «Толық ұжымдастыру облыстарында байлар шаруашылығын жою жөніндегі шаралар туралы» Жарлығы негізінде жергілікті коммунистер Қазақстанда «адамның қасиетіне жат» іс-әрекеттерге жол беріп, жергілікті халықтың діни кітаптарымен қатар, зорлықпен мал-мүлкін тәркілеуге кірісті [271]. Бұл әрекеттердің мемлекет үшін саяси маңызы зор екендігін дәріптеп, заңды жүзде орындалып жатқандығын тілге тиек еткендері де бар.

Жергілікті коммунистік биліктің ұжымға ерікті түрде кіргізу ұстанымдары барлық нормалар мен шарттарды бұзды. Оңтүстік Қазақстан аймақтарында «діни пиғылы» басым халық кеңестік ұжымға тіркеле алмады, имамдар мен ишандардың діни мүліктері егжей-тегжей тексерістен өтті, діни кітаптары

барлары ауылдан алыстатылды. Ауыл шаруашылық егін жинау және салықтарды тағайындау кезінде мұсылман дінбасылары «ауытқуға тап түскен көзқарастары» үшін екі есеге дейін көтерілді. Сонымен қатар, басқа да «діни тәрбиелеу» шаралары пайдаланылды. Осылайша үш аудан бойынша, атап айтқанда Ақмола, Петропавл және Семей аудандарында 34120 адам «ауытқуға тап түскен діни көзқарастары» үшін сотталды, 22307 шаруа қожалығы әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Бұдан басқа, айыппұлдар салынды, жергілікті мұсылман халқынан 23 млн. рубльден астам қаражат тәркіленді, 53,4 мың бас мал, 631 мың фунт астық қоры, 258 мешіт ғимараттары тәркіленді. Сонымен қатар 60 мыңнан астам үй қазақ байларының еншісінде екендігі ескеріліп, олардың халық арасындағы «зиянды элементтері» үшін тұтас мүлкі тәркіленді және 40 мыңнан астам халықтың мүлкі мемлекеттің еншісіне өтті деп жарияланды, ал қалғандары мал-мүліктерін тастап босып кетті [272].

Дінсіз қоғам орнатуды көксеген коммунизмге, кеңестік жүйеге қарсы елімізде алғашқылардың бірі болып бас көтерген, соңғы демі үзілгенге дейін осы жолда қайсарлықпен табанды күресіп өткен ғұлама, қайраткер Әбу Насыр Мұбашир ат-Тарази (1886-1977) еді. Ол Нығмет Хакимнің «Мұхаммед құдайдың елшісі ме?» деген кітабына қарсы жауап ретіндегі «Құран және пайғамбарлық» атты еңбегінің қолжазбасын бастыра алмайды. Мұбашир Тараз қаласында әкесі аштырған медресені жаптырғаны үшін шәкірттерін бастап шеруге шығады. Үш рет тұтқындалып, 1930 жылы жеті жасар баласын алып, әуелі Ташкентке, одан Ауғаныстанға бас сауғалайды. Ауғаныстан шаһы оны лауызымды мансаптарға тағайындайды. Немістер Кеңестер Одағына басып кіріп, соғыс оты түтінгенде өзі сынды Түркістанның азаттығын армандаған мұхажирлерді (қоныс аударғанды) ұйымдастырып екінші жақтан шабуыл бастайды. Осы әрекеті үшін 1943 жылы кеңес үкіметінің талап етуімен Ауғаныстанда түрмеге жабылады. 5 жылғы қапас түрмеден босаған соң Пәкістанға өтуге рұқсат алады, 1950 жылы отбасымен Египетке көшіп келіп, осында өмірінің аяғына дейін тұрақтайды. Дін қайраткері отанынан жырақта жүріп мұсылман әлемінің биік мінберлерінде, жиындары мен баспасөзінде сталиндік үкіметтің исламға, түркі халықтарының дін сенім қалауына қас қылмыстарын әшкерелеуден шаршамады, қаламын тастамады [164, 6 б]. Осы бір аса көрнекті діни тұлғаның тағдыр талайы, еңбектері жайында елімізде кейінгі кезде ғана айтыла бастады. Әбу Насыр Мұбашир ат-Тарази «Түркістанның өткені мен бүгіні» атты кітабының «Коммунизм және ислам» атты тарауында кеңес билігі дінге бағытталған идеологиясын, оның Түркістандағы көріністерін өз басынан кешкендерімен сабақтастыра суреттейді. Ол: «1922-1927 жылдар аралығында кеңес үкіметі көптеген дін адамдары мен басшыларының көзін құртты. Біреулерін түрмеде өлтірсе, екіншілерін коммунистік түрмеде шірітті. Үкімет мектептер мен мешіттерді жауып, олардың орнына клубтар мен кафелер салды, орыс эмигранттарына баспана етіп берді.

Мен 1928 жылы мемлекеттен көшіп кеттім. Кеңес үкіметі Тараздағы мешітті басып алып, орнына кафе мен Лениннің мүсінін орнатуды қалады. Менің кітапханамды тәркілеп, барлық кітаптарымды тартып алып, кейбіреулерін жағып жіберіп, ал қалғандарын мемлекеттік кеңселерге апарып тастады» - деп жазған [164, 107 б].

Кеңес билігінің 1929-1930 жылдары ислам мен мұсылмандыққа өштесе жауығуынан қашқан Қазақстанның барлық аймақтарының мұсылман дінбасылары, ел ішіндегі имам-молдалар, ең беделді ишандар және шетке, көршілес Өзбекстан мен Түрікменстанға, Ресейге тығылса, одан қалды Тәжікстанға, Ауғанстан мен Иранға және Түркияға, Сауд Арабиясына, Қытайға т.б. бас сауғалауға мәжбүр болды. Сырт елдерден амалсыздықтан пана іздеп кеткендердің қатарында оқымысты-ғұламалардың да болғаны соңғы уақытқа дейін көмескіленіп келді. Профессор Ш.Керімнің Әбу Насыр Мұбашир ат-Таразидің қырықтан астам кітаптың авторы екендігін, бұл еңбектердің көпшілігінің дін тақырыбын өзек еткенін, 1987 жылы Каир қаласында Айн-шамс университетінде өткен ғылыми конференцияда «аламатул» ат-Таразидің өмірі мен қайраткерлігі, шығармашылығы жан-жақты сөз болғандығы, ал арабша «аламатул» деген «ғұлама, аса көрнекті ғалым» дегенді білдіретіндігін көрсетеді [164, 118 б]

Тараз шаһарының тағы бір осы тағдырлас тумасы, ғалым- Алтынхан төре деген атпен танылған сейіт Махмұт ибн Нәзір Тарази (1895-1991). Жастайынан туған қаласында діни білімді игерген ол одан әрі Ташкенттегі Көкалташ және Бұхара медреселерінде дәріс алып, шындалады. 1917 жылдан бастап Таразда шәкірттер оқыта бастайды, Кейіннен қала медресесіне ұстаздық қызметке тұрады. Оның әкесі сейіт Нәзір (Ишанхан домла) – Құран Кәрімді толық жаттаған қари, хадис ілімінің білгірі ишан болғандықтан нақақтан қамалып, содан оралмаған. Ал Алтынхан төренің өзі 1930 жылғы зауалда жат елге ауып қауіп-қатерден басын әрең алып шығады. Осылайша ажал құрығынан аман қалған діндар Ауғанстанның астанасы Кабулға табан тірейді. 1932 жылы Ауғанстанның білім министрлігінің кеңесшісі болып жұмыс атқарған. Бұл елде де тыныштық болмаған соң Үндістанға қоныс теуіп, сонда он жыл тұрған. Бомбейде ауылдық мешіттердің біріне имам болады. Бомбейдегі мазасыздықтан соң Сауд Арабстанға көшіп барады. Қасиетті Меккеде бала оқытуды бастап, кейіннен әл-Харам мешітінде ұстаздыққа шақырылады.

1991 жылы дүниеден өткен. Алтынхан төре оқытушылық, имамдық жұмыстармен қатар аударма, тәпсір, діни мәтіндерге түсініктеме жазумен айналысқан, Құран Кәрім мағыналарының түркі тіліндегі аудармасы, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) ғибратты ғұмыры суреттелген «Нурул басар (Көз нұры)», Имам Науауидің «Риядус салихин» кітабының түсіндірмесі, Имам Ағзамның «Әл-фикһул акбар» кітабының түсіндірмесі, Абу Иса Термизидің «Шамайли Мұхаммадия» еңбегінің түсіндірмесі және т.б. еңбек қалдырған. 1950 жылдары Меккеге қажылыққа Қазақстаннан келген санаулы адамдармен, Жамбыл мешітінің имамы Нуралы Туашбаевпен кездесіп, Кеңес

одағындағы мұсылмандар туралы көп сұраған оқымысты қауіпсіздік мекемелерінің назарынан тыс қалмаған [164, 73 б].

Сталиндік репрессияның азабын тартқан тағы бір оқымысты Оразмағамбет Тұрмағамбетұлы 1882 Маңғыстауда Қызылсу деген мекенде дүниеге келген. Ол Бұхарада Шерғазы медресесінде оқыған. Оразмағамбет дін оқу тәліміне ғана місе тұтпай Бомбейде инженерлік білім алған, Стамбулда екі жыл тұрып оқыған, бірқатар Еуропа елдерін аралаған. 1916 жылдан бастап Маңғыстауда қазба байлықтарын барлау жұмыстарымен шұғылданады. Атақты геолог М.В. Баярунаспен сан рет кездескен. 1919 жылдары Қызылсуда мешіт салып, 1930 жылы балаларға сабақ берген. Емдік шөптер жинаған, малға, адамға кезіккен әртүрлі ауруларды емдеген. 1930 жылдан бастап «діндар молда» бақылуға алынады, М.В. Баярунас сыйлаған радиоқабылдағышты “өзге жақпен сөйлесетін құралы” бар деп бірнеше рет ұстап, босатады. Ашаршылық кезінде атақонысын тастап, Иранға ауады. Осы жерде мектепте парсыша сабақ берген кездері де болған. Бірақ Кеңестік жансыздар бұндай діндарды сырт елде тыныш қалдырмайды, 1937 жылы шекарадан бері өткізіп, тұтқындайды. 1942 жылдың 30- қазанына дейін айдауда қара жұмысқа жегіліп жүргенде қаза табады. 1957 жылы Балтабай Адамбаев Маңғыстаудағы Сахар тауынан тауып, оқымыстының араб, парсы тілдеріндегі кітаптарын, деректі қағаздарын, 1927 жылы берілген имамдық куәлігін, басқа да мөрленген құжаттарын тапты. Бұл кітаптар академияның Орталық ғылыми кітапханасына өткізіледі [273].

Қазақстандағы 1920 жылдың соңы мен 1930 жылдардың басындағы коммунистік идеология мен кеңес билігіне қарсы бағытталған көтерілістерге дем берушілері мен жетекшілері қатарында ишандар мен имамдардың да аз болмағандығы туралы айғақтар мен дәлелдер баршылық. Көтерілістердің жаппай сипат алған уақытын 1930 жылдың 25 ақпан айымен байланыстырады. Алматы қаласы бойынша ОГПУ-ның Әскери округының бас өкілі А.Волоховтың 1930 жылдың 25 ақпанда берген агентуралық мәлімдемелерінде көтерілістер жаппай Ырғыз ауданы Ақтөбе округы мен Жетіқара ауданы Қостанай округының кең байтақ жерлерінде болып өтті. Сол құжатта А.Волохов көтеріліс жетекшілерінің аты жөндерін нақты көрсеткен: № 22-ші ауылдың жетекшісі хазірет Исатай, № 25 ауылдікі хазірет Ухатай, № 5 ауылдікі хазірет Айтбай, № 26 ауылдікі Айжарқын хан, № 8 ауылдікі Сандыбек Каражанов, № 10 және № 11 ауылдардың жетекшілері белгісіз (құжатта бір адамнан басқалардың аты-жөндері көрсетілмеген). Коммунист орыс агентуралық ақпараттарында «бандиттер» деп берілген қазақ мұсылман сарбаздары ауылдық большевиктік басқармаларды қиратқандығы, құжаттардың барлығын өртегендігі, ауылдағы егістік алқаптарын бұзып, ұжымдарды жойғандығы және әкімшілік биліктің 10 өкілін қамауға алғандығы жайлы тіркелген мәліметтер бар. Сонымен бірге бұл құжатта көтерілісшілердің біріккен жері ретінде Жетіқара ауданының Қостанай округына қарасты Қаратабан елдімекені көрсетілген [274, 702 іс, 2 п].

А.Волоховтың берген агентуралық мәлімдемесіне сәйкес, А.Қанаевты жергілікті мұсылман халқы «хан» деп атаған, демек, ол сол уақыттың өзінде «бүлікшілердің ханы» ретінде сайланып алынған. 75 жастағы А.Қанаев жергілікті халықтың арасында ишандық қызметін атқарған соң, ол сарбаздар арасында ең беделді адам болған. 1916 жылы Ырғыз көтерілісі кезінде Кенжеғарин болысының Ырғыз уезінде А.Қанаев «хан» деп сайланған екен және 1916-1917 жылдары Торғай даласындағы көтеріліс кезінде қазақтардың жалпы «ханы» А.Жанбосыновтың ең жақын көмекшісі болған. А.Волохов тағы бір ақпаратты беріп отыр, оның мәлімдемесінде 1916 жылдан бастап қазақ мұсылмандары А.Қанаевты «Айжарқын хан» деп тұтас қазақ халқының көшбасшысы ретінде құрметпен атаған. Қалай болғанда да, Айжарқын Қанаев қазақ сарбаздарын біріктіріп, кеңес билігіне қарсы шынайы аттанған және қазақ халқының болмысын коммунистік биліктің құрсауынан шығару бағытында қуатты қозғалысты басқара білген.

Көтерілістің қозғауыш күшін басқару жүйесі 1916 жылғы Торғай көтерілісіне ұқсастығы мен олардың арасында соғысуға дайын әрі «кеңес билігіне ашық» шыққан сарбаздардың аты жөндері осы агентуралық мәлімдемеде жазылған. Жүйе бойынша «ханның» өзінің кеңесшісі болды және ол өз кезегінде сол кеңесті басқарды. Бұл тізімде келесі имамдар мен ишандардың аты-жөндері көрініс тапқан: Әбдібек Сегізбаев, Қайып Баймұратов, Тілеп Жаналин, Сүйінғали Сәметов, Қайырлы Мырзабеков, Мешітбай Қанаев, Абдолла Кенжетаев, Дошан Бастауов, Ұрмағамбет Құдайсүгіров, Нурғали Мыңбаев, Махмуд Әйнекбаев [274, 702 іс, 2 п].

Жетіқара көтерілісіне дін адамдарының араласқандығын біз А.Волоховтың берген мәлімдемесінен аңғара аламыз. Ол былай жазады: «Мұқантай Саматов сардарбек ретінде сайланды. Ол, Қарасу ауданындағы мешіттің иесі, Бұхарадағы діни мектепті бітіріп, ОГПУ құжаттарына сәйкес Бұхараның әміршісі Сейіт Әлім Ханның кеңесшісі болған». Көтеріліс болған аймақтарды тыңшылық жасаған коммунист өкілдерінің агентуралық мәліметтері, қазақтар өздерінің көшбасшы ретінде халық арасында беделі жоғары кісілерді тандаған және олардың басында міндетті түрде «хан» мен сардар болуы қажет еді. Мәселен, Ырғыз ауданындағы Шалқар-Теңіз көлінің маңында Төменбай Нұрлыбаев «хан» деп сайланды, оның кеңесшісі Исатай Сатыбалды, ал сардарбек ретінде Сыдық Әйменов тандалды деген ақпараттар агентуралық мәлімдемелерде кездеседі [274, 702 іс, 2 п].

1930 жылдың наурызында Қызылорда облысы Қармақшы ауданының Қарабұғат елдімекенінің № 1, № 2 және № 3 ауылдық ауыл тұрғындарының арасында молда Жұмағазы Байымбетов кеңес билігіне қарсы сөз сөйлеп, халықты Қарақұмға ашық қарулы көтеріліс үшін көшуге шақырғандығы жайлы ақпараттар бар. Осы сөзден кейін Жұмағазы Байымбетов 500 адамнан тұратын әскер бірлігін жинады және 700 отбасының Қарақұмға көшіп баруына ықпалын тигізген. Онда ол 1930 жылдың 17 наурызында Қармақшы ауданының «ханы» етіп сайланды. Жұмағазы Байымбетовтың әскер бірліктеріне кейіннен Баймағамбет Талқанбаев, Кенжебай Тыныштықов және

Тілеуғали Ахметов басқарған «бүлікшілердің» жаңа әскер бірліктері қосылды. 1930 жылдың наурыз айында ишан Ақмырза Тосов басқарған Қазалы ауданының көтерілісі басталып кетті. Көтеріліс барысында Ақмырза Тосов Қазалы ауданының «ханы» етіп сайланды [275].

1930 жылдың 15 наурызында ОГПУ Мемлекеттік басқару департаментінің жедел ақпаратына сәйкес, Ақтөбе ауданының бөлігі болып табылатын Қостанай ауданы Жетіқара ауданындағы көтерілісшілердің саны шамамен 1500 адамға дейін жеткен. Сонымен қатар, аталған аудандардағы көтеріліс ұлтшылдық сипатта өтпегендігін ескере отырып, қазақ мұсылмандарының бұл көтерілісті «орыс большевиктерінің отаршылдық саясатына қарсы» бағыттағанын атаған жөн. ОГПУ-ның баяндамасында «ОГПУ-ның өкілдерінің ауылдардағы «контрреволюцияға» қарсы күресінің 1930 жылдың 1 ақпан мен 15 сәуір аралығындағы шұғыл жұмыстарының алдын ала қорытындысы бойынша» бұл көтерілістерге қазақтардан басқа орыс, бурят, алтайлықтар және орыс казактары қосылған [276].

ОГПУ-ның 1930 жылдың 5 мен 10 наурыз аралығындағы «контрреволюциялық кулақтық-ақгвардияшылдық және бандиттік элементтерін жою» туралы № 7 операқпараттарына қосымша ретіндегі баяндамада көтеріліске аттанғандардың төрт әскери тобының құрастырылғандығы жайында жазылған. Олар, Жетіқара ауданының Жайылма мен Жетіқара алтын қорларына шабуыл жасаған 300 адам, Қарабұтақ аудандық орталығы мен Ырғыз қаласына шамамен 600 адамға дейін көтерілісшілердің саны көрсетілген. Көтеріліс барысында телеграф байланысы кесілгендігі, сондай-ақ көтерілісшілер кооперативтер мен ауылдық кеңестерге жойқын шабуыл жасағандығы туралы бірқатар ақпараттар тіркелген [277, 126, 127 б]. Бұл көтерілістердің ауқымы соншалықты кең болды, билік оған қарсы айтарлықтай кеңестік әскери күштерін жіберді.

Көтерілістің діни сипатын айқындайтын құжаттардың арасында ОГПУ-ның 1930 жылдың 15 наурызындағы агентуралық ақпаратындағы мынандай мәліметтер көрсетеді: «Бізге таныс конрреволюциялық ұйымдар мен топтар арасында «Шарифат сұласы» қорына қыруар қаржы жинаған «Сопы» (Суфи) тобы жартылай талқандалды. Бұл ұйым Қожахметовтың «бандиттік тобымен» бірлесті. Олардың Қарақалпақстан мен Түркменстанның Ташауыз округының дін істері бөлімімен байланыстары тіркелген» [278].

Агентуралық ақпарат материалдары кеңес билігінің исламға қарсы жүргізген саясатының «ауытқуларын» жаппай мешіттерді жабуымен сипатталады. Мәселен, кеңес билігі құрылғаннан кейін Қостанай мен Ақтөбе аудандарында бар жоғы 4 мешіт қалды. Сталиндік кезеңде, діни қызметкерлерге қарсы шаралар мен қатыгездік салдарынан, тек бір ресми мәртебесі бар мешіт жұмысын жалғастырды. 1930 жылдың сәуір айындағы кезекті тексерулердің нәтижесінде КСРО Министрлер Кеңесіндегі Дін істері жөніндегі уәкілетті кеңеске жіберілген хатта (аты-жөні белгісіз): «Мен аудандық атқару комитеті №3 мешіттің ғимаратын тапсырған бір діни қоғамды тіркедім. Сонымен қатар, менің қолымдағылардан алынған

мәліметтерден, ауылда молдалар болып табылатын барлық төрт мешіт жасырын жұмыс істейді. Мұндай жағдайға бұдан былай жол берілмеуі тиіс. Тіркелмеген барлық діни бірлестіктерді біріктіру керек, ал №1, 2 және 4 мешіттерді жауып, жергілікті раисполкомдардың еншісіне өткізу керек» [279]. Бұл кезең Қазақстандағы ауыл тұрғындарының өздерінің рухани автономияларын сақтап қалуының күрделі ұзақ тарихындағы бастамасы ретінде белгіленуі мүмкін. Сондықтан, қазақ ауыл тұрғындарының естелік хаттары, партиялық есептер және ақпараттық есептер кеңес билігінің 1920 соңы мен 1930 жылдардағы исламға қарсы жүргізген саясатының шынайы суреті мен халықтың ұлттық болмысын сақтап қалудағы қозғалыстың барысын аша түсетініне еш күмән жоқ.

Дүйсенбі деген кісі тарапынан салынған Шатыртам (Ақтөбе облысы) елдімекеніндегі мешіттің маңында Сидельников басқарған орыс коммунистері (К.Мышанов есімді коммунистің берген мәліметтеріне қарағанда шамамен 1000 жеткен әскери бірліктерді аты белгісіз Ақаев басқарды) мен Түменбай хан (Нұрлыбаев) арасында қанды соғыс болып өтті. Көтерілісшілерді сол кезде сардарбек Сыдық Әйменов басқарды. ОГПУ-ның мәліметтерінде И.Сатыбалдин сол кезде шын мәнінде Түменбай ханның кеңесшісі еді. Қызыл әскерлердің жол сілтеушісі болған К.Мышановтың естеліктерінде олардың есебінде 3 оқты пулемет болған және қызыл әскерлері қазақ «бандиттерін» қоршауға алған. Соғыс кезінде бірінші болып қазақ әскери бірліктерін басқарған Түменбай хан, Сыдық Әйменов және Исатай Сатыбалдин қаза тапты. ОГПУ-ның деректерінде жалпы 242 сарбаз қаза тауып, 26 тұтқынға түсті, оның 6 жарақаттанған. Ал К.Мышановтың берген ақпаратында қазақ әскерлерінің шығыны одан көп болды, жалпы 300 адам қаза тауып, 300 адамдай тұтқынға түскен. Қалған «бүлікшілер» Арал теңізінің солтүстігіндегі Қарақұмға қарай бет алды. Сарбаздармен бірге көтерілістерге белсенді түрде қатысқан жүздеген ауыл өз үйлерін тастап (ОГПУ деректері бойынша, шамамен 15-16 мың адам, яғни 5000 отбасы, 10 мың сарбаз). Сол уақыттан бері Ақтөбе облысының Ырғыз ауданы Таупақ болысының Шатыртам елді мекенін қазақ халқы «Тоқа қырғыны» (Тоқа - Кіші жүздің Шөмекей руы) деп аталады, өйткені Түменбай ханның отрядында сап түзеген 1600-ден астам сарбаздың 700-800 дейін адам Тоқа руынан шыққан еді [280].

Осы орайда кеңес үкіметі өз тарихында алғаш рет өзіне қарсы шыққандармен бейбіт келіссөздер жүргізгенін атап өту керек. Оқиға былай өрбіді. Ә.Жәнгелдиннің басшылығымен коммунистік мемлекеттік комиссия мүшелері Ғ.Мүсірепов, С.Сейфуллин, А.Жүсіпов, Тысқаев Қарақұмға келді. Комиссия төралығына Ә.Жәнгелдинді кеңес билігінің таңдауы кездейсоқ емес еді, себебі оның қазақ сарбаздары арасында беделі жоғары болатын. Ә.Жәнгелдин 1916 жылғы көтерілісте А.Имановтың комиссары ретінде көптеген сарбаздармен жақыннан таныс еді. Қазақтар тарапынан келіссөздерді 6 адамнан құрылған кеңес басқарады, олар Төрешев, Ж.Байымбетов, Досжан Қараев, А.Әйменов). Кейбір деректерде кеңес 3 адамнан тұрады, олар Ж.Байымбетова, Д.Қараев және А.Әйменов.

Көтерілісшілер елдегі қазақ халқының құқықтарының тапталып, коммунистік биліктің патшалық кезеңнен қалған «әділетсіз» саясатын жалғастырғанын айтып, келесі талаптарды қойды:

1. Орташа шаруалардан заңсыз тәркіленген малды қайтару;
2. Ар-ождан бостандығы, мешіттерді қайтару және билік өкілдерінің мұсылмандардың істеріне араласпауы;
3. Тәркілеуге тыйым салу туралы және оның өкілеттіктері сөзсіз орындалуы туралы Жарлық жариялануын;
4. Мәжбүрлеп ұжымдастыруды тоқтатылуы;
5. Ауылда жасанды бір-біріне айдап салу саясатын тоқтату, барлық ішкі мәселелерін «уәкілетті» емес, жалпы жиналыс арқылы шешу қажет;
6. Малдың санын ескере отырып, салық сомасын белгілеу, шаруалардан астық жинау тәжірибесін тоқтату;
7. Қарақұмда арнайы әкімшілік орталығының құрылуы [281].

Кеңес атынан, талап етілген мәселелерді қамитын келіссөз құжатына Торешев қол қойды. Талаптар орындалған жағдайда көтерілісшілер қаруларын үкіметке тапсыруға келісті. Өз кезегінде Ә.Жәңгелдин көтеріліске қатысқандарға рақымшылық жасау туралы уәде берді. 1930 жылғы 30 сәуірде үкіметтік комиссия Ә.Жәңгелдин мен қазақ сарбаздарының басшылығы арасында келісімге қол қойылды. Бірақ Ф.И. Голощекин басқарған үкімет қол қойылған келісімді бұзып, қазақ көтерілісшілеріне берілген уәдесін орындамады. 1930 жылдың 3 мамырында көтерілісшілер қаруларын тапсырғаннан кейін, 1930 жылдың 12 мамырында ОГПУ басшылығы көтеріліске жетекшілік еткендер мен белсенді қатысқандарды жаппай тұтқындап, қамауға алды [282].

Көтерілісшілер жоғарыда келтірілген талаптарының екінші бабында дін бостандығы еркі көтеріп: «Ар-ождан бостандығы, мешіттерді қайтару және билік өкілдерінің мұсылмандардың істеріне араласпауы» заңды құқығын қайтаруды батыл, сауатты түрде талап еткен.

Бұл отызыншы жылдардағы толқулардың ең басты себебі күштеп ұжымдастыру, байлардың мал-мүлкін тәркілеу, күн көзінен айыру, дәстүрлі өмір салтын құрылымды бұзу, отырықшыландыру болғаны даусыз.

Десек те сталиндік әкімшіл-әміршіл жүйенің зорлық-зомбылығына қарсы қарулы бас көтерулердің кейбіреулерінің діни сипат алғандығына мысалдар аз емес. Мәселен, 1929-31 жылдар аралығында көтерілістердің ең үлкені-Созақ оқиғасы басталудан бұрын екі-үш ай бұрын Мойынқұмда жасырын даярлық жұмысы жасалынған. Бірнеше елді мекенде ұйымдастыру іс-шаралары өткен. Ең соңғысы 1930 жылдың 6 ақпанында болған. Онда кешкілік көтерілісшілер құрамы Созаққа барып жатып, таңертең ел ораза айының сәресін ішіп жатқанда «Алла! Алла!» деген айқаймен халықты көтеру туралы тапсырма берілген. Осыған орай Алланың атымен айтып басталғаннан кейін «Аллаху көтерілісі» деп аталған.

Созақ көтерілісінің өзге көтерілістерден ерекшелігі - декларациясы болып, бастаушысы-Сұлтанбек хан, батагөйі-Сапар қожа, дін жөніндегі орынбасары-

Ибрагимов Асадулланың бекітілуі, сарбаздардың киім үлгісі жасалынған (ақ киіну, маңдайшасына «Алла» деп жазу. қабылданған ұраны- «Алла! Алла!»).

Ақпанның ақшұнақ аязында Рамазан айының соңғы күнінде, ораза айттың алғашқы жұмасында таң тамазынан соң бес жүзден астам халық жасақшысы қолына ақ ту алып, «Алла! Алла» деп ұран тастап, Созақ қыстағына қаптайды. Көтерілістің «Аллаһу» аталуында да осындай сыр жатса керек. Жылы киімнің ішінен денесін кебінге орап, ақ өлімге бас тігіп шыққан естияр жандар да болды [283]. Көтеріліс басталған сәтте Сұлтанбек барлық әйелдердің кеңесі үкіметі шештірген пәрәнжілерін қайта киюлеріне бұйрық берген. Әйелдер бұл әмірді сол күні-ақ орындап, тіпті көтеріліс басылған соң біраз уақытқа дейін пәрәнжілерін тастамай жүрген [284]. Созақ көтерілісінде «имансыздарға қарсы ғазауатқа қасиетті соғысқа шақырған [285].

Бірғыз даласындағы көтерілісте: «Қазақ халқына азаттық!», «Хандық жасасын!», «Совет үкіметі дінге қысым жасайды. Сондықтан жойылсын!» деген ұрандар тасталған. Сарбаздар көтерген ақ жалауға: «Алладан басқа құдай жоқ, Мұхаммед оның елшісі» - деген сөздер жазылған [286, 240 б]. Сыр бойындағы Ақмырза ахун күреске: «Мұхаммедтің дінін қорғайық, коммунистерді жояйық» деген үндеумен қарумен қатар Құранын қатар ұстап шыққан, қоршауға түскенде шәкірттеріне: «Маған қарайламандар, мен шейітпін» деп мешітке беттеп, құбылаға қарап, дұғасын оқып отырған. Кейін жазалаушылар өлтіріп, үйімен өртеп, мешітін құлатып кеткен [287]. Халық арасында шәкірттері денесін ұрлап жерлегенде от тимеген, өртенбегендігі хақында әңгіме таралған [288].

Қазақстанның Өзбекстан мен Қырғызстанмен шектесетін Бостандық ауданында болған 400-500-дей адам қатысқан көтерілістің негізгі ұрандары: «Жаңа билік-мұсылмандар билігі орнады», «Дінге кең жол беріледі», «Салық төлемейміз, астық өткізбейміз», «Кеңестер мен большевиктерге қарсы қасиеті соғысқа шығайық, өлген соң азаматтардың жаны пейішке барады» деген мазмұнда болады [289]. Жоғарыдағы келтірілген айғақтық фактілер көтерілістерге имамдардың ишанның араласуы, кейбіреулеріне дем беруші болуы, жиналатын орындарының мешіті болуы, ұрандар, талаптар қатарында діни құқтың сақталуын, киімдер мен діни-белгі атрибут-нышандары, ғазауатқа шақыру, өлімі дін жолындағы шейіт санап, жаннатқа кіретіндігіне сену т.б діни рең алуын куәлендіреді.

Кеңес үкіметі құрылғаннан бастап, азаматтық соғыстан кейінгі жиырма жыл өткен соң, Қазақстандағы кез келген іс-қимылды «антисоветтік» сипатта екендігін дәріптеуден танбады. Коммунистік биліктің елдегі «қызыл террорды» жасауының астарында бірінші кезекте ұлттық бірліктің қазығы болып табылатын ислам және оның діндар халық ішіндегі ықпалын түбірімен жою жатты. Осы мақсатқа жету үшін билік тарапынан түрлі асығыс, ұрда-жық, жаныштау, қатыгез шаралар жүзеге асырылды. Мұрағат құжаттарына қарағанда бастапқы кезде ел ішіндегі мұсылмандар «жаңа құрылған коммунистік идеяға» қарсылық көрсетпеді. Кейінгі жылдары коммунистік биліктің исламға қарсы бағытталған ашық әрекеттерге мұсылмандық

дінбасылары қарсылық танытып, тығырыққа тірелгенде бастарын бәйгіге тігіп қарулы күрестен де қаймықпаған. Осыған байланысты бөлімнің негізгі ғылыми тұжырымдарын төмендегі сатылар бойынша жіктеуге болады:

XX ғасырдың басында патшалық билік, содан кейін кеңес үкіметі мұсылман дінбасыларына сенімсіздік көрсетті, кейін ислам мен үкімет арасындағы қатынас салқындай түсті. Әрине оның өзіндік себептері бар: коммунистер атеистік үгіт-насихатты үдетіп, жергілікті билік мешіттерді жаппай жапты және оларды мәдени-ағарту мекемелері ретінде пайдалануға берді, сондай-ақ ұжымдастыру жылдарында имамдар мен ишандарды, сонымен қатар кез келген мұсылман дінбасыларын мүмкіндіктерінен тыс салықтармен бас көтертпеді. Мұсылман мектептері мен медреселер толығымен жойылды. Билік агрессивті-атеистік саясатымен мұсылман халқының дін сенім құқын таптады, дәстүрлі өмірін жалғастыру мүмкіндігінен айырды. Бір сөзбен айтқанда, кеңес билігінің барлық шаралары қазақ қоғамын ата дінінен бас тарттыру үшін жасалды, бұл әрине халыққа қатты рухани соққы болды.

Кеңес билігінің бұл шаралары, әрине мұсылман халқы мен дінбасылардың зығарданын қайнатып, ашындырды, сөйтіп оларды шарасыздан ашық шайқасқа шығуға итермеледі. Соның нәтижесінде Қазақстанның барлық аймақтарында жаппай көтеріліс ошақтары мен қарсылық акциялары, белең алды, оларда үкіметтің озбырлығына қарсы діни ұрандар тасталды.

Дегенмен, кеңестерге қарсылық білдіргендердің тағдыры тауқымет пен қайғы-қасіретпен аяқталды. Тоқтакөпір, Созақ, Сарысу, Талас, Батпаққара, Балқаш және Шоқпар шаруашылықтарындағы көтерілістерге белсенді қатысқаны үшін 8 ишан мен молда өлім жазасына кесіліп, 12 мұсылман дінбасысы қамалды.

3 1920-1950 ЖЖ. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИСЛАМ ДІНІНІҢ ЖАҒДАЙЫ

3.1 1920-1950 жылдарында Қазақстандағы кеңес үкіметі және умма

Кеңес билігі құлағаннан кейін Қазақстанда басталған қоғамдық-саяси және экономикалық өзгерістер, сөз бостандығына тосқауыл қойылған заманның стереотиптерінен бас тартуға және жабық тақырыптарға жалтақтамай үңіліп, зерделеуге мүмкіндік берді. Кеңестік дәуірдегі қазақ жеріндегі мұсылмандық умманы жеке нысана ретінде, оның қоғамдағы қызметі мен ұлттық болмысты сақтаудағы орны мен маңыздылығын осы уақытқа дейін арнайы сараланған емес. Сондықтан диссертациялық жұмыстың бұл бөлімінде біз қазақтың тек орталық қалаларындағы емес, сонымен қатар далалық аймақтардағы мұсылмандық умманың кеңес билігі тұсындағы әлеуметтік-экономикалық және саяси ықпалына тоқталуды жөн көрдік. Ол үшін 1937 жылғы КСРО-ғы халық санағын ескере отырып, Қазақстан КСР-гі халық санын анықтауға және айналымға тартылмай келген, не жеткіліксіз қарастырылған мұрағаттық

деректерге табан тіреп, кеңес билігінің мұсылмандық уммаға қарсы жүргізген саясатының мазмұнына тереңірек үңілген дұрыс.

«Умма» ұғымына берілген анықтамалар мен түсіндірмелерді түрлі дереккөздерден табуға болады. Бір сөзбен бұл ұғым мұсылман қауымының тұтастығын қамтиды, яғни ислам дінін ұстанатын адамдардың бірлігін білдіреді. Кейбір ғалымдар басқа да дін өкілдерін, тіпті атеистерді де *умма* ұғымынан шығармаған. Бұл ұстанымның дәлелі ретінде Құранның аяттарын көрсетеді [290]. *Умма* ұғымына синонимдік қатар ретінде қолданылатын бірнеше сөз бар және олардың бірі араб тілінен алынған «*жамағат*» (қауымдастық), яғни «мұсылмандардың Алла Тағалаға деген шынайы сенімі мен құлшылығы бір тұтастықта ұстайды» деген мағынаны береді. Сондай-ақ, «*жәми*» (жинақтаушы, біріктіруші) термині немесе мұсылмандарды жұма намазын өткізетін мешіттегі құлшылық ету мақсатындағы «*бас қосу*», «*жиын*» дегенді аңғартады [291]. Тағы бір кеңінен танылған синоним - ислам заңының негізгі көздерінің бірі болып табылатын «*Ижма*» («консенсус», «желісім») сөзі. *Ижманың* уммамен салыстырылуы Мұхаммед пайғамбарымыздың (с.а.с): «Шынында, менің үмметім ешқашан қателіктерге жақындамайды» [292] - деген әйгілі хадисінде айқын көрінеді.

Социализм идеясының түбінде еліміздің мұсылман халықтарын «Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!» деген ұранмен дінсіздіктің және орыс мәдениетінің ықпалында ұстауға бағытталған. Олардың мақсаты мұсылман қоғамын қарама-қарсы таптарға бөліп, сол таптар күресі арқылы революциялық төңкерістер жасап пролетариат диктатурасын орнату еді. Коммунизм мен социализм ілімінен алынған идеяларды атеизммен байланыстырып, қазақ үмметінің тұтастығын жіктеумен шектелген. Қазақ үмметінің өзіне тән қоғамдық қатынастары орныққан, рухани және мәдени әлемі өзгеше, ислам мен дәстүрді етене ұстаған дәстүрлі тұрмыс-тіршілігі болды. Кеңестік идеологияның қателіктеріне салмақты дәлелді сыни пікірлерді айта білген әрі түркі-мұсылман халықтарын біріктіруді аңсаған М. Шоқай былай дейді: «Большевиктердің Түркістанда орыс үстемдігінің екінші дәуірін бастағанын, Ресейдің орыстандыру саясатынан іс жүзінде еш өзгешелігі жоқ кулық-сұмдықтарын Лениннің «социализм», «интернационализм» негіздеріне сәйкестендіру үшін большевиктер бір жаңа формула ойлап шығарды. Олар енді мәдениеттің «түрі ұлттық, мазмұны-пролетарлық» болсын деді. Шынтуайтқа келгенде халықтың рухани дүниесі - біртұтас нәрсе. Оны «мазмұнға» және «формаға» бөлуге болмайды. Кез келген рухани мәдениет өзінің мазмұнымен айқындалады» [293]. Осы формулалар қалпына салып, адымды еркін жаздырмау үшін әдебиет, өнер туындаларына катал партиялық бақылау орнатылып, оған келіспеген де, үн қосқан халқымыздың асыл ұлдары түрмелерге жабылды, жапа шекті, айдалды, атылды. Дәл осылай коммунистік идеология аясында 1920-1950 жж. қазақстандық умма тоқырауға ұшыратылып, оның діни және рухани тұтастығы қабылданған түрлі атеистік заңдар мен қаулылардың нысанасына айналды. Дегенмен, қазақстандық умманың діни сана-сезімі осы уақыт

аралығында әлсірегенімен атеистік көзқарастарға төтеп берді. Большевиктер уммаға қатысты саясатын сатылы қадамдар алғашқы уақытта абайлап бастаса, кейін қысымды үдету, одан соң жазалау шараларынан шегініс жасап, ынтымақтастыққа ұмтылу кезеңдерімен сипатталады.

Кеңес билігі алғашқы кезеңдегі жүргізген ымыраластық әрекеттерімен жергілікті мұсылман элитасын өз жағына тарта алды. Бұл қадамдар исламның кең таралған аймақтарында коммунистік идеологияның ықпалын күшейту үшін жасалды. «Ақ сүйек» өкілдері жаңа социалистік құрылыстың бір бөлігі ретінде қазақстандық умманың бытыраңқылығына жетелеуге міндеттелді. Осыған қарамастан, 1930-шы жылдардағы жаппай атеистік соғыс басталғанға дейін ислам қазақ уммасының арасында таралуын жалғастырды. Мешіттер мен діни қызметкерлер саны айтарлықтай кемімеді. Мысалы, мұрағаттық деректерге қарағанда 1919-1928 жылдар аралығында Жамбыл облысының Шу, Мерке аудандарында, Оңтүстік Қазақстан облысының Сайрам, Ибата, Иқан елдімекендерінде жалпы алғанда 141 мешіт салынды, 1926 жылға қарағанда бұл мешіттерде 207 имам діни қызметін жүргізді, олардың 72-і болса жоғары мұсылмандық білім алған-ды [294]. Ақпан революциясынан он жеті жыл бұрын Алматы облысында 25, революциядан кейінгі жылдары 9 мешіт салынды. Сол жылдары Қаскелең, Үшқоңыр, Ұзынағаш аудандарында тиісінше 11, сонан соң 61 мешіт бой көтерді [295]. Бұл көрсеткіштер Қазақстандағы умманың өзара ынтымақтастығының дамуын айқындайды.

Коммунистік билік органдарының мұсылмандық уммасы арасындағы қарым-қатынастың сипатын ғылыми тұрғыдан таразылауға француз зерттеушілерінің талпыныс жасағанын аңғарамыз. Олардың пайымдауынша, азаматтық соғыс кезеңінен кейінгі жылдары стратегиялық себептерге байланысты, кеңес билігі мұсылман уммасына арналған «қызыл қырғын шабуылдарын» ештеп жүргізген. Орталық билік исламға және мұсылмандық уммаға ұстамды төзімділік саясатын жүргізді және он жыл бойы тікелей қарсы тұрудан аулақ болды [296].

Қазақстан мен Орта Азия елдерінде мұсылмандық уммаға қарсы ғылыми-атеистік білімді жүйелі түрде еселендіруді ұйымдастыру шаралары 1925-1926 жылдары қанаттана түсті. 1926 жылдан бастап мұсылмандық уммаға «антисоветтік сипат» тағылып, көптеген тезистер ресми құжаттарда көрініс тапты, ал 1927 жылы «жұмысшылардың таптық жауы» мәртебесі берілген «исламға қарсы күрес шаралары» қатайып, қарқын ала бастады. 1929 жылы үкіметтің арнайы қаулысында мектептерде ислам дінін оқытуға тыйым салынып, мұсылмандық умма арасында іріткі салу мақсатында насихаттар пәрмен алды. Ол үшін атеизм саясатының аясында жергілікті мұсылмандардың әкімшілік құрылымдары таратылды, мұсылмандық умма құрамында өзгерістер орын алды. 1931 жылы большевиктердің пікірінше, «қазақ қоғамы арасына исламмен бірге зорлықпен енгізілген араб тілінің» мәртебесі халық санасынан өшіріле бастады [297]. Осылайша, 1920 жылдардың аяғы мен 1930 жылдың басында кеңес үкіметінің мұсылмандық уммаға қарсы табанды күреске кірісті, өйткені коммунистердің пікірінше,

қазақ жерлері өзге мұсылмандық аймақтармен салыстырғанда көшпелілікпен сипатталатын ерекше индивидтік құрылымға иеленген. Сондықтан, әлеуметтік қатынастарды реттеуші рөліне ие мұсылмандық умма коммунистік идеологиямен бәсекелеске түсетіндей, жеке құндылықтарды қалыптастыратын қайнаркөзге айналған және умманың ішіндегі мінез-құлықты қалыптастыратын арнайы құрылымға айналған-ды [298].

Большевиктердің әлеуметтік-мәдени жүйесі абсолюттік билікке ұмытылды, мұсылмандық уммаға әсер ететін мыңжылдық тәжірибесі бар исламдай қарсы күшті баламалы бәсекелестіктің сақталуын қаламады. Тек айрықша жағдайларда, яғни коммунистік идеологиясының сәтсіздіктерге тап болған жағдайларда, большевиктік саяси үдерістер мұсылмандармен ымыраластыққа дайын екендігін мәлімдеп тұрды.

Ғалымдар арасында кеңестік кезеңде елеулі діни зерттеулер жасалмады, тек соңғы кезде ғана жүргізіле басталды деген пікір бар [299]. Алайда, мұрағаттық зерттеулер мен университеттің оқу бағдарламалары, сондай-ақ ХХ ғасырдың 20-30-шы жылдары ортасындағы мұқияттықпен назардан тыс ұсталып келген кеңестік ғылыми басылымдары жоғарыдағы пікірлерді толығымен жоққа шығарады. КСРО-дағы дінтану зерттеулеріне, әсіресе ислам мен оның уммасына арналған құнды деректерді «Дінтанудың (діндердің) және діни топтардың (умманың) жүйелі көрсеткіші» атты Ресей Федерациясының Мемлекеттік мұрағатында аса құпиялы белгісі қойылған қордан біз алғашқы рет ғылыми айналымға тарттық.

КСРО Ғылым академиясының Діндер тарихы мұражайының қызметкерлері 1937 жылғы бүкілодақтық санаққа дайындалу барысында «КСРО діндерінің картасын» жасап, оған әртүрлі діни топтар туралы деректер жинағын жасады [300]. Негізгі жұмыстар КСРО Ғылым академиясының және Мемлекеттік материалдық мәдениет академиясының қызметкерлері тарапынан жүргізілді. Діни зерттеулер КСРО халықтарының өмірін жан-жақты зерделеуге бағытталған бағдарламалардың бөлігі ретінде өткізілді. Сондықтан КСРО құрамындағы мұсылман уммасының зерттеулері бойынша арнайы комиссия қызметкерлері айналысты, сонымен қатар КСРО халықтарын зерттеу институты, Тіл және ойлау институты, антропология және этнография мұражайы мен көптеген басқа ұйымдар Қазақстан КСР-і құрамындағы мұсылмандық умманың ерекшеліктерін арнайы ғылыми еңбектерін жариялады [301]. ХХ ғасырдың 30-шы жылдардың ортасында атластар, карталар, анықтамалықтар, библиографиялық зерттеулер жүргізілді. Үшінші бесжылдықта этнографиялық көп томдық энциклопедияны шығару жоспарланып, КСРО халықтарының арнайы діни-этнографиялық карталары жасалды. ХХ ғасырдың 30-шы жылдардағы негізгі оқиғалардың бірі 1937 жылдың қаңтарында жүргізілген бүкілодақтық санақ болса да, оның нәтижесі жасырын ұсталды. Бұл санақтың Қазақстандағы мұсылмандық умманың дәрежесі мен қоғамдағы қызметін анықтау жағынан аса маңызды болып табылады.

Алдыңғы кеңестік санақтар 1920, 1923 және 1926 жылдары өткізілді, ал 1932 жылғы санақ болжамды түрде жүргізілді. Араларында он бір жыл өткен 1926 жылғы санақты 1937 жылғымен салыстырғанда, үлкен айырмашылығымен назар аудартады. Бірінші кезекте еліміздегі мұсылмандық уммаға қатысты демографиялық ахуалдың құлдырауы, яғни ашаршылық салдарынан халықтың тең жартысының қырылуы, екіншіден осы аралықта кеңес билігінің ғалымдарға жасаған «қызыл террордың» ұйымдастырылуы. Нәтижесінде 30-шы жылдардың ортасында еліміздегі фольклор, этнография, діни тәжірибені зерттеумен айналысатын жергілікті тарихшылар мен ислам діні өкілдерінің арасындағы жоғарғы білім алған зиялы қауым репрессияға ұшырады, олардың басым бөлігі ату жазасына кесілді [302].

Мамандардың бұл санақ өз тарапынан сапалы өткізуге тырысқаны байқалады. Ғалымдар аймақтардағы барлық халықты қамту мақсатында халықаралық тәжірибені зерделеп, ел ішіндегі халықтың тіпті діни көзқарастарын да анықтаған. Ол үшін әлеуметтанушылар, этнографтар және дінтанушылар арнайы сұрақтар мен нұсқаулықтарды әзірлеген. Дегенмен, санақ қорытындылары кеңес үкіметі басшыларының ойынан шықпады, бұл таңқаларлық жағдай емес, өйткені санақ нәтижелері мінбелерден ресми түрде жарияланған санмен сәйкес келмеді [303]. Билік басшыларының КСРО-ның жалпы халық саны емес, ондағы діни жағдайдың көрінісі қуанта қоймады. Себебі, 1930-шы жылдардың басында коммунистер феодализмнің және капитализмнің қалдықтары ретінде көрген исламның социалистік мемлекетте түбімен жойылғанына сенімді болды, сол уақытта мұсылмандар ішінара шарифат заңдарымен өмір сүрген тек жасы келген, қартайған умманы кіргізді. Ал санақ болса «керісінше мәліметтерді» берді: біріншіден, жас ерекшелігі назар аудартады, 16 жастан бастап, орта буын халықтың дінге деген көзқарастары жалпы есебінің 56,7 % құрады, екіншіден исламға деген ұстамдылықтары нақты шаруалардың үштен екісінің діни білімі және қала тұрғындарының үштен бірі, олардың ішінде жұмысшылар мен жастардың пайыздық деңгейі өте жоғары тұрды [304]. Санақ жүргізілгеннен кейін үш айдың ішінде оның ұйымдастырушылары, санақ бюросының басшысы О.А. Квиткин және «дін» санағы бойынша бесінші бапқа қатысты нұсқаулар дайындаумен айналысқан оның орынбасары Л.С. Брандгендлер мен Халықтық-шаруашылық орталығының есепке алу басқармасының (ХШОЕАБ) бірқатар мамандарымен көптеген статистиктер және санақ жүргізушілер жауапқа тартылды [305].

Санақ қорытындылары мен діни мекемелердің статистикалық шынайылығы «санақтың нәтижелерін бұрмалау» деп айыпталды. 1937 жылдың 25 қыркүйегінде Халық Комиссары Кеңесінің шешімімен 1937 жылғы бүкілодақтық санақ «статистикалық ғылымның қарапайым іргетасын өрескел бұзумен, сондай-ақ үкімет бекіткен нұсқаулықтардың бұзылуымен жүргізілгенін» жариялады, бірақ діни бірлестіктер туралы ешқандай мәселе бұл жолы қозғалмады. Барлық санақ нәтижелері жарамсыз деп танылды, оның

материалдары жіктелді және тек XX ғасырдың 90-жылдарының соңында ғана ғалымдар зерттеуге мүмкіндік алды [306].

Санақ жүргізуге дайындық кезінде респонденттердің діни көзқарасы туралы ең қиын мәселе болды. Алдыңғы кеңестік санақтарда бұл сұрақ қойылмаған болатын. Зерттеушілер сауалнамаға дінге байланысты сұрақтың енгізілуі туралы шешімді И.В.Сталиннің тапсырмасы ретінде қарастырады. Осылайша кеңес билігі халық санағының нәтижесі арқылы КСРО-ның атеизмді ілгерілетуде үлкен жетістіктерге қол жеткізгенін көрсеткісі келді, алайда жинақталған деректер бұхара көпшіліктің исламға деген ұстамдылығын дәл бағамдай алмады. Кеңестік статистика діннің қоғам ішіндегі маңызын анықтағысы келді, бірақ «тарихи тұрғыдағы» исламның халықтың болмысы мен дәстүр-ғұрпымен бірге біте қайнасып астасып кеткенін ескермеген.

Бірқатар деректерде 1937 жылғы санақ «атылғандар санағы» деп сипатталады. Бұнда 1932-1933 жылдардағы ашаршылық зұлматының салдары мен қатарынан жүргізілген санақтардың есептерін жасыруға және олардың мұрағат қорларында «аса құпиялы» белгісі бар сөрелерде сақталуын тапсырғандығынан аңғарылады [307]. Қазақ халқының санына КСРО билігі аса ұқыптылықпен қарады. Оның қорытындыларын ел ішіндегі өзге мұсылман халықтарымен үнемі салыстырып келді. Сөйтіп, Қазақстандағы 1937 жылғы халық санағының нәтижелері аса құпия ұсталды. Тек, жалпылама түрде кішігірім материалдар жария етілді. Салыстырмалы түрде ұлттық және діни ұстаным бойынша Қазақстандағы халық санағының қорытындысын төмендегі кестеден саралауға болады [308].

Кесте 1-Қазақстандағы 1937 жылғы ұлттық және діни ерекшеліктер бойынша халық санағы қорытындысы

Ұлттық құрамы	Жалпы саны	Пайыздық көрсеткіші	Діни ұстанымы
1	2	3	4
Қазақтар	2 181 520	42,6	Ислам, суниттер
Орыстар	1 917 673	37,4	Православтар
Украиндықтар	549 859	10,7	Православтар
Өзбектер	109 978	2,2	Ислам, суниттер
Татарлар	92 096	1,8	Ислам, суниттер

1-кестенің жалғасы

1	2	3	4
Немістер	80 568		Православтар
Ұйғырлар	32 982	0,7	Ислам, суниттер
Мордова	21 511	0,4	Православтар
Дүнгендер	7 007	0,1	Ислам, суниттер
Қырғыздар	5 024	0,1	Ислам, суниттер

Басқалар	128 458	2,5	Еврей, протестант және басқалар
Жалпы саны	5 126 676	100	

ХШОЕАБ-ның 1937 жылғы санақ бойынша шығарған көлемді есептік ғылыми монографиясында «статистикалық ой классикалық статистика теориясы әдістерінің мүмкіндіктерін қолдану арқылы адамның намысына тиіп, барынша халықты өз дінінен алшақтатуға тырысты» деген қорытындыға келді [309]. Кестеге қарағанда, ең алдымен, халықаралық статистикалық ұйымдарда санақ мәселесін талқылаумен айналысатын діни бірлестіктердің негізін анықтаудағы екіұштылық пен қайшылықтарға себеп болғанын көреміз. Халық санағы исламға деген ресми түрде қатыстылығын ғана анықтады әрі діни ахуал туралы мәселе көтермеді, себебі Қазақстандағы мұсылмандық умманың ашаршылық пен қуғын-сүргіннен кейінгі әлеуметтік-экономикалық жағдайы күрт нашарлаған, үрей басым болды. Оны санақ ұйымдастырушылары да мойындап, діни тәуелділік мәселесіне жауаптардың дұрыс емес болуы мүмкін екендігін атап өткен және адам өзінің діни сенімін әрдайым нақты түсіндіре бермегендігін немесе оның жауабы ықтимал салдарынан секемденгендіктен қасақана бұрмалануы мүмкін деген тұжырым жасаған [310]. Осы уақытқа дейін Қазақстан аумағында мешіттер мен оған қарасты барлық діни мекемелер жабылып, діни қозғалыстардың жетекшілері қудаланды. Бұндай қорқыныш қаупі сейілмеген психологиялық жағдайда кейбір тақуалардың өздері де діни көзқарасын бүкпелеп жасыруға тырысты, не бұл сұрақтан секемденіп, мүлдем жауаптан жалтарды, ал басқалары, керісінше, өздерінің діндар екендігін белгілесе, соғұрлым коммунистік билік ескеріп, мешіттер салуға рұқсат беретініне сенді. Зерттеушілердің санаққа қатысты білдірген пікірлеріне қарағанда, ел ішінде, өзінің исламға қатысы бар екендігін білдірген умманы қырғынға ұшыратады, «сенушілердің барлығын тірідей өртеп, балалары мектептен шығарылады», «сенушілерге салық салынатыны туралы қауесет таралған»[311].

Санақ дайындаған статистиктер мәселеге өте жауапты түрде қарады. Олар үшін арнайы нұсқаулық дайындалды және онда діни мәселеге байланысты сұрақ қою ережелері егжей-тегжей жазылды, респондент сұраққа қай діни топқа қатысы бар екендігін формальды түрде емес, керісінше өз діни көзқарасы мен ұстанымын нақты көрсетуге тиіс болды. Сауалнамаға 16 жастан асқандар ғана тартылды. Егер респондент өзін атеист деп есептесе, оны солай деп белгілеген, ал «діндар» деп айтса, қай дінге қатысты екендігін айқындауы керек болды [312]. Осы санақтық сауалнамаға байланысты Қазақстанның әрбір аймағының мұсылмандық уммасы көптеп шоғырланған аймақтары белгіленді және коммунистік билік соған қарай жымсық саясатын жоспарлы түрде жүзеге асырды. Мәселен, Оңтүстік Қазақстанның Түркістан өңірі, Сарыағаш ауылдары, Орал облысының Жымпиты ауданы, Алматы облысының Үшқоңыр мен Ұзынағаш елдімекендері, Жамбыл

облысының Шу ауданы және т.б. кеңес билігі тарапынан «діни жағынан аса қауіпті аймақтары» деп белгіленді [313].

Атақты академик М.Х. Асылбековтың берген мәліметтерін назарға алатын болсақ, 1937 жылы КСРО құрамындағы қазақ мұсылмандарының жылпы саны 2 862 458 құраса, оның ішінде РСФСР-де 292 099, Қазақ КСР-да 2 181 520, Өзбекстан КСР-да 287 214, Түркменстан КСР-да 60 035, Тәжікстан КСР-да 25 541 [314]. Осылайша ҚазХШОЕАБ И.В. Сталиннің алдында тығырыққа душар болды. 1920 жылдардың соңындағы ашаршылық қорытындысын себеп ретінде көрсетпей, олар Қазақстан халқының күрт төмендеу фактісін ғана түсіндіруге тырысты. Осыған байланысты орталық статистикалық комитетті басқарған ҚазХШОЕАБ Қазақстандағы мұсылман халқының шынайы санын өзгертіп, бұрмалауға мәжбүр болды. Сөйтіп халықтың санын төмендегі динамика негізінде көрсетті:

Кесте 2- Қазақстан халқының 1930-1936 жж. динамикасы

Жылдар	1930	1931	1932	1933	1934	1935	1936
Абсолютті сан	5873,0	5114,0	3227,0	2493,5	2681,8	2926,0	3287,9
Бір жылға абсолютті өсу динамикасы		- 759	- 1887	- 734	+ 188,3	+ 244,2	+ 361,9

ҚазХШОЕАБ адам санының азаю себебін (босып кеткендер мен қайтып оралғандарды тұтас есептегенде) халықтың басым бөлігінің Қазақстан жерін тастап кеткендермен байланыстыруға мәжбүр болды. Орталықтың берген мәліметтері мәселен, қайтып келгендерді есептемегенде, 1,3 миллион адам қырғынға ұшыраған, қайтарылған теңгерімді ескере отырып елімізде, шамамен 2 миллион адам аштықтан көз жұмған [315].

1939 жылдың 17 қаңтарында КСРО халық санағы қайтадан жүргізілді. 1939 жылғы халықты «қайта санау» бағдарламасына сәйкес 16 бап ойластырылды. Оның 7 бабында «мұсылмандардың діни ұстамдылығын ескеру мәселесі мемлекеттік қадағалануында» деп белгіленді. Осыған қарамастан, санақ қажетті нәтиже бермеді, оның қорытындысы «түзетіліп», Қазақстанда мұсылмандықтың аса әсері жоқ екендігі жазылды [316]. Қазақстанда 1939 жылғы шынайы халық санының өсім динамикасы жоғары етіп көрсетілді және халық санағының есебінде тіркелген халықтың 13% -ын құрады [317]. Нәтижесінде, 30-шы жылдардағы халқы ең көп демографиялық шығынға ұшыраған республика үшін этникалық құрамы мен оның діни ұстамдылық көрсеткіштері айтарлықтай бұрмаланған болатын. Жасырын

нұсқаулардан 1939 жылғы республикалық санақ нәтижелері екі рет өзгергенін білеміз. Алдымен ауылдық жерлерде жиналған санақ парақтарына республикадан тыс жерде орналасқан лагерьлерден жасалған тұтқындардың санақ тізімдері қосылды. Содан кейін ауыл халқының сандары, сондай-ақ қалалық тұрғындар туралы нақты деректер белгілі бір пайызға артты [318].

Мұрағаттарда 1939 жылғы халық санағының түзелген құжаттарына қол жеткізіліп, бұрмаланған халықтың санын анықтау нәтижесінде 609 069 адам тірі деп көрсетілген. Сөйтіп жалпы сан белгіленіп (бұл көрсеткішке қоныстандырылған орыс, беларус, кәріс, украин және мұсылман емес өзге халықтар кірген) 4 441 075 деп өсіріліп көрсетілген [319]. Оның қорытындысын келесі кестеден нақты көруге болады:

Кесте 3-1939 жылғы есептік және ресми санақ деректері бойынша Қазақстанның этникалық құрылымы, мың адам

Этникалық топтар	Ресми мәліметтер			Есептік мәліметтер		
	Жалпы саны	Қалалық	Ауылдық	Жалпы саны	Қалалық	Ауылдық
Қазақтар	2.327,6	374,6	1.953,0	2.198,8	353,6	1.845,2
Орыстар	2.458,7	987,2	1.471,5	2.089,4	932,0	1.157,4
Украиндер	658,3	136,8	521,5	571,4	129,2	442,2
Өзбектер	120,7	37,1	83,6	107,2	35,0	72,2
Татарлар	108,1	60,1	48,0	95,1	56,7	38,4
Немістер	92,6	13,8	78,8	82,3	13,0	69,3
Поляктар	54,8	5,2	49,6	47,1	4,9	42,2
Еврейлер	19,2	10,1	9,1	12,6	9,5	3,1
Басқалар	311,1	85,1	226,0	242,4	80,4	162,0
Жалпы	6.151,1	1.710,0	4.441,1	5.446,3	1.614,3	3.832,0

Кестеден байқалғандай Қазақстан жеріндегі кеңес билігінің түрлі құйтыртқы саясаты салдарынан қазақ уммасының саны мақсатты түрде азайтылып көрсетілген. 1939 жылғы халық санағының ресми нәтижелері бойынша орыстар 40,0 % басымдылық құрауда деп айқындалса, ал қазақ халқының жалпы саны 37,8 % деп кемітіліп жазылған. Осы санақтың құпиялы материалдарға жүгініп, қайта зерттегенде керісінше санды көре аламыз, яғни қазақтар 40,4 % құраса, орыстар 38,4 % көрсетті [320]. Сонымен қатар, 1939 жылғы халық санағының ресми нәтижелеріне сәйкес, еврейлердің саны 1,5 өсіріліп көрсетілген. Әрине, 1920 жылдың аяғы мен 1930 жылдың

орталарында қазақ тарихында «геноцидпен» тең «қызыл қырғын» саясатын естен шығармаған абзал. Кеңестік сарапшылар өз еңбектерінде қазақ уммасының саны мен пайыздық көрсеткішін орыстың пайдасына шешу үшін бар күшін салған, ал халқымыздың діни ұстамдылығы мен дәстүрлі рухани және материалдық мәдениетін мүлдем жоққа шығаруға тырысқан.

1941-1953 жж. елдегі діни өмір кеңес билігінің құрсауына еніп, оның басқарылуы «қоғамды социализм мен коммунизм» шеңберінде ұстауға негізделген. Осы кезеңде елдің діни өмірін басқару орталықтары бой көтерді. КСРО басшылығы Кеңес Одағы Үкіметі жанында мұсылмандарды басқарып отыратын арнайы орталықтар құруға кірісті. Олардың бұл жолғы мақсаты-умманың қызметін үйлестіріп, партиялық және мемлекеттік құрылымдар мен мұсылмандар арасында ең алдымен, олардың басшыларымен тығыз байланыс орнату болып табылады. 1943 жылы Орталық Азия мен Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы (ОАҚМДБ) құрылды, ал жалпы КСРО мұсылмандарының рухани істерін басқару мәселесі бір-біріне тәуелді емес төрт орталықтан басқарылды. КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі 1943 жылдың қыркүйек айында Орыс Православие шіркеуінің кеңесі (ОПШК) 1944 жылы мамыр айында Діни табыну (культтар) істері жөніндегі кеңес (ДКІЖК) құрылды.

Қазақстан КСР мұсылман уммасының әкімшілік орталығы Ташкентте орналасқан ОАҚМДБ-ға қарады. З.Г. Сақтағанованың берген мәліметтеріне қарағанда ОАҚМДБ Қазақстан молдаларына хат жолдау арқылы Ташкентте және Бұхарада ашылған медреселерде қазақ білім алушыларына небәрі 37 орын берілген. Олардың жас мөлшері 23-35 арасы шектеліп отырған [321]. Автор А.М. Балтабаеваның берген мәліметтеріне сүйене отырып, 1945 жылы жас мөлшері 18 бен 40 жасқа дейін ұлғайса да, қазақтар арасында мұсылмандық білім алушылардың ынтасы әлсіз болды деген қорытынды жасауда [322]. Дегенмен екі автор да жалпылама ғылыми тұжырым жасап, 1920-1950 жылдар аралығында қазақстандық умманың ислам діни білім алуудағы екі ерекшелікті есептемегенін аңғаруға болады. Біріншісі, ашаршылық жылдарында діни сауаты бар молдалардың күйзелген халыққа астық көмек көрсету қызметінің көлемін анықтамаған, екіншісі Уфа қаласындағы «Ғалия» және Қазан қаласындағы «Хусайния» медреселерінде ерікті білім алған қазақ жастарының молдалық әрі имамдық жұмыстарын сараптамаған. Мәселен, «Ғалия» медресесінде Т.Кәкішевтің берген мәліметтерінде, жалпы 950 адам білім алып шыққан [323]. 1916 жылы аталған медреседе Торғай облысынан Сұлтан Шоқаев, Ғұмырғали Наизин, Досғали Есентаев, Әлмұхамед Жүндібаев оқыған. Бұл медреседен қазақтың алдыңғы қатарлы зиялылары Ж.Тілепбергенов, М.Жұмабаев, Б.Майлин, Т.Жомартбаев, Б.Серкебаев, барлығы 50-ден астам азамат білім алған [324]. Троицкідегі «Расулия» медресесінде Торғай, Семей, Ақмола, Орал облыстарының қазақ балалары, 1916 жылы қазандағы мәлімет бойынша, Торғай облысынан Е.Елшібаев, Қ.Темірболатов, Қ.Юзкеев, Н.Тәжінов, Ж.Сатмұхаметов, А.Егізбаев, Ғ.Уәлиев, М.Уәлиев, М.Нұрфаизов,

Б.Ишмұхаметов, Семей облысынан Р.Мүсірепов, Ы.Наурызбаев, С.Қалиев, С.Маттыбаев, С.Сыздықов, А.Естемесов, Ж.Егінбаев, Орал облысынан М.Мұхаметжанов, Ақмола облысынан М.Танатов, Ф.Сұрағанов сынды қазақ жастары оқыған [325]. Ислам діни білім алған бұл жас балдар кеңестік дәуірде Қазақстанның түпкірлерінде діни қызметтерін жасырын түрде жалғастырып, елдегі умманың бірлігін сақтауда ерен еңбектерін аямаған.

Мұсылмандық умманың бірлігін сақтауда және ел ішіндегі ислам дінінің негіздерін дәріптеуде өзге ұлтты мұсылмандар да еңбек еткен. Мұрағат деректеріне жүгінетін болсақ, Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында бірнеше дүнген ауылының қариялары Мәскеудегі одақтық және жергілікті билік органдарына мұсылмандарға мешіттер мен намаз үйлерін ашуға рұқсат беру жөнінде өтініштерін жолдаған [326]. 1943 жылы Жамбыл облысының Қордай елдімекенінде тұратын қариялардың берген сұхбатынан 1942-1950 жылдар аралығында кеңес билігі мешіттер салуға және намаз оқуға рұқсат берген. Сол жылы дүнген ауылдарында мешіттер ашылып, мұсылман уммасына ауылдық жерлердегі мемлекеттік органдардың бақылауымен және рұқсатымен қария кісілерге мешіттерде намаз оқуларына рұқсат етілді, бірақ жастардың мешіттерге барып намазға қатысуға қатаң тыйым салынған [327]. Соғыс аяқталғаннан кейін ислам канондарын зерттеу, сондай-ақ намаз оқу мен өзге де діни қызмет көрсету мәселесі мемлекеттің қатаң бақылауында болды, әр ауданда діни ұйымдардың жұмысын басқаратын аудандық атқару комитетінің бөлімшесі орналасқан. Олар мұсылмандық умманың жиі кездесулерін, себептерін түсіндірмей, бар мешітті немесе намаз үйлерін жауып тастаған.

Ұлы Отан соғысы жылдарында билік исламға және мұсылмандық уммаға деген көзқарасын өзгертуге мәжбүр болды. Соғыс КСРО ішіндегі мұсылмандық умманың азаматтық бірлікке бағытталған саясатқа деген қажеттілікті тудырды. Билік пен діннің қарсыласуын жалғастыру қоғамдағы бөлінуге алып келуі мүмкіндігінен қауіптенді. Соғыстың соңғы жылдарында билік ислам мен мұсылмандық уммаға деген қатаң қатынасын жұмсартып, либералды сатыға түсіруге байланысты бірнеше қарар қабылдауы да жайдан-жай емес. Оны И.В. Сталиннің радио арқылы халыққа жіберген жолдауынан көруге болады [328]. Фашистік Германияның КСРО-ға соғыс жариялаумен елдегі антифашистік үгіт-насихаттық жұмыстар белең алды. Елдегі мұсылмандық умма азық-түлік, киім-кешек, ақша жинауға кірісті, сөйтіп соғысқа көмегін тигізді.

1945 жылы 26 ақпанда КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі соғысқа мобилизациялауды кейінге қалдыру жөніндегі комиссиясы тіркелген ресми діни ұйымдар мен діни қызметкерлерді босату туралы қаулы шығарды. Діни бірлестіктерге қатысты мемлекеттік саясатты өзгертуді анықтайтын ең маңызды құжат 1946 жылғы 28 қаңтардағы КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің «Діни культтардың ғимараттары туралы» қаулысы еді. Тіркелген діни қоғамдардың (соның ішінде мұсылмандық умманың) заңды құқықтары шектеулі болды. Оларға діни заттардың өндірілуіне және сенушілерге сатуға,

жеке ғимараттарды салуға (ғибадат құрылыстарынан басқа), мемлекеттік банк филиалдарында ағымдағы шоттарын ашуға және көлік құралдарын сатып алуға мүмкіндік берілді. Бұдан басқа, 1946 жылы 3 желтоқсандағы КСРО Министрлер Кеңесінің «Діни культтардың қызметшілеріне салық салу тәртібі туралы» қаулысы дінбасылардың салық төлеу деңгейін төмендетті, ал 1948 жылдың тамызында діни қызметкерлерге қатысты төлқұжат бақылауы босаңсыды [329].

Кеңес билігінің мұсылман уммасы арасындағы қарым-қатынастарды жақсарту мәселесі КСРО мен Таяу Шығыс мұсылман елдерімен байланыстарын нығайтуда мұсылман дінбасыларының белсенді қызметі қажет етті. Коммунистік биліктің бұл ұстанымы сыртқы саяси мақсаттарын жүзеге асыруда керек болды. Осыған байланысты соғыс аяқталғаннан кейін 1947-1948 жж. ОАҚМДБ-ның жауапты хатшысы З.Бабахан (Өзбекстан қазі қызметін атқарды) араб елдеріне іс-сапарға барып қайтты. Осы сапарда, ол бірнеше проблемаларды шешуге міндеттелді: Мекке, Мединада және Джиддада XIX-XX ғасырларда кеңестік мұсылмандардың салған бірнеше қонақ үйлерді Орта Азия мен Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына беру, беделді мұсылман көшбасшыларымен достық қарым-қатынастарды орнату және атақты әл-Әзһар университетінде оқып қайту жүктелді. Сапар барысында умманың дамуына қосқан үлесі үшін оған шейх-ул-ислам атағы берілді [330]. Осыдан кейін З.Бабахан мұсылмандық умманың ауызбіршілігін күшейту мақсатында КСРО-ның ДКІЖК-не мұсылмандардың қажыға бару жөнінде өтінішін білдірді. Мұсылмандық умма өкілдері қажылығының маңыздылығы жайлы КСРО Халық комиссарларына қарасты ДКІЖК-ның төрағасы И.В. Полянский КСРО Халық комиссарлары кеңесі В.М. Молотовқа жазған хатында «КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі жанындағы ДКІЖК соңғы 20 жылда КСРО-дан мұсылмандардың қажылыққа жол бермегенін ескере отырып, Орталық Азия мен Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының өтінішін қанағаттандыру, ең алдымен, КСРО құрамында мұсылман дінін ұстанушылар арасында беделін арттырады деп санайды. Екінші жағынан, Таяу Шығыстағы мұсылман елдерінде КСРО-дан қажылыққа бару фактісі де оң қабылданады. Бұл факт КСРО-дағы дін бостандығын белгілейді. Осыны ескере отырып, Орталық Азия мен Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының өтінішінен бас тартуға ешқандай мәлімет бермей, ДКІЖК бұл өтінішті қолдауға барынша тиімді деп санайды ...» деп жазған [331].

Сөйтіп 1920-1950 жылдар аралығында КСРО-дан бар жоғы екі рет қажылық ұйымдастырылды. Біріншісі, 1944 жылы З.Бабаханның жеке И.В. Сталинмен келісілген форматта, екіншісі, КСРО құрамындағы діни басқармалар төрағаларының ұсынысы бойынша 1945 жылы жүзеге асты. Екінші қажылыққа КСРО-дан 17 адам қатысты. Олар Уфадан-6, Солтүстік Кавказдан (Буйнакск)-2, Бакуден-2 және Орта Азиядан-7 делегат қатысты [332].

Кеңес мемлекетінің діни саясатының ырықтандыруы КСРО-ның көптеген аймақтарында мұсылмандардың қызметін жандандырып, мешіттерді ашуға және жаңа мұсылман қауымдастықтарына тіркеу туралы өтініштер беруіне қозғау салды. Мысалы, Қазақстан мен Өзбекстанды қоса алғанда 1944 жылдың басынан бастап 1945 жылдың бірінші тоқсанына дейін намаз оқитын ғимараттардың ашылуына 214 өтініш келіп түскен, оның ішінде 202-і мешіт ашылуына байланысты өтінішті атауға болады [333]. Алайда олардың барлығы қанағаттандырылмады.

1945 жылғы 31 тамызда И.В. Полянский КСРО-ның көптеген өңірлеріндегі діни белсенділіктің өсуі туралы ВКП (б) Орталық комитетінің үгіт-насихат бөліміне хабар берген. 1944 жылғы 1 маусымнан бастап 1945 жылдың 1 қарашасына дейін Діни культ істері жөніндегі кеңеске ҚазКСР-нен намаз оқитын мешітті ашуға 2 нақты өтініш түскен [334]. 1946 жылдың қараша айында КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Дін істері жөніндегі кеңестің төрағасы И.В. Полянский КСРО Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары, КПСС Орталық Комитетінің саяси бюросының діни саясатының кураторы К.Е. Ворошиловке «ОАҚМДБ мұсылмандық умманы бақыламайды, сондықтан аймақта көптеген заңсыз мешіттер (қысқа мерзімде 700-ге жуық) ашылды, олардың көпшілігі кейбір төменгі деңгейдегі кеңестік билігінің қолдауына ие. Мұсылмандық умма үлкен мерекелер күндері ашық аспан аясында үнемі намаз оқып, атап өтеді. Қазақстанда, Қырғызстанда және Түрікменстанда көптеген «қаңғырып» жүретін молдалар бар, олар «жертөле мектептерде» балаларға ислам негіздерін үйретеді деп мәлімдеме жолдаған [335].

РФ ММ-ның қорларында жергілікті биліктің орталыққа мұсылмандық умманың Ораза және Құрбан айт мерекелерін өткізу кезінде еңбек тәртібін бұзғандықтары жөнінде көптеген шағымдарды жолықтырамыз. Мұрағаттық құжаттарды талдау көрсеткендей, партиялық мемлекеттік аппарат ислам мерекелеріне мұқият назар аударды, өйткені оларды өткізу кезінде өндірістің төмендеуі байқалды, ал Құрбан айт кезінде жаппай малдың сойылуы салдарынан өңірлерде ет бағасының 3-100 %-ға дейін өскендігі жайында шағымдар тіркелген [336]. 1952 жылы тіркелген бір құжатта ОАҚМДБ құрылғаннан яғни 1943-1947 жылдары қасиетті рамазан айында пітір садақа беруді белсендеттіргені келтіріледі. Қазақстаннан жиналған пітір садақалар тікелей Ташкентке жіберіліп отырды. 1947 жылы ОАҚМДБ шешімімен пітір садақаны беру міндетті емес, әр адамның жеке өз қалауы деп пәтуа берілді. Соның өзінде ОАҚМДБ берген деректері бойынша 1950 жылы пітір садақадан 2 тонна өрік пен 116 мың рубль жиналған [337].

Соғыстан кейінгі жылдары кеңес билігі мұсылман діни басқармаларының кейбір сұраныстарына құлақ салуына тұра келді. Оның бірінші себебі кеңес билігі дінге қатысты жылымық саясаты елдегі ішкі және сыртқы халықаралық жағдайларға тәуелді болды. Екіншіден 1945 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының құрылуы және жалпыға ортақ адам құқықтары Декларациясының қабылдануы мен өркениетті адамзат қауымдастығы

тарапынан мойындалуы да КСРО – ны формальды түрде болсын діни наным – сенім бостандығын кепілдендіруге мәжбүрледі. Мұсылмандық умманың қажылықты, Сауд Арабиясы, Палестина, Иран сияқты қасиетті жерлерге баруды қолға алуы, 1945 жылы Бұхара қаласындағы «Мир-араб» медресесінің жұмысын қалпына келтіру және болашақ дін көшбасшыларын даярлау қажеттілігін коммунистік билік ескеруге мәжбүр болды. Кеңес билігі соғысқа дейінгі діни саясаттағы сорақы қателіктерін мойындады және репрессияның практикасына қайтып оралмады.

Алайда, бір жылдан кейін, қажылықты ұйымдастырудағы кеңес мемлекетінің ұстанымы қайтадан атеистік сипатта өрбіді. Бұл тақырып бойынша кейбір зерттеушілердің пікірінше, 1946 жылдан 1952 жылға дейін қажылықты тоқтатудың басты себебі «КСРО басшылығы отарлаған мұсылман азаматтарының санасында исламды терең меңгеруге қарсы шығу мен мұсылмандық умманың «құдайсыздар» деп санайтынымен байланысты» деген тұжырым жасауда [338].

Бөлім бойынша төмендегі ғылыми тұжырымдар жасауға толық негіз бар:

- Қорытындылай келе, Қазақстан КСР-гі кеңес билігі органдарының исламға және уммасына қарсы қолданған әдістері мен формалары хронологиялық шеңбер ретінде үш негізгі ауқымды қамтыған: 1920-1929 жж. биліктің уммаға деген көзқарасының бәсеңдеген түрі (ашаршылық жылдарының алғашқы толқынын есептегенде), 1930-1937 жж. елдегі мұсылмандық умманың көшбасшылары қырғынға ұшырап, қуғын-сүргін саясатының күшейген науқаны (ашаршылықтың екінші толқыны салдарынан елдегі демографиялық жағдайдың құлдырауы), 1940-1950 жж. мұсылмандық умманың қолдауына мұқтаж болып, КСРО бойынша коммунистік билікке тәуелді етудің жаңа қырын айқындау арқылы елдегі тұтастықты сақтауға пиғыл ниетін байқатты;

- Кеңестік-мешіттік қарым-қатынастарының жалпы логикалық сипатымен ерекшеленеді: 1920-жылдардың басындағы мұсылмандық уммаға деген саясаты сенімді «тығырықтық» әдіспен бастап, КСРО-ның түрлі мұсылман аймақтарында діни салада айқын орталықтандыру және әкімшілік практиканы біріздендірудің күш-қуатымен ерекшеленеді. Қазақстан мен көршілес елдердегі саяси формалардың ұқсастығы, кеңестік «мұсылман саясатының» әдіс-құралдарын растайды, оны іске асыруда орталық және жергілікті басқару органдары ОГПУ-НКВД-ның тәсілдерін кеңінен пайдаланған.

- Кеңес үкіметтің алғашқы жылдарынан бастап идеологиялық машинаның «құрбандық синдромы» жаппай санада белсенді түрде енгізілсе де, мұсылмандық умма тоталитарлық жүйенің жағдайында бейімделіп, рухани болмысын және діни ұстанымын дәстүр арқылы сақтай білді. Көптеген атеистік қысым мен репрессиялық шараларға қарамастан, Қазақстан мұсылмандары, әсіресе ауылдық жерлерде, мұсылман рәсімдерін орындауды және діни мерекелерді атап өтуді жалғастыра берді. Отбасылық қарым-қатынас саласында ислами дәстүрлер умманың бір бөлігі болды. Жерлеу

рәсімі, мемориалдық және үйлену рәсімдері, сүндеттелу және барлық жерлерде кең таралған Құрбан-айт (әсіресе Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде), Ораза-айт сияқты мерекелер іс жүзінде қазақ отбасыларында (тіпті коммунистердің отбасыларында да) бауырсақ пен шелпек пісіру, аруақты (ата-бабалар) еске алу арқылы өміршеңдігін дәлелдеді.

Кеңестік дәуірде секуляристік қоғамдық өмірдегі исламның ықпалын әлсірету саясаты тұрпайылық пен қорлаумен, қатгездікпен, күшпен басып-жаныштау тәсілдермен жүрді, уақыптар жүйесін жою, мешіттерді тартып алу, басқа мекемелерге беру, медреселерді жабу, имамдар мен ишан, ахундарды репрессияға алу арқылы жүзеге асты. Осылайша пәрменді күшпен діннің қызмет аясы тарылса да түгел осы жолдан тайдыра алмауы тамыры тереңде, умманың әдет-ғұрпымен, болмыс-бітімі араласа астасып кеткен құбылыс болуынан. Өйткені діннің қызметі көп, сан қырлы, бір ғана ғибадатпен шектелмейді. Исламнан бастау алатын наным-сенімдер дүниетанымдық жүйені қалыптастырумен бірге тәрбиелік, біріктірушілік қасиетке ие, әрі дәстүрдің ажырамас бөлігіне айналған. Аталғандай тауқыметті уақытта умма тепіресі көріп, сенімі сорақылықпен жанышталып, діні қоғамдық саладан ығыстырылса да жасырын түрдегі ғұмырын жалғастырды, дәстүрлі салт, жеке, отбасылық сипат алды.

Діннің сыртқы көрінетін ғибадаттық формасын сақтау қиын болған кезде өлгенге Құран оқыту, дұға жасау, садақа тарату күшейді, бұндай жөн-жоралғылар дәстүрмен біте қайнасып кеткендіктен бақылау оңайға соқпайтын, түгел бас тарттыру мүмкін емес еді. Шарифатпен астасып, наным-сенімнен өрбитін дағдылар әдет-ғұрып ретінде орындалатын, көзге байқала да бермейтін.

Культтік зиярат орындары әр өңірде бар еді. Халықтың ежелден тамыр тартатын тәу етіп, қолдау күту, демеу тілеу, медет күтуі сенімі қалды. Дінге күйе жағылып, жирентуге ұмтылғанымен одан біржолата бездіре алмады.

Кеңес үкіметінен бұрын дүниеге келіп, діни білім алып үлгергендердің аштықтан, қуғын сарсаңынан аман қалғандары колхоз, совхоз жұмысына жегілді, біразы соғысқа қатысып, қан майданнан тірі қайтты. Сыртқа қоныс аударғандардың арасында қайта оралғандар болды. Олардың жүрекке орныққан, бұрыннан қалыпты наным-сеніміне берік діндарлығы басым болса, кеңес үкіметі тұсында дүниеге келген жаңа буын мектепте, пионер, комсомол қатарында атеистік, құдайсыздық үгіттерді естіп өскен жастар еді. Бұл буынның бірқатары көбіне мұсылманшылық рухын үйлерінде бойына сіңірді. Қырқыншы жылдары әрбір қазақ отбасы осындай екі буын өкілдерінен тұратын.

3.2 1920-1950 жылдары имамдардың ислам дінін сақтаудағы ролі мен тарихи маңызы

Өз табиғаты жағынан бір-бірін толықтырып келген большевиктік, социалистік және коммунистік жүйенің түбегейлі мақсаты - идеологиялық кеңестікте бәсекелеске қауқарлы кез-келген басқа көзқарас пен дін атаулыны жою еді. Кеңес билігі мұсылмандық институттардың ішінде ислам шарифатының барлық шарттарын орындайтын әрі халық арасына кеңінен таратушы ретінде ишан, ахунд, қожа, молдаларды, имамдарды қауіпті күш деп есептеген. Аталған институттарға қарсы күрес саяси және идеологиялық жүйенің маңызды құрамдас бөлігі болғандықтан, оған жаңа әлеуметтік тәртіп ретінде жүзеге асқан. Кеңестік дәуірдің алғашқы жылдарында партия мен діндар арасындағы идеологиялық ымыралыққа қарамастан, большевиктік саясаттың түпкі көздегені дінбасыларының мұсылман қоғамындағы ықпалын әлсірету-тін. 1919 жылғы РКП (б)-ның бағдарламасында, мысалы, «діни фанатизмді біріктіруге әкелетін имамдардың іс-әрекетіне кез келген қорлаудан мұқият сақтану керек» деуі осыған айғақ [339].

Кеңестік кезеңді, хронологиялық ауқым бойынша бөлетін болсақ, 1920-1950 жылдары мұсылман дінбасыларының екі категориясы болды, олар діни қызметті ресми түрде орындайтын *имамдар* мен діни әкімшіліктің рұқсатынсыз және жергілікті кеңеске тіркелмей діни рәсімдерді жүзеге асырған *молдалар*. Екінші топтағы молдаларға кез келген діни рәсімді орындауға тыйым салынған және оларға түрлі әкімшілік шаралар қолданылған. Елдегі діни ұйымдарды басқарудың әкімшілік әдістерінің бір көрінісі ретінде, айта кету керек, мұндай айырмашылық жасанды түрде жасалды. Бұл көрсетілген сатыдағы екеуі де социалистік құрылысқа және коммунизмге «қауіпті» элемент ретінде мемлекет қадағалауында болды. Діни әдет-ғұрыптарды орындауға және намаз оқыту қызметтерін атқаруға уәкілетті және рухани әкімшіліктің рұқсатынсыз қазақстандық имамдар қудалауға ұшырап тұрды, осылайша, КСРО әкімшілігі имамдарды жіті бақылауға алды [340].

1923 жылғы 30 қарашада шығарылған «Мұсылман рухани ұйымының Жарғысына» сәйкес имамдар мұсылман қауымына діни қызметтерін атқарды. Олардың ұстанымы кеңестік діни заңнамада бірнеше рет өзгертілді. Бастапқыда олар діни ұстанымдарына сәйкес үмметтің бір бөлігі ретінде қарастырылды және халық тарапынан сайланбады [341]. Біраз уақыттан кейін, 1929 жылғы 8 сәуірдегі жарлықта болса, имамдардың басқару құрылымдарының жұмысына қатысуға тыйым салынды және мемлекеттің «жалдаған жұмысшылары» қатарына жатқызылды. Заңның бұл ережесі кеңестік дәуірде өзгеріссіз қалды. Шынында, имамдар мұсылман қоғамында қалыптасқан беделін сақтап келді, олар, әдетте беделін қорғап қалды, шарифат пен дәстүрді қатарынан ұстанды. 1920-1930 жылдары КСРО-дағы имамдардың әлеуметтік-экономикалық және құқықтық мәртебесінің эволюциясы біркелкі дамуға ұшырады, билік имамдардың статусын қоғамдық өмірдің шеткері аймақтарына жіберу үшін барлық күш жігерін

жұмсады. «Жер туралы» және «Шіркеуді мемлекеттен бөлу туралы» жарлықтарында имамдардың статусы төмендетіліп, олар кеңестік қоғамда «кемсітілген» әлеуметтік топ қатарына енгізілді. Имамдарға деген салық көтерілді және балаларының білім алуларына шектеу қойылды, ауылдық аймақтарда жер телімі оларға тең бөлінбеді, «жұмысқа жарамсыз» деп танылып, әлеуметтік жәрдем ақыдан қағылды, отбасысымен қоса азаматтық құқықтарына шектеу қойылды және мемлекеттік қызметке жұмысқа тұруға тыйым салынды [342]. 1930 жылдардың ортасындағы ұжымдастыру мен қуғын-сүргін саясатының екінші толқыны кезінде имамдарға қарсы қыспақ күшейе түсті және ұрпақтар сабақтастығының үзілуіне әкелді. Соғыстан кейінгі жылдары имамдардың басым бөлігі өз қызметіне қайта оралмады.

1920-1930 жылдардағы қазақстандық имамдарды және соғыстан кейінгі имамдарды екі әлеуметтік топ негізінде қарастыруға болады. Біріншісі, революцияға дейінгі кезеңде діни білім алған және өздерінің кәсіби қызметін жоғары деңгейде орындаған, салыстырмалы түрде ол имамдар ұрпақтан ұрпаққа өз білімдерін жастарға жеткізіп тұрған білікті, білімді адамдар. Екіншісі, көбінесе бастауыш діни білімін алумен шектелген жасы үлкен адамдар, қарапайым діндарлар. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін, білікті имамдар табылмаған жағдайда екінші топтағыларға діни қызметтерді атқаруға тура келетін.

Діни ғимараттар жөніндегі Тұрақты Орталық комиссияның (ДФЖТОК) берген мәліметтеріне қарағанда кеңес үкіметінің құрылған алғашқы жылдарда Қазақстанда 2500 діни ғимарат тіркелген. Комиссияның коммунистік үкіметке берген ақпараттық есебінде 1918-1931 жылдар аралығында 1630 діни қызмет көрсететін ғимараттың, соның ішінде 782 мешіт жабылды. Ал, тек 1931-1933 жылдары ОАК-нің берген ақпаратында Қазақстанда бар жоғы 499 мешіт өз қызметін жалғастыра білген. Осы мәліметтерді тұтастай облыс бойынша жіктейтін болсақ, Семей округында бар жоғы 10 мешіт, Оңтүстік Қазақстанда 24, Алматы қаласында 7, Жамбыл облысында 12 және т.б. мешіттер қызметін жалғастырған. Көптеген мешіттер жасырын түрде жұмыстарын жүргізіп, имамдар уағыздарын құпия түрде жүргізген [343].

Осы кезеңде Алматы облысы мешіттерінде қызмет еткен 38 имамның есімдері мен аты жөндері мұрағаттық мәліметтерден анықталды, 34 имамның жасы, мешітке қызметке тағайындалған күні, білім деңгейі, кәсіби дайындығы, қылмысты болуы немесе болмауы сияқты сұрақтарға жауап беруге мүмкіндік беретін жеке деректер мен өмірбаяндары сақталған. Имамдардың ұлттық құрамы мен қызметін жүргізудің нысаналы көрсеткіштеріне баға беретін болсақ, олардың арасында татарлар, ұйғырлар, өзбектер және жергілікті қазақтар болды және бұл имамдар большевиктер төңкерісінен бұрын дүниеге келгенін көрсетеді: 10 имам ХІХ ғасырдың 70 жылдары туылған, 9 имам 80-ші жылдары, 8 татар имамы 90 жылдары және ХХ ғасырдың алғашқы онжылдығында 7 имам туылған. Бұл имамдардың барлығы дерлік Уфа, Қазан және Ташкентте «жәдиттік» білім алған, олардың

Алматы облысы бойынша көрсеткен діни қызметі жоғары бағаланған және халық арасында үлкен абырой сыйға ие болған [344]. 1900-1910 жылдары туылған имамдар тап большевиктердің билікке келген сәтте білімдерін жергілікті мектептер мен медреселерде алып, жоғары білімдерін сол ұжымдастыру мен индустриялау науқанында Ташкент, Самарқанд және Бұқара қалаларында жалғастырып, соғыс қарсаңында имамдық қызметтерін атқарған. Алматы қаласы бойынша жоғары білім алған имамдар бар жоғы 7 адам болды, олардың жасы 60 тан асқан. Сонымен қатар облыс бойынша табылған мұрағаттық құжаттарда 14 имамның жасы 60-68 аралығын және 12 имам 70-75 жас аралығын көрсетті [345].

Революцияға дейін дүниеге келген имамдардың бастапқы діни білім мен оқу сауаты жоғары болған. Жалпы Алматы облысы бойынша тіркелген 34 имамның, 27 «жәдиттік» мұсылман мектебінің түлегі болып шықты. Тоғыз мұсылман имамы өз уақытында медреселерді бітіріп, орта және жоғары рухани білім алған. Мұрағат құжаттарында кездесетін, ұйғырлардың басым шоғырланған аудандарында 15 имамның білім алу деңгейі анықталмаған. Тізімге қарағанда олардың ең кемі ислам негіздерінен сауат ашқан. Мәселен, сауалнама арқылы анықталған 1940-шы жылдардың қарсаңында мұсылман мектебінде оқитын алты татар имамы болғаны туралы мәліметтер келтірілген [346]. Мұрағат құжаттарынан анықталған 11 имамның 7-і революцияға дейінгі кезеңде Алматы облысы бойынша мешіттерде имамдық қызметін көрсеткен. Олардың дерлік барлығы бастапқы білімін жергілікті мешіт құрамындағы мектептерде алып, жоғары деңгейде сауатты болған. Соған қарағанда бұл имамдар текті әулеттен шыққан, себебі кеңес билігінің алғашқы жылдарында коммунистік идеологияның бір тармағы «атеизмге» қарсы уағыздарын жүргізіп, оның қазақтың мұсылмандық қоғамына мүлдем жат екендігін жұма намаздарында айтып отырған. Мәселен, Алматы облысы Тарғап елдімекенінде 1918-1931 жалдары имамдық қызметін атқарған Абаш Ғарифуллович Ғарифуловтың жеке ісінде, оның халық арасында коммунистерді «кәпірлермен» теңеп, жаңа құрылған биліктің қазақ қоғамында «антисоветтік» іс-әрекеті үшін қуғынға ұшырағандығы жазылған [347].

Діни сенім бостандығы Ресей империясының отарланған, езілген халықтарға арналған ұлттық бостандықтың маңызды қыры болды. Большевиктер өз саясатының бағыты ретінде патшалық империяның «ұлттық азшылықтар мен олардың діндеріне қарсы қылмыстарынан мүмкіндігінше алшақтату» деп мәлімдеген. 1917 жылдың 24 қарашасында кеңес үкіметі шығарған «Ресей мен Шығыс мұсылмандары үшін» декларациясында былай делінген: «Ресей мұсылмандары... сіздер барлықтарыңыз, мешіттерің мен намаз оқитын үйлеріңіз бұзылып, сенімдерің мен салт-дәстүрлерің патшалық Ресейдің зұлымдығына ұшырады: бұдан былай сіздердің сенімдеріңіз бен әдет-ғұрыптарыңыз, ұлттық және мәдени институттарың әрдайым еркін және оған қол сұғылмайды. Құқықтарыңыз,

Ресей құрамындағы барлық халықтардың құқықтары секілді, революцияның күшті қорғанысы астында болатынын біліңіз...» [348].

Осылайша революциядан кейін осындай дінге, сенім бостандығына дәстүрге құрметпен қарайтындығы туралы жариялаған большевиктердің исламға саясатының 1920 жылдан бастап біртіндеп өзгерді. Әсіресе елдегі имамдар мен кез келген діни рәсімдерді жүзеге асыратын мешіт қызметкерлері «аса қауіпті элемент» ретінде танылды. Өз кезегінде партиялық кеңестік органдар діни сана сезімін мұсылмандардың ең маңызды міндеті ретінде қарастырып, имамдардың беделін түсіруге тырысқан. Діни саясаттың әкімшілік-пәрмендік және репрессиялық-мәжбүрлі әдістері И.В.Сталиннің 1927 жылы 9 қыркүйекте жасаған баяндамасында анық айтылған: «Партия, жұмысшылардың санасын уландыратын кертарпа дінбасыларына (имамдар мен мешіт қызметкерлері) қатысты діни бейтараптық таныта алмайды. Біз реакциялық көзқарастағы дінбасыларымызды жойдық па? Ия, жойдық. Алайда ең үлкен мәселе болып тұр, біз оларды түбегейлі әлі жоя алмадық» [349].

1920 жылдардың ортасынан бастап исламды жоюға бағытталған кең ауқымды большевиктік шаралар үдеген кезде имамдар мен мешіт қызметкерлері өздерін қалай ұстады?

Шынында да, имамдар мен мешіт қызметкерлердің діни рәсімдерді орындауды табандылықпен жалғастырған. Қазақстанның кейбір өңірлерінде ашық түрде, орыс халқының көптеп шоғырланған солтүстік және шығыс аймақтарында жасырын түрде, әсіресе қоғамдық және жұма намаздарында уағыздарын жүргізе берген. Оны біз жергілікті билік өкілдерінің жоғары билікке имамдар мен мешіт қызметкерлерінің «діни қолайсыз үрдістерін» жалғастырғандығы туралы агентуралық ақпараттардан аңғара аламыз [350].

1920 жылдың басынан бастап Қазақстандағы мұсылман халықтарының күнделікті мәдени өмірін өзгерту бағытында ОКП РКП(б)-ның «Ауылдық жерлерді тексеру бағдарламасы» әзірленді. Осы бағдарламаға сәйкес Түркістан АКСР-ін межелеу саясатымен қатар 1924 жылы ауылдық жерлерде партияның экономикалық-шаруашылық өзгерістердің нәтижелері, мұсылмандыққа қарсы жұмыстарының тиімділігі дәрежесін анықтау тапсырмалары берілді: имамдардың мәдени және білім беру қызметін анықтау, мешіттердегі имамдардың уағыздарының экономикалық, саяси немесе діни бояуын анықтау, молдалардың жергілікті халыққа деген рухани әсерін тексеру; дінге қарсы коммунистік өкілдерінің насихаттық жұмыстарының бағытын белгілеу, мұсылмандардың әдет-ғұрыптарын сақтаудағы имамдардың рөлін белгілеу [351].

1920 жылдардың басында ОАҚ КП (б) Орта Азиялық бюросының Пленумында вакуфтық жерлерді мектептер мен мешіттерге қайтару жөнінде бұйрығы жария етілді. Соның нәтижесінде 1923 жылы Уфа қаласында Бүкілресейлік мұсылмандар съезі өтті. Съезд қазақ халқына үлкен әсер етіп, оған алдын ала дайындыққа белсенді түрде кірісті. Халықтың мұндай белсенділігі ОГПУ-ның қызығушылығын арттырып, әрбір мешіт имамының

артынан аңду жұмыстары жүргізілді [352]. Съезден кейін Қазақстан жерлерінің аудандық орталықтарында «мухтасибаттар» мен «мүтәуэлияттар» құрылды. «Мухтасибаттар»-белгілі бір ауданның қоғамдық бірлестігінің рухани басқармасы. Олар сол аудан бойынша рухани басқармасы тарапынан сайланды, олардың «мүшәуир» деп аталатын арнайы кеңесшілері болды. «Мушауирлер» де өз кезегінде сайлау негізінде тағайындалды. Ауылдық аудандарда «мүтәуэлияттар» өз кезегінде діни рухани өмірдің орталығы іспетті қызметін жүргізді. Мұсылмандар имамды, молданы, муедзінді және 3-5 өкілден тұратын мүтәуэлият кеңесін өздері сайлады. ВКП (б) Қазкрайкомның берген мәліметтеріне қарағанда 1927 жылдары Қазақстанда жалпы 55 мухтасибат өз қызметін жүргізген, олардың 8 Алматы облысында, 9 Жамбыл облысында, 11 Оңтүстік Қазақстан облысында, 7 Семей облысында тіркелген [353]. Алматы қаласы бойынша төрт имам 1918-1941 жж. өз қызметін жүргізді, тағы төрт адам муедзін қызметін атқарды. 1920 жылдардың аяғынан бастап мемлекеттің репрессивті қысымымен көптеген имамдар бұл қызметті тастап кетуге мәжбүр болды. ОГПУ-ның хаттамаларында өзінің өмірбаянында Талғар елді мекенінің жаңадан сайланған Ф.Мардығалымұлы орталық мешітінің имамы «1928 жылы мемлекеттің бұйрығы бойынша имамдық қызметінен өз еркімен бас тартты» [354]. Бұл кездейсоқ емес, Алматы облысы бойынша төрт жаңадан сайланған имам 1930 жылдары қылмыстық кодекстің 58, 60, 61, 169 баптарына сәйкес сотталды [355].

Мұсылман дін қызметкерлеріне қарсы қуғын-сүргіннің екі толқыны белгілі. Бірінші толқын 1928-1929 жылдары жүзеге асты, бұл кезде көптеген имамдар үш жылға бас бостандығынан айрылды, Орал мен Сібірдің лагерлеріне жер аударылды. Жазасын өтегендер босатылды, бірақ 1930 жылдардың ортасында екінші рет репрессияға ұшырады.

Имамдар мен өзге де сатыдағы діни қызметкерлердің халық арасындағы беделін анықтау мақсатында 1926 жылы жаңа үлгідегі «Тексеру бағдарламасы дайындалды». Осы бағдарламаға сәйкес имамдардың жаңа қалыптасып келе жатқан жұмысшы тап өкілдеріне деген әсерінің деңгейін, әсіресе жастар мен әйелдерге деген ықпалын, азаматтық және мұсылмандық некелік қатынастарға қатысуын, қайтыс болған адамды жерлеу рәсімдеріндегі жаназасын шығарудағы қызметін, діни мерекелердегі салт-жоралғылардың орындалуын қадағалау тапсырмасы берілді [356].

Коммунистік билік органдары исламға қарсы белсенді жүргізілген үгіт-насихаттық шараларымен, кеңестік нормативтік-азаматтық тәжірибенің енгізумен мұсылмандарының дәстүрлі отбасы мен күнделікті өмірін өзгертуге ұмтылған, бұндай жұмыстарға имамдар табанды діни қызметімен үнемі кедергі келтірген. Мәселен, 1925 жылдың күзінде «аса құпиялы» белгісі қойылған коммунистік биліктің баяндамасында «қазақ халқының, әсіресе шаруалардың арасында имамдар рухани кездесулер ұйымдастыруда, олардың «мухтасибтері» ауылдарды аралап, намаз үйлерін (мешіттер) ашуды

және мұсылмандық мектептерді қалпына келтіруді талап етуде» деген ақпараттар бар [357].

Казкрайком ВКП (б)-ның 1926 жылғы 15 қазандағы дінге қарсы насихаттау жұмыстарының қорытынды жиналысында: «Қазақстандағы имамдар мен ауылдық «қаңғырып» жүрген молдалар өз әсерін, әсіресе жастарға тигізуде. Сауда-саттық, шағын-буржуазиялық және кулақтық-мещандық топтарға сүйеніп, өздерінің діни мектептеріне оқушыларды тартуда. Олар осы тұрғыда кеңестік мектептердің әлсіздігін пайдалануда. Сондықтан біз негізгі билік ретінде халықтың арасында имамдардың үстемдік іс-әрекеттеріне шек қою керекпіз» деп жазылған [358].

КОКП-ның Орал аудандық комитетінің шешімдерінде қазақтар мен татарлардың арасында діни қозғалыстың күшейгенін, олардың саны 22 мың адамға жетіп, имамдардың халық арасындағы беделі туралы жазылған. Шешімдегі жазылған мәліметтерге қарағанда: «қазіргі уақытта (1927 жыл) мешіттер мен намаз үйлерінің саны революциядан бұрыннан да көп», діни мектептер «көптеген ауылдарда заңсыз жұмыс істейді. Намазға жығылатын халықтың саны күн өткен сайын артуда, ал имамдар болса Құран мен хадистерді басшылыққа ала отырып, «қараңғы» халықты прогрессивті коммунистік идеологиядан алшақтату жұмыстарын атқаруда» делінген [359]. Осы іспетті агентуралық және аймақтық, ауылдық биліктің есептерінде Қазақстандағы имамдардың халық арасындағы қай бағытта және қай мазмұнда жұмыс істегендерін байқауға болады.

Қазақстандағы имамдардың ашаршылық жылдарындағы (1921-1927 жж. аралығы) қызметін ерекше атап өту қажет. Мұрағат қорларында ашаршылық жылдарында имамдардың ауылдарды аралап жерлеу рәсімдерінде белсенділік танытқандары туралы көптеген деректер сақталған. Статистикалық мәліметтерге сүйенетін болсақ, ашаршылықтың бірінші толқынында тек Орталық Қазақстанда 1922 жылдың бірінші жартысында 675341 адам ашаршылыққа тап болған, олардың 304319-ы 15 жасқа дейінгі балалар еді [360]. Нақты емес есеп бойынша, Көкшетау ауданы бойынша аштықтан 16962 адам көз жұмған. Жалпы алғанда, 1922 жылдың сәуір айына дейін анықталмаған мәліметтер бойынша, Ақмола облысы бойынша 200 000 адам аштықтан қырылған [361]. Осы ашаршылыққа байланысты мешіттерде уағыздар айтылып, қаралы отбасыларға имамдар көмек көрсету жұмыстарын ұйымдастырған. Имамдардың жаназа рәсімдерін жүргізу жағдайларына күә болған орталық атқару комитетінің өкілдері шұғыл түрде олардың ықпалына тосқауыл қою мақсатында шешім шығаруға асықты. Ашаршылыққа душар болғандарға көмек көрсету сылтауымен, имамдардың кеңестік заңнама шеңберінде діни рәсімдерді ұйымдастыруға байланысты комиссия құрылды. Осыған байланысты комиссия «Діни ұйымдардың ашаршылыққа тап болғандарға көмек» көрсетудің типтік ережесін шығарды [362]. Осы уақытта Қазақстанның Солтүстік-Батыс және Шығыс аймақтары Уфа қаласындағы Мұсылмандардың орталық діни басқармасына (МОРБ) қарады. Стандарттарға сәйкес, 1921 жылдың аяғында және 1922 жылдың басында

«Ішкі Ресей мен Сібірдегі мұсылмандардың орталық рухани әкімшілігінің ашаршылыққа тап болған адамдарға көмек көрсету туралы ережесі» әзірленіп, бекітілді. Оның негіздеушісі мүфти Г.Баруди 1921 жылғы 6 желтоқсанда қайтыс болғаннан кейін, оның қызметін К.Тәржіманов жалғастырды [363].

1920-1930 жылдары Қазақстанның кейбір аймақтарында, соның ішінде Қызылорда, Петропавл және Павлодар облыстарындағы ауыл аймақтарда тіркелген имамдар бұрын рухани және діни қызметпен айналыспаған, олар имам да, мүезін де болмаған. Олардың кәсіби қызметі көбінесе ауылдағы тіршілікпен байланыста өткен. Бірақ ескеретін бір жәйт, аталған облыс бойынша тіркелген имамдар мешіттерде алғашқы білімдерін алған, сондықтан ашаршылықтан қырылған халықтың арасынан табылып, қуғын-сүргінге ұшыраған имамдардың орнына мұсылмандық діни рәсімдерін өткізген. Кейбір имамдар болса өз шаруашылығымен айналысып кеткен, колхоздар мен совхоздар құрылғаннан соң осы шаруашылықтарда жұмыс істеді. Кеңес билігінің қатаң жүйесіне мойынсұнуға мәжбүр болған имамдар жұмысшы тап категориясына жатқызылып, бақташы, қоршаушы, суретші, сылақшы, күзетші, тасымалдаушы, жергілікті тоқыма зауыттарындағы жұмысшы, ашылған мұнай кен орындары мен өнеркәсіп салаларында жұмысшы, ұжымдық және совхоздардағы қызметші ретінде тіркелген [364].

Ұжымдастыру жылдарында қазақ халқы зорлықпен жаппай отырықшылануға мәжбүр болды. Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру мен қатар советтік шаруалар тарихындағы ең қайғылы беттердің бірі болып табылатын байлар мен кулактарды тәркілеу саясаты жүзеге асты. Кеңестік тарихнамада мемлекеттік биліктің репрессивтік саясатының ажырамас бөлігі болып табылатын байлар мен кулактарды тәркілеу науқанының халыққа тигізген зардабы мен салдары өте ауыр болды [365]. Сол уақытта Қазақстанның барлық аудандарынан ВКП(б)-ге қазақ халқынан «соңғы тұяққа» дейін тартып алғандығы туралы шағымдар түскен [366]. Сонымен қатар, «зиянды элемент» деп танылған КСРО-ның басқа аймақтарынан өзге ұлттарды (әсіресе Кавказдың мұсылман халықтары) зорлықпен депортацияға ұшырату науқаны басталып, ол 1944 жылдардың өзінде қарқынын арттырды [367]. Аталған кеңес билігінің саяси науқандары жергілікті халықтың тарапынан «асыра сілтеумен» теңестірілді және халық жаппай наразылықтарын білдірді. ОГПУ-ның агентуралық ақпараттарына сүйенетін болсақ, 1926-1929 жылдар аралығында халық арасында «радикалды», «антикеңестік» және «панисламистік» ниет-пиғылдары үшін Түркістан облысының Созақ, Шолаққорған, Шәуілдір, Қызылорда облысының Жаңақорған, Ақмола облысының ауылдары, Семей облысының Бұқтырма уездіне қарайтын ауылдардағы мешіт имамдары тұтқындалып, қамауға алынған [368]. Осыған қарамастан 1928-1934 жылдар аралығында ОГПУ-ның хаттамаларында қазақ ауылдарында имамдардың отбасылық дәстүрлерін сақтап, ауылдарда мешіт салдыруға байланысты елден қаражат жинап жүргендері туралы мәліметтер де тіркелген. Салыстырмалы зерттеу

жұмыстарын жүргізу барысында Қазақ АКСР-нің Әскери комиссариатының саяси хатшылығының меңгерушісі Л.И. Идельсонның 1930 жылдың 15 наурыз айында Казкрайком ВКП(б) атқарушы хатшысына жолдаған баяндамасында: «Сырдария ауданы тұтастай алғанда жергілікті мұсылман халқының ең көп шоғырланған (қазақтар мен өзбектер 80 % дейін) ауданы болып табылады. Орта Азияны ұлттық межелеу саясатына дейін және кейінгі алғашқы кезеңде бұл аймақта молдалардың, ишандардың, қожалардың және рулық-таптыққа негізделген байлардың ықпалы өте зор. Қазақстанда 1928 жылға дейін бұл жаңа аудандық құрылым ерекше мәнге ие...» деп, имамдардың халық арасындағы беделін ашып көрсеткен [369]. Осыған қосымша ретінде зерттеу нысанына айналған тағы бір мұрағаттық құжатта билік өкілдерінің берген мәліметтерінде Түркістан облысында, тіркелмеген 57 «жасырын» діни рәсімдерді өткізетін имам болған. Олар «қаңғып» жүрген молдалар деңгейінде жергілікті мекендерінде жерлеу, неке қию, балаларды сүндетке отырғызу және т.б. дәстүрлерді тиісті тіркеуден өтпей, қызметін жүргізген. Қазақстан бойынша бұл «далалық молдалар» мен имамдардың 521 діни қызметін жасағаны туралы ақпарат мұрағат қорларында сақталған [370].

Кеңес билігінің 1930 жылдардағы түрлі құйтыртқы саясатының тағы бір көрінісі - діни салт-жораларды сақтап, жұма намаздарында уағыз айтқан, Рамазан және Құрбан айттары күндері мешітке барған имамдардың, молдалардың, мүезіндердің, мешіттің жанындағы мектептер мен медреселерде білім берген имамдардың тегіс барлығы «еңбекке жарамсыз элементтер» және «қоғамды арандатушылар» санатына жатқызылуы. Осы тұрғыда имамдар өздерін «атеист» және «қоғамға пайдасы жоқ» ОГПУ-ның мәлімдемелеріне қол қойып, «өтірікші» екендерін мойындауға мәжбүр болды. Мұндай мәлімдемеге қол қоюдан бас тартқан имамдар қудаланды, түрмелер мен концлагерьлерге қамалды. 1930-1937 жылдар аралығында Қазақстанда жүзеге асқан репрессивті саясаттың салдарынан молдалар мен имамдар жер аударып, ауылдық аймақтарда көптеген мешіттер мен діни мектептер бос қалды. Осы жағдайды пайдаланған кеңес билігі атеистік саясатын жүзеге асыру мақсатында «лениндік бұрыштарды», атеистік мұражайларды, кеңестік коммерциялық қоймалар мен дүкендерді, театрлар мен кинотеатрларды, би залдарын, ветеринариялық пункттерді ашып, имамдардың, соның ішінде олардың уағыздарын «кеңестік пен большевизмге қарсы арандатушылық» әрекеті деп халық арасында үгіт-насихаттар жүргізді [371].

Ислам дін өкілдеріне қарсы жүргізілген саясаттың қатыгездігін біз 1932-1937 жылдарды кеңес билігі «Құдайсыз бесжылдық» деп жариялануынан аңғарамыз. Бесжылдық аяқталғанда КСРО көлемінде бірде бір діни қызметкер қалмау керек деген жоспармен, ал мұсылман халқының санасынан «жаратушы» деген түсінік мүлдем сілініп тасталуы тиіс деген ұранмен жүзеге асты. Исламға және діни қызметін жүргізген имамдарға қарсы қудалау саясатының өрістеуіне, мешіттер мен оның жанындағы мектептердің

жабылуына, кең таралған атеистік насихатқа қарамастан Кеңес Одағының құрамындағы халықтардың мұсылмандығын бүтіндей жойып жібере алмады.

Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуымен КСРО билігі діни бірлестіктерге қатысты мемлекеттік саясатты жұмсарту қажеттілігіне көзі жетті. 1943 жылдың басында И.В.Сталин мен оның айналасындағы басшылар мемлекеттік-діни қатынастарды қалыпқа келтіруге түпкілікті шешім қабылдады. Билік Кеңес Одағының үкіметі жанындағы конфессиялардың қызметін үйлестіретін әрі партиялық және мемлекеттік құрылымдар мен сенушілердің, ең алдымен олардың көшбасшылары арасындағы ерекше байланыстың рөлін атқаратын арнайы органдар құру қажеттігі туралы қорытындыға келді. Сондықтан 1943 жылы КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі жанындағы Орыс Православие Шіркеуінің Кеңесі (ОПШК) құрылды, ал 1944 жылы Дін істері жөніндегі кеңес (ДІЖК) құрылды [372]. 1943 жылы 15-20 қазанда Ташкентте болған Орта Азия мұсылмандарының алғашқы құрылтайы өтті. Өзбекстан, Қазақстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Түрікменстан республикаларынан 160 өкіл қатысқан жиында Орта Азия және Қазақстан мұсылмандары басқармасын (ОАҚМДБ) құру, оның жарғысын қабылдауға уағдаласты, Қазақстанның діни істері тікелей қазият ретінде қаратылды. Кеңес мемлекетінің діни саясатының ырықтандыруы КСРО-ның көптеген аймақтарында мұсылмандардың қызметін күшейтіп, мешіттерді ашуға және жаңа мұсылман қауымдастықтарына тіркеу туралы өтініштер беруіне ықпал етті. Осыған байланысты 1945 жылдың 31 тамызында И.В.Полянский КСРО-ның ОҚ РКП (б) Үгіт-насихат Басқармасының басшысы Г.Ф.Александровқа берген есебінде елдегі мұсылмандықтың белсенділігі жайлы мәліметтер тіркелген. Бұл құжаттарға қарағанда 1944 жылдың 1 маусымынан бастап 1945 жылдың 1 қарашасына дейін ДІЖК-қа мешіттер ашуға байланысты келіп түскен 17 өтініштің 2-уі Қазақстан тарапынан жазылған. Ол өтініштерді Ташкент қаласында өткен алғашқы дін құрылтайына Қазақстан атынан қатысқан қазияы Абду әл-Ғаффар Шамсутдинов пен Ақмола мешітінің имамы Сәдуақас Ғылмани білдірген [373]. Абду әл-Ғаффар Шамсутдинов (1884-1953) Қазақстан қазиятының алғашқы төрағасы болып тағайындалып, осы қызметі 1952 жылға дейін атқарды. 1948 жылы Сәдуақас қажы Орта Азия мұсылмандар діни басқармасының мүшелігіне өтіп, Қазақстанның екінші қазияы болып тағайындалған-ды. Республика көлеміндегі санаулы мешіттерге имамдыққа лайықты маман қарастыру басталды.

Садуақас Ғылмани 1929 жылдан бастап үкіметтің қырына ілігіп, тергеу, қапаста қамалау сынды тәпіреш көріп, ату жазасына кесілген үкімі орындалар түні түрме қызметкерінің көмегімен өлген танысының құжатымен тірі қалып, басқа адамның атымен Омбы жағында бой тасалап жүреді. Ол өз естелігінде көршілес өлкедегі 1934 жылдан бері колхоз-совхоздарда істеген ауыр жұмыстары жайында баяндай келіп, Ақмола қаласынан нағашысы Садуақас Омар баласы, немере ағасы Мұстафа Ахметтің екеуінің іздеп келіп:

«Біз Ақмола халқының атынан арнаулы өкіл болып, сізді шақыруға келдік. Себебі үкімет діни ұйым ашып, молда сайлауға рұқсат етті. Сондықтан Ақмола мұсылмандары сізді имам қылуға шақырып, бізді жұмсап, өзіңді алып қайтуға келдік» деп қолқа салғандығын, ал өзінің бұл өтінішке «Аузы күйген үріп ішеді» дегендей келісім беруге қорыққанымен «өте жалына айтып, әскерде өлген балаларын айтып жылағансып отырған халықты да есіркеп, аяп» барғандығын жазған.

Соғыстан кейінгі жылдары Қазақстандағы имамдардың қызметі жайлы казийдың қызы Әмина апай өзінің берген сұхбатында нақты ашып берді: «Әкем 1952 жылдың желтоқсанына дейін Ақмола мешітінде имам болып тұрды. Қайдаров деген азаншысы болды. 1952 жылы Алматыдағы Қазақстанның казиы Абду әл-Ғаффар Шамсутдинов сырқаттанғаннан кейін Ташкенттен «Жұмысын атқаруға қауқарсыз» деген хабар келіп, әкемді Алматыға шақыртты. Жалғыз кетті. Бізді 1953 жылдың сәуір айында көшіріп алды. Бізге қазіргі Алматыдағы Орталық мешіттің астынан екі бөлмелі үй салып берді. Сонда 1956 жылға дейін тұрдық. Ол кезде мешіттің имамы Оралдан келген Тұрсынов деген кісі, азаншысы Имамбек Байсейітов, ал әкем Қазақстан бойынша кази қызметін атқарып тұрды. Шәкірттердің емтиханы болған кезде шақырады ғой деймін, жылына бір-екі мәрте Ташкент, Бұқараға барады. 1947 жылы менің ақыл тоқтатып қалған кезім болуы керек, бірінші құрылтайға барғаны да есімде. 1956 жылы маусым айында бізге жеке үй алып беріп, «Вишневая, 42» деген үйде өзі опат болғанға дейін тұрдық. Келген қонақтар да, қызметкерлер де, шәкірттер де сонда келіп, аласапыран болып жататынбыз. Үйімізді кіші қонақүй десек те болатындай еді. Ұлты түрлі молдалар іздеп келетін. Әкем бәрімен арабша сөйлесетін. Үйдің астындағы жертөледе шәкірттері Құран жаттап отыратын. Ешкімнің өміріне ұқсамайтын бір қызық өмірді басымнан кештім деп ойлаймын. Әкем 1953 жылы 17-маусым күні кеңес үкіметінен 40 адам болып қажылыққа кетті. Олар Арабияға Иранды басып өткен екен. Соның арасында мемлекетте төңкеріс болып, қайтарында басқалай жолмен 2-қыркүйек күні келді. Кеңес үкіметінен бірінші рет қажылыққа барған солар болатын. Оған дейін де бір рет «қажылыққа кеттік» деп, Мәскеуге дейін барып, кері қайтқан. 1953 жылғы қажылыққа сол сапары алғашқы және соңғысы болыпты. Одан кейін денсаулығы да сыр беріп қалды, жолы да түспеді. Негізінен таң намазынан кейін үстел басында сағат 11-12-ге дейін шоқиып отырып, жазу жазатын. Сосын бір сағат демалып алып, мешітке бесінге кететін. Өмір дегенің солай, өз кестесімен жүріп жатты. 1972 жылы 19 сәуірден ауырды, 24 сәуірде қайтыс болды. Өз аяғымен жүріп, өзі сөйлеп, еңбектеніп кетті. Ақырғы уақытқа дейін «Халыққа қалған еңбегім болсын» деп, кітабын жазды. Әкем қайтқанда мен 33 жаста екенмін. Одан кейін үш жарым жылдан соң анам қайтыс болды. Әкемнің соңғы өсиеті «Қайда болсаң да Алладан қорық, шырағым. Қайда болсаң да жақсылық жаса, мұқтаж жандарға көмектес. Жетім-жесірге қол ұшыңды бер. Құдайдан қорықпағаннан қорық. Менің жылым қоян ғой, сондықтан қорқақ адаммын» дейтін соңында әзілдеп. Бала

демей, шаға демей бәрімен тең сөйлесетін. Өзі де мұқтаж жандарға мейірімді болатын. Есігіміздің алдындағы шағын үйде біреулер отбасымен жылдап тұрып жататын. Көшеден түрмеден шыққан біреулерді де ертіп келетін. Одан қорыққан апам екеуміз таңға дейін көзіміз алақандай болып, таң атырған күндеріміз де болды» [374].

1943 жылғы Өзбекстанда өткен құрылтайға Қазақстан атынан барғандар қатарындағы Хакім Омаров (1906-1974) 1948 жылдан Орта Азия және Қазақстан мұсылмандарының мүшесі, Қазақстан бойынша тексеру комитетінің төрағасы болған. Бұхарадағы «Мир араб» медресесіне емтихан комиссиясының мүшесіне болып та бекітілген. 1948 жылы Семей қаласында имам болып тағайындалған ол осы қызметін 26 жыл атқарған. Оның мешітте жұма, айт намаздары, қадыр түні айтқан уағыздары мен басқа да қолжазбалары ҚО Сирек кездесетін кітаптар музейіне тапсырылған [375].

Профессор Бағдад Кәрібозұлының зерттеулеріне қарағанда, Сыр өңірінде 100-ге тарта мешіт пен медреседе ұстаздық қызмет жасаған ишандар мен ахундар Орта Азия, Түркия, Ауғанстан, Мысыр, Үнді т.б. елдерде оқыған жоғары дәрежеде білім алған ишандар мен ахундар қазақ мұсылмандығын қалыптастыруға, бекітуге қызмет еткен қоғамдағы діни-ағартушылық ағымның өкілдері болған [376].

1930 жылдары Сыр бойындағы мешіттер мен медреселер түгелге жуық жабылды, не басқа мақсатқа пайдаланылуға берілді, ишан, ахун, олардың ұрпақтары, қожалар жаппай репрессияға түсті, олардың ішінде жазадан тірі қалғандары бірен-саран. Сыр өлкесіндегі Қазалының Ақмешіт түрмесінде бір күнде 36 дін адамы оққа байланғанда арасынан жалғыз аман құтылғаны Сүлеймен ишан Есейұлының (1888-1969) НКВД қызметкерлерінің «Құдай бар ма?» деген сұрағына тапқырлықпен жауап тауып тірі қалғаны аңызға айналған [377]. Ол - атақты Марал ишанның ұрпағы, Көкалташ медресенің түлегі. Сүлеймен ишан соғыстан кейін Қызылордадағы үкіметтің ресми рұқсатымен жұмыс жасаған Айтпай мешітінде 1949-1965 жылдары имам болған.

Ишан мен ахунд атаулылардың басына бұлт үйірілгенде аман қалып, ғұмырының соңына дейін имамдықты адал атқару тағдыры бұйырған жан – Жанназар Арланбайұы ишан(1878-1974). Бұхарадағы Көкалташ медресесін бітірген ол қазіргі Қызылорда облысы Қазалы ауданының Қамбаш мекенінде 1904 жылы ашылған мешітте дәріс берген. Ишан 1937-1938 жылдардың дүрбелеңінде Ақтөбеге қоныс аударады. Соғыс уақытында Ақтөбедегі орталық мешітке имам іздегенде білімімен көзге түседі. Ол осы орында жергілікті үкімет мекемелері мен халықтың сеніміне ие бола жүріп он жеті жыл имам болады. Сол қаладағы «Ор көшесінің бойында мешіт те салдырған, ол мешітті «Жанназар ишан» деп келген. 1958 жылдан Новоресей ауданына қарасты Табантал ауылында қызметін жалғастырған [378].

Бұндай жағдай Қазақстанның әр тарапында орын алды. Еліміздің түпкір-түпкірінде халық, дін тағдыры сынға түскен күрделі уақытта қолына қару алып шайқасқа шықпағанмен исламдық сенімінен, ұстанған жолынан

айнымай, үкімет тарапынан соң аз-маз жеңілдік туғанда жылымықта қайта ес жиып, заманын ыңғайына сай бейімделген, мешіт жұмыстарын жандандырған имамдар жайында мәліметтер жиналу қажет.

Бір ғана Ақтөбе облысының Шалқар өңірінде 18-дей мешіт болды деп санамалған өлкетанушы Ұзақбай Қауысов елімізде сол нәубетті жылдарда республика аумағында не-бәрі 18 мешіт қалса, соның біреуі Шалқар қаласында болды дейді. Оның аудандағы дін үрдістер жайлы деректерді жинап, топтастырған «Ұлағат» атты кітабындағы мәліметтерге жүгінсек, Шалқар өңіріндегі Мамыт (Махмуд) ахун Пірімбет мешіт ұстаған. 1927 Өзбекстанға қоныс аударған, Пәтуәлі ишан деген атпен белгілі Мұхаммед ишан 1937 жылы халық жау деген атпен ұсталып, атылып кеткен (157-158-беттер), Хиуа медресесін бітіріп, Қоян Құлақ деген мешіт салдырып, бала оқытып жүрген Түлкібай ахун 1928 жылы Қарақалпақстандағы Қоңыратқа қашып барады, ол жерде де тыныштық таппай Талдықорғанға келген (159-бет), Орынбурдағы діни басқарманың сынақ комиссиясының шешімімен Шалқар аймақтық 20 жылдары 7-8 жылдары бас мүфти болған Аманғали ахун Итесұлы (1884) жиырмамыншы жылдардың соңында бірнеше рет ұсталып, Ақтөбе түрмесіне қамалады. 1934 жылы бас сауғалап Ауғаныстан мен Иранға, ақыры Өзбекстанға тұрақтайды, аңдушылардың қолына түспей жүріп 1936 жылы сыртта дерттен көз жұмады, Орынбор жанындағы Қарғалы медресесінде оқыған Жанаман ахун Сейітімұлы (1884-1937) Өзбекстанға бой тасалап, 1947 жылы елге оралады. 1949 жылы Шалқардағы мешітке имам болып тағайындалады, сергелденде Жалтума Жиенқұлы (1885-1937) әуелі Ресейде, кейін Өзбекстанда қоныстанып, 1958 жылы елімен қауышады. 1960-1961 жылдары Шалқарда имамдық қызмет атқарады, Дәулет ахун Хорезмге қашып барады. Онан соң Ресейдің Магнитогорскі маңындағы тауда қазақтар ауылында қой бағып, 1946 жылы еліне қайтады. Бұхарада тәлім алған Алмағамбет ахун Бұхарбайұлы (1869-1943) 1937 жылы ишан А.Төлегеновпен байланысты болды деген айыппен сотталып, Барнауыл түрмесінде о дүниелік болған, тек 1989 жылы жазықсыз екендігі дәлелденіп, ақталған, Мәтей Қоқанұлы (1894-1937) Өзбекстанға қашып аман қалған, кейін еліне оралған 1970 жылы Шалқардағы мешітке имамдыққа тағайындалған. 2011 жылы екі рет болыс болған, кейін имамдық болған, қайратты-қажырлы, өткір Мәтей Қоқанұлы марқұмның атында ұрпақтарының қаржысымен Шалқар қаласында зәулім көрікті мешіт бой көтерді [379].

Шалқар өңірінің тағы бір тумасы Жанияз ишан Ізтілеуов (1853-1937) Бұхарада білім алып келгеннен соң өзінің туған жерінде мешіт салдырып, бала оқытқан. 30 жылдарғы аласапыранда Өзбекстанға өтіп, кейін ата жұртына қайтады. Діндар 1937 жылдың қарашасында үштіктің шешімімен оққа байланады. 1989 жылдың 29 маусымында ақталған. Қазір ишан салдырған мешіттің орнында «Жанияз мешіті» деген тақта тұр [380].

Аудандағы кеңес үкіметінің сойқанынан аман қалған тақуа молда-имамдар Шалқар қаласында қиын-қыстауда жаптырмай алып қалған

жалғыз мешітте ғибадатты үздірмеген, атеистік идеология шарықтап тұрған дәуірде діни рәсімдерді шарифатқа сай атқарып келген. Осылайша діни дәстүрдің сабақтастығын жалғастырды.

КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Дін істері жөніндегі кеңестің төрағасы И.В.Полянский 1946 жылдың қараша айында КСРО Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары, КПСС Орталық Комитеті Саяси бюросының діни саясатының кураторы К.Е. Ворошиловқа Орта Азия мен Қазақстандағы мұсылмандардың саны айтарлықтай екенін айтып, ОАҚМДБ тарапынан бақыланбай, аймақта көптеген заңсыз мешіттер (қысқа мерзімде 700-ге жуық мешіт) ашылған және олардың көпшілігі кеңестік үкіметтің кейбір басшыларының қолдауына ие. Бұл республикаларда үлкен мерекелер күндері намаз далада тұрақты түрде оқылатынын атап өтіп, Қазақстанда, Қырғызстанда және Түрікменстанда көптеген молдалар бар екендігі және жер асты мектептерде балаларға ислам үйретілетіндігін тілге тиек еткен [381]. Осыған орай И.В. Полянскийдің қорытындылары назар аудартады: «ОАҚМДБ-ның қызметін жетілдіру мәселесінде уәкілетті ДІЖК-а шешуге көмектесуі қажет, бұл үшін КСРО Министрлер Кеңесінің жабық хатын жариялап, ол республикалардың басшылығына уәкілетті қызметкерлерді мұқият іріктеу туралы мәселе қозғап, жер асты мешіттері мен діни мектептердің жабылуына ерекше көңіл бөлу, ол күттірмейтін жағдай» [382].

1947 жылдың маусымында ДІЖК Өзбекстан КСР-нің ОАҚМДБ төрағасы И.Бабаханұлына ауыл шаруашылық дақылдарын жинауға кедергі келтірмеу үшін ағымдағы жылдың 19 шілде - 17 тамыз аралығында «қарамағындағы» мұсылман халқына Ораза кезінде еңбек тәртібін сақтауға шақыруды тапсырды. Ол өз кезегінде бұл тәртіпті сақтауда имамдарға тапсырма жүктеді [383]. 1947 және 1948 жылдардағы ДІЖК-ның баяндамаларында соғыстан кейінгі кезеңде КСРО-ның мұсылман республикаларында діни рәсімдердің саны күрт өскендігі жайлы мәлеметтер көптеп кездеседі. Оны басқару комитеті имамдардың, әдетте, барлық маңызды отбасылық іс-шараларға міндетті қатысушы болғандығын атап өтті. ДІЖК-ның ерекше алаңдаушылығы, ол партияның мемлекеттік аппаратта қызмет ететін мұсылмандардың ислам мерекелеріне қатысуы болды. Тіпті, кейбір жағдайларда партия қызметкерлері имамдарға мешіттерді ашуға, кейде заңсыз мешіттердің қызметін арттыруға көмек көрсетудің көптеген жағдайлары тіркелген [384]. Кейде Кеңес Комиссарларының ұсынысы бойынша имамдар нан карталарымен қамтамасыз етілді. Қазақстан КСР-і үкіметінің кейбір өкілдері көрші жерлерге діни істерге, жол жүру туралы куәліктерге және мешіттердің заңсыз ашылу фактілеріне адал болған имамдарды жіберді.

ДІЖК-ның жұмысы туралы есептерді талдау барысында төмендегі нәтижелерге қол жеткіздік: 1944 жылғы 29 қарашадан бастап 1947 жылғы 10 қаңтарға дейін Дін істері жөніндегі кеңес мешіттерді ашуға қатысты 482 өтінімді қарады, оның ішінде 320-сы діни ғимараттар ашу еншісінде, ал 124-і мешіттерге байланысты болды. 1 маусым 1947 жылы ДІЖК-ның рұқсатымен

124 мешіт қызметін жүргізе бастады, бұрын тіркелген 261 мешіт өз қызметін көрсетуді жалғастырды, 388 өтініш қанағаттандырылмады. Сондай-ақ, ДІЖК-ның деректері бойынша, 1947 жылғы 1 маусымда КСРО-да 7160 діни қызметкері болды, оның ішінен тек 410 мұсылман, олардың 25-і жоғарғы лауазымды қызметте еді. Ал 1917 жылдың қазан айымен салыстырғанда, сол жылдары мұсылмандық қоғамдардың саны 21 873 еді [385].

Кеңестің Төрағасы И.В. Поланскийдің айтуынша, Дін істері жөніндегі кеңестің басты міндеті оның алғашқы жылдарында қызметкерлерді іріктеу, діни қауымдастықтарды анықтау және олардың тағдыры туралы шешім қабылдау болды. Сонымен бірге ол ДІЖК-ның жұмысының жеткіліксіз сапасын мойындап, жетілдіру қажеттігін түсінді. Жұмыстың басынан бастап 1948 жылдың бірінші тоқсанының аяғына дейін ДІЖК-ның мұсылмандардың мешіт ашу жөніндегі өтініштердің небәрі 10 % -ын ғана қанағаттандырды [386].

Үшінші тараудың екінші бөлімі бойынша төмендегідей ғылыми тұжырымдар жасауға болады:

- Кеңес билігі тұсында мемлекет пен дін арасындағы, соның ішінде имамдарға деген қатынастардың дамуы өте күрделі кезеңдерден өтті. Кеңес Одағындағы имамдарға қарсы бағытталған шаралар ХХ ғасырдың 20-шы жылдарынан басталды. В.И.Ленин кезінде исламға және діни қызметкерлерге белгілі бір деңгейде еркіндік берілсе, И.В.Сталин тұсында имамдарға қарсы күрес әдістерін қатаңдатумен ерекшеленді 1927 жылдан имамдарға деген ұстаным екі сатыда жүргізілді, олар: жаппай қамауға алып, тергеу амалдарын орындап, қуғынға ұшырату және заңды түрде қыспақта ұстау. Ұжымдастырудың алғашқы жылдарында басында Қазақстанда мешіттердің құрылысы тоқтатылып, имамдардың қызметіне заңды түрде шектеулер қойылды. Кеңес билігінің мұндай әрекеттері кейіннен ел ішіндегі стихиялық түрдегі ұлт-азаттық қозғалыстарға әкелді ;

- Соғыс және соғыстан кейінгі кезеңде дінге қарсы күрес әртүрлі деңгейде іске асты. Соған қарамастан көптеген ғасырлардан жалғасып келе жатқан дінді халықтан бөлуге тырысқан арпалыс заманда 1930 ортасынан бастап ашаршылық және қуғын-сүргін жылдары 1950 жылдардың басында Қазақстан аумағында этникалық жаңғырту, ежелгі дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды, соның ішінде діни жандандыру кезеңі басталғанда имамдардың елеулі еңбегі болғанын баса көрсеткен абзал;

- Кеңес кезіндегі Қазақстандағы имамдардың діни көзқарасы фанатизммен ерекшеленбеді. Соғыс қарсаңында және кейінгі жылдары патриотизм рухы коммунистік идеологияның шеңберінде қалған болса да, жергілікті аумақтарда халықтың салттық жоралғыларының қорғалуында осы имамдардың орны ерекше болды. Кеңестік кезеңде ислами ұстанымдарды имамдар отбасылық білім беру арқылы жүзеге асырды. Зерттеу барысында имамдарға қазақ халқының мәдениетін қорғаудағы, дінді сақтаудағы және күнделікті өмірде діни рәсімдерді орындаудағы бүтіндей тыюдың қиынға соққаны айқындалды;

- Қазақстанда, жалпы алғанда, тіркелмеген мұсылмандық қауымдар мен жұма намазы оқылатын мешіттердің саны басым болды. Имамдардың қызметі жерлеу рәсімдерді орындаумен, неке қиюмен, діни күндерде (Ораза айт, Құрбан айт мерекелерінде) намаз оқумен байланысты еді. Діни мерекелерге 20-30-дан 400-500 адамға дейін қатысты. Қалалар мен елдімекендерде, мысалы Алматы мешітінде, 1951-1953 жылдары айт намазына қатысушылардың саны 4-тен 5,5 мыңға дейін жеткен.

ҚОРЫТЫНДЫ

1920-1950 жылдар аралығындағы Қазақстандағы исламның жағдайын мұрағаттық деректер мен тарихи мәліметтер негізінде талдау Кеңес билігінің жалпы дінге, соның ішінде исламға қатысты саясатының біркелкі болмағанын аңғартады. Бір ұрпақтың өмірін қамтыған уақытта қоғамдық сана мен болмыста күрделі өзгерістер орын алып, адамдардың дүниетанымы мен рухани ұстанымдарында жаңа құндылықтар жүйесі орнықты. Дәстүрлі мәдениет пен дінге, рулық ұжымдық шаруашылыққа негізделген қазақ халқының тұрмысының эволюциялық жолмен емес, революциялық өктемдікпен жүзеге асырылуы халқымыздың рухани өміріне үлкен қиянат әкелді. Дәстүр мен жаңашылдықтың табиғи сабақтастығы үзілді. «Феодализмнен капитализмге соқпай социализмге секіріс жасау», халықтың мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан тұрмыс-салты мен дүниетанымын ымырасыз таптық күрес идеологиясының негізінде күштеп «модернизациялау» қазақ халқын орны толмас қасіретке ұшыратты. КСРО жылдарында қазақ халқының Қазақстандағы үлес салмағы 40 пайызға дейін құлдырады, діні мен тілі шектеліп, қоғамдық қатынастардан шеттетілді. Халықтың өзіндік болмысы тілі мен дінінде көрініс табатынын ескерсек, Қазақстан ұлттық сана мен болмыстан ажыраған жаңа «кеңестік» халықтар қауымдастығын құрудың «үлкен зертханасына» айналғанын байқаймыз. Бұл саясат екі үлкен, бірақ бір-бірімен байланысқан, бағытта жүзеге асырылды. Біріншісі, дінді терістеу және сол арқылы халықтың өз руханилығы мен тарихына деген жағымсыз көзқарасты қалыптастыру. Өткеннің бәрі феодализм сарқыншағы, керітартпа қоғамдық құрылыстың, сана мен тұрмыстың көрінісі болып саналды. Екінші бағыты – ұлттық тілдің қолданыс аясын тарылту, оның қоғамдағы орны мен рөлін тұрмыстық деңгеймен шектеу. Тіл тек қарым-қатынас құралы ғана емес, тіл М. Хайдеггерше айтсақ, “болмыс үйі”, яғни тіл адамның дүниеге, әлеуметтік ортасына деген көзқарасын, танымы мен құндылықтар жүйесін қалыптастырудың ең маңызды құралы. Тіл арқылы адамның рухани әлемі сомдалады және тұлғалық-адамгершілік жетілуі жүзеге асады, тіл арқылы жеке тұлға халықпен ажырамас рухани-әлеуметтік байланыста, тұтастықта болады. Аз уақыт ішінде әліпбиді араб графикасынан латынға, латыннан кириллицаға көшіру қазақ халқының руханиятына үлкен зиян келтірді. Бұл халықты тілі мен ділінен, діні мен салт-дәстүрінен алшақтатудың бір тәсілі болды. Нәтижесінде, өзінің тарихы мен рухани құндылықтарынан қол үзген, салт-дәстүр мен діни наным-сенімдерге жаукөздікпен қарайтын жаңа буын пайда болды.

Тарихи деректерді зерделеу қазан төңкерісінен кейін билікті қолына алған большевиктердің исламға қатысты ұстанған саясатының бастапқыда байсалды сипатта болғанын байқатады. 1917 жылы 20 қарашадағы «Ресей мен Шығыстың барлық жұмысшы мұсылмандарға» арналған үндеу, 1918 жылдың қаңтарындағы мұсылман істері жөніндегі орталық комиссариатын

(Муском) құру (кейіннен Мускомның бөлімшелері барлық өңірлерінде, соның ішінде ең белсендісі Қазақстанда ашылды), 20-жылдардағы ұлттық саясат жөніндегі ұстанымдар мұсылман халықтарының әлеуметтік белсенділігін революциялық арнаға бұруға бағытталды. Большевиктер бұқара халықтың, соның ішінде Ресей мұсылман қауымының, қолдауына ие болу үшін, 1920-шы жылдардың басында ұлттар мәселесі бойынша халық комиссариатын, ислам революциялық қоғамдар лигасында ұйымдастырылған мұсылман секретариатын құрып, 1921 жылы Мәскеуде халықаралық мұсылмандар конгресін ұйымдастырады. Жаңа билік мұсылман халықтарын отаршылдық қанаудан зардап шеккен қаналушы халықтар санатында қарастырды және бұқара халықты жаппай революциялық үдеріске тартуға талпынды. Осы мақсатта исламды социализм идеяларымен сабақтастыруға бағытталған “ислам социализмі” концепциясын кең насихаттау қолға алынды. Ислам социализмі идеясының көрнекті идеологі – Мирсаид Султан-Галиев өз көзқарастарын кеңінен насихаттау мақсатында, Ресей мұсылман халықтарының зиялы қауым өкілдерімен байланыс орнатып, Шығыс еңбекшілері Коммунистік университетінде дәрістер оқиды. Тарихи деректер Т. Рысқұлов, А. Байтұрсынов сияқты қазақ зиялыларының аталған идеялармен таныс болғандығын байқатады. Бірақ, Ресей мұсылмандары отаршылдық қанаудан құтылудың бірден бір жолы – ұлттық мемлекет құру екенін жақсы түсінді. Сондықтан ислам социализмі идеясы қазақ халқының жалпыұлттық “Алаш” идеясымен бәсекелесе алмады. Себебі, тап күресі, пролетариат диктатурасы сынды идеологемалар қазақ болмысымен мүлдем үйлеспеді.

Ресей империясы мұсылмандарының көшбасшылары революциялық ахуалды ұлттық мәселені шешудің, дербес ұлттық мемлекет құрудың мүмкіндігі ретінде қарастырды. Әзірбайжан мен Өзбекстанда, Татарстан мен Башқұртстанда және Қазақстанда кең қанат жая бастаған ұлттық қозғалыстар большевиктердің мазасын қашырды. 1922 жылы КСРО-ның құрылуы ұлттық сана мен болмысты трансформациялаудағы бетбұрыс кезең болды. Ислам діні мұсылман халықтарының өзіндік бірегейлігі мен дүниетанымында, рухани ұстанымдарында маңызды рөл атқарғандықтан большевиктер діннің қоғамдық өмірге ықпалын барынша шектеуге бағытталған саясатты ұстанды. 1923 жылғы ақпан айындағы РСФСР Халық Комиссарлары Кеңесінің «Діни қоғамдарды тіркеу туралы», 1923 жылғы сәуір мен қыркүйек айларындағы НКВД-нің қадағалауына өткен Ішкі істер халық комиссариатының дінге қатысты циркулярлары, НКВД мен Әділет халық комиссариатының 1923 жылдың сәуір және шілде айларында қабылдаған арнайы бұйрықтары, діни қызметкерлердің кірістерін анықтайтын және мектептер мен медреселердің жұмыс барысына шектеу қоятын НКВД-нің 1923 жылы желтоқсан айында қабылдаған арнайы бұйрығы – осы саясаттың көріністері.

1925-жылдың желтоқсанында өткен ЖОКП(б)-ның XIV съезінде КСРО да социализм құру бағдарын жариялады. Бұл бағдардың басты бағыттарының бірі – дінді таптық қоғамның сарқыншағы ретінде жою болды. Мемлекеттің

дінмен күресті үйлестіретін және жүзеге асыратын органы – атеист жауынгерлер одағы (АЖО) құрылды. Көп ұзамай, Қазақстан далалық комитетінің дінге қарсы үгіт-насихат комиссиясын ұйымдастыру туралы қаулысы жарық көрді. Бұл құжат Қазақстандағы дінмен күрестің жаңа кезеңін бейнелейді. Осы уақыттан бастап мұсылмандардың діни құқықтары мен бостандықтары қатаң шектеліп, дінмен күрес репрессиялық сипат алды. Мемлекет барлық идеологиялық күш-қуатын “озбыр атеизм” саясатын жүзеге асыруға жұмылдырды. Бұл идеологиялық күрес екі тармақтан тұрды: біріншісі – дінді теориялық-дүниетанымдық тұрғыдан терістеу. “Қызыл профессура” мен комсомол жастарды біріктірген “Құдайсыздар қоғамы” осы бағыттағы “ағартушылық” жұмыстарға жұмылдырылды. Екіншісі – саяси-практикалық бағыт, саяси сенімсіз немесе қауіпті элемент деп танылған дін қызметкерлерін әшкерелеу, саяси қудалауды қолға алды. Кеңес билігіне қарсы контрреволюциялық әрекетпен айналысты деген айыптаулармен дін қызметкерлеріне қарсы репрессиялық саясатты жүзеге асыратын негізгі орган ОГПУ болды.

Жиырмамыншы жылдардың соңына қарай кеңес билігінің дінге қарсы саясатының реакцияшыл-репрессиялық сипаты күшейе түсті. 1929 жылғы 24 қаңтардағы ЖОКП(б)-ның Орталық Комитетінің Саяси Бюросының бұйрығымен мұсылман ұйымдары контрреволюциялық ұйымдар деп жарияланды. Ал 1929 жылғы 21 мамырдағы КСРО үкіметінің қаулысымен ауылдық жерлерде тұратын діни қызметкерлер кулактарға теңестірілді. 1930 жылдың ақпанында жергілікті билік органдарының ауыл шаруашылығын толық ұжымдастыру аясында облыстарда, аудандар мен өңірлерде кулактар мен оларға теңестірілген мұсылман дін қызметкерлердің мал-мүлкі тәркіленіп, өз жерлерінен қуылды.

Жергілікті уақыптықтардың жерлері мен меншіктерінің тәркіленуі және дін қызметкерлеріне салынған ауыр салықтар молда-ишандардың ғана емес, қарапайым діндарлардың да әлеуметтік жағдайын қиындатып жіберді. Уақыптық жерлерді өңдеу мен шаруашылықты ұйымдастырудың қалыптасқан жүйесі бұзылды. Ал кеңес билігі тағайындаған “белсенділерінің” шаруашылық жұмыстарын ұйымдастыруға тәжірибесі мен білімдері, қабілеттері мен біліктіліктері жете бермеді. Бұл шаруашылықтың құлдырауына алып келді, мұның соңы ауыр ашаршылыққа ұласты.

Қанаушы тап өкілдері санатына енгізілген дін қызметкерлері аясыз қудаланды, олардың басым бөлігі халық жаулары деп танылып ұзақ мерзімге бас бостандығынан айырылды, бір бөлігі шет елдер мен басқа республикаларға бас сауғалауға мәжбүр болды. Еліміздегі діни білім беру ошақтары – медреселер толық жабылды.

1936 жылдың бесінші желтоқсанында КСРО алғашқы Конституциясын қабылдады. Ол жеңген социализм Конституциясы деген атауға ие болды. Осы Конституцияның Х-тармағының 124-бабы шіркеудің (діннің) мемлекеттен және білім берудің шіркеуден (діннен) ажыратылғанын және азаматтардың діни құлшылық-ғибадаттарды еркін атқаруы мен дінге қарсы

насихат еркіндігін бекітті. Бірақ іс-жүзінде дінге қарсы насихатқа басымдылық беріліп, азаматтардың діни бостандықтары қағаз жүзінде қалды. Діни бірлестіктер мен қызметкерлер мемлекет тарапынан қатаң қадағалауға алынды. Кеңес билігінің бұл саясаты Ұлы Отан соғысына дейін жалғасты.

Ұлы Отан соғысы КСРО тарихындағы ең күрделі әрі қиын кезең болды. Сындарлы уақыт КСРО халықтарын жауға жұмылдыруда тек коммунистік идеологияға иек артпау қажеттілігін көрсетті. Экзистенциалдық таңдау алдындағы адам болмысы терең трансцендентальдылық мәнділікті қажет етті және адам болмысының барлық қабаттарын осы мәнділікпен байланыстырды. 1941 жылы И.В.Сталиннің «Құдайсыздар одағының» қызметін тоқтатуы осы мәселені түсінумен байланысты болды. Мұндай сындарлы сағаттарда руханилық халықтың терең тарихына, діні мен діліне сүйенуі қажет еді. Кеңес билігінің “озбыр атеизм” саясатынан бас тартып, діни қызмет пен құлшылық-ғибадаттарды өткізуге рұқсат етуі уақыт қажеттілігінен туындады. 1943 жылы Орта Азия мұсылмандарының діни басқармасы құрылуы, 1944 жылдың күзінде дінге қарсы агрессиялық насихаттың тоқтатылуы осы қажеттіліктен туындаған саяси қадамдар болды. Алайда, бұл дінге қатысты коммунистік идеологиялық ұстанымнан бас тартуды білдірмеді. 1947 жылы Бүкілодақтық «Білім» қоғамының құрылуы осы саяси ұстанымды айғақтайды. Саяси және ғылыми білімдерді насихаттау мен ағартушылық мақсаттарды көздеген бұл қоғам қызметінің басты бір бағыты – дінді сынау мен терістеу болды. 1948 жылы қоғамның бөлімшелері Қазақстанның барлық аймақтарында ашылды. Коммунистік партия өкілдері исламға қарсы жаңа үгіт-насихаттық әдістерін қолданды. Қорыта келгенде, коммунистік басқару жылдарында мемлекеттік-исламдық қарым-қатынастардың басты ерекшелігі дінді саясатпен тығыз байланыстыру болып табылды.

Соғыстан кейінгі жылдардағы КСРО-дағы дінге қатысты “жылымық” саясат елдегі ішкі және сыртқы халықаралық жағдайларға тәуелді болды. Біріншіден, соғыс жылдарында діни бірлестіктер мен дін қызметкерлері халықты жеңіске жұмылдыруда билік органдарына қолдау көрсетіп, халықтың рухани қажеттіліктерін өтеумен шектелмей, халық арасында майдан қажеттіліктері үшін материалдық-қаржылық көмек жинауды ұйымдастырды, майдангерлердің отбасыларын, әлеуметтік мұқтаж жандарды қамқорлыққа алды. Екіншіден, БҰҰ-ның құрылуы және жалпыға ортақ адам құқықтары Декларациясының қабылдануы мен өркениетті адамзат қауымдастығы тарапынан мойындалуы да КСРО-ны формальді түрде болсын діни наным-сенім бостандығын кепілдендіруге мәжбүрледі.

КСРО-ның ресми идеологиясы атеистік сипатта болғанымен, халықтық дүниетаным мен салт-дәстүрде діни элементтер жойылып кетпеді. Дін қоғамдық өмірден шеттетілгенімен отбасылық-қауымдық және жеке тұлғалық өмірде өз ықпалын сақтап қалды. Қоғамдық сананың ресми деңгейімен байланысты болған коммунистік идеология халық тұрмысының

бейресми қырларымен тығыз байланысып жатқан дін мен оның құндылықтарын түпкілікті жойып жібере алмады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Новопольцева Е.М. Партийно-государственная политика в отношении религии, церкви и верующих в 1917-1937 гг. (на материалах Казахстана): дисс. ... канд. ист. наук. – М., 1993. – 180 с.
- 2 Тасмагамбетов А.С. Политика Советской власти в отношении ислама в 1917-1940 гг: дисс. ... канд. ист. наук. – Уральск, 1998. – 220 с.
- 3 Садыкова А.М. Кеңес өкіметінің дін саласындағы саясаты (1918-1953 жж.) // 6D020300 – Тарих мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу мақсатында қорғалған диссертация. – Алматы, 2015. – 201 б.
- 4 Нуртазина Н.Д. Борьба с исламом. Религиозная политика советской власти в Казахстане в 20-40-е годы XX века. – Алматы: Қазақ университеті 2008. – 36 с.
- 5 Мусагулова А.Б. Борьба советской власти против религии и ее отрицательные последствия в национальном самосознании // Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы. Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар сериясы = Вестник КазНПУ им. Абая. Серия Исторические и социально-политические науки. - 2015. - № 1 (44). - С. 26-33.
- 6 Мухтарова Г.Д. Ислам в Советском Казахстане (1917-1991 гг.): дисс. ... док. ист. наук. – Уральск, 2007, -310 с.
- 7 Бердалиев И. Сәдуақас Ғылманидің теріс ағымдарға тойтарыс берудегі әдіс-тәсілдері. – Астана: Мастер Про 2016. - 288 б.
- 8 Дербісәлі Ә.Б. Қазақстан мешіттері мен медреселері. Рухани шамшырақтар (IX-XX ғғ): – Алматы: Көкжиек, 2009. – 496 б.
- 9 Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. 2-кітап – Алматы: Мектеп, 2017. – 656 б.
- 10 «Әзірет Сұлтан мешіті» - Ұла Дала темірқазығы – Астана: Big Dream, 2017. – 378 б.
- 11 Kalberg S. Max Weber's Comparative-Historical Sociology. – Cambridge: Polity Press, 1994. – 221 P.
- 12 Breuer S. Soviet Communism and Weberian Sociology // Max Weber, Democracy and Modernization / Ed. by R. Schroeder. – London: Macmillan, 1998. – p. 145-165.
- 13 Hall J. A View of a Death: On Communism, Ancient and Modern // Theory and Society. – 1998. - Vol. 27. No 4. – p. 509-534.
- 14 Ахмадуллин В.А. Политика советского государства по отношению к мусульманской религии в 1917 - 1945 гг. : диссертация. ... канд. ист. наук. – М.: Военный университет МО РФ, 2002. – 241 с.
- 15 Климович Л.И. Ислам в царской России: Очерки. – М.: ГАИЗ, 1936. – 408 с.
- 16 Скворцов-Степанов И.И. Задачи и методы антирелигиозной пропаганды. – М.: Красная новь, 1924. – 58 с.; Очерки развития религиозных верований: Пособие для преподавателей партийных и советских школ. – М.: Госиздат, 1921. – 40 с.

- 17 Аршаруни А. СССР и народы Востока. – М.: Долой неграмотность, 1925. – 41 с.
- 18 Аршаруни А., Габидуллин Х. Очерки панисламизма и пантюркизма в России. – М.: Безбожник, 1931. – 138 с.
- 19 Василевский К.Г. Ислам на службе контрреволюции. – М.: Атеист 1930. – 76 с.
- 20 Keller Sh. To Moscow, Not Mecca: The Soviet Campaign Against Islam in Central Asia, 1917–1941. – London: Praeger, 2001. – 304 P.
- 21 Ro'i Y. Islam in the Soviet Union: From the Second World War to Gorbachev. L.: Hurst&Company, 2000. – 600 P.
- 22 Abashin S. A Prayer for Rain: Practicing Being Soviet and Muslim // Journal of Islamic Studies. - 2014. - Vol. 25. No. 2. - p. 178 – 200.
- 23 Гайнанов Р.Р. Татарская периодическая печать начала XX в. – Казань: Милли китап, 2000. – С. 5.
- 24 Козыбаев С. Масс-медиа: разобщение или корпоративность (страницы эпохи драматической журналистики) // Вестник. КазГУ. Серия журналистика. – 1998. – №3. – С. 8-12.
- 25 Беляев Е.А. Мусульманское сектанство. – М.: Институт востоковедения АН СССР, 1957. – 60 с.
- 26 Бертельс А.Е. Суфизм и суфийская литература // Избранные труды. Т.3 . – М.: Издательство восточной литературы 1965. - С. 13-54.
- 27 Большаков О.Г. История Халифата. Т.1: Ислам в Аравии (570-633). – М.: Наука, 1989. – 312 с.
- 28 Климович Л.К. Ислам: Очерки. – М.: Изд-во Академии наук СССР, 1962. – 288 с.
- 29 Крачковский И.Ю. Избранные сочинения. Т.1. – М. ; Л.: АН СССР, 1955. – 304 с.
- 30 Bennigsen A., Wimbush S. Muslims of the Soviet Empire: A Guide. Bloomington. – Indianapolis: Indiana University Press, 1986. – 294 P.
- 31 Privratsky B.G. Muslim Turkistan: Kazak Religion and Collective Memory. – Richmond, Surrey: Curzon Press, 2001. – 321 p.
- 32 Privratsky B.G. Turkistan Belongs to the Qojas: Local Knowledge of a Muslim Tradition // Dudoignon S. (ed.). Devout Societies vs. Impious States? Transmitting Islamic Learning in Russia, Central Asia and China, through the Twentieth Century. – Berlin: Klaus Schwarz Verlag, 2004. – p. 161-212.
- 33 Халид А. Ислам после коммунизма: Религия и политика в Центральной Азии. – М.: Новое литературное обозрение, 2010. - 298 с.
- 34 DeWeese D. Islam and the Legacy of Sovietology: A Review Essay on Yaacov Ro'i's Islam in the Soviet Union // Journal of Islamic Studies. – 2002. - Vol. 13. No. 3. – p. 298- 330.
- 35 Сужиков М.М. Образование СССР и социальный прогресс казахского народа. – Алма-Ата: Казахстан, 1981. – 192 с.
- 36 Двенадцатый съезд РКП(б): Стенографический отчет (17-25 апреля 1923 г.) // Протоколы и стенографические отчеты съездов и конференций

Коммунистической партии Советского Союза. – М.: Политиздат, 1968. – 903 с.

37 Абжанов Х.М., Гуревич Л.Я. Интеллигенция Казахстана: история, теория, современность. Научно-аналитический обзор. – Алматы: Ғылым, 1992. – 48 с.

38 Нуруллаев А.А. Ислам и мусульмане в условиях Советского режима // Ислам и мусульмане в России: сб. ст. – М.: КДТ, 1999. – С. 118-161.

39 Оңғаров Е.А. Қазақ мәдениеті және ислам құндылықтары. – Алматы: Көкжиек, 2013. – 272 б.

40 Юнусова А.Б. Ислам в Башкортостане. – Уфа: Китап, 1999. – 356 с.

41 Ауанасова Б.М. История эволюции религиозных отношений в Казахстане (на примере ислама 1941-1991 гг.): автореф. дис. ... канд. ист. наук.; Южно-Каз. ин-т юриспруд., финансов и фин. права Каз ГЮУ.– Шымкент, 2007. – 29 с.

42 О религии и церкви. – М.: Политиздат, 1981. – 176 с.

43 Повседневность городов Центрального Казахстана в 1946–1960 гг.: сб. док. и материалов / сост.: З.Г. Сактаганова, К.К. Абдрахманова, Б.А. Досова и др.; отв. ред. З.Г. Сактаганова. – Караганда: Изд-во КарГУ, 2016. – 277 с.

44 Султангалиева А.К. Ислам в Казахстане: история, этничность и общество. – Алматы: КИСИ, 1998. – 188 с.

45 Бонч-Бруевич В.Д. Избранные атеистические произведения. – М.: Мысль, 1973. – 344 с.

46 Красилов П.А. На церковном фронте (1918–1923). – М.: Юриздат, 1923. – 311 с.

47 Крупская Н.К. Вопросы атеистического воспитания. – М.: Просвещение, 1964. – 215 с.

48 Луначарский А.В. Почему нельзя верить в бога. – М.: Наука, 1965. – 444 с.

49 Скворцов–Степанов И.И. Избранные атеистические произведения. – М.: Изд-во АН СССР, 1959. – 566 с.

50 Смирнов Н.А. Ислам и современный Восток. – М.: Безбожник, 1928. – 120 с.

51 Томара М.Л. Происхождение ислама и ее классовое основание // Атеист. - 1930. – №58. – С. 19-47.

52 Асфендияров С.Д. Ислам и кочевое общество // Атеист. - 1930. - №58. – С. 3-18.

53 Козыбаев М.К. История и современность. – Алма-Ата: Ғылым, 1991. – 254 с.

54 Масанов Н.Э., Абылхожин Ж.Б., Ерофеева И.В. Научное знание и мифотворчество в современной историографии Казахстана. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 296 с.

55 Аккулулы Ж.С. Новые сведения о публицистике Алихана Букейханова // Букейханов А. Полное собрание сочинений. Т.3. – Астана: Сары-Арка, 2009. – 556 с.

- 56 Sabol S. Russian Colonization of Central Asia and the Genesis of Kazak National Consciousness. – New York: Palgrave Macmillan, 2003. – 233 p.
- 57 ҚР ПМ, 141-қор, 1-тізбе, 377-іс, 1-парақ.
- 58 Диманштейн С.М. Методы революционной и коммунистической пропаганды на Востоке // Жизнь национальностей. – 1922. - 26 апреля. – С. 4.
- 59 Диманштейн С.М. Национальная политика Советской власти и Сталинская Конституция. – Москва: Эмес, 1937. – 42 с.
- 60 Лежнев И. Записки современника. Т.1. – М.: Советский писатель, 1936. – 330 с.
- 61 Аршаруни А.М., Беляев Е., Дитякин В., Климович Л., Николаев Б., Пурецкий Б., Томар М. Ислам: сборник статей. – М.: Безбожник, 1931. – 173 с.
- 62 Розенбаум Ю.А. Советское государство и церковь. – М.: Наука, 1985. – 176 с.
- 63 Седюлин А. Законодательство о религиозных культах. – М.: Юридическая литература, 1974. – 95 с.
- 64 Касымбаев Ж.К. Города Восточного Казахстана. – Алматы: Гылым, 1993. – 184 с.
- 65 Букейхан А. Избранное / Под. ред. Р.Нургалиева. – Алматы: Казахская энциклопедия, 1995. – 477 с.
- 66 Смирнов Н.А. Очерки изучения ислама в СССР. – М.: Изд-во АН СССР, 1954. – 276 с.
- 67 Бартольд В.В. Определение понятия «мусульманский мир». История мусульманского мира как часть всемирной истории // Бартольд В.В. Работы по истории и ислама и арабского халифата. – М.: Восточная литература, 2002. – С. 205 – 232.
- 68 Масанов Э.А. Очерк истории и этнографического изучения казахского народа в СССР. Т.36. – Павлодар: НПФ «ЭКО», 2006. – 478 с.
- 69 Козыбаев М.К., Абылхожин Ж.Б., Алдажуманов К.С. Коллективизация в Казахстане: трагедия крестьянства. – Алматы: ИИиЭ АН РК, 1992. – 36 с.
- 70 История Всесоюзной Коммунистической партии (большевиков). Краткий курс. – М.: Госполитиздат, 1946. – 351 с.; XX-летие отделения церкви от государства. – М., 1938. – 197 с.; XV лет Союза воинствующих безбожников. – М.: ГАИЗ, 1940. – 32 с.
- 71 КПСС в резолюциях и решениях съездов, конференций и пленумов ЦК. Т.8. - 9-е издание с дополнениями и исправлениями. – М.: Изд-во полит. лит-ры, 1985. – 429 с.
- 72 Игнатенко А.А. Ислам и политика. – М.: Институт религии и политики, 2003. - С. 8–9.
- 73 Bennigsen Alexandre, Lemerrier-Quellejay Chantal. Official Islam in the Soviet Union, Religion in Communist Lands. - London: C.Hurst & Company, 1979. - 272 p.
- 74 Bennigsen Alexandre, Enders Wimbush S. Muslims of the Soviet Empire. – London: C.Hurst & Company, 1985. - 286 p.

75 Critchlow James. Islam and Nationalism in Central Asia, Religion and Nationalism in Soviet and East European Politics / ed. Pedro Ramet. - Durham: Duke University Press, 1989. - 560 p.

76 Hannan Shah Abdul. Islam in Russia and Central Asia / translated in English by Dr. Abu Kholdun Al-Mahmud. - Bangladesh, 1976.

77 Karklins Rasma. Islam: How Strong Is It In the Soviet Union? // Cahiers du Monde Russe. – 1980. - #21-1. – p. 65-81.

78 Dewese Devin. Islam and the Legacy of Sovietology: a Review Essay on Yaacov Ro'i's Islam in the Soviet Union // Journal of Islamic Studies. – 2002. - Volume 13, Issue 3. - 1 September. – p. 298 – 330.

79 Ro'i Yaakov. Islam in the Soviet Union: From the Second World War to Gorbachev. – New York: Columbia University Press, 2000. – 764 p.

80 Froese Paul. I Am an Atheist and a Muslim: Islam, Communism and Ideological Competition // Journal Of Church and State. – 2004. – No 43. – p. 35-50.

81 Thibault H el ene. The Soviet Secularization Project in Central Asia: Accommodation and Institutional Legacies // Eurostudia – Revue Transatlantique de Recherche Sur L'Europe. – 2015. - Vol.10. - No.1. – p. 11-31.

82 Sawatsky Walter. The New Soviet Law on Religion // Religion in Communist Lands. – 1976. – No 2. - p. 4-10.

83 Kemper Michael. Studying Islam in the Soviet Union. Delivered on the appointment to the chair of Eastern European Studies at the University of Amsterdam on Thursday 11 December 2008. – Amsterdam: Vossiuspers UvA, 2009. – 26 p.

84 Islamic Education in the Soviet Union and Its Successor States / ed. by Michael Kemper, Raoul Motika and Stefan Reichmuth. – London: Routledge, 2009. – 384 p.

85 К ампбелл Е. Мусульманский вопрос и российское имперское управление // Журнал исламских исследований. Т. 28, Выпуск 1 (январь). – 2017. - С.126-129.

86 Gross Jo-Ann. The Polemic of «Official» and «Unofficial» Islam: Sufism in Soviet Central Asia. Islamic Mysticism Contested / ed. by Frederick De Jong Bernd Radtke. – Leiden: Brill, 1999. – 829 p.

87 Veller Charls. The Agony of Socialism: Kazakh Memoirs of the Soviet Past // <https://caa-network.org/archives/8551>

88 Baymirza Hayit. Ruslara Karşı Basmacılar Hareketi T urkistan T urkl ug u'n un Milli M ucadelesi. – İstanbul: Babıali K ultur Yayıncılıđı, 2006. – 480 s.

89 Erşahin Seyfettin. The Official Interpretation of Islam under the Soviet Regime a Base for Understanding of Contemporary Central Asian Islam // Journal of Religious Culture = Journal f ur Religionskultur. – 2005. - No.77. - p. 1-19.

90 Yaman Ali. Sovyet Siyasi Tarihinde Islam ve Ateizm M ucadelesi: Sovyet D onemi Kazak,  zbek ve Kirgiz Ateizm Literat r n n Analizi // II. Uluslararası Sosyal Bilimciler Kongresi. – Ankara, 2014. – S. 477-492.

91 Назарбаев Н.А. В потоке истории. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 с.

- 92 Козыбаев М. К. История и современность / Академия наук Казахской ССР Институт Истории, Археологии и Этнографии им. Ч. Ч. Валиханова. - Алма-Ата: Ғылым, 1991. - 256 с.
- 93 Абылхожин Ж., Козыбаев М.К., Татимов М.Б. Казахстанская трагедия // Вопросы истории. - 1989. - № 7. – С. 53-71.
- 94 Нурпейсов К. Алаш и Алаш-Орда. Алматы, 1995. С. 200 – 222.
- 95 Масанов Н. Э. Проблемы социально-экономической истории Казахстана на рубеже XVIII-XIX веков / Академия наук Казахской ССР. - Алма-Ата: Изд-во "Наука" Казахской ССР, 1984. - 176 с.
- 96 Есмагамбетов К.Л. Действительность и фальсификация: (Англо-американская историография о Казахстане). – Алма-Ата: Издательство «Казахстан», 1976. – 200 с.
- 97 Бырбаева Г.Б. Центральная Азия и советизм: концептуальный поиск евро-американской историографии. - Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 484 с.
- 98 Исламизация и сакральные родословные в Центральной Азии: Наследие Исхак Баба в нарративной и генеалогической традициях. Т.2: Генеалогические грамоты и сакральные семейства XIX-XXI веков: насаб-нама и группы ходжей, связанных с сакральным сказанием об Исхак Бабе. – Алматы; Берн; Ташкент; Блумингтон: Дайк-Пресс, 2008. - 368 с.
- 99 Бурова Е., Косиченко А. Актуальные проблемы развития религиозной ситуации в Республике Казахстан. – Алматы, 2013. - 137 с.
- 100 Султангалиева А. Ислам в Казахстане: история, этничность и общество. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 1998. – 188 с.
- 101 Джалилов З.Г. Ислам и общество в современном Казахстане. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – 204 с.
- 102 Новопольцева Е.М. Партийно-государственная политика в отношении религии, церкви и верующих в 1917-1937 гг. (на материалах Казахстана). дисс. ... канд. ист. наук. – М., 1993. – 180 с.
- 103 Тасмагамбетов А.С. Политика Советской власти в отношении ислама в 1917-1940 гг. дисс. ... канд. ист. наук. – Уральск, 1998. – 220 с.
- 104 Нуртазина Н.Д. Ислам в истории средневекового Казахстана: (Историко-культурологическое исследование). – Алматы: Фараб, 2000. – 309 с.
- 105 Нуртазина Н.Д. Борьба с исламом. Религиозная политика советской власти в Казахстане в 20-40-е годы XX века. – Алматы: Қазақ университеті 2008. – 36 с.
- 106 Мусагулова А.Б. Борьба советской власти против религии и ее отрицательные последствия в национальном самосознании // Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы. Тарих және саяси-элеуметтік ғылымдар сериясы = Вестник КазНПУ им. Абая. Серия Исторические и социально-политические науки. - 2015. - № 1 (44). - С. 26-33.
- 107 Вишневский А. Как это делалось в Средней Азии // Наука и религия. – 1990. - №3. – С. 41-56.

108 Ақтаулова Б.Ж. Кеңестік дәуір саясатындағы ислам факторы және Қазақстандағы ислами ахуал // Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ҚазҰУ Хабаршысы, Шығыстану сериясы. – 2013. – № 3(64). – 3-6 бб.

109 История Казахстана (с древнейших времен и до наших дней): в 5 т. – Алматы: Атамұра 2010. - Т. 4. – 768 с.

110 Песикина Е.И. Народный комиссариат по делам национальностей и его деятельность в 1917-1918 гг. – М.: Тип. Высш. парт. школы, 1950. – 256 с.

111 Исламдағы әйелдің жағдайы және құқықтары: Ақпараттық-анықтамалық материал / Құраст.: Ж.Тенлибаева, Б.Алмурзаева, Б.Жанаров. – Астана: Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы, 2015. – 54 б.

112 Садыкова А.М. Кеңес өкіметінің дін саласындағы саясаты (1918-1953 жж.) // 6D020300 – Тарих мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу мақсатында-қорғалған диссертация. – Алматы, 2015. – 201 б.

113 Muminov A. Hani-Damulla et son rôle dans la constitution d'un 'islam soviétiques // Marlène Laruelle and Sébastien Peyrouse / eds. Islam et politique en ex-URSS (Russie d'Europe et Asie centrale). – Paris: L'Harmattan, 2005. – p. 241–261.

114 Мухтарова Г.Д. Ислам в Советском Казахстане (1917-1991 гг.): дис. ... док. ист. наук: / Актюб. гос. пед. ин-т; науч. конс. Дулатова Д.И. – Уральск, 2007. - 310 с.

115 История советской конституции: сборник документов: 1917-1957 / АН СССР, Ин-т права им. А.Я. Вышинского; [отв. ред. Д.А. Гайдуков, В.Ф. Коток, С.Л. Ронин]. – М.: Изд-во АН СССР, 1957. - 550, [1] с.

116 Документы внешней политики СССР. Т.І: 7 ноября 1917 - 31 декабря 1918 г. - М.: Госполитиздат, 1957. – 772 с.

117 Ислам в законодательстве России: Сборник законодательных актов, постановлений и распоряжений правительства России (1554-1929) / Сост.: А.Б. Юнусова, Ю.Н. Сергеев, В.В. Латыпова; под ред. А.Б. Юнусовой. – Уфа: ВЭГУ, 1998. – 120 с.

118 Смирнов Н.А. Очерки истории изучения ислама в СССР. – М.: АН СССР, 1954. – 275 с.

119 Саидбаев Т.С. Ислам и общество: Опыт историко-социологического исследования. - Изд. 2-е, доп. – М.: Наука, 1984. – 302 с.; Sharafutdin M. Hajj to Mecca // Muslims of the Soviet East. The Journal of the Muslim Religious Board for Central Asia and Kazakhstan. – 1982 (1403). - № 4 (56). – p. 7-10.

120 Арапов Д.Ю. Ислам и советское государство (1944–1990): Сборник документов. - М.: Марджани, 2011. – 529 с. - (Сер. "Ислам в России и Евразии"; Вып. 3)

121 Арапов Д.Ю., Кочак Г. Ислам и мусульмане по материалам Восточного отдела ОГПУ. 1926 год. - Нижний Новгород: ИД «Медина», 2007. – 128 с.

- 122 Образование СССР. Сборник документов (1917-1924). – М.; Л.: Изд-во АН СССР, 1949. – 472 с.
- 123 Национальный состав, вероисповедание и владения языками в Республике Казахстан // Итоги национальной переписи населения 2009 года в Республике Казахстан. Статистический сборник / Под ред. А.Смаилова; Агентство Республики Казахстан по статистике. – Астана, 2010. – 378 с.
- 124 Гафурова К.А. Борьба за интернациональное сплочение трудящихся Средней Азии и Казахстана (1917-1924 гг.). – М.: Наука, Гл. ред. вост. лит., 1972. - 299, [2] с.
- 125 Халифа Алтай. «Кәләм шариф» құран кітабы. – Стамбұл, 1985. – 533 б.
- 126 Жолдыбайұлы Қ. Дін мен діл. – Алматы; 2010. – 288 бет.
- 127 Зарубин И.И. Список народностей Туркестанского края. – Л.: [Изд-во рос. акад. наук], 1925. - 24 с. - (Труды комиссии по изучению племенного состава населения России и сопредельных стран ; [вып.] 9).
- 128 РФ ММ, 1318-қор, 1-тізбе, 440-іс, 7-парақ.
- 129 РФ ММ, 1318-қор, 1-тізбе, 440-іс, 8-парақ.
- 130 Нуруллаев А.А. Ислам и мусульмане в условиях Советского режима // Ислам и мусульмане в России: сборник статей. – М.: КДТ, 1999. – С. 118-162.
- 131 Ислам на территории бывшей Российской империи: Энциклопедический словарь. Том I / Сост., ответ. ред. С.М.Прозоров; науч. консультанты: О.Ф.Акимускин, В.О.Бобровников, А.Б.Халидов. - М.: Восточная литература, 2006. - 655 с.
- 132 Декрет о свободе совести, церковных и религиозных обществах. 20 января (2 февраля) 1918 г. // Отделение церкви от государства в СССР. полный сборник декретов, ведомственных распоряжений и определений Верховного Суда Р.С.Ф.С.Р. и других советских социалистических республик: У.С.С.Р., Б.С.С.Р., З.С.Ф.С.Р., Узбекской и Туркменской / П.В. Гидулянов; под ред. П. А. Красикова. - Изд. 3-е, вновь переработанное и дополненное узаконениями и распоряжениями по 15 мая 1926 г. – М.: Юридическое издательство, 1926 (Типография МКХ им. Ф. Я. Лаврова). - II, 712 с.: табл.
- 133 Пайпс Р. Русская революция. Россия под большевиками. Т.3: 1918-1924. – М.: «Захаров», 2005. – 696 с.
- 134 Хоскинг Дж. История Советского Союза. 1917–1991. – М.: Вагриус, 1994. – 123 с.
- 135 Трифонов И. Очерки истории классовой борьбы в СССР в годы НЭПа (1921–1927). – М: Наука, 1960. – 345 с.
- 136 Коблов Я.Д. О магометанских муллах: Религ.-быт. очерк. - Казань: Центр. тип., 1907. - 17 с.
- 137 Карр Эд. История Советской России. Кн.1, Т.1. – М.: Прогресс, 1990. – 730 с.
- 138 Вольней Фр. Избранные атеистические произведения: [Пер. с фр.] / [Сост., ред. и вступ. статья, с. 5-29, Х. Н. Момджяна]. – М.: Изд-во Акад. наук СССР, 1962. - 320 с.

- 139 Зыбковец В.Ф. Проблема происхождения религии в советской науке (Постановка вопроса: труды А. В. Луначарского, Е. М. Ярославского, И.И. Скворцова-Степанова) // ВИРА. - 1958. - Вып. 6. – С. 322-348.
- 140 Воинствующее безбожие в СССР за 15 лет (1917-1932). – М.: ОГИЗ, 1932. – 319 с.
- 141 Собрание узаконений и распоряжений Рабочего и Крестьянского Правительства. – М.: [Б.и.], 1922. – 26 с.
- 142 Баланцев А.В. Антираелигиозная деятельность комсомола (1918-1925 гг.): дисс. ... канд. ист. наук. – Тамбов, 2008. – 253 с.
- 143 РФ ММ, 1225-қор, 1-тізбе, 204-іс, 6-12-парақтар.
- 144 Сокращенное собрание узаконений и распоряжений рабоче-крестьянского правительств РСФСР. – М.: Советское законодательство, 1931-1938. - 360 с.
- 145 Костылев П.Н. Институализация религиоведения в Московском университете в первой половине XX века // Вестник ПСТГУ. Сер. I: – Богословие. Философия. - 2013. - Выпуск 5(49). – С. 79-95.
- 146 ҚР ОММ, 119-қор, 1-тізбе, 211-іс, 145-146-парақтар.
- 147 ҚР ОММ, 119-қор, 1-тізбе, 211-іс, 17-парақ.
- 148 ҚР ОММ, 119-қор, 1-тізбе, 173-іс, 115-121-парақтар.
- 149 ҚР ОММ, 119-қор, 1-тізбе, 173-іс, 124-парақ.
- 150 ҚР ОММ, 119-қор, 1-тізбе, 246-іс, 15-16-парақтар.
- 151 ҚР ОММ, 119-қор, 1-тізбе, 395-іс, 13-парақ.
- 152 ҚР ОММ, 119-қор, 1-тізбе, 395-іс, 13 артқы-парақ.
- 153 ҚР ОММ, 119-қор, 1-тізбе, 211-іс, 147-парақ.
- 154 РФ ММ, Р-5263-қор, 1-тізбе, 1632-іс, 115, 117-парақтар.
- 155 Сыр еліндегі діни-ағартушылық ой-сана. Қалжан ахунның 150 жылдық мерейтойына арналған облыстық ғылыми-танымдық конференция материалдары. – Қызылорда, 2012. - 378-404 б.
- 156 РФ ММ, Р-5263-қор, 1-тізбе, 1632-іс, 121-122-парақтар.
- 157 Ғылмани С. Заманымызда болған ғұламалардың ғұмыр тарихтары. – Алматы, 2013. – 576 б.
- 158 РФ ММ, Р-5263-қор, 1-тізбе, 1455-іс, 42-43-парақтар.
- 159 Ланда Р.Г. Ислам в истории России / Рос. АН, Ин-т востоковедения. - М. : Изд. фирма "Вост. лит.", 1995. - 311, [1] с.
- 160 Наумкин В.В. Ислам и мусульмане: культура и политика: статьи, очерки, доклады разных лет. – М. ; Н.Новгород: ИД «Медина», 2008. – 767 с.
- 161 Бөдеев К.Т., Сактаганова З.Г. Кеңес дәуіріндегі діни ұйымдардың құқықтық жағдайы (XX ғ. 40-шы жылдары) // Вестник Карагандинского университета, «Тарих. Философия» Сериясы. – 2018. - № 2(90). – 56-61 бб.
- 162 Алексеев В.А. «Штурм небес» отменяется? Критические очерки борьбы с религией в СССР. – М.: Россия молодая, 1992. – 304 с.
- 163 Воронцов Г.В. Массовый атеизм: становление и развитие. – Л.: Лениздат, 1980. – 183 с.

- 164 Араб деректері бойынша Түркістан өткені мен бүгіні (Орта Азия мен Қазақстан тарихы. - Алматы, 2017. – 396 б.
- 165 Олещук Ф.Н. Пятилетие Союза воинствующих безбожников. – М. : Безбожник, 1930. – 29 с.
- 166 ӨР ОММ, 1 - қор, 1- тізбе, 606-іс, 75 - парақ.
- 167 ӨР ОММ, 1- қор, 1-тізбе, 606-іс, 83-91- парақтар.
- 168 Отчет о деятельности Губ. Контр. Комиссии РКП за время между VI и VII партконференциями // Коммунист: Орган Шымкентского Комитета РКП (б). - 1922. - № 9. – С. 63-70.
- 169 Жүсіпов Б. Ойтұмар. – Алматы: Ағна-б, 2009. – 22 б.
- 170 Қалжанова. Ш. У. Қалжан Ахун. - Алматы: [б. и.], 2012. - 327 б.
- 171 Ізтілеуұлы Т. Шығармалары: ғылыми басылым – Алматы: Дешті Қипшақ 2007. – 588 б.
- 172 Шағырбаев А.Д. Ш 16 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының діни көзқарасы: жеке монография. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2018. – 223 б.
- 173 ҚР ОММ, 40-қор, 2-тізбе, 245-іс, 1-5 парақтар.
- 174 ҚР ОММ, 40-қор, 2-тізбе, 137-іс, 36-парақ.
- 175 ҚР ОММ, 40-қор, 2-тізбе, 137-іс, 36-парақ.
- 176 Крупская Н.К. О библиотечном деле. – М., 1957. – 229 с.
- 177 ҚР ОММ, 40-қор, 1-тізбе, 87-іс, 7-парақ.
- 178 ҚР ОММ, 40-қор, 1-тізбе, 87-іс, 18-20 парақтар.
- 179 ҚР ОММ, 40-қор, 1-тізбе, 87-іс, 42-парақ.
- 180 ҚР ОММ, 708- қор, 26-тізбе, 18-іс, 7-12-парақтар.
- 181 ҚР ОММ, 708-қор, 26-тізбе, 617-іс, 3-4-парақтар.
- 182 ҚР ОММ, 708-қор, 26-тізбе, 78-іс, 43-47-парақтар.
- 183 ҚР ОММ, 708-қор, 1-тізбе, 78-іс, 95-парақ.
- 184 ҚР ОММ, 708-қор, 1-тізбе, 18-іс, 345-парақ.
- 185 Дэвис С. Мнение народа в сталинской России: Террор, пропаганда и инакомыслие, 1934-1941 / пер. с англ. В.Н. Морозова. – М.: РОССПЭН, 2011. – 231 с.
- 186 Козлов А.П. Аграрные преобразования в Казахстане (1920-1930 гг.): Монография. – СПб: Изд-во СПбГУСЭ, 2009. – С. 183.
- 187 Остроумов Н.П. Исламоведение. Введение в курс исламоведения. – Ташкент : «Туркестанские ведомости», 1914. – 216 с.
- 188 Максумов М.С. Просветительная деятельность и педагогические мысли Абдуллы Авлони // Ученые записки Ташкентского государственного университета. – 1967. - Выпуск № 308. – С. 78-83.
- 189 ҚР ОММ, 15-қор, 1-тізбе, 405-іс, 74-парақ.
- 190 ҚР ОММ, 25-қор, 1-тізбе, 423-іс, 31, 31 арты, 32-парақтар.
- 191 ӨРОММ. И-461-қор, 1-тізбе, 1116-іс. 68а-68б-парақтар.
- 192 ӨР ОММ, Р-34-қор, 1-тізбе, 30-іс, 1-парақ.
- 193 ӨР ОММ, Р-17-қор, 1-тізбе, 62-іс, 1, 3, 9 артқы-парақтар.
- 194 ӨР ОММ, Р-17-қор, 1-тізбе, 1062-іс, 19-парақ.

- 195 ӨР ОММ, Р-34-қор, 1-тізбе, 42-іс, 123-парақ.
- 196 Уроки религии в мусульманских школах // Иштиракийун. – 1919. - 27 декабря. – С.2.
- 197 ӨР ОММ, Р-34-қор, 1-тізбе, 461-іс, 20 парақ артқы беті.
- 198 Билик В. Роль конфессиональной школы в жизни Туркестана // Наука и просвещение. – Ташкент, 1922. – № 1. – С. 27.
- 199 ӨР ОММ, Р-17 қор, 1 тізбе, 20 іс, 68 парақ.
- 200 Мустафина Р.П. Представления, культы, обряды у казахов. – Алма-Ата: Қазақ Университеті, 1992. – 171 с.
- 201 ҚР ОММ, Р- 94-қор, 1-тізбе, 17-іс, 18-парақ.
- 202 Съезды Советов Советских социалистических республик : сборник документов 1923-1937 г.г. В семи томах. Т.4.Ч.1 / гл. ред. П.С. Ромашкин. – М. : Госюриздат, 1962. – 1210 с.
- 203 ҚР ОММ, Р- 40-қор, 2-тізбе, 896-іс, 1-4-парақтар.
- 204 ҚР ОММ, Р- 40-қор, 2-тізбе, 654-іс, 6, 9, 11-парақтар.
- 205 ҚР ОММ, Р- 40-қор, 2-тізбе, 24-іс, 56-58-парақтар.
- 206 ҚР ОММ, Р- 40-қор, 2-тізбе, 23-іс, 3-парақ.
- 207 ҚР ОММ, Р- 40-қор, 2-тізбе, 167-іс, 17, 18 арты, 19-парақтар.
- 208 ҚР ОММ, Р- 40-қор, 2-тізбе, 89-іс, 79 арты, 80-парақтар.
- 209 ҚР ОММ, Р- 40-қор, 2-тізбе, 1672-іс, 16-21-парақтар.
- 210 ҚР ОММ, Р- 40-қор, 2-тізбе, 1672-іс, 23-парақ.
- 211 Бендриков К.Е. Очерки по истории народного образования в Туркестане (1865-1924 годы). – М.: АПН РСФСР, 1960. – 509 с.
- 212 Преодолевая религиозное влияние ислама: Сборник документов и материалов. – Алматы: Казахстан, 1990. – 256 с.
- 213 Хайдаров Г.Х. Очерки истории народного образования в Туркестанской АССР (1917-1924 гг.): Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата исторических наук. – Ташкент, 1953. – 36 с.
- 214 Декрет «О преподавании мусульманского вероучения (октябрь 1923 года)» // РФ ММ. Р-1318-қор, 1-тізбе, 207-іс, 184-парақ.
- 215 Жизнь и деятельность представителей казахской национальной интеллигенции в Туркестане. Ч.1, 2: Сборник документов и материалов. – Шымкент, 2004. – 406 с.
- 216 Совершенствование национальных отношений и интернациональное воспитание трудящихся: вопросы теории и практики: сборник статей/ Под редакцией Б.А. Тулепбаева. – Алма-Ата: Наука, 1989. – 285 с.
- 217 Чистяков О.И. Национально-государственное строительство в РСФСР в годы гражданской войны (1918-1920). – М.: Изд-во Московского университета, 1964. – С. 92.
- 218 Тишков В.А. Национальности и национализм в постсоветском пространстве (исторический аспект) // Этничность и власть в полиэтничном государстве: Материалы международной конференции 1993 г. – М.: Наука, 1994. – С. 9-34.

- 219 Савосько В.К. Преобразование Казахской Автономной ССР в союзную республику. – Алма-Ата: АН Каз.ССР. Институт истории, археологии и этнографии, 1951. – 107 с.
- 220 РФ ММ, 17-қор, 25-тізбе, 90-іс, 16-парақ.
- 221 Сулейменов Р.Б., Бисенов Х.И. Социалистический путь культурного прогресса отсталых народов: История строительства советской культуры Казахстана. 1917-1965 гг. – Алма-Ата: Наука, 1967. – 424 с.
- 222 ҚР ОММ, Р- 40-қор, 2-тізбе, 897-іс, 1-3-парақтар.
- 223 Абдразаков Т.А. Закономерности построения социалистической экономики в национальных районах СССР: На материалах Казахской ССР. – Алма-Ата: Наука, 1975. – 272 с.
- 224 Сужиков М.М. Образование СССР и социальный прогресс казахского народа. – Алма-Ата: Казахстан, 1981. – 192 с.
- 225 ҚР ОММ, Р- 40-қор, 2-тізбе, 112-іс, 78-91-парақтар.
- 226 Баишев С.Б. Торжество ленинских идей в Казахстане. – Алма-Ата: Изд-во АН Каз ССР, 1960. – 110 с.
- 227 Виленский Е.В. Ликвидация безработицы и аграрного перенаселения в Средней Азии и Казахстане (1917-1932 гг.). – Алма-Ата: Наука, 1980. - 279 с.
- 228 Осипов В.П. Всмотриваясь в 20-30 годы: (Из истории организационно-политического развития Компартии Казахстана). – Алма-Ата: Казахстан, 1991. – 186 с.
- 229 ҚР ПМ, 708-қор, 34-тізбе, 1651-іс, 182-183-парақтар.
- 230 Хенци П. Спектр и последствия внутреннего националистического диссидентства: исторические и функциональные сравнения // Советские национальности в стратегической перспективе. – М.: Прогресс, 1986. – С. 33-70.
- 231 Suny, R.G., Naimark N.M. The Revenge of the Past: Nationalism, Revolution, and the Collapse of the Soviet Union. – Stanford: Stanford University Pr., 1993. – 224 p.
- 232 Morrison, A. Metropole, Colony and Imperial Citizenship in the Russian Empire // Kritika: Explorations in Russian and Eurasian History. – 2012. - Vol. 13, No 2. – P. 327-364.
- 233 Воронцов Г.В. Массовый атеизм: становления и развитие. – Л.: Ленин издат, 1983. – С. 30.
- 234 РФ ММ, 17-қор, 3-тізбе, 523-іс, 7-парақ.
- 235 ӨР ОММ, 17-қор, 1-тізбе, 23-іс, 1-парақ.
- 236 Ермаков Е, Микульский Д. Ислам в России и Средней Азии. – М.: Фонд, 2015. – 271 с.
- 237 РФ ММ, 558-қор, 11-тізбе, 133-іс, 66–67-парақтар.
- 238 РФ ММ, 558-қор, 11-тізбе, 133-іс, 69–71-парақтар.
- 239 ҚР ПМ, 708-қор, 1-тізбе, 33-іс, 2, 4, 7-9-парақтар.
- 240 РФ ММ, 17-қор, 3-тізбе, 516-іс, 4-парақ.
- 241 РФ ММ, 558-қор, 1-тізбе, 5267-іс, 1-парақ.

- 242 РФ ММ, 558-қор, 1-тізбе, 133-іс, 88-92-парақтар.
- 243 РФ ММ, 558-қор, 3-тізбе, 684-іс, 9-парақ.
- 244 Павлова И.В. Механизм сталинской власти: становление и функционирование. 1917–1941. – Новосибирск: Сибирский хронограф, 1993. – 250 с.
- 245 РФ ММ, 17-қор, 3-тізбе, 685-іс, 10-13-парақтар.
- 246 РФ ММ, 17-қор, 3-тізбе, 697-іс, 4-5-парақтар.
- 247 РФ ММ, 17-қор, 3-тізбе, 699-іс, 8-10-парақтар.
- 248 Хлевнюк О.В. Политбюро : Механизмы политической власти в 30-е годы. – М. : РОССПЭН, 1996. – 368 с.
- 249 Так получалось // Как ломали НЭП: Стенограммы пленумов ЦК ВКП(б) 1928–1929 гг.: в 5 т. Т.2: Пленум ЦК ВКП(б) 4–12 июля 1928 г. / ред. колл. тома: В. П. Данилов, О. В. Хлевнюк, А. Ю. Ватлин (ответственные редакторы), Е. Е. Кириллова, Л. Н. Малашенко. – М.: МФД, 2000. – С. 244.
- 250 Омарбеков Т. Тарихқа қиянат жүрмейді: дөңгелек үстел материалдары // Казакстан Замап. – 1996. – 8 маусым. – 3-б.
- 251 Одинцов М. Государство и церковь. История взаимоотношений. 1917-1938 гг. – М.: Знание, 1991. – 64 с.
- 252 Струве Н. Христиане в СССР. – Париж: Seuil, 1963. – 255 с.
- 253 Смагулова С.О. 20 ғасыр басындағы мұсылмандық қозғалыс және дін мәселесі // ҚазМемҚызПУ хабаршысы. – 2009. - № 2. – 97-102 бб.
- 254 РФ ММ, 160-қор, 1-тізбе, 127-іс, 4, 7, 8-парақтар.
- 255 РФ ММ, 160-қор, 1-тізбе, 1346-іс, 3-парақ.
- 256 РФ ММ, 160-қор, 1-тізбе, 118-іс, 45, 56-парақтар.
- 257 РФ ММ, 160-қор, 1-тізбе, 1289-іс, 1-4-парақтар. Мұхлиса Буби 1912 жылы Иж-Бобя ауылында әйелдер медресесі жабылғаннан кейін Г.Ахмарованың шақыруымен Троицк қаласына барады және мектепте мұғалім болып жұмыс атқарды. Ол өз кезегінде Дін-істері басқармасында жиырма жыл бойы, 1937 жылдың 23 желтоқсанында Башқұрт АКСР-нің НКВД үштігі өлім жазасына кесілгеніне дейін жұмыс-істеді.
- 258 РФ ММ, 160-қор, 1-тізбе, 12-іс, 78, 91, 101-113-парақтар.
- 259 РФ ММ, 160-қор, 1-тізбе, 891-іс, 1-32-парақтар.
- 260 Рыскулов Т.Р. Избранные произведения. – Алма-Ата: Казахстан, 1984. – 260 с.
- 261 Brandenberger D. Propaganda State in Crisis: Ideology, Indoctrination and Terror under Stalin, 1927–1941. – New Haven: Yale University Press, 2011. – P. 142-154, 198-210.
- 262 РФ ММ, 17-қор, 120-тізбе, 383-іс, 7-9-парақтар.
- 263 Николаев О.Р. Традиционные формы крестьянской культуры на сломе эпох: «похоронили хорошо» (к вопросу о фотографиях похорон) // Проблемы истории, филологии, культуры. – 2012. - № 2. – С. 360.
- 264 ҚР ПМ, 708-қор, 4-тізбе, 7893-іс, 11, 16-23-парақтар.
- 265 Насильственная коллективизация и голод в Казахстане 1931-1933 гг.: Сб. докум. и материалов.; Вступ. статья и сост. Алдажуманов К.С.,

- Каиргалиев М.К. и др.; Ин-т истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова; Архив Президента РК; Центр.гос.архив РК. – Алматы: 1998. – 263 с.
- 266 Оразымбетов С. Иргиз. – Алматы: Өлке, 1995. - 176 с.
- 267 Кузембайулы А., Абиль Е. История Казахстана. – Костанай: Костанайский региональный институт исторических исследований, 2006. – 350 с.
- 268 Оперразведсводка № 124 ОО ОГПУ и КРО ОГПУ по борьбе с бандитизмом с 6 по 15 сентября 1930 г // ҚР ОММ, 2-қор, 8-тізбе, 59-іс, 205-220-парақтар.
- 269 ОҚО ҚР ҰҚКДМ, № 02786 Мұрағат құжжаты, 1 Том, 183-188-парақтар.
- 270 ОҚО ҚР ҰҚКДМ, № 02788 Мұрағат құжжаты, 1 Том, 187-188-парақтар.
- 271 Ахметбек Б. Батыры земли Сыра // Кызылординские вести. - 2015. - №6-7, 10-11, 14-15, 21-22.
- 272 «Совершенно Секретно»: Лубянка Сталину о положении в стране (1922-1934 гг). Т.8, Ч.2: 1930 г. – М.: Институт Российской истории РАН, 2008. – С. 1258-1344.
- 273 Керім Ш. Діни білім - дін діңгегі. – Алматы: Нұр-Мұбарак, 2012. - 248 б.
- 274 Справка КРО ОГПУ «Предварительные итоги оперативной работы органов ОГПУ по борьбе с контрреволюцией в деревне с 1 января по 15 апреля 1930 г.». 29 апреля 1930 г. // Алматы қаласы бойынша ҚР ҰҚК Департаментінің мұрағаты, 702-іс, 2-парақ.
- 275 Омарбеков Т. Халық қаһары // Жұлдыз. - 1991. – 12 желтоқсан. – 99–122 б.
- 276 Советская деревня глазами ОГПУ–НКВД. Том 2: 1923– 1929. Документы и материалы. – М., РОССПЭН, 2000. – С. 1018.
- 277 Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. – Алматы : Санат, 1997. – 320 б.
- 278 РФ ММ, Р-2392-қор, 1-тізбе, 56-іс, 1-3-парақтар.
- 279 РФ ММ, Р-2392-қор, 1-тізбе, 3-іс, 17-парақ.
- 280 Эхо массовых политических репрессий: судьбы людские / [сост.: В. М. Гринев, Т.В. Гринева]; Ассоц. жертв незакон. репрессий г. Астана и Акмол. обл. - Астана: [б. и.], 2005. - 303 с.
- 281 Казахская областная (краевая) партийная организация в резолюциях и решениях конференций и пленумов обкома и крайкома. Т.1: 1921-1927. – Алматы: Казахстан, 1981. – 400 с.
- 282 Внутрипартийные вопросы на 3-ем Пленуме Казкрайкома ВКП(б). - Кызыл-Орда : Киргосиздат, 1927. – 40 с.
- 283 Қазақ көтерілістері энциклопедия. – Астана: Қазақ энциклопедиясы 2014. - 432,462-463 б.
- 284 Боранбай Ж. Созақ көтерілісі // Қазақ ұлт азаттық қозғалысы: көп томдық шығармалар жинағы Т. 21. - 2011. – 336 б.

- 285 Омарбеков Т. 1929-1931 жылдардағы халық көтерілістер. – Алматы: Арыс 2018. – 156-157 б.
- 286 Қазақстан тарихы (Көне заманнан бүгінге дейін) Бес томдық. – Алматы, 2010. – Т.4 – 281 б.
- 287 ҚРҰҚКМ, Архив. №- 80-81, №31-32 ісі. Тосов Таймырзаның ісі, 5-6 б.
- 288 Жұмашұлы А. Ақмырза ахун кім еді? // Ана тілі – 1992. - 10 қыркүйек. – 5 б.
- 289 Байқадамов Н.С. Сырдария округіндегі күштеп ұжымдастыру және шаруалардың қозғалысы (1928-1932 жылдар). Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2001. – 150 б.
- 290 Бартольд В.В. Сочинения. Том 6: Работы по истории ислама и арабского халифата. – М.: Наука, 1966. – 785 с.
- 291 Аль-Мунтахаб. Тафсир Аль-Коран. – Каир: Министерство Вакуфов Египта, 2000. – 842 с.
- 292 Армстронг К. Мухаммад. История пророка. – М.: София, 2008.– 448 с.
- 293 Касымжанов А.Х. Пространство и время великих традиций. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 197 с.
- 294 РМ ӘСТМ, 606-қор, 4-тізбе, 37-іс, 76-77 парақтар.
- 295 РМ ӘСТМ, 606-қор, 4-тізбе, 124-іс, 13-24 парақтар.
- 296 Frede V. Doubt, Atheism and the Nineteenth-Century Russian Intelligentsia. – Madison, WI: University of Wisconsin Press, 2011. – 300 p.
- 297 Peris D. Storming the Heavens: The Soviet League of the Militant Godless. – Ithaca, NY: Cornell University Press, 1998. – 237 p.
- 298 Лебина Н.Б., Чистиков А.Н. Обыватель и реформы. Картины повседневной жизни горожан в годы НЭПа и хрущевского десятилетия. – СПб.: Дмитрий Булавин, 2003. – 343 с.
- 299 Шахнович М.И. Вторая пятилетка этнографической работы МАЭ и ИПИИ Академии наук СССР и Этнографического отдела Государственного Русского музея // Советская этнография. - 1932. - № 5-6. - С. 195-207.
- 300 Штырков С. Советские корни этнического традиционализма // Неприкосновенный запас. – 2011. - № 4 (78). – С. 66-79.
- 301 Бромлей Ю.В. Новая обрядность – важнейший компонент советского образа жизни // Традиционные и новые обряды в быту народов СССР.- М.: Наука, 1981. – С. 5-28.
- 302 РМ ӘСТМ, 4648-қор, 1-тізбе, 450-іс, 111-парақ.
- 303 РМ ӘСТМ, 4648-қор, 1-тізбе, 29-іс, 7-парақ.
- 304 РМ ӘСТМ, 4648-қор, 1-тізбе, 789-іс, 91-парақ.
- 305 РМ ӘСТМ, 4648-қор, 1-тізбе, 450-іс, 78-81 парақтар.
- 306 Жиромская В.Б., Киселев И.Н., Поляков Ю.А. Полвека под грифом «секретно». Всесоюзная перепись населения 1937 года. - М.: Наука, 1996. – 150 с.

307 Алексеенко А.Н. Население Казахстана в 1926-1939 гг. // Компьютер и историческая демография / Под ред. В.Н. Владимирова. Барнаул: Алтайский государственный университет, 2000. - С. 9- 26.

308 Поляков Ю.А., Жиромская В.Б., Киселев И.Н. Полвека молчания (Всесоюзная перепись населения 1937 г.) // Социологические исследования. – 1990. - № 8. - С. 44-45.

309 Дэвис С. Мнение народа в сталинской России: Террор, пропаганда и инакомыслие, 1934-1941 / пер. с англ. В.Н. Морозова. – М.: РОССПЭН, 2011. – 231 с.

310 Гозулов А.И. Переписи населения СССР и капиталистических стран (опыт историкометодологической характеристики производства переписей населения) / Под ред. акад. С. Г. Стумилина. – М.: ЦУНХУ, 1936. – 588 с.

311 Волков А.Г. Перепись населения 1937 года: вымыслы и правда // Перепись населения СССР 1937 года. История и материалы. Экспресс-информация. Выпуск 3-5 (часть II). – М.: Информцентр, 1990. – С. 6-63.

312 ҚР ОММ, 708 қор, 26 тізбе, 27 іс, 32 парақ.

313 ҚР ОММ, 708 қор, 26 тізбе, 65 іс, 91 парақ.

314 Асылбеков М.Х., Галиев А.Б. Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1980 гг.). - Алма-Ата: Гылым, 1991. – 190 с.

315 Алексеенко А.Н. Демографические последствия голода 1920-х гг. в Казахстане: оценка потерь казахского этноса / А.Н. Алексеенко, Н.В. Алексеенко // Этнодемографические процессы в Казахстане и сопредельных территориях: сб. науч. трудов XII междунар. науч.-практ. конф., 26-27 мая 2011 г. г. Усть-Каменогорск. – Усть-Каменогорск, 2011. – С. 267-271.

316 Статистический сборник по отдельным показателям Всесоюзных переписей населения 1939, 1959, 1970, 1979 и 1989 гг. – Алма-Ата: Республиканский информационно-издательский центр, 1991. – 130 с.

317 Татимов М.Б. Социальная обусловленность демографических процессов. – Алма-Ата: Наука, 1989. – 125 с.

318 Абылхожин Ж.Б., Козыбаев М.К., Татимов М.Б. Казахская трагедия // Вопросы истории. – 1989. – № 7. – С.53-71.

319 ҚР ОММ, 708 қор, 26 тізбе, 78 іс, 1-5 парақтар.

320 Ковалев С.А., Ковальская Н.Я. Понятие о демографической ситуации и демографической политике // География населения СССР. – М.: Наука, 1980. – С. 265.

321 Сактаганова З.Г. Экономическая модернизация Казахстана. 1946–1970 гг. – Караганда: Глассир, 2012. – 363 с.

322 Балтабаева А.М. Особенности религиозной жизни Казахстана в период Великой Отечественной войны // Вестн. Карагандинского университета. Серия История. Философия. Право. – 2008. – № 2. – С. 67–71.

323 Кәкішев Т. Садақ. Эссе. – Алматы : Жалын, 1986. – 263 с.

324 ҚР ОММ. 25 қор, 1 тізбе, 423 іс, 57-58 парақтар.

325 ҚР ОММ. 25 қор, 1 тізбе, 423 іс, 31, 31 арт, 32 парақтар.

- 326 Сады праведных : Из слов господина посланников / Сост.: Имам Мухйид-дин Абу Закарийа бин Шариф ан-Навави. – М. : ИД Бадр, 2001. – 879 с.
- 327 ҚР ОММ, 25 қор, 1 тізбе, 423 іс, 87 парақ.
- 328 Коммунистическая партия в Великой Отечественной войне. (Июнь 1941 г. – 1945 г.): Документы и материалы. – М.: Политиздат, 1970, – С. 34.
- 329 ОО ММ, Р-617 қор, 1 тізбе, 211 іс, 147 парақ.
- 330 РФ ММ, 6991 қор, 3 тізбе, 50 іс, 52-77 парақтар.
- 331 Ислам и советское государство (1944–1990): сборник документов. Вып. 3 / сост., авт. предисл. и примеч. Д.Ю. Арапов. – М.: Изд. Дом Марджани, 2011. - С. 34–35.
- 332 Ахмадуллин В. А. Деятельность Советского государства и духовных управлений мусульман по организации паломничества (1944-1965 гг.): анализ исторического опыта и значение для современности: монография. – М.: Издательский дом «Исламская книга», 2016. – 208 с.
- 333 РФ ММ, Р-6991 қор, 3 тізбе, 47 іс, 43, 66, 76-77, 97, 164, 166, 201, 219, 221, 293 парақтар. 53 іс, 16, 19 парақтар, 54 іс, 93, 96 парақтар.
- 334 РФ ММ, Р-6991 қор, 3 тізбе, 8 іс, 146–147 парақтар.
- 335 РФ ММ, Р-3004 қор, 1 тізбе, 7 іс, 2, 8–9, 15, 24, 28–29 парақтар.
- 336 РФ ММ, Р-6991 қор, 3 тізбе, 221 іс, 122, 123 парақтар.
- 337 <https://islamperspectives.org/rpi/items/show/20239>.
- 338 Наумкин В.В. Ислам и мусульмане: культура и политика: статьи, очерки, доклады разных лет. – М. ; Н.Новгород: ИД «Медина», 2008. – 768 с.
- 339 Коммунистическая партия Советского Союза. Коммунистическая партия Советского Союза в резолюциях и решениях съездов, конференций и Пленумов ЦК (1898-1988) / КПСС ; Ин-т Марксизма-Ленинизма при ЦК КПСС ; Под общ. ред. А. Г. Егорова, К. М. Боголюбова. - 9-е изд., доп и испр. - М. , 1983. – 683 с.
- 340 Мусульманский триптих: ислам и советская власть. 1917-1949-1982 (Публикация Д.Ю. Арапова) // Рах Islamica (Мир ислама). – 2009. - № 1 (2). – С.248-266.
- 341 Ислам в СССР. Особенности процесса секуляризации в республиках Советского Востока. – М.: Мысль, – 1983. – С. 188.
- 342 История Казахской ССР (с древнейших времен до наших дней). В 5-ти томах. – Алма-Ата: Наука КазССР, 1981. – Т. 5. – 696 с.
- 343 ҚР ОММ, 74 қор, 1-тізбе, 208-іс, 4-7 парақтар.
- 344 ҚР ПМ, 141 қор, 1-тізбе, 1518-іс, 17, 18 арты, 20 арты, 23 парақтар.
- 345 ҚР ПМ, 141 қор, 1-тізбе, 1518-іс, 27, 28, 29 парақтар.
- 346 ҚР ПМ, 141 қор, 1-тізбе, 1519-іс, 1-7 парақтар.
- 347 ҚР ПМ, 141 қор, 1-тізбе, 1518-іс, 87, 90, 91 арты, парақтар.
- 348 ҚР ПМ, 139 қор, 1-тізбе, 951- іс, 1-2, 3 парақтар.
- 349 ҚР ПМ, 139 қор, 1-тізбе, 951-іс, 5, 6, 8 парақтар.
- 350 ҚР ПМ, 139 қор, 1-тізбе, 951-іс, 11, 13-17 парақтар.
- 351 ҚР ПМ, 141 қор, 1-тізбе, 1541-іс, 13, 15 парақтар.

- 352 ҚР ПМ, 141 қор, 1-тізбе, 1541-іс, 27, 28 арты, 29 парақтар.
- 353 ҚР ПМ, 141 қор, 1-тізбе, 1541-іс, 6 парақ.
- 354 ҚР ПМ, 718 қор, 1-тізбе, 434-іс, 37, 38 парақтар.
- 355 ҚР ПМ, 718 қор, 1-тізбе, 434-іс, 52 парақ.
- 356 ҚР ПМ, 718 қор, 1-тізбе, 637-іс, 3, 4 парақтар.
- 357 ҚР ПМ, 718 қор, 1-тізбе, 637-іс, 7-9, 13 парақтар.
- 358 ҚР ПМ, 718 қор, 1-тізбе, 637-іс, 22 парақ.
- 359 ҚР ПМ, 718 қор, 1-тізбе, 637-іс, 62, 71 парақтар.
- 360 ҚР ПМ, 708 қор, 2-тізбе, 1728-іс, 1-7 парақтар.
- 361 ҚР ПМ, 708 қор, 2-тізбе, 1728-іс, 8 парақ.
- 362 ҚР ПМ, 708 қор, 2-тізбе, 1728-іс, 17-23 парақтар.
- 363 VIII Всеказахстанская краевая конференция ВКП(б). 8-16 января 1934 г.: стенографический отчет. – Алма-Ата: Казкрайком ВКП(б), 1935. – 404 с.
- 364 Голощекин Ф. И. Казахстан в социалистической стройке // Партийное строительство в Казахстане: сборник речей и статей (1925-1930 гг.). – М.; – Алма-Ата: Государственное издательство РСФСР, 1930. – С. 260-344
- 365 Козлов А. П. Социально-экономические преобразования в казахском доколхозном ауле второй половины 1920-х гг. // Исторические, философские, политические и юридические науки, культурология и искусствоведение. Вопросы теории и практики. – Тамбов: Грамота, 2012. – С. 118-122.
- 366 РФ ММ, 9401-қор, 2-тізбе, 39-іс, 378-380-парақтар.
- 367 РФ ММ, 9401-қор, 2-тізбе, 39-іс, 7-9-парақтар.
- 368 ҚР ОММ, Казкрайком ВКП(б) -қоры, 17-тізбе, 407, 455-іс, 1-14-парақтар.
- 369 ҚР ОММ, Казкрайком ВКП(б) -қоры, 1-тізбе, 2954, 2968-іс, 19-28-парақтар.
- 370 РФ ММ, 8131-қор, 31-тізбе, 26971-іс, 23-парақ.
- 371 Иванов А.И., Лобазов П.К. Политика советского государства по вопросам религии и церкви. – М.: Знание, 1973. – 64 с.
- 372 РФ ММ, 17-қор, 125-тізбе, 313-іс, 171-183-парақтар.
- 373 РФ ММ, 6991-қор, 4-тізбе, 3-іс, 10-12-парақтар.
- 374 Шапьян М. Қазақстан мұсылмандарының Кеңес кезіндегі «мүфтиі» кім болғанын білесіз бе? (Әмина Сәдуақасқызының әке туралы әңгімелері)// <http://islam.kz/kk/articles/islam-jane-tulga/qazaqstan-musylmandarynyn-kenes-kezindegі-muftii-kim-bolganyn-bilesiz-be-1662/#gsc.tab=0> (соңғы кіруі 28.11.2019 ж.)
- 375 Ақиқат жолында. Хакім хазірет Омаровтың өмір жолы. – Алматы: ғылым ордасы 2013. – 54, 110-111 б.
- 376 Сыр еліндегі діни-ағартушылық ой-сана. Қалжан ахун Бөлекбайұлының 150 жылдық мерейтойына арналған ғылыми-конференция материалдары. – Қызылорда, 2012. – 33-34 б.
- 377 «Кұдай жоқ» деп аман қалған ишан//<http://www.islam-tyrau.kz/index.php/2012-12-25-22-23-28/item/1555-k-daj-zhok-dep-aman-kal-an-ishan>

378 Дәрменов Т. Ишандар өткен ғұлама, хабар берген Алладан. – II кітап, Қызылорда, 2016 – 200 б.

379 Қауысов Ұ. Ұлағат: тарихи – танымдық толғаныс – Ақтөбе: [б,ж] 1916. – 239 б.

380 Шалқар энциклопедиясы. – Шалқар, 2006. – 334 б.

381 РФ ММ, 6991 қор, 4-тізбе, 3-іс, 17-парақ.

382 РФ ММ, 6991 қор, 4-тізбе, 3-іс, 21, 25, 31 парақтар.

383 РФ ММ, 6991 қор, 3-тізбе, 221-іс, 122, 123 парақтар.

384 РФ ММ, 6991 қор, 3-тізбе, 29-іс, 342, 347, 431 парақтар.

385 РФ ММ, 6991 қор, 3-тізбе, 47-іс, 43, 66, 73-76 парақтар.

386 РФ ММ, 6991 қор, 3-тізбе, 53-іс, 17-19 парақтар.